 - оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге (оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру);
 - тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға мүмкіндік береді.
- «Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі» деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасақ, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, оқушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012ж.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014ж.
3. Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы; Астана, 2016ж.
4. Нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2015ж.
5. «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесінің әдіснамасы» «НЗМ»; Педагогикалық өлшеулер орталығы; Оқу-әдістемелік құрал Астана, 2017ж.

ВОЗМОЖНОСТИ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ CAPABILITIES OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT IN THE CONDITIONS OF UPDATING CONTENT OF EDUCATION

Аннотация. Мақалада білім мазмұнын жаңарту жағдайында критериялды бағалау, оның түрлері және енгізу мәселелері, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: мұғалім, критериялды бағалау, білім мазмұнын жаңарту, оқыту, жаңаша бағалау, оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау.

Аннотация. В статье рассматриваются виды критериального оценивания, вопросы внедрения его в условиях обновления содержания среднего образования, пути формирования профессиональной компетентности учителей.

Ключевые слова: учитель, критериальное оценивание, обновление содержания образования, оценивание по-новому, формативное оценивание, суммативное оценивание.

Abstract. The article deals the types of criteria-based assessment, its implementation in terms of updating the content of secondary education, the ways of formation of professional competence of teachers.

Key words: teacher, criteria-based assessment, updating the content of education, evaluation in a new way, formative assessment, summative assessment.

Арзиева Алия Тохтамысқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Алматы қ. бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты (Қазақстан, Алматы қ.).

Арзиева Алия Тохтамысовна – кандидат педагогических наук, доцент, Институт повышения квалификации педагогических работников по г.Алматы Филиал акционерного общества «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» (Казахстан, г.Алматы). E-mail: aliya_ts@mail.ru

Arziyeva Aliya Tohtamysovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, The branch of JSC NCPD “Orleu” Institute for professional development of Almaty city The Department of «IT and MTN (H) D» (Kazakhstan, Almaty). E-mail: aliya_ts@mail.ru

КӨПТІЛДІЛІК – БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Р.Ж. Ахметова

Көп тілді меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Тарихтан белгілі ғұламалардың өзі мұны сол заманның өзінде қолға алып, келер ұрпаққа ой тастаған. Мәселен, ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби жетпіске жуық тіл білгені тарихтан белгілі. Өйткені, ғылым мен білімнің дамуы да тілді үйренумен тікелей байланысты.

Әлемдік байланысқа шығу үшін 2700-ден астам тілдің ішінен ағылшын тілінің қатынас құралы болып саналуының өзі қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білуді талап етеді. Яғни ағылшын тілінде ауызекі сөйлесіп, түсінісе білу негізгі мәселе. Сонымен қатар, Елбасымыздың тіл мәселесіне қатысты Жолдауын тілге тиек етпесек болмас. 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» туралы жария етті. Ал 2007 жылғы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғарғы білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен», деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Қазіргі кезде заманауи талапқа сай білім беру жүйесі жаңа арнаға бет бұрып, жан-жақты шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын жас ұрпақ қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр мектептің жауапкершілікпен атқаратын міндеті екені анық. Себебі, еліміздің өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енудегі мақсатын Елбасы: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», – деп атап көрсеткен.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. [1]

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050 » стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-делінгендей, жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер», деген жолдарда жастарымызға деген үміт пен сенім артылды. Сондықтан да жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер ашылып, «Болашақ» бағдар-

ламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған [2].

Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек... Бұл сөздерді президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында айтады. Сонымен қатар, ол: «Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасақ, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу - біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» - дейді. Расында, ағылшын тілін білген адам шексіз мүмкіншіліктерге ие болады.

Ағылшын тілі әлемдегі ең кең тараған тіл. Шамамен бұл тілде жер бетінде бір миллиардтан астам адам сөйлей алады. Әлемдегі экономикасы дамыған мемлекеттер - Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33%-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1%-ы ғана неміс тілінен аударылады. Бұл статистикалардан-ақ, ағылшын тілін меңгерудің қаншалықты маңызды екенін, ақпарат пен білімнің барлығы да сол тілде екенін түсінуге болады. Ағылшын тілін білетін адам, жер жүзінде бір миллиард адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі ешкімге шаң жұқтырмай, алғашқы орынды бермей келеді. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинематограф т.б. әлемнің түрлі саласында дәл осы ағылшын тілі қолданылып, көптеген әлемдік жобалар, саяси кездесулер мен жиындар, спорттық жарыстар мен олимпиадалар ағылшын тілінсіз өткен емес. Біздің президентіміз Н.Ә.Назарбаев бостан босқа бұл тілге көңіл бөліп жатқан жоқ, әлемдік деңгейде мойындалған елбасымыз ағылшын тілінің қаншалықты маңыздылығын бізден әлдеқайда жақсы біледі. Сондықтан, еліміздегі білім мен ғылымды т.б. саланы дамытамын деген әрбір жас, әрбір патриот ағылшын тілін білуі міндетті. Оның пайдасы да шаш етекпен.

Ағылшын тілін білген адам, болмаса кадрдың еңбек нарығындағы бағасы өседі. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылып жатқаны өтірік емес. Бесаспап, яғни әмбебап маман болам десеңіз, өз ісіңіздің іскері болам десеңіз оған ағылшын тілінсіз айналып бару мүмкін емес.[3]

Сол лингвистика ғылымының тілімен сөйлейтін болсақ, екі тілді білетін адамды «қостілді», ал 3 немесе одан да көп тілді білетін адамды «полиглот» дейді. Дүние жүзі тарихына көз жіберсең, жаһанға атағы жайылған дара тұлғалардың, ғалымдар мен ақындардың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін байқауға болады. Мәселен, шығыс ғұламасы, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Бүгінде бұл ғалым тарих парақтарынан өшпестей орын алған. Ал, орыстың классигі, ақыны А.С.Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Тіпті, көне еврей тілін зерттеп үлгеріпті. Бүгінде орыс десең – Пушкин, Пушкин десең – орыс есіңе түседі. Яғни, Пушкин Ресейді жер жаһанға танытуда ақындығымен қатар, бірнеше тілді меңгергенінің көмегі де болған.

Қазақ поэзиясының атасы – Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгеріп, сол тілдерде бірнеше кітаптарды оқыған. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Дегенмен, ештен кеш жақсы ұстанымын ұстанған ұлы данамыз, ғылым игеруде тіл білудің маңыздылығын өте жақсы ұққан. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген екен. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Сол тұстарда қазақтан шыққан жалғыз зерттеуші ғалым Шоқан болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы көптілді меңгергенінен кейін пайда болғаны да жасырын емес. Көптілді адам білім мен ғылымға құштар болатыны бүгінгі күнде де талай дәлелденіп отыр.

Әлемде қанша ұлт, нәсіл болса, соларды бір-бірінен даралап тұратын басты бойтұмары – туған тілі. «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті», - деп Ахмет Жұбанов тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түскен. «Адамзаттың Айтматовы» атанған, әлем әдебиетіндегі көрнекті жазушы Шыңғыс Айтматовтың мына бір пікірі: «Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл - өз орнында ұлы, әр тіл - бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат», - деп ана тілінің ұлылығын дәлелдей түседі. Ана тілінің құдіреті жайлы қаншама ойшылдарымыз, ақын-жазушыларымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдилеп өскен қазақ

тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде.

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз».

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі» [4].

Қазіргі білім беру саласындағы үштілде білім беру жолдары мен CLIL (Content and language integrated learning) әдісі яғни пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі негізінде сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар тілді дамыту бағытында жүргізілу процесінде. Яғни тілдік емес пән оқытушылары тек пәннің мазмұнына ғана емес, сонымен қатар сол пән арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс арқылы бірден екі мақсатқа жетуге болады: ағылшын тілі арқылы сабақ мазмұнын түсіндіру және пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дағдыларын дамыту. Сондай-ақ Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзімен толықтыра кетсем «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілде пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс» деп айтып өткен. Бұл дегеніміз дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену және Назарбаев Зияткерлік Мектебінің білім беру жүйесі сияқты Қазақстандағы жалпы орта мектептерді де үштілділік білім беру жүйесіне көшу. Үш тілде білім берудің тиімділігі Халықаралық зерттеулер үш тілде жүргізілетін оқу бағдарламалары бойынша білім алатын оқушылар жұмысқа ұқыпты, мотивациялары жоғары, бірнеше тіл білудің артықшылықтарын түсінеді. «Тілдердің үш тұғырлылығын дамыту экономикалық және әлеуметтік жаңғыртудың маңызды қыры» деген президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзі жаратылыстану бағытындағы пәндерді яғни химия, биология, физика және информатика пәндерін үштілділік бағыты бойынша оқытсақ, еліміздің экономикалық және әлеуметтік саласы дамуына үлкен қосылатыны сөзсіз. Сондай-ақ білім беру саласында жүрген ұстаздарымызға үлкен міндет жүктеліп отыр. Сондықтан осы білім беру саласында жүрген азаматтарымыз үлкен табандылықпен, аянбай еңбек етуі керек деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, Қазақстанның азаматы, атақты қазақстандық аудармашы, публицист, әдебиеттанушы, қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргені неміс ұлтының өкілі Г.Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі – шабытымның үш қайнар бұлағы» - деген екен. Қазақ халқының «Жеті жұртың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы – Елбасымыздың «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің негізі бола алады. Ал, А.П.Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, бір тілмен шектелген адам өзін еркін, бостандықта жүргенін сезіне алмайтынын нұсқап отыр. Ендеше, «Үш тұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі.

Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына илесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Ақиқат. 2013 жыл, №1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
3. Д. Аязбеков. «Үш тұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі, 2013ж
4. А.А.Баелова. Үштілді білім беру арқылы құзіретті тұлғаны қалыптастыру
5. И.Жиеналиева «Үштілділік заман талабы», 2016ж

МНОГОЯЗЫЧИЕ - НОВЫЙ ЭТАП В ОБУЧЕНИИ MULTILINGUALISM - A NEW STAGE IN LEARNING

Аннотация. Мақала жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыруға арналған.

Түйін сөздер: мәдени жоба, мемлекеттік тіл, бәсекеге қабілетті, жас ұрпақ қалыптастыру, Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі, білім кеңістігі.

Аннотация. Статья предназначена для формирования разностороннего, компетентного, владеющего несколькими языками.

Ключевые слова: культурный проект, государственный язык, конкурентоспособность, формирование молодого поколения, необходимость трехязычия, образовательное пространство.

Annotation. In this article is intended for the formation of a competent, knowledgeable, competent multilingual personality.

Key words: cultural project, state language, competitiveness, formation of younger generation, trilingualism, language necessity, education space.

Ахметова Рабига Жаркынбаевна – «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу» кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Шымкент қ.). E-mail: akhmetova-rabiga@mail.ru

Ахметова Рабига Жаркынбаевна – старший преподаватель кафедры “Психолого-педагогического сопровождения профессионального развития учителей” ФАО «Национальный центр повышения квалификаций «Өрлеу» институт повышения квалификаций педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкент (Казахстан, г.Шымкент). E-mail: akhmetova-rabiga@mail.ru

R.Zh.Akhmetova – The Senior Teacher of the Chair of Pedagogical and Psychological Support of Teacher's Professional Development, the Turkestan Oblast and Shymkent City Branch of Orleu Professional Development Centre, JSC (Kazakhstan, Shymkent). E-mail: akhmetova-rabiga@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ЛИЧНОСТИ В УСЛОВИЯХ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

С.А. Байжанова, Г.З. Балгабаева

Содержание полиязычного образования должно включать систематизированные знания, умения и навыки в области родного и государственного языков, а также в области одного или нескольких иностранных языков в соответствии с межкультурной парадигмой современного языкового образования.

Основополагающими идеями в реализации полиязычного образования в контексте межкультурного общения являются:

- мотивация и стимулирование использования различных языков в соответствии с потребностями и интересами обучаемых;
- формирование умений межкультурного общения;
- стратегия постоянного познания через язык особенностей конкретных культур и особенностей их взаимодействия;
- выход за пределы собственной культуры и приобретение качества медиатора культур, не утрачивая собственной культурной идентичности;
- способность обучающихся понимать единое с инокультурным собеседником значение происходящего на основе знаний о различиях культур и умений как обсуждать эти различия, выступая посредником между культурами, так и изменять собственное отношение к ним;
- обеспечение содержания изучения языков в соответствии с социокультурной ситуацией конкретной страны (или региона).

В этой связи новое звучание приобретает проблема языкового образования. Исходным при этом является идея о том, что изучение любого языка должно сопровождаться изучением культуры носителей этого языка. В связи с этим было бы правомерно говорить о полилингвокультурном образовании, результатом которого должно стать многоязычие граждан общества. Слагаемыми этого многоязычия должны явиться родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, развивающие способности человека к самоидентификации в мировом сообществе.

Согласно концепции ЮНЕСКО понятие «многоязычное образование» предполагает использование в образовании, по меньшей мере, трех языков: родного, регионального или национального и международного языка [1].

В Казахстане идея триединства языков впервые озвучена Н. Назарбаевым ещё в 2004 г. В октябре 2006 г. на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана Президент вновь отметил, что знание, как минимум, трех языков важно для будущего наших детей. А уже в 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Н. Назарбаев предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику [2]: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками» [3].

Именно с этого момента и начинается отсчёт новой языковой политики Казахстана. Полиязычное образование было закреплено следующими законодательными актами: Конституция Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О языках», Закон «Об образовании», Государственная программа функционирования языков в Республике Казахстан на 2001-2010 гг., Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан [4-9] и другими, которые и составили его правовую основу. Перечисленными выше документами определены роль и место полиязычного обучения, принципы создания современной эффективной системы управления полиязычным образованием.

Сегодня уже можно говорить о завершении работы по институциональному обеспечению реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг., базовыми компетенциями которой являются трёхязычие, евразийская поликультурность, коммуникативность и технократичность [8]. Госпрограмма развития языков осуществляется в три этапа. На первом этапе (2011-2013 гг.), проведен комплекс мер, направленных на усовершенствование

нормативно-правовой и методологической базы дальнейшего функционирования и развития языков. В рамках второго этапа (2014-2016 гг.) планируется реализация комплекса практических мер по внедрению новых технологий и методов в области изучения и применения государственного языка, а также сохранения языкового многообразия. На третьем этапе (2017-2020 гг.) будет осуществлено закрепление результата через системный мониторинг степени востребованности государственного языка во всех сферах общественной жизни, качества его надлежащего применения и уровня владения при дальнейшем сохранении позиций других языков.

Данная Концепция, рассматривая полиязычное образование как действенный инструмент подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира, ориентирует на углубленное изучение государственного казахского языка в гармоничном взаимодействии с обучением русскому и английскому. Особое внимание уделено профессионально ориентированному обучению языкам с целью подготовки специалистов, свободно владеющих тремя языками, что соответствует Закону о языках Республики Казахстан [5] и, несомненно, повысит конкурентоспособность специалистов.

В современном обществе человек, знающий несколько языков, востребован. Знание казахского, русского и английского языков, применение их в повседневной жизни является интеллектуальной деятельностью каждого индивидуума.

Важнейшая задача педагогов начальной школы – повысить интерес учащихся с самого раннего школьного возраста к совместной языковой деятельности, показать важность развития всех языков на территории Казахстана, осуществлять коммуникативную деятельность с последующим применением их в учебной практике, заинтересовать и увлечь учащихся, создавая на уроке атмосферу сотрудничества и взаимоуважения.

Многоязычие необходимо для построения открытого демократического общества, интеграции Казахстана в мировое сообщество, а английский язык нам нужен для выхода на мировую арену. Основная цель обучения – это не только накопление учащимися знаний, умений, навыков, но и применение их в образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность ученика, направляемая учителем.

Языковое развитие происходит в условиях качественного усиления процесса как языкового, так и культурного взаимодействия. К примеру, знание языков знакомит с культурным наследием народов изучаемых языков, происходит переосмысливание собственной индивидуальности, основанной на общности человеческих ценностей. Внедрение такой модели обучения и воспитания в казахстанской школе позволяет формировать всесторонне гармонично развитую личность, способную свободно ориентироваться в международном пространстве, владеющую казахским, английским и русским языками на достаточно хорошем уровне.

Учащемуся намного легче дается усвоение учебного материала, (например, в фонетике, лексике, грамматике), опираясь на его сходство с родным языком, прививается интерес к учебному материалу.

Для выработки у учащихся умений находить к данным частям речи аналогичные слова на казахском и английском языках, проводится игра «Переводчики» в 4 классе при изучении темы «Части речи». Имя существительное. Зат есім. The noun. Врач – дәрігер, doctor. Класс-сынып-class. Имя прилагательное. Сын есім. The adjective. Красивый, әсем, beautiful. Глагол. Етістік. The verb. Учить, оқу, to read. Смотреть, қарау, to look.

Применяя иллюстративный материал, проводятся словарные диктанты – «Молчанка» (учитель показывает рисунок и молчит, а учащиеся записывают соответствующее словарное слово на казахском или русском языках, учащиеся выполняют самопроверку с помощью презентации).

Работа с пословицами может предполагать и такую задачу: Подбери к казахской, к английской пословице близкую по значению русскую. Например, Одна голова хорошо, а две – лучше. Two heads are better than one. Лучше поздно, чем никогда. Better late than never. В гостях хорошо, а дома лучше. Әр құстың өз ұясы өзіне қымбат. East or West, home is best. Восток ли, запад, а дома лучше всего (дословный перевод). Знание – сила. Білім – қуат. Knowledge is power. Век живи – век учишься. Өмір бойы үйрен. Live and learn. Использование пословиц на уроке развивает умение анализировать смысл пословиц и поговорок, умение рассуждать, воспитывая уважение к хорошим человеческим качествам: любви к родному краю, честности, трудолюбию, расширять представления о культуре.

На уроках в начальных классах применяются задания разного уровня сложности.

1. Для выявления в текстах интернациональных слов, не нуждающихся в переводе. Н-р: автобус, трамвай, троллейбус, телефон – общие слова для русского и казахского языков.

2. Для обогащения словарного запаса учащихся, развитию дальнореккости, используют задания, в которых необходимо выбрать из текстов ключевые слова и выражения. 3. Целесообразнее выполнить задание для работы с текстом, для определения темы, аргументированного ответа. Учащиеся работают с учебником, развивают речь, умеют определять тему и основную мысль текста.

4. Огромную роль в работе по обогащению словарного запаса учащихся играет работа с толковым словарем, развивая у них интерес к овладению словом, к пополнению своего личного запаса слов. Находят значение слова по толковому словарю.

5. Развитию коммуникативных способностей способствуют игры, работа с пословицами, поговорками, загадками.

Применение инновационных технологий на уроках не только контролирует усвоение определенной темы, но и развивает речь учащихся.

Результативность трёхязычия это – проявление самостоятельности учащихся, повышение образовательного уровня, переключение на разнообразные виды деятельности (прослушивание текста в оригинале, песни, просмотр видеофильмов), совершенствование устной речи, активизация познавательной деятельности, развитие навыков устного, письменного переводов, навыки каллиграфического письма, а самое главное формирование коммуникативных навыков, так необходимых каждому человеку в современном мире.

Полиязычие – основа формирования поликультурной личности. Полиязычный человек – это не только человек, который может говорить и понимать иностранную речь, но и умеющий в различных ситуациях общения пользоваться иностранными языками.

Реализация полиязычного образования требует расширения образовательного пространства, обмена опытом, увеличения лингвистических знаний казахстанцев и формирования поликультурной личности, эффективно функционирующей в условиях интернационализации в сфере образования и глобализации мира

Список литературы:

1. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. – Париж, 2003. – 38 с. – [ЭР]. Режим дос-тупа:http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-iew/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU.

2. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. – 2007. – 1 марта. – № 33 (25278).

3. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – 2012. – 10 июля. – № 218-219.

4. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года. – [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/va=KONC>.

5. Закон Республики Казахстан «О языках» от 11 июля 1997 года. – [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000>

6. Закон «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III // Казахстанская правда. – 2007 г. – № 127. – 15 августа.

7. Государственная программа функционирования языков в Республике Казахстан на 2001-2010 гг. // Казахстанская правда. – 2001. – № 47-48. – 17 февр.

8. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Указ Президента Рес-публики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. – [ЭР]. Режим доступа:<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.

9. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. – Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006г. – [ЭР]. Режим доступа: <http://freeref.ru/wievjob.php?id=8721752006>.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ THE ROLE OF CULTURAL HERITAGE IN THE EDUCATION AND UPBRINGING OF YOUTH

Аннотация. Мақалада көптілді мәдениетті тұлғаға үш тілді жетік меңгеру мәселесі зерттеп қарастырған.

Түйін сөздер: көптілділік, даралық, үштілділік, бастауыш мектеп

Аннотация. В научной статье раскрывается сущность трехязычного обучения полиязычной личности в начальной школе

Ключевые слова: полиязычие, личность, трехязычие, начальная школа

Abstract. In the scientific article reveals the essence of trilingual training of poly-lingual personality in elementary school.

Key words: multilingualism, personality, trilingual, younger schoolboy.

Байжанова Сауле Аскарбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, оқытушы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: baijanova77@mail.ru

Балгабаева Гаухар Зкрияновна – тарих ғаламдарының кандидаты, профессор, жобалау офисының басқарушысы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru

Байжанова Сауле Аскарбековна – кандидат педагогических наук, доцент, преподаватель, Костанайский государственный педагогический университет (Казахстан, г. Костанай). E-mail: baijanova77@mail.ru

Балгабаева Гаухар Зкрияновна – кандидат исторических наук, профессор, руководитель проектного офиса, Костанайский государственный педагогический университет (Казахстан, г. Костанай). E-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru

Baizhanova Saule A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Lecturer, Kostanay State Pedagogical University (Kazakhstan, Kostanay). E-mail: baijanova77@mail.ru

Balgabaeva Gaukhar Z. - Candidate of Historical Sciences, Professor, Head of the Project Office, Kostanay State Pedagogical University (Kazakhstan, Kostanay). E-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПКЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

К.С. Бактыбаева, П.Ж. Торбекова

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі педагогикалық қоғамнан кәсіби міндеттер мен оларды шешу тәсілдеріне жаңа көзқарасты талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім берудің жаңа тұжырымдамалық тәсілдері, қалыпты дамушы құрдастарымен бірлесіп дамуында ауытқулары бар балаларды кіріктіре оқыту және тәрбиелеу идеяларын практикаға енгізу айқындалған. Балалардың тәрбиелеу мен оқытудың әр түрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуін, мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету басым міндеттердің бірі болып табылады [1]. Осыған байланысты мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету тек білім беру саласында ғана емес, сонымен қатар ҚР демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму саласында да мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады [2].

Қазіргі әлемде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жаппай білім беру мекемелеріне кірігуі - бұл барлық жоғары дамыған елдерге қатысты жаһандық қоғамдық процесс. Оның негізі қоғам мен мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі адамдарға қарым-қатынастың барлық жүйесін қайта ойлауға әзірлігі болып табылады. Білім – әрадамның құқығы. Отандық білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балалар ерекше орын алады. Осы санаттағы балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері ҚР «Білім туралы», «ҚР бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарында, сондай-ақ бірқатар нормативтік құқықтық актілерде белгіленген. Қазақстан Республикасының Конституциясына және ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес барлық басқа балалармен тең білім алу және шығармашылық даму құқығына ие бола отырып, өмірде ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалар осы құқықты іске асыру мүмкіндігінен жиі айырылған. Негізгі міндет-оларды әлеуметтік оңалту мен бейімдеуге, қоғамда толыққанды өмірге дайындауға жағдай жасау және көмек көрсету [3] шет елдердің тәжірибесі қол жетімді мектептерді құру және бірлесіп оқыту мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімделуіне, олардың дербестігі мен тәуелсіздігіне ықпал ететінін, ал ең бастысы – мүгедектерге қоғамдық пікірді өзгертетінін, оларға толыққанды адамдар ретінде қарым-қатынасты қалыптастыратынын көрсетеді. Бүгінгі күні республикада мүмкіндігі шектеулі 15 мыңнан астам бала олардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастары ортасына интеграцияланған.

Инклюзивті (франц. *inclusif*-лат. *include*-мен, қосамын) немесе қосылған білім - жалпы білім беретін (жаппай) мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын балалардың кез келген кемсітуін болдырмайтын идеология салынған. Инклюзивті білім беру- жалпы білім беруді дамыту процесі, ол барлық балалардың әр түрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығына қол жетімділікті білдіреді, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім берудің қағидалары:

- адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;
- әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;
- әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы;
- барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;
- шынайы білім тек нақты қарым-қатынас контекстінде жүзеге асырылуы мүмкін;
- барлық адамдар құрдастардың қолдауын және достығын қажет етеді;
- әрбір оқушы үшін жетістікке жету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыруда;

- жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді

Сонымен, инклюзивті білім беру ыаршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, пси-

хикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көзейді [4].

Заманауи білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың өзектілігі күмән тудырмайды. Арнайы білім берудің қазіргі заманғы жүйесі өзгерістерге ұшырағандығы жалпыға мәлім. Бұл өзгерістер әртүрлі бағытта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге бағыттайды. Алайда, бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің балама жабық арнайы білім беру нұсқалары туралы мәселе өткір. Осы балама бағыттарды құру қажеттілігі деп балаларды әлеуметтендіру үшін, қазіргі заманғы күрделі қоғамда өзіндік құндылық пен маңыздылық сезімін алу үшін көптеген мүмкіндіктер беру қажет. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу жүйесін дамытудың балама бағыттарының бірі ретінде, жалпы білім беретін мекемелердің жаппай топтары мен сыныптарына мүмкіндігі шектеулі баланы енгізуді атауға болады. Алайда, мұндай балаларды жаппай білім беру мекемелеріне қосу үдерісінде қазіргі уақытта еңсерілмей келе жатқан қиындықтарды атап өту қажет. Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу жолындағы бірқатар шешілмеген проблемалар мен тосқауылдар бұрынғысынша қалып отыр:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға дұрыс қатынас жасамау;
- арнайы дайындалған педагогикалық құрамның болмауы;
- оқу орындарының материалдық – техникалық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі;
- физикалық қол жетімділіктің кедергілері;
- жалпы білім беретін мектепке дейінгі және мектеп мекемелері жағдайында барлық санаттағы балалардың сәтті инклюзивті білім алуы үшін оқу-әдістемелік кешендердің жеткіліксіздігі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды жеке оқыту әдістері мен оларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету әдістері;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға педагогтердің дайын болмауы, кәсіби құзыреттіліктерінің төмендігі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әрбірінің жеке нәтижеге ие болуына бағытталған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының жоқтығы;
- мониторинг жүргізу және оқытуды бағалау және білім алушылардың білім, дағдыларын критериялы бағалаудың нұсқаулықтарының жоқтығы;
- ауытқуларды ерте анықтауды жетілдіру және оларды түзету әдістерінің жеткіліксіздігі және шынайы іске асырылмауы;
- ерекшелігі бар оқушыларды қоғамның, әсіресе, ата-аналардың қабылдау, оларды түсінудің төмендігі т.б.

Сонымен, айта берсе шешімін таппай келе жатқан мәселелер көп, мектептердің инклюзияға дайындығы бірінші мәселе болып табылады. Дайындық - жүйелік ұғым, ол көптеген көрсеткіштерді қамтиды. Мектеп ғимаратының қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар балаларды қабылдауға және оларға мектеп ғимаратына, сондай-ақ оның барлық бөлмелеріне (сынып, асхана, кітапхана, дәретхана бөлмелері) қолжетімділікті қамтамасыз етуге дайындығы. Баланы мектепке жеткізу мәселесі жиі пайда болады. Көліктік қолдауды көздеу қажет. Қазіргі кезеңде көптеген мектеп ғимараттары ескі салынған және қол жетімділік критерийлерін қанағаттандырмайтынын (пандустар, лифтілер жоқ, табалдырықтар көп, дәліздерде тұтқалар жоқ, қиын ашылатын есіктер, бейімделмеген әжетханалар) ескере отырып, бұл міндетті шешу елеулі қаржыландыруды талап етеді. Мекеменің білім беру ортасының оқушылардың әр түрлі білім беру мүмкіндіктеріне сәйкес келуі. Оқыту-бұл әлеуметтік процесс, бұл топтық әрекет. Мектеп кеңістігіне жаңа көзқарастан басқа инклюзивті білім беру ортасын құру мектепте адамдардың мәдени тәртібі мен қарым-қатынасын талдауды талап етеді. Мұндай ортаны тек ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен командалық өзара әрекеттестікте құруға болады. Мұндай ортада баламен бірге және бала үшін өзгеруге дайын адамдар жұмыс істеуі тиіс. Педагогтардың әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға дайындығы. Бұқаралық мектеп мұғалімдерінің ерекше балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі (кәсіби, психологиялық және әдістемелік) мәселесі өткір тұр. Инклюзивті ортада жұмыста педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, психологиялық кедергілердің және мұғалімдердің кәсіби стереотиптерінің өзгермеуі байқалады. Бұл проблеманы шешу үшін біліктілікті арттыру бағдарламалары, магистратура мен бакалавриат бағдарламалар дайындалып, шығармашылық шеберханалар, тәжірибе алмасу, тағылымдамалардан өту т.б. ұйымдастырылып жа-

тыр. Бүгінде елімізде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру стратегиясы да өзгеріс үстінде, негізінде оның бәрі педагогтің қажеттілігінен туындап жатыр.

Қорыта келе, инклюзивті білім беру-бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін де, дені сау балалар үшін де перспективалық және қажетті бағыт. Қазіргі қоғам ерекше балалардың әлеуметтенуіне ерте енудің маңыздылығын түсінбейтіні өте өкінішті. Проблемалы баланы қоршаған қарапайым балалар басқаларға қатысты толерантты болуға үйретсек, олар ересек өмірде өздеріне ұқсамайтын адамдарды қабылдауға және түсінуге дағдыланатыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанында № 1118 Жарлығымен бекітіліген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 1118 //Казахстанская правда. – 2010. – № 153–154. – С. 10–12. 2.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж. 27 шілде. (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

3. Ребенок с задержкой психического развития, по материалам статьи И. Ю. Троицкой «Если в семье ребенок с задержкой психического развития», журнал «Виноград», № 1, 2009 г

4. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13с.

ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ШКОЛЫ PROBLEMS OF INCLUSIVE EDUCATION IN SECONDARY SCHOOLS

Аннотация. Мақала Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне инклюзивті білім беруді енгізу мәселелеріне, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үдерісінде кездесетін ерекшеліктер мен қиындықтарды талдауға арналған.

Түйін сөздер: инклюзия, инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, бейімделу, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Аннотация. Статья посвящена проблемам внедрения инклюзивного образования в общеобразовательные школы Казахстана, анализу особенностей и трудностей, встречающихся в процессе обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: инклюзия, инклюзивное образования, дети с особыми образовательными потребностями, адаптация, психолого-педагогическая поддержка.

Annotation. The article is devoted to the problems of introduction of inclusive education in secondary schools in Kazakhstan, analyzing the characteristics and difficulties encountered in the process of teaching children with special educational needs.

Keywords: inclusion, inclusive education, children with special educational needs, adaptation, psychological and pedagogical support.

Бактыбаева Кулизат Сагынғалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты (Қазақстан, Тараз қ.). E-mail: kuli_66@mail.ru

Торбекова Пакизат Жорабековна – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Болтай батыр атындағы орта мектеп (Қазақстан, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құмарық ауылы). E-mail: aizere250213@mail.ru

Бактыбаева Кулизат Сагынғалиевна – кандидат педагогических наук, доцент, Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Жамбылской области (Қазақстан, г.Тараз). E-mail: kuli_66@mail.ru

Торбекова Пакизат Жорабековна – учитель русского языка и литературы средней школы им.Болтай батыра (Қазақстан, Жамбылская область, Т.Рыскуловский район, с.Кумарык). E-mail: aizere250213@mail.ru

Baktybaeva Kulizat S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, head of the department, Branch of JSC “NCPD “Orleu” Institute for professional development of Zhambyl region (Kazakhstan, Taraz). E-mail: kuli_66@mail.ru

Torebekova Pakizat Zh. – Teacher of the Russian language and literature of the secondary school named after Boltay Batyr, (Kazakhstan, Zhambyl Region, T.Ryskulovsky District, Kumaryk Village). E-mail: aizere250213@mail.ru

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

А.Д. Безаубекова, Ғ.Ә. Шолпанбаева, Б.Ж. Байменова

Үш тұғырлы тіл саясаты бұл Елбасының халыққа қойған міндеті. Қазақ тілі – бұл мемлекеттік тіл, әрине, әр елдің мемлекет болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің орны ерекше. Орыс тілі – заңға сай ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – халықаралық тіл, сіздің шетелге аяқ басуыңызда ажырамас құралыңыз.

Тіл – халықтың ең басты қазынасы. Үш тұғырлы тіл саясатын қолға алсақ та, өз еліміздің ішінде қазақ тілін өгейсітуге болмайтынын әсте естен шығаруға болмайды. Мұндайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» - деген даналық сөз ойымызға орала кетеді. Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениеттік өрелік алға шығып, жаһанданудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Сондықтан қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болу мақсатында мемлекетіміз аямай қаржы бөліп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

БҰҰ-ның ресми тілдері ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб тілдері. Қазірде Қазақстан халқы осы шетелдік тілдерді үйренуге бірте-бірте аяқ басып, соңғы уақытта халықтың тілдік сауаты жоғарылап келе жатқаны байқалады. Қоғам, әсіресе, студент-жастар, жұмысбасты жастар шетелдік тілдің қажеттілігін сезіне отырып оқып үйренуге үлкен қызығушылығын танытуда. Білім ордаларында білім алып жатқан балалары бар ата-аналар баласының болашағының заман талабына сай бәсекеге қабілетті болуына барынша атсалысуда. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Ел халқы сауатты болса, бұл әлемдік деңгейде бізге жоғары дәреже, үлкен абырой алып келері сөзсіз. Ел болашағы жастардың қолында. Ал үш-төрт шет тілін білетін адам таптырмас маман, мұндай адам ешқашан жұмыссыз қалмайтыны айдан анық. Кез-келген шет тілін жетік білу өмірден өз орныңызды сәтті табуға, үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді [1].

Әр тілдің өз ерекшелігі мен маңыздылығы бар. Мәселен, әлемнің 47 елінде ағылшын тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алған, дүниежүзінің қалған бөлігінде іскер қауымдастықта келіссөздер ағылшын тілінде жүргізіледі. Ағылшын тілі – үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Ағылшын тілін білсеңіз сіз үшін ешқандай кедергі мен шекара жоқ деп айта аламыз.

Жалпы, «Үштұғырлы тіл» туралы жобаны Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария еткен болатын. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғыр-лылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Яғни, бұл бағдарламалардың басты идеясы Қазақстанды бүкіл әлем халықтарына үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде таныту керек. Атап айтатын болсақ, олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – дамыған мемлекеттермен терезе теңестіріп, солардың қатарына қосылу үшін қажет. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз. Осы мақсатта бүгінгі күні қаншама бағдарламалар қабылданып, қаншасы жүзеге асырылып үлгерді. Барлық мекемелердің қызметкерлерін үш тілге үйрету қолға алынып, қазіргі таңда ол талапқа айналып бара жатыр. Елдегі барлық білім ордаларында ағылшын тілі тереңдетіліп оқытыла бастаса, орыс тілі бірнеше жылдан бері ҰБТ сынағында тапсырылатын міндетті пәндердің қатарына енді [2]. Тіпті, мектептің бастауыш сынып оқушыларының сабақ кестесіне шетел тілін енгізсе, кей балабақшаларда көштен қалыспай, алты жасқа да толмаған бүлдіршіндердің тілін ағылшынша сөйлетуге күш салып жатқаны белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып – тәрбиелеу деп атап көрсетті. Бұл жерде негізгі ролді білім беру жүйесі алып отыр.

Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда [3].

А. Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «...Педагог қандай болса, білім ордасы, пәні сондай болмақшы. Яғни педагог білімді болса, ол білім ордасынан шәкірттер де

көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі білім ордасына керегі – білімді, педагогика және методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін педагог» .

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде білім ордасының алатын орны айрықша. Білім беру ордасы - қазіргі қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Бұл балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Ал осы білім ордасын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы. Оларды парасатты да саналы азамат етіп тәрбиелеу, сондай – ақ шәкірттеріне тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың түрлі қайнарымен сусындатып, әрбір шәкірт бойына ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілдік қасиеттерін қалыптастыратын және де баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытатын ол – педагог.

Педагог – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға [4]. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп септеледі. Және солай болуға тиіс!

Әрбір педагог тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытып өздеріне деген сенімін арттырып, істеген іс-әрекеттерінен жағымды эмоциялар алатындай дәрежеге жеткізуі керек. К.Роджерстің пікірінше, педагог:

- шәкіртіне сенім көрсету;
- шәкіртіне мақсаты мен міндетін белгілеуге көмектесу;
- шәкіртінің шет тілін оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;
- шәкірті қиындыққа кездескенде кеңес беретіндей тұлға болу;
- шәкіртіне ұялмай өз пікірін айта алуға көмектесу;
- Әрбір шәкіртінің сезімі мен көңіл толқуларын түсініп, ыңғайлы жағдай жасау сияқты қағидаларды басшылыққа алуы тиіс.

Шәкіртінің дарындылығының даму қабілетінің ашылуы көбінесе педагогтың кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Мұндағы ұмыстың негізгі мақсаты – білім алушы тұлғаның шығармашылық, дарындылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны жетілдіру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және білім алушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Шәкірт болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы педагогке байланысты.

Оқыту білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – болашақ маманға білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру. Ондай мүмкіндік тек сабақ арқылы беріледі. Сабақ – оқу үрдісінің ең негізгі формасы. Сабақтың мұндай міндеттен шығуы үшін оны психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Сабақты психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру дегеніміз – шәкірттің ішкі жан дүниесіне терең үңілу, ойына ой қосу, қиялына қанат бітіру, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын ояту. Ол үшін педагог барлық мүмкіншілігін пайдаланады. Өйткені жай сабақ құнарсыз тамақ секілді, адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар педагогтың ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп шәкірт жүрегінен орын алады.

Ал шәкіртке білім беру барысында педагог өз еңбегінің жемісті болуы үшін мына іс-әрекеттерді орындағаны жөн :

- педагог қызметіндегі мақсат қоя білу ісі;
- білімнің мазмұнын игеру ісі;
- Шәкірттердің білім алуға деген мүмкіндіктері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау (диагностикалау) ісі;
- сабақ өткізудің әдістемелік жағын ұйымдастыра білу ісі;
- шәкірттермен жақсы қарым-қатынас жасай білу ісі (коммуникативтік әрекет);
- шәкірттерін білімге ынталандыру, қызықтыру іс-әрекеті;
- шәкірттердің білім дағдыларын бақылау және бағалау іс –әрекеті.

Яғни, қазіргі таңда ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ:

Ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек?

Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Ол үшін ең алдымен қазіргі білім беру ордаларына шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған,

жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан педагогтар қажет.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, педагогтың көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Оған біз алдағы өтіп кеткен ЕҚҰБ(ОБСЕ) Саммитіне төрағалық еткен кезіміз осының бір дәлелі бола алады. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде шәкірттеріміздің шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде 1 сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл шәкірт бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Қазіргі таңда білім беруде әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағыты қамтиды. Олар мыналар:

1. Модельдік технологиясы.
2. Рейтингік жүйе.
3. Дамыта оқыту технологиясы.
4. Сын тұрғысынан ойлау.

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді педагогтың ізденісі арқылы шәкірт қабілетіне қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады.

Сондай – ақ қазіргі ақпараттық қоғамда білім дамуының негізгі құралы ретінде жаңа технологиялар маңызды роль атқарады [5].

Жаңа технологиялардың білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл меңгеруде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

2. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

3. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Үш тілді меңгеруде компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Жаңа технология – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол педагогты алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуальдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;

- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.

Нәтижелері:

- жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;
- жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;
- мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуальдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;
- отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы [6]. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Сонымен, үш тілде оқытуда ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол, жаңа технологияларды жетік меңгерген, жаңа заман талабына сай бәсекеге қабілетті бола алатын тәжірибелі ұстаз қажет [7]. Осындай педагогтардың білім беру нәтижесінде оның жұмыс барысына тәжірибелік мақсат қойылады, оған білім алушы жеке тұлғаның сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін аңгімелеп беруге үйрету қажет.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен жеке тұлғаны үш тілде меңгертуге, сондай-ақ білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – ол білім ордасы.

Ал, ол білім ордасының білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің 2011жыл 29 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Денисова, Ж.А. Мультимедийная презентация языкового материала как методический прием / Ж.А. Денисов, М.К. Денисов // Иностранные языки в школе. – 2011. -№3. –С. 20.
3. Елухина, Н.В. Средства обучения иностранному языку : учебное пособие / Н.В. Елухина. М. : МГПИИЯ, 2012. 80 с.
4. Карпов, В.Г. Использование интернет-ресурсов при обучении иностранным языкам : учебник / В.Г. Карпов, В.А.Салищев. –Уфа : Реактив, 2014. -254 с.
5. Использование Интернет-ресурсов в процессе преподавания английского языка : учебное пособие / Числова Алевтина Сергеевна // <http://www.auditorium.ru/aud/v/index.php>.
6. Коньпева, А.В. Современные методы обучения английскому языку: учебник / А.В. Коньпева. - М : ТетраСистемс. – 2013. – 176 с.
7. Papert, S. New Cultures from New Technologies / S.Papert //Byte. -2015. – P. 56-63

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN LEARNING ENGLISH LANGUAGE

Аннотация. Мақала үш тұғырлы тіл саясаты бұл Елбасының халыққа қойған міндеті. Қазақ тілі-бұл мемлекеттік тіл, әрине әр елдің мемлекет болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің орны ерекше. Орыс тілі-заңға сай ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – халықаралық тіл. Әсіресе, өркениеттік өрелік алға шығып, жаһандандудың лебі есіп тұрғанда көп тілді игергенге ешкімнің таласы бола қоймайтыны анық. Сондықтан қазақ, орыс

және ағылшын тілдерін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастыруға арналған.

Түйін сөздер: үштілділік, білім, тәрбие, ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі, халықаралық.

Аннотация. Языковая политика трехязычия-одна из основных задач, поставленная перед народом Елбасы (Президентом). Казахский язык-государственный язык, как и в любом государстве, он является показателем независимости государства, в связи с этим занимает особое место в обществе. Русский язык-язык межнационального общения, английский язык-язык мирового общения. Поколение знающие и умеющее говорить на трех языках займет значимое место на мировой арене.

Ключевые слова: трех язычие, образование, воспитание, английский язык, казахский язык, русский язык, международный.

Abstract. Linguistic policy of trilingualism is one of the main tasks set by the President. Kazakh language is the state language as in any state, it is an indicator of the independence of the state, therefore it occupies a special place in society. Russian language of international communication, English language of world communication. Generation, knowledgeable and able to speak three languages occupies a significant place on the world stage.

Key words: three languages, education, upbringing, English, Kazakh, Russian, international.

Безаубекова Алмагул Даненовна – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: adaeva1981@mail.ru

Шолпанбаева Ғазиза Әбуқызы – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: gaziza.sholpanbaeva@mail.ru

Байменова Ботагөз Жұмағалиқызы – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: baimenova_botagoz@mail.ru

Безаубекова Алмагул Даненовна – ассоциированный профессор Костанайского государственного педагогического университета, кандидат филологических наук (Казахстан, г.Костанай). E-mail: adaeva1981@mail.ru

Шолпанбаева Ғазиза Абуовна – старший преподаватель Костанайского государственного педагогического университета (Казахстан, г. Костанай). E-mail: gaziza.sholpanbaeva@mail.ru

Байменова Ботагөз Жумағалиевна – старший преподаватель Костанайского государственного педагогического университета (Казахстан, г. Костанай). E-mail: baimenova_botagoz@mail.ru

Almagul Bezaubekova – associate professor at Kostanay state pedagogical University, candidate of philological sciences (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: adaeva1981@mail.ru

Gaziza Sholpanbaeva – senior lecturer at Kostanay state pedagogical University (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: gaziza.sholpanbaeva@mail.ru

Botagoz Baimenova – senior lecturer at Kostanay state pedagogical University (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: baimenova_botagoz@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

Ж.С. Бекбаева

На современном этапе, важнейшей стратегической задачей образования Казахстана является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой, интеграция отечественной системы образования в международное образовательное пространство. Более того обеспечение выпускников вузов международными квалификационными качествами, в том числе развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, русским и иностранными языками. Парадигма полиязычия как важное направление развития человечества осознавалось давно и сейчас является наиболее актуальным исследованием в психолого-педагогических науках. В результате, перед учеными, педагогами стоит вопрос выбора эффективных стратегий и технологий для качественной подготовки специалистов в условиях трехязычия в вузе.

В своем исследовании мы предлагаем использовать стратегию формирования критического мышления и обширный опыт научных исследований в изучении иностранных языков в отечественной системе образования. Так как полиязычное обучение требует, с одной стороны, от субъектов педагогического процесса достаточно высокий уровень знания иностранного языка, с другой стороны обеспечение качества по усвоению учебного материала студентами. По нашему мнению, данную проблему может решить использование технологий критического мышления, на основе системного и дифференцированного подходов.

Анализ опыта исследования и формирования критического мышления в отечественной и зарубежной науке свидетельствует о том, что критическое мышление, начиная с древнегреческой науки, является объектом внимания философов, психологов, педагогов, что способствовало накоплению значительного опыта в исследовании данного интеллектуального феномена. Сформулированы различные определения критического мышления в зависимости от подхода к нему как к виду мыслительной деятельности, совокупности умений и навыков, стилю мышления, качеству мышления, качеству личности и т.д., а также в зависимости от функций критического мышления, через которые осуществляется его рассмотрение. Остановимся на некоторых из них.

В оксфордском толковом словаре, критическое мышление определяют, как когнитивную стратегию, состоящую в значительной степени из непрерывной проверки и испытания возможных решений относительно того, как выполнять определенную работу. Критическое мышление часто противопоставляется творческому мышлению, различие заключается в том, что последнее ведет к новым инсайтам и решениям, в то время как первое выполняет функции проверки существующих идей и решений на наличие недостатков или ошибок [1]. На наш взгляд, противопоставление двух данных понятий будет неверно, критическое и творческое мышление тесно взаимосвязаны, критическая деятельность находит несоответствие, проблему, творческое же ищет способы решения.

В словаре педагогических терминов представлено следующее определение – *мышление критическое способность анализировать информацию с позиции логики и находить противоречия в ней, умение выносить обоснованные суждения, решения и применять полученные результаты как к стандартным, так и нестандартным ситуациям, вопросам и проблемам* [2, с. 338]. Исходя из данного определения, становится очевидно, что критическое мышление сопровождает творческое, ведь решение нестандартных задач, есть основная задача творческого мышления.

Определения И.П.Селевко [3] и Г.В. Сориной [4] определяют критическое мышление как оценочное мышление, направленное на осмысление и переработку получаемой информации.

Д. Халперн предлагает следующее определение критического мышления: *«использование таких когнитивных навыков и стратегий, которые увеличивают вероятность получения желаемого результата. Отличается взвешенностью, логичностью и целенаправленностью. Другое определение – направленное мышление»* [5]. В большей степени, именно критическое мышление направлено на результат, получение основополагающих умозаключений, которые определяют дальнейшую деятельность индивида.

Мышление – это мыслительная деятельность, а любая деятельность, по мнению психологов, начи-

нается с затруднения, противоречия или вопроса, на который у человека нет готового ответа. Поэтому мышление всегда начинается с формулирования вопроса или проблемы, которую необходимо решить, осознать неизвестное, понять его и уяснить. При этом необходимо применять имеющуюся систему знаний, использовать понятия из разных областей. Это общепознавательная способность и развивать ее у учащихся в современных условиях крайне важно, т.к. многие науки носят междисциплинарный характер. Б. Рассел приводит следующее определение: «Критическое мышление – это процесс оценки и категоризации в терминах ранее приобретенных базовых знаний... оно включает в себя установку плюс владение фактами плюс ряд навыков мышления» [6 С. 27].

National Council Draft Statement считает, что интеллектуальные умения критического мышления должны соответствовать определенным требованиям (стандартам), которые являются универсальными. К ним относятся четкость, ясность, точность, обоснованность, релевантность, глубина, беспристрастность или объективность, логичность [7].

Механизм критического мышления включает мыслительные операции, определяющие процесс рассуждения и аргументации: постановка цели, выявление проблемы, выдвижение гипотез, приведение аргументов, их обоснование, прогнозирование последствий, принятие или непринятие альтернативных точек зрения. Он включает способность применять базовые интеллектуальные умения (знания и понимание) для синтеза, анализа и оценки сложных и неоднозначных ситуаций и проблем. Сюда можно отнести умения выявления проблемы, прояснения ситуации, анализ аргументации, всестороннего изучения вопроса, разработки критериев для оценки решений и надежности источников информации, избежание обобщений.

Необходимо подчеркнуть, что формирование умений критического мышления неразрывно связаны с формированием речевых умений в процессе обучения всем видам речевой деятельности, поскольку, предметом речевой деятельности является мысль. «Речь есть одежда мысли», т.е. речь – это лишь оболочка процесса мышления [8]. Исследователи различают критическое чтение, критическое письмо, критическое аудирование и критическое говорение.

Dan Kurland [9] разграничивает понятия «критического чтения» и «критического мышления», хотя считает это разграничение достаточно условным. Итак,

- критическое чтение – это способ получения информации из текста и определение его главной идеи;

- критическое мышление – это способ оценки информации и мыслей, содержащихся в тексте с целью решить, что принять и чему верить [8].

По мнению Е.И. Федотовской [9] критическое чтение, таким образом, представляет активный процесс, связанный с рефлексией и анализом. Критическое мышление предполагает размышление о валидности информации с позиции уже имеющихся знаний и собственного миропонимания. Другие исследователи также рекомендуют читать не только с целью получения информации, но и с целью анализа хода рассуждений автора, называя этот процесс «диалогом с автором». Но все они сходятся во мнении, что критическое мышление позволяет нам контролировать процесс понимания: мы можем оценить текст (критическое мышление). Мы можем принять или не принять позицию автора, но мы должны понимать, почему. При этом мы должны воспринимать текст объективно и непредвзято, не искажая его смысла.

Такое разграничение имеет основание. Если целью является получение какой-либо информации или узнать чью-либо позицию, то просто чтения было бы достаточно. Но часто информация нам нужна для решения конкретных проблем – от строительства дорог до написания научной работы или подготовки к экзаменам, тогда мы прибегаем к анализу и оценке того, что мы прочитали, как это соотносится с нашими знаниями по этой проблеме, что мы можем использовать и насколько нам это полезно. В этом случае нам придется выйти за рамки конкретного текста, чтобы найти дополнительную информацию, необходимую нам для принятия решения.

Необходимо построить работу с учебным текстом на основе таксономии Б. Блума, особенно когда преподаватель работает с учебным материалом на иностранном языке.

Поэтому на начальном этапе, который соответствует уровню «знания» в таксономии Блума, рекомендуются провести беседу, по завершении которой слушатели должны сами сделать вывод о том, достаточны ли их знания и нужна ли им дополнительная информация, чтобы ответить на поставленные вопросы. Например, проработать над терминологией.

После того, как студенты ознакомились с текстом, необходимо проверить, насколько адекватно они воспринимают полученную информацию. Этот этап соответствует 2 уровню в таксономии Блума

– уровню «понимание». Понимание содержания текста, т.е. умением извлекать фактическую информацию и способностью в дальнейшем анализировать, обобщать, синтезировать и оценивать ее. Для нас это особенно актуально, поскольку эти умения позволяют перейти на более высокий уровень, связанный с умениями критического мышления. Например, умения выделять главные мысли и отдельные элементы в тексте.

После того, как учащиеся поняли материал, они должны уметь применять свои знания в дальнейшей деятельности. Поэтому следующим этапом является этап «применения». На этом уровне слушатель должен уметь составить план анализа, пользоваться диаграммами, иллюстрациями для подтверждения сделанных выводов и полученных результатов исследований, а также определить, насколько необходима дополнительная информация.

Теперь можно переходить к формированию и развитию более высокого уровня интеллектуальных умений - уровень «анализа». Целью этой группы упражнений является развитие способности анализировать структуру и логику рассуждений и аргументации, умений находить дополнительную информацию из разных источников и сопоставлять с целью оценки ее надежности, точности, объективности мнения автора, умения определить наличие предубеждения, ложной аргументации или манипуляции.

На уровне «синтез» учащиеся должны уметь обобщить информацию, установить связи между различными событиями или явлениями, структурировать информацию, чтобы использовать ее для выдвижения гипотез и формулирования выводов, а также для принятия решений о необходимости использования той или иной информации при решении определенных проблем.

Только после того, как у учащихся будут сформированы умения критического мышления на указанных уровнях, они смогут перейти к выполнению заданий на уровне «оценка», высшем уровне в таксономии Б. Блума. Целью упражнений на этом уровне является формирование таких умений, как умение отобрать и оценить информацию, необходимую для решения проблемы, определить, насколько найденная информация опровергает или подтверждает информацию, полученную из других источников, умения сделать аргументированные выводы на основе собранной информации и имеющихся знаний.

В разработанной нами модели формирования критического мышления на основе системного подхода определяем уровни обучения см. рис. 1, в результате наших исследований, определяем, что стратегии и технологии обучения строятся на уровне образовательного стандарта, (по таксономии Б. Блума на уровне «знаний») но, как неоднократно подчеркивается, система образования должна готовить специалистов с опережением реалии своего времени, т.е. стандарта. Связи с этим педагогический процесс должен строиться не только на стандартном, но и на творческих и исследовательских уровнях (по таксономии Б. Блума «анализ», «синтез» и «оценка» [10].




Рисунок 1.- Уровни специфических компетенций субъектов обучения

На основе вышесказанного, определяем основные рекомендации по применению методов системного подхода к формированию критического мышления:

- осуществление всеми обучающимися активной (соответствующей) исследовательской деятельности;

- рефлексия обучающихся;
- постоянный мониторинг процесса и результатов обучения, а также формирования у обучающихся системных представлений, умений и навыков системного (прежде всего аналитического, синтетического и критического) и иных актуальных способов мышления;
- диагностика состояния и отдельных личностных характеристик субъектов обучения (познавательная активность, самостоятельность, умения и навыки самоуправления в познавательной и иной деятельности, поведение в коллективе и т.д.) – для осуществления постоянного контроля и своевременного внесения коррективов в процесс обучения и развития обучающихся;
- анкетирование, собеседование и иные методы исследования - с целью выявления интереса и отношения к системному подходу и его предлагаемым методам, а также к деятельности и действиям, способствующим целостному познанию изучаемого объекта и окружающей действительности, развитию критического мышления;
- промежуточный, рубежный и итоговый контроль знаний, умений, навыков, способностей и компетенций обучающихся согласно таксономии Б. Блума и разно уровневый подход;
- рейтинговая оценка обучающихся и подведение итогов;
- формирование рекомендаций субъектам обучения для дальнейшего самостоятельного изучения системного и иных подходов, необходимых в осуществляемой и предстоящей деятельности выпускников средних и высших учебных заведений.

Системный подход обуславливает системное мышление, умения и навыки которого осуществляются в познавательной и иной деятельности человека в неразрывной связи с критическим мышлением.

Разработанный учебный процесс на основе системного подхода с реализацией умений и навыков взаимосвязанной совокупности системного и критического мышления устойчиво обеспечивают практически полное, эффективное и качественное усвоение обучающимися содержания обучения.

Список литературы:

1. Оксфордский толковый словарь по психологии /Под ред. А.Ребера, 2002 г. <https://vocabulary.ru>
2. Рапацевич Е.С. Золотая книга педагога /Е.С. Рапацевич; под общ.ред. А.П. Астахова-Минск: Современная школа, 2010-720с.
3. Селевко Г. К. Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации, и эффективного управления учебно-воспитательным процессом. Москва, 2005. -2 часть – 126 с.
4. Сорина Г.В. Критическое мышление: история и современный статус Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. - 2003.- № 6. - С. 97-110.
5. Халперн Д. Психология критического мышления Спб.: Питер, 2000. - 512 с.
6. Горячев А.В. О понятии «информационная грамотность». // Информатика и образовани. № 8. 2001.
7. Федотовская Е.И. Развитие критического мышления как задача высшей школы. // «Актуальные вопросы практики преподавания иностранных языков». Сборник материалов научно-практической конференции вузов Москвы. - Москва, 2003. - с. 282 - 291 (0,5 п. л.).
8. Dan Kurland How the Language Really Works: The Fundamentals of Critical Thinking and Effective Writing. <http://www.criticalreading.com>
9. Федотовская Е.И. Система упражнений для развития интеллектуальных умений критического мышления средствами иностранного языка. - <http://www.ioso.ru/distant>
10. Галиев Т.Т. Опережающая подготовка специалистов: Научно-методическое пособие. – Астана: Изд-во Парламента РК, 2014. – 320 с.

ЖОО-ДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

FORMATION OF STUDENTS' CRITICAL THINKING IN THE CONDITIONS OF MULTILINGUAL TEACHING AT THE UNIVERSITY

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындары студенттерінің сыни тұрғыдан ойлауының дамуы мен қалыптасуының маңыздылығы қарастырылады. Автор көптілді білім беруде жүйелі және дифференциаланған тәсілдер негізінде студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру технологияларын қарастырады.

Түйін сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, сыни ойлау дағдылары, жоғары білім.

Аннотация. В данной статье раскрывается значимость формирования и развития критического мышления студентов высшего учебного заведения. Автор рассматривает использование технологий формирования критического мышления студентов в условиях полиязычного обучения на основе системного и дифференцированного подходов.

Ключевые слова: критическое мышление, системный подход, высшее образование.

Abstract. This research project explores the development of critical thinking in students in the higher education system. The author examines the use of technologies for the formation of students' critical thinking of in the condition of multilingual education based on systems and differentiated approaches.

Key words: critical thinking, systems approach, higher education

Бекбаева Жанар Сабырқызы – докторант, аға оқытушы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Қазақстан, Астана қ.). E-mail: Zhan2710@mail.ru

Бекбаева Жанар Сабыровна – старший преподаватель, докторант, Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина (Казахстан, г. Астана). E-mail: Zhan2710@mail.ru

Zhanar Bekbayeva – doctoral student, senior lecturer at S.Seifullin Kazakh agro technical University (Astana, Kazakhstan). E-mail: Zhan2710@mail.ru

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Т.Қ. Бәлкен, А.Н. Мукушева

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының тереңінде білім бәсекесіне лайықты елу елдің қатарына қосылу үшін жаһандық білім нәрімен сусындаған, ертеңгі ел тұтқасына ие болатын, білімді де, білгір ұрпақ тәрбиелеу жатыр. Осы ретте 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген еді. Сондықтан да, қазақ жазуын латын графикасына негіздеп білім беру ел үшін маңызды игі іс. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі», – деген. Талай тарихымыз да осы тілде жазылған [1].

Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұрғаны белгілі. Сондықтан да латын графикасын меңгертуде орта білім жүйесін латын графикасына көшіру арқылы біз көптеген мүмкіндіктерге қол жеткіземіз. Қазақ алфавитін латын графикасына негіздеп көшіру ұлт тарихында болған үрдіс. Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданды [2].

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақтайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне (“Есік жазуы”) жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі Қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфологиялық дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 ж. орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде (1957, 1970), әртүрлі өзгерістер енгізілді. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр [3].

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде де көрініс тауып, газет төңірегіне ұйыса бастайды.

Әліпбиге байланысты көзқарас, пікірталастарды бұқара арасына жариялап халық талқысына салып отырған «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың жүздеген мақалалары жарияланып отырды. Айталық, Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И.Бройдо, Н.Яковлев, Поливанов, Навширманов, профессор Ашмарин, профессор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л.Жирков, профессор Б.Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше

мақалалары оған дәлел бола алады.

Латын графикасын қабылдау қарсаңында, 1920 жылдарда, яғни араб жазуын қолданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбиін қабылдау алдында қазақ зиялылары арасында түрлі бағыттағы пікірталастар болып, олар латыншылдар және арабшылдар немесе қазақшылдар деген екі топқа бөлінді.

Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде мына елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті.

1925-1938 жылдардағы латын графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилерін талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға келдік. Латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға айтарлықтай серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды.

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды дипломаты Нәзір Төреқұлов. 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мысалы, «оп (он) – он» (өн)», «уп (үн) – un» (үн)» т.б. Кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, «fylosofya» (философия), «семпуон» (чемпион).

1924 жылдың басында Халел Досмұхамедұлы бір дәйекшеден құрылған жоба ұсынады. Ғалымның бұл жобасы «Ақ жол» газетінде жарияланған. Халел Досмұхамедұлы тілдегі дыбыстарды таңбалау үшін еуропа үлгісін негізге ала отырып, латын графикасынан өзгеріссіз 14 таңба алады. Олар: a, b, d, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, z.

1924 жылы Мұхтар Мырзаұлы үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажеттілігін айта отырып, латын әліпбиіне негізделген мынадай жоба ұсынады.

1927 жылы Ә.Байділдаұлы «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында Мәскеу қаласындағы «латыншылдар» ұйымының ұсынған жобасын көрсетеді. Бұл жоба 27 әріп, бір дәйекшеден құрылған.

Мәскеу ұйымының тарапынан ұсынылған бұл жобада қазақ тілінің дауысты дыбыстары, олардың жіңішке варианттары дәйекше арқылы ажыратылды. Мысалы: ана – «ана»; ән – «'ан». Ұсынылған әліпби жобасында /ә/ таңбасы <ы> және <і> фонемаларын белгілеу үшін, мысалы «қыдыс» сөзі «әдәс, sabәтmen bayqa» (сабырмен байқа) түрінде таңбаланды. Әліпбиде орыс тілінің «ч», «ф» әріптеріне таңба арналды.

1927 жылы «Тілші» газетінде Телжан Шонанұлының әліпби жобасы ұсынылады. Телжан Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді көрсетеді: *Жаңа әліппені алғанда қазақ тілінің үндестік заңы пайдаға асырылсын. Өйткені қазақ әліпбесінің дауысты, дауыссыз дыбыстары, жуан, жіңішке болып екі түрлі айтылады. Әр дыбыстың жуан жіңішке түрлеріне дербес арнаулы әріп алынса, әліпбедегі таңба 48 шамасы болады. Үндестік заңын қолдансақ әліппедегі әріптеріміз 24 қана болады. Жіңішке сөз алдына дәйекше қойылады да, ол болмаған сөз жуан оқылады. Жаңа әліпбе әріптерінің түрі де, аталуы да жер жүзіне ортақ түрде алынсын. Бір дыбысқа бір таңба ғана таңба алынсын*

1928 жылы Жоғарғы Орталық Комитеттің (ВЦКНТА) ұйымдастыруымен Баку қаласында бүкіл түркі тілдес халықтардың әліпби жобаларын сараптауға жиналады. Әл елден келген өкілдер өз елдерінде болып жатқан жағдайды баяндай отырып, әліпби жобаларымен таныстырады

Конференцияға (Баку қаласына) Қазақстан атынан барған О.Жандосов 1928 жылға дейін қабылданған жобалардың авторларымен бірлесіп жасалған әліпби жүйесімен таныстырады (Жоба Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының қатысуымен жасалған): а /a/, в /b/, с /ш/, ç /ж/, d /д/, e /e/, g /г/, q /ғ/, h /х/, i /i/, k /к/, q /қ/, l /л/, m /м/, n /н/, η /ң/, o /o/, ө /ө/, j /й/, p /п/, r /р/, s /с/, t /т/, u /ұ/, u /у/, y /и/, z /з/, ь /ы/.

Жобада дауыссыз «қ», «к»; «ғ», «г» дыбыстарына, дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына жеке-жеке таңба арналады, ал дауысты, жіңішке «ә» дыбысы арнайы таңба арқылы белгіленбейді.

Сондықтан «ә» фонемасын да арнайы жеке таңбамен белгілеу қазақ зиялы топ өкілдерінің арасында талқылатып, көпшілігі еуропа стандартына сай келетін «ä» таңбасын ұсынады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін унификацияланған әліпби жүйесіне сәйкес келмейтіндіктен «ә» таңбасы алынады. Сонымен әліпби жүйелерін салыстыра келе, қазақ тілінің төл дыбыстарын бейнелейтін 29 таңба алынады.

Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Жалпы бұл әліпби ұлттық жазу негізінде құрылды. Ал ұлттық жазу дегеніміз – ана тілдің дыбыстық жүйесінен ауытқымайтын, ережесі де, әліпбиі де ұлттық дыбыстардың негізінде болатын жазу түрі. 1930 жылы қабылданған әліпби. Қазақ тілінің өзіне тән 9 дауысты мен 17 дауыссыз дыбысына 29 әріп арналады.

Қабылданған әліпбидің артықшылығы: «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталды; Түркі халықтары ұстанған принцип қатал ұсталды; Оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым; кірме әріптер жоқ; жол асты, жол үсті белгілері жоқ.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі. Кемшілігі ретінде *ә, ө, ы, ғ* дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбаған. Сонымен Латын әліпбиіне көшкеннен кейін басы шешілмеген бірнеше мәселе туады. Ол – бас әріп мәселесі, шылаулардың жазылуы, кейбір әріптердің жазылуы, сөздердің бірге және бөлек жазылуы тәрізді мәселелер. Бірақ ең басты мәселе орыс сөздерінің дұрыс орфографиялануы болды. Орыс тілінен енген сөздер бірнеше тұрпатта жазылды. Сондықтан 1938 жылы әліпби және емлеге бірнеше өзгерістер енгізіледі. Орыс тілінен енген сөздер түпнұсқалыққа негізделе бастайды. Осы жылдардан бастап қазақ әліпбиіне *в, ф, х* әріптері, кейіннен олардың саны екі есе өсіп кеткені белгілі.

1938 жылға дейін қолданылған әліпби жүйесіндегі бірнеше қиындықтарды шешу үшін Қазақ ССР-ның Орталық Атқару Комитеті мен халық комиссарлары Советінің және Орталық Атқару комитетінің председателі, орынбасары Н.Өмірзақов, Ы.Тәжібаевтың ұйғаруымен 1938 жылы 1 қаңтардан бастап «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулысы жарыққа шығады. Бұл қаулыда қазақ тілінің емле кодексіне біраз өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Қаулы мынадай тармақтардан тұрады: а) емленің негізгі принциптері; ә) әліппе және дыбыс жіктері; б) дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен алмасып естілгендегі жазылуы; в) қысаң езулік дауысты *ы, і*-лердің жазылуы; г) *и, у* әріптердің жазылуы; д) орыс тілінде бар, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың жазылуы; ж) сызықшамен жазылатын қос сөздердің түрлері; з) кейбір жалғаулықтардың жазылуы; л) бас әріптің емлесі. Осы ережеден кейін орыс тілінен енген сөздер фонетикалық принциппен емес, *түпнұсқалыққа жақындық* принципіне ауыстырылып жазыла бастады.

Атап айтқанда мынадай тармақтар енгізілді:

х дыбысының таңбасы әліпби құрамына ендіріледі. 1938 дейінгі әліпбиде сөздің жуан-жіңішкелігіне байланысты өзгеріп жазылып жүрген сөздер, 1938 жылдан бастап түпнұсқа принципін басшылыққа алды: *колхоз – қалқоз емес, химия – қыймыя емес, хлор – қылор емес* т.б.

я дыбысының жазылуы мынадай ереже арқылы толықтырылды:

я дыбысы сөздің басында келгенде және дауысты дыбыстан соң келсе «и+а» қосындысы арқылы белгілеу (Laroslavski, Iakutia, Ideia, Ialta, Koreia т.б.)

я дыбысы дауыссыз дыбыстан соң, сөз аяғында «ия» болып келсе де «иа» арқылы беру: *ispania, ximia, aksia* т.б.

я дыбысы дауыссыз дыбыстан соң келгенде «иа» арқылы беріліп, егерде жіңішке естілсе тек *ә* арқылы беру: *izolatsia, Alaska, Tatiana, Meta* т.б.

в дыбысының таңбасы әліпби құрамына кіргізілгендіктен *бәгән, бәкзәл* түрінде жазылып жүрген сөздер, түпнұсқаға жақындатып *вагон, вокзал* түрінде жазу;

1929 жылы *ц* дыбысына байланысты бір ғана ереже болды. Ал 1938 жылы *ц* дыбысына байланысты тағы бір ереже қабылданады. Ол *ц* дыбысы сөздің ортасында, сөздің соңғы позициясында келген жағдайда *тс* қосындысы арқылы игеру: *konstitutsia, protses, printsip, seltis* т.б.

щ дыбысы дауысты дыбыстан соң және сөздің ортасында қосынды *шш* арқылы: *Miccanino, Blagoviccenski, Roccin* т.б. Ал орыс тіліндегі *щ* дыбысы сөздің басында немесе аяғында және ортасында дауыссыз дыбыстан соң келсе, тек бір ғана *ш* әрпімен беру: *Cucie, Cedrin, coloc* т.б.

1938 жылы *ю* әрпіне байланысты ереже толықтырылады. Ережеде сөздің басында дауысты дыбыстардан соң *ю* дыбысы қазақ тілінің қос *и+у* әріптерімен (*iubilei, soiuz, kaiuta*), ал барлық дауыссыз дыбыстан соң *и+у* дыбысы тек *у* әрпімен беріледі делінген (*revolutsia, budset, bulleten*).

Віуро, віуроқрат сияқты сөздер қос иу әріптерімен таңбаланады деп ескерту енгізілген.

- орыс тілінің *ё* дыбысы сөздің басында немесе дауысты дыбыстан кейін келген жағдайда *io* (iolka, zaiom) әрпімен, ал дауыссыз дыбыстан соң *ө*-мен белгілеу: *aktөр, mantөр, pulemөт, katөл, pөлөmkin, vidөnni* т.б.

- *ф* дыбысының таңбасы әліпби құрамына кіргізілгендіктен бұрын *п* дыбысына алмастырылған сөздер түпнұсқалық принципті басшылыққа алып *ф* арқылы жазу: *фабрика – пәбірік емес, физика – пійзік емес;*

- кірме сөздердің бастапқы позициясында келетін *о, е, и, у* дыбыстарын өзгертпей жазу: *пролетариат – purөltarөjat // pyreletarөjat // pөroletarөjat // puraletarөjat* емес. *Коммунист – көменес, көменес, көmивнес* емес.

- кірме сөздердің аяққы позициясында келетін *о, е, и, у* дыбыстарын өзгертпей жазу: *метро – метра емес, биро – бүйра емес, динамо – динамы емес, самалөт – самалұт емес.*

- сөздің аяғында келетін *в, д, з* дауыссыз дыбыстарын өзгертпей жазу: *Ленинград – Ленинград емес, актив – әктіп емес, педагог – педагок емес.*

- кірме сөздерде келетін екі дауысты дыбыс қатар жазылады: *зоология – зология емес, театр – тыйатыр емес* т.б.

- орыс тіліндегі – *ист* қосымшасын тұрпатын өзгертпей жазу: *коммунист, социалист, натуралист*, ал бұл сөздерге жалғау қосылғанда *т* дыбысын түсіріп жазу: *натуралист+тің* т.б.

Осы жылдардан бастап (1938-39 жж.) латын графикасына негізделген әліпбиді орыс графикасына ауыстыру мәселесі қызу талқыға түсе бастайды. 1939 жылы 10 тамызда алғашқы әліпби жоба жарияланады.

Сонымен латын графикасы негізіндегі қазақ әліпби жоба ұсынушылар немесе латын жазуына қайтуды қолдаушы ғалымдардың арқа сүйеп отырған бұлтартпас басты дәлелі мынандай әділ де ақиқат тезис болып табылады – *кирил жазуына негізделген әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін барабар жағдайда көрсете алмайды және оның орфографиясын күрделендіре түседі [4].*

Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Осы кезеңде Қазақстан Республикасының әр аймақтарында кирилл жазуы негізінде, ресми түрде барлық Қазақстанда, Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да кирилл жазуы пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдеріндегі қазақ диаспорасы қалыпты емес, әртүрлі латын жазуын пайдаланған. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келген. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін көшті. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб әліпбиін қолданған. 1928-40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болып, 1940-1992 жж. кириллицаны қолданған. 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіріліп, сол әліпбиді қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Өзбектердегі латын тілінің ерекшелігі – арнайы символдар мен диакритикалық

белгілердің жоқтығы (тек апострофтар бар). Бұндағы классикалық латын әліпбиі кириллицамен салыстырғанда 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келген. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжанда 1925 жылдарға дейін ресми әліпби рөлін араб әліпбиі атқарды. Әзербайжанда 1926-39 жылдары латын әліпбиін қолданса, 1940-2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшкен.

Қазақтың латын әліпбиін түркі мәтіндерінде алғаш қолданған кез қашан? Бұл сұрақтың жауабын ешкім дөп басып айта алмас. Бұның барлығы ғұндардың Батыс Еуропаға, нақтырақ айтқанда Италияға кіруінен басталуы мүмкін. Бірақ көне түркі латынының артефакті 1303 жылы Ватиканда жарияланған қыпшақ тіліндегі Codex Cumanicus (Кодекс Куманикус) сөздігі. Аталған еңбек Жошы Ұлысындағы далалық империяның батыс бөлігінде орналасқан, сондай-ақ шығысқа жайылу мүмкін католицизм негізінде сауда және саяси байланыс орнату мақсатында түркі тілінің негізінде жазылған.

Ресейде патша өкіметі тұсынан бастап латын алфавиті жайында талқылаулар бола бастаған. Орыс жазуында латын графикасын жақтаушылардың қатарында ұлт көшбасшылары Луначарскийден бастап Лениннің өзі де болғандығы ескерілетін жайт [5].

Ғасырлар бойы өзге елдердің мұрағаттарында жатқан тарихи жазба жәдігерлерді зерттеуге жағдай жасалады. Латын әліпбиіне көшу – қазақ елінің әлемдік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Әлемдік қайта жаңғыру тұсында, БАҚ-тың сандық жүйеге көшу кезеңінде, қоғамның ғаламдық коммуникацияға еркін енуіне мүмкіндік туады. Қазіргі кезде түбі бір түркі дүниесінің басым бөлігі, оның ішінде көршілес Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан мемлекеттері латын қарпін қолданады. Олардың бұл салада жинақтаған тәжірибесінің оң жағын да, кемшін тұстарын да ескеруіміз керек. Бүгінде латын қарпін енгізу түркі тілдес халықтардың салт-дәстүр, мәдениет, руханият саласын жақындастыруға, ортақ мәдениет пен ұстанымдарды қайта жандандыруға зор ықпал етеді. Бұл болашақта бірегей мәдени кеңістік жасап, гуманитарлық салада жұдырықтай жұмылуға алғышарт болатыны сөзсіз. Алдағы 5-6 жылда әдеби көркем шығармаларды, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, мерзімді басылымдарды латын қарпімен басып шығару қолға алынбақ. Мұның өзі үлкен даярлықты, ұшан-теңіз ұйымдастырушылық шараларды талап ететіні белгілі. Осыған байланысты межелі 2025 жылды күтпей және уақытты оздырмай, ел болып жұмылып, жұрт болып жүгініп, жаппай латын әліпбиін үйренуді қолға алу – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жолдау
2. «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.– 560 б.
3. Фазылжанова А., Күдерінова Қ. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесі ережелерінің жобасы. – Астана. – 2018. – 34 б.
4. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің стратегиялық негіздері. ҚР БҒМ Ғылым комитеті. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Жалпы ред. басқ.: ҚР ҰҒА корр-мүшесі Е.З.Қажыбек. Алматы, 2017.-128 б.
5. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/51029>

ЛАТИНСКАЯ ГРАФИКА И ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО ПИСЬМА LATIN GRAPHICS AND HISTORY OF KAZAKH WRITING

Аннотация. Мақала қазақ жазуының латын графикасына көшу мәселесіне қатысты жазылған. Мақалада латын графикасы және қазақ жазуының тарихы туралы баяндалған. Сондай-ақ, мақалада латын графикасына көшу кезеңінде атсалысқан белді ғалымдардың да еңбектеріне сүйене отырып талдаулар жасалған.

Түйін сөздер: латын, графика, әліпби, қазақ жазуы, тіл ғылымы, коммуникациялық кеңістік, түркі тілдері

Аннотация. Статья посвящена вопросу перехода казахского письма на латиницу. В статье рассматривается латинская графика и история казахского письма. Также представлен анализ трудов известных ученых, посвященных проблеме перевода казахского алфавита на латиницу в переходный период.

Ключевые слова: латынь, графика, алфавит, казахская письменность, языкознание, коммуникационное пространство, тюркские языки

Abstract. The article is devoted to the transition of the Kazakh writing to the Latin alphabet. The article deals with the Latin script and the history of the Kazakh writing. An analysis of the famous scientists' works devoted to the problem of changing the Kazakh alphabet into the Latin alphabet during the transition period is also presented.

Keywords: Latin, graphics, alphabet, Kazakh writing, linguistics, communication space, Turkic languages.

Бәлкен Толқын Қорабайқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі (Астана, Қазақстан).

Мұқышева Алмагүл Наурызбайқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты (Астана, Қазақстан).

Балкен Толқын Қорабайқызы – старший научный сотрудник Национальной академии образования имени И.Алтынсарина (Казakhstan, г.Астана).

Мукушева Алмагуль Наурызбаевна – ведущий научный сотрудник Национальной академии образования имени И.Алтынсарина, кандидат филологических наук (Казakhstan, г.Астана).

Tolkyn Balken – senior researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan).

Almagul Mukusheva – leading researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin, candidate of philology (Astana, Kazakhstan).

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АНГЛОЯЗЫЧНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ НА УРОКАХ ФИЗИКИ

Н.И. Волошенко

В период развития глобализации, в Казахстане как по всему миру внедряются современные разработки и новшества. На данном этапе как никогда актуальна проблема сопряженности языков, поиск эффективных и жизнеспособных программ в области языков по консолидации обществ.

В связи с этим значимость и актуальность полиязычного образования, являющегося результатом внедрения идеи Президента о триединстве языков, не вызывают сомнения.

В своих выступлениях и обращениях Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев неоднократно говорил о важности и значимости развития полиязычия для многонационального казахстанского общества. Идею триединства языков в Казахстане Президент впервые озвучил ещё в 2004 году. И уже в 2007 году в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков».

Осуществляя переход на трехязычную систему образования, уже сегодня в школах Казахстана запущен процесс изучения английского языка в рамках предметов естественно – математического цикла, одним из которых является физика.

Конечно же, можно долго рассуждать о том, что связь физики и английского языка не совсем очевидна, но если вдуматься, то можно найти много общего между этими предметами:

- В физике надо учить терминологию, также как и в иностранном языке. Ведь человек не станет говорить на английском языке, пока не узнает терминологию.
- Кроме того, в физике очень много терминов, заимствованных именно из английского языка.
- В физике надо мыслить чётко и логично, в иностранном языке почти вся грамматика строится согласно лингвистическим формулам.

Общие подходы к изучению этих двух предметов позволили мне успешно внедрять англоязычную терминологию на уроках физики.

Практика работы учителем показывает, что эффективность деятельности в любом направлении зависит не только от грамотного планирования, но и от его профессиональной компетентности и умения оценивать результаты своей работы на промежуточных этапах. Поэтому мною был разработан маршрут профессионального саморазвития (Приложение 1). Обозначив проблему «Использование англоязычной терминологии, навыков английского языка на уроках физики в 7 классе для повышения функциональной грамотности учащихся», я определила сроки и рамку результата, состоящую из 4 вопросов:

- Чего я хочу?
- Как я могу этого достичь?
- Как я могу себе помочь?
- Как я узнаю, что я этого достигла?

Работая по решению данных вопросов, мною в первую очередь было пересмотрено содержание учебного материала по физике, выбраны методы, средства и формы обучения. Определены основные виды деятельности на уроке:

- Приветствие на двух языках и создание коллаборативной среды и позитивного настроения на уроке;
- Рассмотрение физических терминов из разделов курса на английском языке;
- Использование видеоматериалов предметной направленности. Просмотр видеофрагментов, мультфильмов по предмету на английском языке.
- Работа с текстом, схемами (заполнение пропусков, надписей);
- Использование межпредметных тем: Time – Скорость и расчет средней скорости, Shapes – Измерение объема тел правильной и не правильной формы, Light and Dark – Солнечная система.

Большая роль внедрения английского языка в предмет отводится подготовке к урокам, которая включает следующие действия:

- Наблюдение за учащимися во время предметно-языкового обучения с целью выявления затруднений, возникающих у учеников, и предотвращение их в дальнейшем.
- Работа с методической литературой по предмету и английскому языку: использование физи-

ко-английского словаря, аудио текстов, обзор методов и приемов.

- Отбор тематического содержания, перевод основных понятий и терминов, необходимых для понимания изучаемого тематического материала по предмету.
- Разработка краткосрочного плана, включающего выбранные методы, методические приемы, формы и средства предметно-языкового обучения.
- Подготовка наглядного материала.

В помощь учащимся мною совместно с учителем английского языка был разработан словарь «нужных слов». Данный словарь - указатель физических терминов включает в себя около 270 слов и охватывает минимум, который необходимо знать для овладения терминами в процессе изучения физики 7 – 9 классов. С целью правильного чтения физических понятий и формул на английском языке пособие снабжено приложением, включающим таблицы условных обозначений физических измерений и единиц, а также греческим алфавитом с транскрипцией его чтения на английском языке.

Большой интерес у учащихся вызвала новая форма работы с материалом учебника - создание интерактивных мультязыковых лэпбуков (Приложение 2), то есть самодельных интерактивных папок с кармашками, мини-книжками, окошками, подвижными деталями, вставками, которые ученик может дописывать, доставать, переключать, складывать по своему усмотрению.

Лэпбук это не только мощный справочный инструмент и особая форма организации учебного материала, это, прежде всего, основа партнерской проектной деятельности учителя с обучающимися. Основа лэпбука создается педагогом и дополняется, совершенствуется вместе с детьми и их родителями. В результате такой работы у нас получается отлично проработанный исследовательский проект по физике с мини-словарем и кратким содержанием на английском языке, что позволяет быстро и эффективно усвоить новую информацию и закрепить изученное в занимательно-игровой форме.

Конечно, изучение языка дело совсем непростое, но в нашей школе оно получило хороший старт. Пусть пока мы не достаточно владеем английским языком, однако, применение его на уроках возможно, главное – это сильная вера в свои собственные силы. Ведь, как говорится в английской поговорке: «When there is a will, there is a way» (Где есть желание, есть и возможности).

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана, 2012. – 14 декабря.
2. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. «Новый Казахстан в новом мире» от 28 февраля 2007 г.
3. <http://orleuastana.kz/kz/2017/11/01/metodicheskie-rekomendatsii-po-razrabotke-i-vedeniyu-zanyatij-po-predmetam-fizika-himiya-biologiya-informatika-na-anglijskom-yazy-ke/> Методические рекомендации по разработке и ведению занятий по предметам «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» на английском языке.

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ THE USE OF ENGLISH-LANGUAGE TERMINOLOGY IN PHYSICS

Аннотация. Бұл жұмыс ағылшын тілін физика сабағында терминологиялық сөздіктерді, лэпбуктерді, өзін-өзі дамыту бағытын жасау және нәтижелер шеңберінің қорытындысы ретінде пайдалану мүмкіндігін көрсетеді.

Түйін сөздер: көптілді білім беру, кәсіптік даму бағыты, ағылшын тіліндегі терминология, лэпбук

Аннотация. Данная работа показывает возможность использования английского языка на уроке физики средствами создания терминологических словарей, лэпбуков, маршрута саморазвития и в качестве итога рамки результатов.

Ключевые слова: полиязычное образование, маршрут профессионального развития, англоязычная терминология, лэпбук

Abstract. The paperwork highlights possibilities of using English on Physics lessons with the help of terminological vocabularies, lapbooks, routs of professional development and, as sum, result frame.

Key words: multilingual education, the rout of professional development, English terminology, lapbook.

Волошенко Наталья Ивановна – физика пәнінің мұғалімі, Тоғызак орта мектебі (Қазақстан, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы). E-mail: nvoloshenko-1981@mail.ru

Волошенко Наталья Ивановна – учитель физики, Тоғызакская СШ (Казахстан, Костанайская область, Карабалыкский район). E-mail: nvoloshenko-1981@mail.ru

Natalia Voloshenko – physics teacher, Toguzak secondary school in Karabalyk district (Kostanay region, Kazakhstan). E-mail: nvoloshenko-1981@mail.ru

МАРШРУТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМОРАЗВИТИЯ УЧИТЕЛЯ ФИЗИКИ

Срок реализации: 2018-2020 учебный год

ПРОБЛЕМА: Использование англоязычной терминологии, навыков английского языка на уроках физики в 7 классе для повышения функциональной грамотности учащихся

РАМКА РЕЗУЛЬТАТА

ЧЕГО Я ХОЧУ?	КАК Я МОГУ ЭТОГО ДОСТИЧЬ?
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Включение элементов англоязычной терминологии в проведение урока физики и информатики; ✓ Знание обучающегося физических терминов на английском языке 	<p>Изучив методическую литературу по предмету, освещающую данную проблему;</p> <p>Посетив интернет - ресурсов, с целью поиска информации по проблеме:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ www.nao.kz ✓ www.orley-kost.kz ✓ www.cpm.kz ✓ www.cpi.kz ✓ www.bilimland.kz
КАК Я МОГУ СЕБЕ ПОМОЧЬ?	КАК Я УЗНАЮ, ЧТО Я ЭТОГО ДОСТИГЛА?
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Посетить курсы повышения квалификации внедрению английского языка в преподавание естественно – научного цикла; ✓ Изучить опыт коллег на уровне школы, внедряющих элементы полиязычного образования на уроках; ✓ Посетить семинары на различных уровнях, онлайн- семинары раскрывающие проблему. 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Повышение мотивации обучающегося к предмету, увеличение процента участия обучающегося в конкурсах, олимпиадах на различных уровнях, участие в международных конференциях; ✓ Выступление на МО, ПС на уровне школы по проблеме внедрения полиязычного образования; ✓ Публикация в научно – методическом журнале «Физика в казахстанской школе». Урок элементами CLIL ✓ Публикация в СМИ «Использование элементов полиязычия на уроках физики» ✓ Разработка словаря физических терминов с использованием трехязычия

Приложение 2



«INFORMATION-COMMUNICATION TECHNOLOGIES» САБАҚТАРЫНДА ЕМІ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Г.Б. Даулетбаева

Бүгінгі күні Қазақстандық жоғары оқу орындарында шет тілінде бірнеше білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл, «Information-Communication Technologies» пәнінде де қатысты. «Information-Communication Technologies» сабақтарында ЕМІ әдісі қолданылады.

Британдық Кеңестің қолдауымен шығарылған, «English as a medium of instruction – a growing global phenomenon» атты Julie Dearden-нің мақаласына сәйкес, ЕМІ (English Medium Instruction) дегеніміз: «The use of the English language to teach academic subjects in countries or jurisdictions where the first language (L1) of the majority of the population is not English» [1]. (Шет тілі мемлекеттік тіл болып табылмайтын елдер мен аймақтардағы академиялық пәндерді оқыту үшін шет тілін қолдану.)

ЕМІ әдісін пайдаланудың бірқатар артықшылықтары бар. Олар студенттерге де, жалпы ЖОО-на да қатысты. Мысалы, студенттер халықаралық білім бағдарламаларына қол жеткізе алады және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алады. Университет үшін, өз кезегінде, ЕМІ пайдалану әлемдік рейтингтегі бағасын арттырады, шетелдік студенттерді тартуға көмектеседі, сондай-ақ экономикалық пайда әкеледі.

Дегенмен, ЕМІ әдісін пайдаланудың өз қиындықтары да бар [2]:

- Көп жағдайда студенттер мен оқытушылардың шет тілінде біліктілік деңгейі оқу үдерісін жоғары деңгейде жүзеге асыруға жеткіліксіз;
- Студенттер пәнді шет тілінде оқып-үйренуге мәжбүр;
- Екі жақтан да сабаққа дайындық әлдеқайда ұзағырақ екенін ескеру қажет;
- Оқу материалдарын шет тіліне аудару да көп уақытты қажет етеді;
- Оқытушы өзін сенімсіз сезінеді;
- Студенттер көбінесе тақырыпқа емес, тілге көңіл аударады;
- Студенттердің шет тілінде өз идеяларын білдіруде тәжірибесі жеткіліксіз және дәріс барысында тілдік қолдау қажет және т.б.

Студенттер мен оқытушылардың алдында тұрған барлық қиындықтарды ескере отырып, оқу процесін тиімді ететін ережелерді қолдану қажет деп, ойлаймыз.

Айтарлықтай:

- Тілдерді (ағылшын және ана) араластыру. Ең бастысы, студенттер пәнді меңгеру қажет.
- Үлкен көлемді ақпаратты кішкентай маңызды бөліктерге бөлу.
- Ұсынылған материалдардың маңызды бөліктеріне назар аударту.
- Сөйлемдерді оңайлату. Күрделі сөйлемдер студенттерді шатастырады және олар сабақтың мазмұнын түсінбейді.
- Студенттердің сізді қалай түсінгенін тексеру.
- Қажет болса, студенттер сізді түсіну үшін сөйлемді басқа сөздермен қайта айту.
- Күрделі тақырыптарды немесе терминдерді бірнеше жолмен ұсынуға тырысу, студенттер өздері тиімдісін таңдап алады.

Көрнекі құралдарды, мәліметтердің визуалды бейнелеуін пайдалану. Көптеген жағдайларда бір ғана презентация жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан қосымша ресурстарды пайдалану қажет.

- Студент оқытушымен тығыз байланыста болу үшін интерактивті оқыту формаларын енгізу.
- Студенттерге терминдердің мағынасын бөлек vocabulary-сөздік дәптерлеріне жаздырып алу.

Дегенмен, ЕМІ сабақтарында ең маңыздысы – ол, нақты материалды тілмен байланыстыру. Осылайша, студенттер материал бойынша жай ғана нақты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа материалмен қоса тілдің лексикасы мен грамматикасын табиғи түрде үйренеді.

ЕМІ әдісін пайдалана отырып ICT сабақтарын тиімді ұйымдастырудың кейбір тәсілдер мен тапсырма түрлерін қарастырайық. Ең бірінші, «ABC dictation» немесе жай ғана «диктант» деп аталады. Бұл тәсілде оқытушы тақтаға сурет іліп қойып, студенттерге «Бұл сурет туралы не айта аласыздар?» деген сұрақ қояды. Барлық студенттер жауабын онай табады, мысалы: «Пернетақта». Содан кейін әр топтың қатысушылары А, В, С және D әріптері бойынша бөлінеді. Әрбір топтың әр А, В, С және D мүшесіне оқытушы «Пернетақта» тақырыбына екі сөйлем айтады. Өз топтарына оралған студенттер естігендерін талқылайды, осы тақырып бойынша ақпаратпен алмасады және мәтіннің мазмұны бойынша

тапсырмаларды (сұрақтар немесе жетіспейтін сөздерін толтыру және т.б.) орындауға тырысады.

1. The **long key** on a keyboard which is used when you want **to separate** one word from another when writing called the _____
2. The key you **press once** to write in UPPER-CASE/**CAPITAL letters**, is called the _____
3. A key that **begins with 'C'** that is used **for shortcuts** in applications, is called the _____
4. A key that is used to make **multiple spaces/indent** in a text document, is called the _____
5. A key that is used **to remove** a letter/space which is **in front** of the cursor on the screen, is called the _____
6. **A group of keys** which are used to move through a web page, are called the _____
7. A key on a **laptop/notebook** that when pressed with other keys **changes the audio volume**, is called the _____
8. A key that **when pressed** and held down will write **letters in UPPER-CASE/CAPITALS**, is called the _____
9. A key that begins **with 'A'** that is used **for shortcuts** in applications, is called the _____
10. A key that is used **to move to a new line** when writing in a document, is called the _____
11. A key that is used **to remove** a letter/space which is **behind the cursor** on the screen, is called the _____

Сурет 1. «Пернетақта» тақырыбы бойынша тапсырма

Оқытушы кез-келген мәтінді және суреттерді сабақтың нақты тақырыбы бойынша пайдалана алады. Бұл әдіс студенттерді тек жаңа материалмен таныстырып қана қоймай, лексикалық және грамматикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Келесі тәсіл, «Grab it!» - «Ұста!» деп аталады. Бұл тәсіл негізінен топтық жұмысқа арналған. Оқытушы сабақтың тақырыбына қатысты негізгі терминдер жазылған карточкаларды жоғары жақпен қаратып үстел үстіне қояды. Бір студент спикер ретінде таңдалады және оқытушы оған терминдердің анықтамалары жазылған қағазды береді. Спикер анықтамаларды бір-бірден оқиды, ал топтың басқа мүшелері сол анықтамаларға сәйкес термин-сөздері жазылған карточкаларды жылдам жинап алу керек. Топтың көшбасшысы болып, терминдерді бар ең көп карточкаларды жинаған студент болып, есептеледі. Мысалы, «Компьютердің құрылымы» тақырыбына келесі анықтамалар мен терминдер жазылған карточкаларды ұсынуға болады.

1. The brain of the computer.	a. software
2. Physical parts that make up a computer system.	b. peripheral devices
3. Programs which can be used on a particular computer system.	c. monitor
4. The information which is presented to the computer.	d. floppy disk
5. Results produced by a computer	e. hardware
6. Hardware equipment attached to the CPU.	f. input
7. Visual display unit.	g. port
8. Small device used to store information. Same as 'diskette'.	h. output
9. Any socket or channel in a computer system into which an input/output device may be connected.	i. CPU
10. A device used to produce voice output and play back music.	j. CD/DVD drive
11. A mechanism that reads and/or writes to optical discs	k. speaker
12. A device that converts data so that it can travel over the Internet	l. modem

Сурет 2. «Компьютердің құрылымы» тақырыбы бойынша анықтамалар мен терминдер

Және соңғы қарастыратын тәсіліміз, немесе «Сұрақтар циклы», деп аталады. Қағаз парақтың

бір «Question Loop» жағында тақырып бойынша сұрақ, ал екінші жағына басқа сұраққа жауап жазылады. Бірінші парақта сұрақ жоғарғы бетте орналасады, ал қалған барлық парақтар жауаптарымен жоғары орналастырылады. Бірінші сұрақты оқыған студент циклды бастайды. Осылайша, қатысушылардың біреуі дұрыс жауабы бар парақты алған кезде, парақтың екінші жағындағы сұрақты оқиды. Бұл ойын барлық сұрақтарға жауап бергенше дейін жалғасады.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде ағылшын тілінде өткізіліп жатқан пәндерді меңгеру үшін, тілді білу өте маңызды. Себебі, студенттер ағылшын тілін білмей, педагогика, мәдениет, өнер және т.б. сияқты белгілі салаларда өз білімін көрсете алмайды. Яғни, оларда кәсіби тұрғыда қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі болмайды. Осылайша, кәсіби тұрғыда ағылшын тілінде сөйлеу қабілеті, басымдыққа айналады. Бұдан басқа, студенттер оқылатын пәнді жақсы меңгеруге және түсінуге мүмкіндік алады. Ағылшын тілінде оқытылатын пәндерде студенттер өте көп тілдік материалды өз бойынан өткізеді, сондықтан олар табиғи тіл ортасына толығымен енеді, деп айтуға болады. Сондай-ақ, әртүрлі тақырыптар бойынша материалды меңгеруімен қатар, сол материалмен жұмыс жасау белгілі бір терминдерді, белгілі бір тілдік конструкцияларды үйренуге мүмкіндік береді, ал бұл студенттердің сөздік қорын пәндік терминологиямен толықтыруға ықпал етеді және оны әрі қарай оқып, алынған білімдер мен дағдыларды қолдануға дайындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Dearden J. (2014). English as a medium of instruction – a growing global phenomenon. URL: https://www.britishcouncil.org/sites/default/files/e484_emi_-_cover_option_3_final_web.pdf
2. Марк Вейстелл (2016) Использование английского языка в качестве языка обучения. URL: ias.kz/sites/default/files/ppt_wastell_rus.pptx.pptx
3. Усманова З. Ф., Заяц Т. В., Мукажанова Г. Ж. Реализация технологии CLIL в условиях полилингвального обучения [Текст] // Филология и лингвистика в современном мире: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2017 г.). – М.: Буки-Веди, 2017. – С. 94-97. – URL <https://moluch.ru/conf/phil/archive/235/12596/>

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА EMI НА ЗАНЯТИЯХ «INFORMATION-COMMUNICATION TECHNOLOGIES» APPLICATION OF THE EMI METHOD ON THE CLASSES OF «INFORMATION-COMMUNICATION TECHNOLOGIES»

Аннотация. Мақала ЖОО-да «Information-Communication Technologies» сабақтарын ағылшын тілінде оқытудың артықшылықтары мен қиындықтары, оқу процесін тиімді ететін ережелер, сонымен қатар әдіс-тәсілдер қарастырылған.

Түйін сөздер: EMI әдісі, Information -Communication Technologies, әдіс-тәсілдер, «ABC диктант», «Ұста!», «Сұрақтар циклы».

Аннотация. В статье рассматриваются преимущества и недостатки преподавания предмета «Information-Communication Technologies» на английском языке, приемы и методы, которые сделают учебный процесс данной дисциплины более эффективным.

Ключевые слова: метод EMI, Information -Communication Technologies, методы и приемы, «ABC диктант», «Хватай!», «Цикл вопросов».

Abstract. The article provides the University with the advantages and disadvantages of teaching «Information-Communication Technologies» in English, rules and methods that will make the learning process more effective.

Keywords: EMI, Information-Communication Technologies, Methods and Precepts, «ABC Dictation», «Grab it!», «Question Loop».

Даулетбаева Гүлсім Байсұлтанқызы – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: dgb1976@mail.ru

Даулетбаева Гүлсім Байсұлтановна – магистр естественных наук, старший преподаватель, Костанайский государственный педагогический университет (Казakhstan, г.Костанай). E-mail: dgb1976@mail.ru

Gulsim Dauletbayeva – master of science, senior lecturer at Kostanay state pedagogical University (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: dgb1976@mail.ru

СОЗДАНИЕ БЛАГОПРИЯТНОЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СРЕДЫ В ШКОЛЕ ДЛЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Л.К. Джакишева

Сегодня в казахстанском обществе происходит глобальная трансформация системы образования. Она становится частью непрерывного процесса обновления, в орбиту которого должны быть вовлечены все граждане Республики Казахстан без исключения. Это, в свою очередь, дает толчок интенсивному развитию инклюзивного образования.

Конвенция о правах инвалидов, принятая Генеральной Ассамблеей ООН 13 декабря 2006 г, ратифицирована Республикой Казахстан. Она является основным международным документом, который устанавливает права лиц с инвалидностью во всех странах. Основываясь на данной Конвенции, государственные органы принимают нормативно-правовые акты, осуществляя политику защиты прав граждан с особыми потребностями.

В статье 1 Конвенции установлено, что ее цель заключается в поощрении, защите и обеспечении полного и равного осуществления всеми лицами с инвалидностью всех прав человека и основных свобод, а также в поощрении уважения к ним и признании их достоинства.

Для достижения этой цели в статье 3 Конвенции закреплён ряд принципов, на которых базируются все ее остальные положения. К этим принципам, в частности, относятся:

- полное и эффективное вовлечение и включение в общество;
- равенство возможностей;
- недискриминация;
- доступность.

Указанные принципы логически связаны друг с другом. Для того, чтобы обеспечить полное вовлечение и включение лица с инвалидностью в общество, необходимо предоставить ему равные с другими людьми возможности. Для этого человек с инвалидностью не должен подвергаться дискриминации. Основным способом устранения дискриминации лиц с инвалидностью является обеспечение доступности [1].

Когда мы говорим о доступной среде жизнедеятельности для детей с ограниченными возможностями здоровья, то предполагаем, в первую очередь, доступность к духовной жизни, достижениям науки и спорта.

Сегодня высокоразвитые страны мира активно продвигают политику образовательной интеграции детей с особыми образовательными потребностями. Те изменения, которые только-только внедряются в систему образования РК, были запущены в ряде государств, в т.ч. США, Великобритании, Франции и др. еще в семидесятых годах XX века. В этих странах «получили свое развитие несколько подходов: десегрегация школ, расширение доступа к образованию, интеграция, мейнстриминг, инклюзия. [2, с. 38-39].

И если мейнстриминг предполагает общение детей с инвалидностью со своими типичными сверстниками на праздниках, в рамках проведения каких-либо досуговых мероприятий, интеграция приводит в соответствие потребности детей с нарушениями с системой образования, то инклюзия более масштабное, глубокое и всеобъемлющее понятие. Инклюзия означает «реформирование школ и перепланировка учебных помещений таким образом, чтобы они отвечали нуждам и потребностям всех без исключения детей» [3].

В реализации образования очень важно, чтобы дети с ограниченными возможностями здоровья могли посещать организации образования, в т.ч. дополнительного, спортивные залы, образовательные комплексы. Речь не идет о том, чтобы обязательно сделать из таких детей отличников или академиков, хотя истории известно множество фактов, когда в системе мер социальной защиты этих детей все большее значение приобретают активные формы. К ним относятся реабилитация и социальная адаптация средствами физической культуры и спорта. Среди основных целей и задач государственной политики в данной области стоит создание условий для занятий физической культурой и спортом и формирования потребностей в этих занятиях.

Как заявила директор Департамента дошкольного и среднего образования Минобразования Ка-

захстана Шолпан Карина, в 2019 году условия для инклюзивного образования будут созданы в 30% дошкольных организаций и в 70% школ. По ее словам, в сфере специального и инклюзивного образования разработаны учебные программы обучения детей по восьми видам нарушений для разработки индивидуальных учебных программ для детей в инклюзивном процессе. Впервые разработаны учебники для детей с нарушением зрения и с интеллектуальными нарушениями по Брайлю. В целом, охват обучением и воспитанием детей с особыми образовательными потребностями составил 92,2% [4].

Тем не менее, проблем в образовании, с которыми сталкиваются дети с ОВЗ и их родители, еще очень много.

Главная проблема – это явное или скрытое неприятие самой мысли инклюзивного образования в обществе. Идея совместного обучения детей с особыми образовательными потребностями с типичными детьми, далеко не нова. Развитие государства мира относятся к ней, как к вполне обычному явлению, поэтому граждане этих стран, получившие инклюзивное образование, хорошо адаптированы, чувствуют себя полноправными членами общества.

Изменение ситуации в условиях нашего государства предполагает скорейшее формирование инклюзивной культуры. В свою очередь, она состоит из трех взаимосвязанных компонентов, а именно: готовность сотрудников школы, готовность учеников и готовность родителей.

Вторая проблема – не всегда обеспечена доступность инклюзивного образования для детей с особыми образовательными потребностями, включающая в себя близость к дому, доступность здания, где проходит обучение, доступность образовательной среды (методов и средств обучения), привлечение специалистов (педагогов инклюзивного образования) и ассистентов педагогов (тьюторов). Очень много говорится сегодня о необходимости введения в классы, где обучаются дети с особыми образовательными потребностями, системы тьюторства, при котором специалисты – тьюторы обеспечивают саму возможность обучения в классе, помогая использовать специальные приспособления, учебные пособия, другое необходимое сопровождение ребенка. Но при этом все специалисты, занимающиеся проблемами инклюзивного образования, в один голос заявляют о том, что ни в коем случае, даже из самых лучших побуждений, нельзя обременять ребенка с особыми образовательными потребностями чрезмерной опекой. Это неизбежно приводит к формированию незрелой личности, беспомощности и неумению ориентироваться в пространстве.

Резервы решения этой проблемы скрыты в изменении организации образования и, в первую очередь, школы. Она должна стать методическим, психологическим и корреляционным центром по работе с детьми с ООП. Для этого существует множество направлений работы, в т.ч. систематические научно-практические конференции, психолого-педагогические семинары, консультации для родителей и педагогов школы.

Резюмируя вышесказанное, мы отмечаем, что внедрение инклюзивного образования в школы – уже реальный факт, но условий, обеспечивающий образовательную интеграцию в полном объеме, пока нет.

Список литературы:

1. Не калеки, а коллеги. Ольга Шишанова. http://www.np.kz/events/14321-ne_kaleki_a_kollegi.html
2. Романов П.В. Политика инвалидности: Социальное гражданство инвалидов в современной России // П.В.Романов, Е.Р.Ярская-Смирнова. – Саратов: Науч.кн., 2006. – 260 с.
3. Инклюзивное образование инвалидов: социолого-психологический аспект. А.Р.Мухаметзянова. Вестник Мордовского университета. 2011. №3, с.126-130
4. Условия для инклюзии будут созданы в 70% школ Казахстана. 30 апреля 2018 Интернет – ресурс:// https://forbes.kz/news/2018/04/30/newsid_171650.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮШІН МЕКТЕПТЕ ҚОЛАЙЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ CREATING A FAVORABLE PSYCHOLOGICAL ENVIRONMENT AT SCHOOL FOR INCLUSIVE EDUCATION

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру үшін мектептерде қолайлы психологиялық орта қалыптастырудың негізгі проблемалары қаралады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім қажеттіліктері бар бала, психологиялық қолдау, тьютерлік, инклюзивті мәдениет, білім алу қолжетімділігі.

Аннотация. В статье рассматриваются основные проблемы создания благоприятной психологической среды в школе для инклюзивного образования в Республике Казахстан.

Ключевые слова: инклюзивное образование, ребенок с особыми образовательными потребностями, пси-

хологическое сопровождение, тьюторство, инклюзивная культура, доступность образования.

Abstract. The article deals with the main problems of creating a favorable psychological environment at school for inclusive education in the Republic of Kazakhstan.

Key words: inclusive education, child with special educational needs, psychological support, tutoring, inclusive culture, access to education.

Джакишева Лейла Колчабаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы (Қазақстан, Тараз қ.). E-mail: djaklin2017@mail.ru

Джакишева Лейла Колчабаевна – кандидат экономических наук, начальник отдела методического обеспечения инновационного развития ИПК педагогических работников по Жамбылской области НЦПК «Өрлеу» (Казахстан, г. Тараз). E-mail: djaklin2017@mail.ru

Leila Jakisheva – Department head of methodological support of innovative development at JSC National Center for professional development “Orleu” Institute for professional development of pedagogical staff of Zhambyl Region, candidate of economic sciences (Taraz, Kazakhstan). E-mail: djaklin2017@mail.ru

ТҮБІРЛЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ДАМУЫ

Р. А. Досжан, С. Р. Боранбаев

Сөздердің мағыналық ерекшелігі – ұзақ уақыттар бойғы дамудың нәтижесі. Қазіргі тіл біліміндегі тарихи-салыстырмалы зерттеулер барысы соның айқын дәлелі болып табылады. Тіліміздегі көптеген сөздерді көне жазбалардағы нұсқаларымен салыстырғанда, мағына қаншалықты дамығанмен, өзінің алғашқы негізінен сабақтастық үзбейтінін көрсетіп отыр. Дыбыстық формасы танымастай өзгерістерге түскен сөздердің өзі де семантикалық өзегін, түпкі түбір мағынасын сақтап қалады. Сондықтан түбіртекті айыруға көмектесетін бірден-бір тәсіл – оның семантикасы. Әрине, бұл орайда көне тілдің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі туралы ғана айтылып отырған жоқ, жалпы түркі тілдеріндегі ахуалы жайлы толық қарастыру жағы назарға алынып отыр. Олай дейтініміз, кейбір түбірлердің түпкі тұлғасы мен мағынасы бір тілде сақталмаса да, өзге түркі тілінде сақталатындығы белгілі.

Түпкі түбір мағынасын іздегенде бір буынды сөздерге барып тірелеміз. Десек те, кейбір түбірлердің этимологиясын ашу оңайға түспейтіні белгілі. Мәселен, қазақ тіліндегі *илеу* сөзінің түбірі *и* (*иі қану*, *и* – түбір, *і* – тәуелдік жалғауы) десек, *-ле* – етістік тудырушы жұрнақ, *у* – қимыл есімнің жұрнағы болып табылады.

Еңкей етістігі қазіргі кезде көпшілік түркі тілдерінде қолданыста бар. Осы сөздің көне тұлғасы *ег-ең-ем* (еміт) ~ *ий* 'еңкейту, ию' екендігін біле бермейміз. Мысалы: *Ол бұтақ егді*. – Ол бұтақты иді (МҚ I 168). *Төрт адағын еңләйү көлітті турды*. – Төрт аяғын бүгіп, өгіз тұрды және көлеңке түсірді (ҚР 65₃). *Ікйанар ерңәк еңіп*. – Екі сұқ саусағын бүгіп (ТТ V A₅₇). *Там емимми*. – Там еңкейді (МҚ I 214). Алдыңғы *илеу*мен *ию* сөзінің түбірі бір. Екі сөздің түбірі де *ий*-мен байланысты. *Ию* мен *ең+кею*дің мағынасы ұқсас. Сол сияқты *иір*, *ирек*, *ирелең*, *иілу*, *имек* т.б. сынды сөздердің түбірі бір.

Егіл – иілу. Йығач егілді. – Ағаш иілді (МҚ I 198).

Егірі – иір (166-б.). *Нечә егірі ерсә йол едзгу*. – Қанша иір (қисық) болса да, жол жақсы (МҚ I 458).

Ег түбірі *иг* түрінде хакас тілінде сақталған: *игір* – кривой, изогнутый; *игір чол* извилистая дорога [6, 115 б.]

Ен етістігі (173-б.) төмендеу, түсу мағыналарын білдіреді. Көне тілде үш түрлі мағынада қолданылады.

Ен етістігінің мағынасы өзгерген, яғни бір нәрсеге ену, кіру мағыналарын білдіреді.

Жоғарыда берілген мысалдар, негізінен, орта ғасырларға тән. Мағыналарындағы, түбірлеріндегі ұқсастық олардың бір түбірден тарағандығын көрсетеді, алайда ортақ түбірдің пайда болуы әлдеқайда бұрын қалыптасқан. Орта ғасырлардың өзінде олардың бірнеше нұсқаларының арасында мағыналық айырмашылықтар болғаны байқалады, яғни сөздердің әртүрлі нұсқаларының қалыптасуы бір сөздің бірнеше мағынасының пайда болуына әкеледі. Ал осы нұсқалардың әрқайсысы өзге де сөздердің жасалуына негіз болады. Мысалы, *ең* түбірінен жасалған *еңбекте* етістігінің алдыңғы түбірмен мәндес екендігін оның еңкейіп бой тасалап, бұғып жүру немесе тізерлеп етпеттей жүру мағынасымен де байланыстыруға болады. Еңкек, еңкіш, еңкелекте, еңкенде, еңсей (кішірею, еңкею) сөздері де көне *ең* түбірінен тараған. Тіпті *еңку-еңку* (кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, яғни иір-иірмен, ирек-ирекпен сәйкес келеді) қос сөзін де осы түбірден таратамыз. Әуелгі негіз мағынадан біртіндеп ауыс мағыналар пайда болады. Олардың бәріне тоқталу міндетті емес. Енді бір сөздердің әуелгі мағынасы ұмыт болып, өзге сөздермен селбесіп келіп қолданыста жүреді. Осы секілді сөздердің даму жолына қарасақ, түрлі мағыналық және тұлғалық өзгерістерге ұшырап отырған.

Қазіргі білім, ғылым дамыған заманның өзінде тілімізде бар кейбір сөздерді жаппай көпшілік түсіне бермейді және қолданбайды, тек сөздіктерден, кейбір тіл мамандары мен шешендердің сөз саптауынан кездестіреміз.

Бір қызығы: көне нұсқаларымен салыстырғанда, бір буынды сөздер көп өзгерістерге түспей ілкі замандардағы тұлғалық қалпын сақтап қалған. Олардың құрамындағы дауысты дыбыстардың сөз мағынасын айырушы элемент ретіндегі қызметімен байланысты болу керек. Мысалы, көне тілде кездесетін *ал*, *ел*, *ол*, *өл*, *ул*, *іл* сияқты түбірлердің әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы бар. Сондықтан түбір құрамындағы дауысты дыбыстар тұрақты болып келген.

Шығу тегі бір сөздер мағына жағынан жіктеліп, біртіндеп бір-бірінен алшақтай келе екі түрлі сөзге айналады. Мысалы, көне тілдегі *ім*, *ін*, үнсөздері түбірлес. *Імлә*, *інлә*, *індә*, *үндә* етістіктері шақыру, белгі

беру мағыналарын білдіреді. *Инлә* сөзі жуандап, *ымда* етістігіне ауысқан, ал *үндә* етістігіүнде түріне айналған. *Инлә* нұсқасы қолданыстан шығып қалса, *ым* мен *үн* екі түрлі мағынаға ие болған. Дегенмен қолданыстан шығып қалған *індә* етістігінің өзі сөйлеу тілінде кездесіп қалады. Мысалы, сөйлеу тілінде *үндеме* деудің орнына *індеме* деп те айтылып жатады, яғни бұл сөзді бұзып айту емес, керісінше көне тілдік нұсқаның сақталып қалғандығының дәлелі болса керек.

Бір сөздің өзі тарихи даму үдерісінде бірнеше мағынаға ие болған. Мағынаның нақты көрінісін, қолданылу аясын анықтау олардың түбірлес екендігін растайды. Мысалы, қолданылу орнына қарай салыстырып көру арқылы бірнеше заттың табиғатын түсінеміз.

Сөздердің фоно-морфо-семантикалық өзгерістерін дөп басып, ғылыми негізде талдау жасау сөздердің байырғы түбірлерін, өзгеру сипатын, даму жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Көне тілден бері келе жатқан *өр* түбірі бүгінде сол байырғы қалпын сақтаған. Семантикалық жағынан бірнеше мағына иеленудің өзі о бастағы қалыптасқан ерекшелігімен, яғни көп мағыналығымен байланысты болу керек. Дегенмен де кейбір қолданылу орындары ұмыт болып немесе жергілікті жерлерде сақталып қалғандығы байқалады. *Өр* түбірі МҚ-да мынадай мағыналарда қолданылған: 1. Көріну, көтерілу: *Булыт өрүп көк өртүлді*. – Бұлт жайылып, аспан (бұлтпен) жабылды (МҚ I 139); *Қой өрді* (МҚ I 173).

Өр – II. Өру, тоқу. *Ол сач өрді*. Ол шаш өрді (МҚ I 172). *Ол савдыч өрді*. Ол себет тоқыды (МҚ I 173).

Алғашқы мағынасынан өрбіген *өргі* (воздвигать), *өргүн* (трон, престол возвышение), *өрі* (возвышенный, совершенный), *өркі* (1. находящийся вверху, занимающий высокое положение; 2. сверж), *өркү* (горб верблюда), *өрлә* (подниматься), *өрләм* (подъем), *өрү* (вверху, вверх) сияқты сөздер заттық, сындық, қимылдық және үстеулік мағыналарды білдіреді. Мұның өзі түбірдің сөзжасамдық қызметінің жақсы дамығандығын көрсетсе керек.

Өр етістігінің алғашқы мағынасы *көтерілу* етістігінің мағынасымен байланысты болу керек. Халқымыз жаз жайлау шөбі шүйгін тауларды жайласа, қыста қары жұқалау жазықтарды мекендеген. Тау етегіне қоныс тепкен халық таңертең малдарын осы тау беткейлеріне өргізетін болған. *Өргізу* мен *өрлетудің* о бастағы мағынасы бір. Малды өргізу – орнынан тұрғызып, өріске айдау. Бұлай ойлауымызға себеп болып отырған, осы сөздің орта ғасырларда есім, етістік мәнде жұмсалуы. ДТС-да *өрі* көтеріңкі, биік мағыналарын білдірген [2, 388 б.]. *Өр* сөзі қазір де биіктік түріндегі есім сөз ретінде және сындық мәнде де жұмсалады. *Өр* деп таулы, дөңді жерлердің етегінен биіктеп көтерілетін, ылдифа қарама-қарсы жерді айтады. *Қайран тірлік, бақ пенен сор қырқысқан, Түлкі сайға, Қыран өрге тырмысқан* (М. Шаханов, Ғасырлар). *Өр* сөзі биік, көтеріңкі жер және ауыспалы мағынада жоғары нысана, мақсат сынды мағыналарды білдіреді. Сындық мағынада, біріншіден, биік, асқақ, ауыспалы мағынада өжет, батыл, үшіншіден, тәкаппар, менмен, өзімшіл сынды мағыналарда жұмсалады. Етістік қызметінде де бұл сөздің ауқымы кеңейген – 5 түрлі мағынаны білдіреді. Төрт түрлі сөз табының қызметін қатар атқаруы олардың әуелде синкретті түбір болғанын растайды.

Ғалым Р. Сыздық Ә. Кекілбаевтың «Үркер» атты тарихи романының тілін зерттеуде көпшілікке түсініксіз бір алуан сөздерге тоқталады. Солардың ішінде жазушының қаламдасы сынға ұшыратқан Қазақстанның батыс өңірінде жиі айтылатын «аман-есен өрдіңіз бе?» тіркесіндегі *өрү* етістігі. Ол тек малға ғана емес, адамға да қатысты айтылатындығын, оның «бір жерден шығуы, тарауы» деген екінші мағынасы барлығын білуге болады: осы үйден өріп шыққан бір топ жан, қонақтар осы үйден өріп, осы үйде демалады, өріп кетті («қаптап кетті»), өре түрегелді сияқты қолданыстарды, сірә, тек батыс өңір тұрғындары емес, барлық жерде айтатыны даусыз» [3, 98-99 б.].

Жергілікті аймақтарда қолданылған «аман-есен өрдіңіз бе?» тіркесінде сол әуелгі мағына сақталған болуы керек, яғни аман-есен тұрдыңыз ба? дегенді білдіріп тұр.

Бұл сөздің бүгінде мағынасы кейбір орындарда тарылса, екінші жағынан кеңейген. Жоғарыда айтылғандай Қазақстанның батыс өңірінде жиі қолданылатын «аман-есен өрдіңіз бе?» тіркесі өзге өңірлерде айтылмайды, тек берілген сөз тіркестерінде сақталған. Сөзжасамдық қызметі жағынан *өріс*, *өр*, *өрбі*, *өргелең*, *өргек*, *өре*, *өрлеу* т.б. кейін қалыптасқан болу керек:

Сөздер дыбыстық жағынан өзгерістерге ұшырап қана қоймай, уақыт өте келе қолданылу стилінде де өзгерістер болып отырады. Мәселен, бүгінгі тілімізде кездесетін *абайла* мен *байқа* сөздерінің мағыналары да, түбірлері де бір. Бұл екі сөздің түбірі – көне тілдегі *баф* (смотреть умоляюще), *бақ* (внимательно смотреть, обозревать, разгадывать) [ДТС, с. 81], яғни бір ғана *бақ* сөзі байқап қарау, шолу, барлау, шешу сияқты мағыналарды білдірген. Мұндағы өзгерістерге көңіл аударсақ, біріншіден, *бақ* түбіріндегі қ дыбысы й-ге айналды (*бай-қа*). Екіншіден, түбірдің алдынан а дыбысы қосылып, *а-бай* (*а-бай бол*, *а-бай-ла*) жасалды. Әдеби тілде екі сөз де қолданылады. Жергілікті

жерде қолданылатын сөздердің әдеби тілге енуі жазба әдеби тіліміздің дамуымен байланысты болу керек. Дегенмен өнімділігі жағынан жергілікті жерлерде екі түрлі қолданыс тапқан. Мысалы, Алматы облысында *байқа* етістігі, ал Оңтүстік Қазақстан облысында *абайла* етістігі жиі қолданылады. Көмекші етістіктермен келгенде ұқсастықтармен қатар айырмашылық та байқалады. *Байқап жүр* немесе *абайлап жүр*, *абай бол* дейміз, бірақ *байқа* сөзімен *бол* көмекші етістігі қолданылмайды. Әрине, бұл сөздердің өзі талай кезеңдерді өткеріп, бүгінгі күнге жетіп отыр және ондай өзгерістердің болып отыруы заңды да. Тіпті алысқа, сонау көне замандарға бармай-ақ, өткен ғасырдың бас кезіндегі жазылған шығармалар тілімен салыстыра қарасақ та, қолданылу сипаты жағынан өзгерістің болғаны көрінеді. Мысалы, М. Тынышбайұлының мақаласындағы мына бір сөйлемдегі «абайлаптың» орнына қазір *байқап* сөзін қолданамыз.

«Мұны Гун Мо естіп, бір жағынан сый-сияпатқа қызығып, бір жағынан үндінің күннен-күнге әлсіреп бара жатқанын абайлап, Қытайға елші жіберген» [4, 44 б.]. *Байқа* сөзі сезу, аңғару мағыналарын білдіреді. Кейде *абайла* сөзінің орнына да жүреді. Мысалы: – *Байқа*, айналайын, аяғыңа төгіп алма, – деді ол (Н. Серәлиев. Ыстық күлше) сөйлеміндегі *байқаның* орнына *абайла* деп те қолданамыз.

Бір қызығы көне тілдегі *бағ* пен *бақ* сөзі де тілімізде сақталып қалған. *Бағ* сөзінің мағынасы біршама өзгеріске ұшыраған. Көне тілде жалынышты қарауды білдірсе, бүгінде осы түбірден жасалған *бағжи* = *бағби* (*бағбия түсті* – І. Жансүгіров Шығ.) сөздері көз алмай тесірею, көзі адырайып кету мағыналарын білдіреді. Осы түбірден жасалған *бағжаңда* = *бағжаң-бағжаң ету* сөздері алақ-жұлақ етіп жауаңдады дегенді білдіреді. Әуелде қарау, көру мағынасындағы етістікке енді әртүрлі мағыналық реңк жамалған. *Бақ* етістігінен қалыптасқан *бақырай*, *бағжи* етістігінен қалыптасқан *бажырай* нұсқалары да қараған кездегі көздің адырайып кетуін білдіреді. *Бажырақ* = *бадырақ* (көз) сын есімдері, *бажыраң* еліктеуіш сөзі мен *бажыраңда* = *бағжаңда* етістіктерін қарай отырып, бүгінде ауызекі тіл мен әдеби тілде қолданылуы деп бөліп көрсеткенімізбен, жалпы қазақ тіліне тән сөз екенін мойындаймыз. Тарихи тұрғыдан келе жатқан дыбыстық сәйкестіктер тек түркі тілдерін айырып қана қоймай, бір тілдің ішіндегі заңдылық деуге болады, алайда бір тілге қатысты бұл заңдылық қандай сипатта болғандығы анықтала түскендігі дұрыс-ақ. Мұндағы ж мен д, ж мен ғ сәйкестіктері, әрине, ж дыбысының кейін қалыптасқаны й~ ж сәйкестігіне қатысты айтылып келеді.

Бақ сөзінің де мағынасы кеңейген. Малды күту, қарау, өсіру сияқты мағыналарын қосқанда 7 түрлі мағынаға ие болған. Мысалы: *Енді бақсам, ол келген сайын Абай сөзін айтып келеді* (М. Әуезов. Абай). *Әртүрлі тәтті тағамдарды соның ішу тәртібіне бағып отырып іштім* (Қ. Сатыбалдин. Қараторғай). *Дәркембай Құнанбай көзіне өткір көзін қадап, сыншыдай бақты* (М. Әуезов. Абай). *Әркімнің шөбін баққан мен бір жетім, Шешем жоқ, кәрі кісі әкем, – дедім* (К. Әзірбаев. Таңд. шығ.). Мысалдардан аңғару, қадағалау, аңду, күзету сынды мағыналар байқалады. *Бақ* етістігінің малды күту, қарау, өсіру, аңду сияқты мағыналары өнімді жұмсалғанмен, аңғару, қадағалау сынды мағыналарында өнімді емес. Керісінше кейін пайда болған *бай-қасөзі* кеңінен қолданылады. Мысалы, жоғарыда берілген бірінші сөйлемдегі «Енді бақсам» дегеннің орнына «Енді байқасам» деп қолдану қалыптасқан.

Сөзмағынасының кеңеюі дыбыстық жағынан өзгеріске ұшырауымен де байланысты. *Бақ* түбіріндегі қ-ның й-ге айналуына байланысты *бай-қакөптеген* сөздердің жасалуына негіз болды. *Бақыла* мен *байқаның* мағыналары ұқсас. Кейбір тұстарда айырмашылықтары да байқалып қалады. *Байқа* етістігінің қарау, көру, аңғару, бақылаудан бөлек абайлау, сақтану сынды мағыналары бар.

Бағым (күтім), *бағын*, *бағым-күтім*, *бағындық* (жер), *бақташы* да осы сөзбен түбірлес. Біраз тұрақты тіркестердің құрамында да *бақты* етістігі сақталған: *ақырын бақты*, *аузын бақты*, *әліптің артын бақты* т.б.

Бағыт, *бағдар* да осы сөзбен түбірлес дейтін болсақ, онда *бағдарла* мен *барла* да бір негізден тараған дейтін болжамға олардың мағыналарындағы ұқсастық мүмкіндік береді. *Барла* етістігінің «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» 7 түрлі мағынасы берілген, солардың алғашқысы – *айналаны бағдарлау*, *байқау*; *бақылап шолу* [4, 728 б.]. Осылардың өзі-ақ олардың түбірлес, мағыналас, яғни синонимдес екенін көрсетіп тұр. *Барла* дан да бірнеше сөз туындаған: *барлау*, *барлаушы*, *барлағыш* т.б.

Дыбыстық жағынан өзгеріске ұшырағанмен, мағыналарының жақындығы олардың түбірлес екендігін аңғартады.

Қысқартылған атаулар:

1. МҚ – Махмуд Қашқари
2. ДТС – Древнетюркский словарь

Әдебиеттер тізімі:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік) III томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. – 1 т. – 592 б.
2. Древнетюркский словарь / Под ред. Э.В. Севортян. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
4. Тынышбайұлы М. Түрік-монғол тарихы. – Алаш көсемсөзі. 10 томдық. Сана. – Алматы: Өнер, 2011. – 5-кітап, – 320 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ф. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы: Дәуір. – 2011. 2-том. – А – Б. – 744 б.
6. Хакасско-русский словарь=Хакас-орыс сөздігі. – Новосибирск: Наука, 2006. – 1114 с.

СМЫСЛОВОЕ РАЗВИТИЕ ДРЕВНИХ КОРНЕЙ THE MEANINGFUL DEVELOPMENT OF ROOTS

Аннотация. Мақалада көне түбірлердің мағыналық дамуы туралы айтылады. Сөздердің мағыналық ерекшелігі – ұзақ уақыттар бойғы дамудың нәтижесі. Тіліміздегі көптеген сөздерді көне жазбалардағы нұсқаларымен салыстырғанда, мағына қаншалықты дамығанмен, өзінің алғашқы негізінен сабақтастық үзбейтінін көрсетіп отыр. Дыбыстық формасы танымастай өзгерістерге түскен сөздердің өзі де түпкі түбір мағынасын сақтап қалады.

Тірек сөздер: Туынды сөздер, түбір сөздер, сөзжсам, тарихи түбірлер, семантика, этимология.

Аннотация. В статье говорится о смысловом развитии древних корней. Особенности смысловых слов – результат развития в течение длительного времени. По сравнению с пособиями древних записей на многих языках, насколько развито значение, наблюдается основная непрерывная преемственность. При выявлении коренного смысла, выявлено несколько распространенных корней из одного гнезда.

Ключевые слова: Производные слова, однокоренные слова, словообразование, исторические корни, семантика, этимология.

Annotation. The article talks about the meaningful development of ancient roots. The meaning of the words is the result of long-term development. In contrast to the oldest versions of the word, the more meaning we have, the more important it is, the more consistent it is. By looking for the root meaning of the root, several roots were found to be from one nucleus.

Keywords: Derived words, single-root words, word formation, historical roots, semantics, etymology.

Досжан Райхан Абдугалиқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет (Қазақстан, Шымкент қ.).

Боранбаев Сандыбай Режепулы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет (Қазақстан, Шымкент қ.).

Досжан Райхан Абдугалиқызы – профессор Регионального социально-инновационного университета, доктор филологических наук (Казахстан, г. Шымкент).

Боранбаев Сандыбай Режепулы – профессор Регионального социально-инновационного университета, доктор филологических наук (Казахстан, г. Шымкент).

Raihan Doszhan – Professor at Regional Social Innovational University, doctor of philological sciences (Shymkent, Kazakhstan);

Sandybai Boranbaev – Professor at Regional Social Innovational University, doctor of philological sciences (Shymkent, Kazakhstan).

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ МЕКТЕП ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Г.А. Жорабекова

Үштілділікті ендіру – өмір талабынан туындаған мәселе. Өйткені, егемен еліміздің әрбір мааманының құзіреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі тілді меңгеруінен анық аңғарылатындығы шындық. Кез келген мемлекет өзінің азаматтарына сапалы әрі заманауи білім алуға қолжетімді, қолайлы жағдай туғызуды ел дамуының бірден - бір кепілі санайтындығы анық. Сондықтан, үкімет жастарды халықаралық біліктілікке сай біліммен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тілді, орыс тілін және шет тілдерін меңгерту арқылы олардың тілдік санасын дамытуға айрықша көңіл бөлуде. Елімізде үштілді білім беру әдістемесінің дамуын анықтайтын негізгі бағыттар қалыптасып та үлгерді. Осыған орай, қазіргі таңда біздің алдымызда, әлемдік деңгейде оқытылып жатқан тілдердің рөлін саралау, оларды меңгертудегі нәтижелілік пен тілдік дайындық әдістемесін көтеру тұрғысынан маңызды мәселелер тұр.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі- үштілде білім беруді жүзеге асыру. Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал, 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген сындарлы да салмақты үндеу жолдады.

Сондай-ақ, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тағы да «Біздің балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін жағдай жасауға» қажетті шаралар әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілген.

Елбасымыз мемлекеттік тілдің қызметінің артуына баса назар аударып, 2020 жылға қарай қазақстандықтардың 90 пайызы қазақ тілін білуге тиістігін атап көрсетті. Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі – қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту, үш тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 2020 жылға қарай -20%.

“100 нақты қадам” Ұлт жоспарының 79 қадамында «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» көрсетілген.

Бұл саясатты қолдау дегеніміз, біріншіден, өз тіліміздің бай екендігін көрсете отырып, өзге тілдерді еркін меңгере алатын ұлт ретінде дәлелдейміз. Екіншіден, шетелмен тығыз қарым-қатынас орната отырып, экономикамызды жақсартамыз. Үшіншіден, «Жас болса да, бас бола алатын» мемлекет екендігімізді толығымен көрсетеміз. Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл- елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудағы бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

«Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазіргі таңда елімізде білім берудің мазмұны жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне дарынды ұрпақтың көш керуенін тура бағыттап, сара жолды мегзеуіне жаңа жол ашылып, сапалы, үздіксіз білім беру талабы айқындалуда. Бүгінгі заман талабының қажеттілігі: өзіндік ой-пікірі бар, шығармашылық, зерттеушілік қабілеті жоғары оқушыларды қандай жағдайда да нақты шешімдер қабылдай білуге, өзінің іс-әрекетін бағалай білуге үйретуінде.

Әлем тарихында танымал болған ұлы данышпандар тарихына үңілсек, олардың бәрі бірнеше тілді қатар меңгеріп, өркениетті елдердің дүниетанымы арқылы, түсінік-парасаты арқылы жаңа әлемге еніп, дарын қабілеттерін шыңдаған. Ұлы ойшыл әл-Фарабиден бастап қазақ әдебиетінің жазба мә-

дениетін қалыптастырған дана Абай, Шоқан, Ыбырайлар да орыс мәдениетін тану арқылы халықты өнер-білімге бастағаны тарихи ақиқат.

Бүгінгі таңда бірнеше тілді білу-заман талабы. Мұндай феномен жаһандастырудың күшеюімен, халықаралық қатынастардың дамуымен түсіндіріледі. Елімізде жұмысқа қабылдау барысында кандидаттарға қойылатын басты талаптардың бірі - бірнеше тілді білу. Басымдық әрине мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне беріледі. Жақсы маман, арнайы кәсіби білімінен бөлек, жоғарыда аталған үш тілді меңгеруі керек, өйткені оның мансабының өсуі мен әріптестері арасындағы орны осыған байланысты.

Көптілді білім беруде тіл үйренуші белсенділік, өзін-өзі басқару, білімді өздігінше алу, яғни «тілді үйрету мүмкін емес, оны тек үйренуге болады» қағидасын ұстануы қажет. Кез келген тілді тілді оқытуда тіл үйренушіге ана тілі негізгі таяныш болады.

Білім жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер оның мазмұнын жаңартумен, қазіргі заманғы еңбек нарығы талабына сай кәсіби мобилді, коммуникативті қабілетті және шығармашылық тұрғыда ойлай білетін мамандардың тілдік құзыретін дамытуға жағдай жасауда.

Қазақстандағы үштілділіктің дамуы туралы сөз қозғағанда, қойылған мақсаттың тек мәдени және білімдік сипаты ғана емес, сонымен қатар саяси мәнін де атап өту керек. Әлемде тек бір ұлт өкілдері ғана тұратын ел жоқ деуге де болады. Жаһандастырудың күшеюі және еркін әрі салыстырмалы тұрғыда кедергісіз жылжу халықтың бір елден екіншісіне көшіп-қону қозғалысының өсуіне ықпал етіп отыр. Біздің еліміз - көп ұлтты мемлекет, 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тұратын елде тілдерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Біртұтас халықты құрайтын түрлі этникалық топ өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасалған. Халықтың біртұтастығы мен ұлттаралық келісімді қамтамасыз етуде басты рөлді мемлекет жүргізетін тілдік саясат атқарады. Бұндай саясат келесі элементтерді қамтиды: қойылған мақсатқа жету бойынша міндеттерді және нақты әрекеттер алгоритмін анықтайтын бірқатар бағдарламалар мен стратегияларды дайындау, бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру бойынша қызметті реттейтін бірқатар заңнамалық және заңға сәйкес актілерді қабылдау, көптеген тіл үйрету орталықтарын құру, қазіргі білім беру моделіне бірқатар өзгерістер мен жаңалықтарды ендіру және т.б.

Өз дамуында уақыт екпінін, әлемдік даму ырғағын сергек сезіп, жаңа жолдар іздестірумен ерекшеленіп отырған бүгінгі білім беру көшінің игі бастамасы үштұғырлы тіл мәселесі мемлекетті саясатты дұрыс жүзеге асырудағы жаңашыл ізденістердің нәтижесі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017-2018 оқу жылында 5-сыныптан бастап үш тілде білім беруді кезең-кезеңімен енгізу басталады.

Қазақстан мектептерінде үш тілде білім беруді дамыту дарынды балаларға арналған 33 экспериментті мектептің, 20 НЗМ-нің және 30 қазақ-түрік лицейінің тәжірибесі бойынша жүзеге асырылады.

Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартына сәйкес тілдік пәндер бойынша отандық оқулықтар мен ОӘК әзірленетін болады. Мектептің жоғары сыныптары үшін төрт пән бойынша (информатика, физика, химия және биология) шетелдік оқулықтар мен ағылшын тіліндегі ОӘК бейімделетін болады.

ЖМҚ-ның төрт пәнін ағылшын тілінде оқытатын педагог кадрларға және үштілділікті енгізуге деген қажеттілік:

- 1) білім беру ұйымдарында оқытуға тарту тетігі арқылы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің;
- 2) жоғары оқу орындарында және колледждерде мұғалімдерді мақсатты даярлау;
- 3) физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;

4) студенттермен алмасу және волонтерлерді тарту бағдарламасы есебінен шешілетін болады.

5-11-сынып оқушылары үшін жазғы тіл мектебін ұйымдастыру мәселесі пысықталатын болады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі, орыс тілі және шетел тілдерін жетік меңгеру заманауи қоғамда адамның жеке және кәсіби іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Мұның барлығы практикалық және кәсіби түрде бірнеше тілдерді еркін игерген, осыған байланысты қоғамда әлеуметтік және кәсіби жағынан алдыңғы қатарда тұруға мүмкіндігі бар азаматтарға сұраныс тудыруда. Біз қоғамымызға көптілді білім беруді саналы, сауатты және дұрыс енгізу оқушылардың көпұлтты және көпмәдениетті ортаға бейімделуіне, басқа мәдениетке құрметпен қарауға септігін тигізіп, бәсекеге қабілетті, өмірде белсенді, оң көзқарастағы тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді деп есептейміз. Әрбір тілді меңгерген сайын біз рухани дүниемізді байытамыз. Сонымен қатар, еліміздің

болашағы- бүгінгі жастар үш тілді де қатар меңгеруі керек. Халқымызда «тұғыр» деген сөз бар, ол сөз діңгек, қазық деген мағынаны білдіреді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Жақын болашақта қазақ тілін әлемге әйгілі етіп, орыс тілі арқылы ұлтаралық қатынасымыз өрби түсіп, ал ағылшын тілі арқылы жаһандық экономикаға ойдағыдай кіріп қана қоймай, сол жаһандық экономикадан Қазақстанның өз орнын алатынына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. - Астана, 14 желтоқсан 2012 жыл
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016
3. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2011
4. Тымболова А.О. Көпмәдениетті тілдік тұлғаны қалыптастыру жолдары //Білім=Образование. -2013.-№3. -6.36-37

ВАЖНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЬНУЮ СИСТЕМУ IMPORTANCE OF IMPLEMENTING TRILINGUAL POLICY INTO SCHOOL SYSTEM

Аннотация. Мақала білім жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер оның мазмұнын жаңартумен, қазіргі заманғы еңбек нарығы талабына сай кәсіби мобилді, коммуникативті қабілетті және шығармашылық тұрғыда ойлай білетін мамандардың тілдік құзіретін дамытуға жағдай жасау жолдарын қарастырады.

Түйін сөздер: бәсекеге қабілеттілігі, өзіндік ой-пікірі бар, шығармашылық, зерттеушілік қабілеті жоғары, нақты шешімдер қабылдай білуге, өзінің іс-әрекетін бағалай білуге үйретуінде.

Аннотация. В статье рассматриваются изменения, происходящие в системе образования, способствующие обновлению его содержания, развитию языковой компетенции специалистов, умеющих творчески мыслить, профессионально мобилизовать, коммуникативно и правильно принимать решения в соответствии с требованиями современного рынка труда.

Ключевые слова: умение принимать конкретные решения, обладающие конкурентоспособностью, собственным мнением, творческими, исследовательскими способностями, оценивать свои действия.

Annotation. In this article considered about changes in educational system which is based on updated curriculum, developing language competency of scialists who thinks creatively and communicatively and mobilize professionally by the demand of modern labour market.

Key words: competetiveness, to have own point of view, creativeness, high researching skills, to make concrete desicions, to teach evaluate his own actions

Жорабекова Гүлнүр Әбдіқадырқызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: jora2522@mail.ru

Жорабекова Гульнур Абдукадыровна – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкенту НЦПК «Өрлеу» (Казахстан, г. Шымкент). E-mail: jora2522@mail.ru

Gulnur Zhorabekova – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of Turkestan region and Shymkent (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: jora2522@mail.ru

ҮШТІЛДІ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

У.К. Исмаилова, Р.М.Жуманова

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.

Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Қазіргі кезде жаңа білім саласына қойылатын талап, жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын қойып отыр. Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білім жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ оқыту процесінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа ену және талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету [1].

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халыққа Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұл қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор [2].

«Елбасымыз: Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету қажет. Осылайша біз тілдерді меңгерудің қисынды жүйесін қалыптастыра аламыз: әліпбиі – балабақша деңгейінде, мектепте – базалық деңгей, университет пен колледжде – мамандық бойынша кәсіби тіл», - деп, көптілді білім беруді дамытуға басымдық танытып отыр.

Бүгінгі күні жалпы білім беру жүйесіне енгізіліп отырған жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша тілдік дағдыларды дамытуға басымдықтар берілген. Дағдыларды дамыту барысында оқушылардың бойында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

- Сыныптағы оқушының барлығы дерлік сабаққа қатысады;
- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- Сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- Оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- Оқушыларды жеке және топпен жұмыс істеуге үйретеді;
- Грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- Оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- Пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Мемлекет басшысы: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады» деп сендірді. Орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену білімнің, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түсетін, экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден-бір тетігі дей келе, жаһандануға бейімделуді, замана көшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз, деді [3].

Тілдік пәндерді оқу барысында оқушылар әр ұлт пен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен танысып, әр тілдің ұлттық нормаларының көптүрлілігіне, оларды бағалауға немесе салыстыруға болмайтынына көз жеткізеді және тілдерге тән бұл ерекшеліктерге түсіністікпен қарай отырып, әр азамат өз бойында басқа ұлттарға деген құрметтеушілік сезімді қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді.

Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін оқытуда қазақ-ағылшын тілі және қазақ-орыс тілі екітілдік элементтерін біртіндеп енгізу жоспарлануда. Көптілді білімнің дамуына байланысты қазақ-орыс-ағылшын тілді ортаны кеңейту қажеттілігі туындайды.

Ұлтаралық қарым-қатынасты реттеуде, қоғамдық татулық пен келісімді тұрақты ұстауда, халықаралық маңызды мәселелерде ортақ шешімге келуде, жаңа инновациялық технологияларды, заманауи көзқарастар мен идеяларды енгізіп, кеңінен таратуда орыс тілінің рөлі айрықша екендігі баршаға мәлім.

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы ізденісінің әрекетін дамытуды мақсат етеуге болады.

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде тиімді жүргізуге болады. Нәтиже бере алатын іскерлік ойындарды: «Интервью», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Тілдер сөйлейді», «Рөльдік ойындар», «Ғажайып алаң» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Балаларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болады. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болатынын да айту керек. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланады. Мәселен, «Білім инемен құдық қазғандай», «Век жи-ви-век учись», «Live and learn» «мақал-мәтелдердің үндестігін» салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп орындалса, бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу жүргізілсе оқушының меңгеруіне жеңіл ұтымды болады.

Бұл жерде оқушылардың сөйлеу тілдері мен сауаттылықтарына назар аударылады. Ал, осы тақырып бойынша қабілеті жоғары оқушыларға шығармашылық бағыттағы тапсырма «Мақал-мәтелдердің баламасын жаз» ұсынуға болады. Бұл жерде оқушылар өздері таңдаған тақырыпта үш-тілде мақал-мәтел ойлап, баламасын жазуға талаптанады.

Бұл тапсырмалар балалардың ізденушілік әрекеттеріне, өз беттерімен білім алып, алған білімдерін ортаға салып, дәлелдеу дағдыларына түрткі болады. Ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерін дамытады. Пәнаралық байланыстың негізінде оқушылар әр пәннен алған білімдерін тоғыстыра отырып, өз мақсаттарына жете білуге дағдыланады.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады.

Өскелең ұрпаққа үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тілретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы – заман талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген,

әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу - заман талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең – өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім берудегі менеджмент» 1 [80] 2016ж.
2. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал №4
3. «Білім берудегі менеджмент» 1 [88] 2018ж.

Аннотация. Мақалада өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, өз орнын таңдай алатын, кез келген ортаға тез бейімделетін жеке тұлға қалыптастырудың маңыздылығы туралы мәселе қарастырылады. Белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген тұлға туралы түсінік берілген.

Түйін сөздер: үштілділік, көптілді, көпмәдениетті үш тілді тұлға, ұлтаралық қатынас тілі, үйлесімді кірігу тілі, көптілді білім беру.

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования поликультурной личности, которая способна самостоятельно выбирать место в жизни. Освещается демонстрация знаний и навыков полиязычной личности в области определенной науки.

Ключевые слова: трехязычие, многоязычие, многокультурный трехязычный личность, язык межкультурного общения, гармоничный язык интеграции, многоязычное образование..

Annotation. In this article considered issues about importance of forming individuality who is able to choose path of life by adapting to any society and able to show his professionalism and knowledge.

Key words: trilingualism, polylinguism, polycultural trilingual personality, interethnic communication language, integrated language, multilingual education.

ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ TRILINGUAL EDUCATION IS THE DEMAND OF TIME

Исмайлова Уркия Курбантаевна – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, магистр (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: urkia.79@mail.ru.

Жуманова Райхан Муратовна – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, магистр (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: 181171@mail.ru

Исмайлова Уркия Курбантаевна – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкенту НЦПК «Өрлеу», магистр (Казахстан, г.Шымкент). E-mail: urkia.79@mail.ru.

Жуманова Райхан Муратовна – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкенту НЦПК «Өрлеу», магистр (Казахстан, г.Шымкент). E-mail: 181171@mail.ru

Urkia Ismailova – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of Turkestan region and Shymkent, master (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: urkia.79@mail.ru.

Raihan Zhumanova – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of Turkestan region and Shymkent, master (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: 181171@mail.ru

ҚАЗАҚ ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

С.Ф. Қанапина, К.Қ. Есіркепова

Тіл білімінде метафора мәселесі көне ойшылдар Аристотель, Цицерон, орыс тілі зерттеушілері А.А.Потебня, В.Г.Гак, В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова, В.К.Харченко т.б. қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Б.Хасанов, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, Б.Қасым т.б. зерттеу еңбектерінен орын алады.

Аристотель алғаш рет метафораны ұқсастық негізінде сөз мағынасының өзгеруі деп көрсетеді. Цицерон оның тілге қажет ұғымдарды атау қабілетін басты назарға алады. Метафора табиғаты әлем лингвистикасында адамның білім қорының құрылымдық сипатымен байланыстыра қарастырылады. Тілдің ойды қалыптастырушылық маңызын басты бағыт етіп алған А.А.Потебня метафоралық ауысуды тілдік семантиканы дамытудың бір құралы ретінде таниды. В.Г.Гак, В.Н.Телия метафораның аталымдық, когнитивтік қызметіне баса назар аударады. Н.Д.Арутюнова бұл құбылыстың тілдік аспектілері: бейнелілігін, қолданымдық сипатын ашады. Метафораның мағына дамытуда маңызы туралы А.Байтұрсынұлы, Ә.Болғанбайұлы, М.Балақаев құнды пікірлер қалдырған. Оның қызметіне, қолданыстық ерекшеліктеріне Б.Хасанов зерттеу еңбегін арнаған. Әлем тіл білімінде метафораның адамның ойлау үрдісін қалыптастырушылық қасиетін ескеріп, оны басқа қырынан қарастыруды алға тартады. Соңғы уақытта бұл тақырып когнитивистикамен айналысушы ғалымдардың терең қызығушылығын тудырады. Тілдік бірліктердің жасалуындағы адам танымы, дүниені қабылдауы, оны тілде бейнелеуінде метафора маңызды қызмет атқарады. Метафора ұғымдарды қалыптастырады және дайын таңбалар арқылы оларды атайды. Когнитивтік феномен ретінде танылған метафораның аталым жасаудағы маңызына ғалым Б.Қасым өз еңбегінде ерекше тоқталады: «Метафора – тілде әмбебап құбылыс. Оның әмбебаптығы тілдің құрылымында және қызметінде көрінеді. Ол тілдің түрлі аспектісі мен қолданыстық қызметін қамтиды» - деп атап көрсетеді [1,3136].

Қазақ терминтану мәселелерімен шұғылданушы ғалым Ш.Құрманбайұлы терминдену үрдісіндегі метафораның маңызына да тоқталады [28.2506]. «Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы» зерттеу еңбегінде И.С.Мұратбаева ғылым тілінің қалыптасуындағы метафораның сипатына тоқталады [2,1656].

Ғалым Ғ.Қ.Резуанова зерттеу еңбегінде метафораның тілдегі жаңа мағыналарды тудыруы жөнінде айтады [3,2516]. Аталым жасаудағы метафораның рөлі туралы Н.Д.Арутюнова: «Метафора семантикалық процеске серпіліс береді де, өзі өшеді, жоғалады, образдылығы бірте-бірте жойылып, оның орнына ұғым келеді» - деп көрсетеді [4,46]. Ойлаудың өзі кезең-кезеңмен жүзеге асырылатынын ескерсек, метафора адам ойын дамытып, байытып, көркемдеп отырады. Адам ойының поэтикалығы оның тілінен байқалады. Жаңа нысандар туралы білімді қалыптастыруда бейнелілік ерекше маңызды. Метафора-когнитивтік феномен, яғни адамның әлемді тануда жаңа ұғымдардың қалыптасуына, сонысымен жалпы әлем туралы білімді толықтыруға, дамытуға жағдай жасаушы тілдік құбылыс. Метафораны біріккен зат атаулары негізінде зерттеген ғалым Г.Н.Зайсанбаева мынадай тұжырым жасайды: «Метафоралардың жасалуында адамның сезім мүшелерінің қызметі де маңызды рөл атқарады. Көру, сезу, есту, иіскеу, ұстау т.б. арқылы адам қоршаған әлемді таниды. Сол қызметтердің нәтижесінде нысандар арасындағы ассоциациялық байланыстар да анықталады. Осы байланыстар метафораларға әкеледі» [5,21-226].

Ойды, ұғымды өзгертіп, құбылтып айту барлық халықтың тілдік категориясына ортақ. Метафора кез келген халықтың ұлттық тілінің тіршілік, әлеуметтік, қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей «метафора табиғат сыйы», демек халықтың жаратылысына, табиғатына, тіршілігіне қандай нәрселер, заттар, құбылыстар, әрекеттер тән болса, метафора оны өзіне таңдап ала білген, құбылту құралы еткен. Ол тілді байытады, көркейтеді, оған өзгеріс ендіре отырып, өзіндік ерекшелігімен, эстетикалық көркемдігімен лингвистикада көркемдегіш амал-тәсілдердің қызметінде жұмсалады. Сондықтан да метафора – қай халықта болмасын ертеден-ақ зерттеу нысаны болған тілдік тәсілдің бірі.

Метафора көркем шығармада тілдік ерекшеліктеріне байланысты сезімдік, бейнелік қасиетін ашу қызметінде жұмсалады.

Көркем шығармада метафора көркемдік амал-тәсілдің негізгі тілдік элементі болып табылады.

«Белгілі бір тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сол халықтың басынан өткізген бүкіл өмір тір-

шілігін, жалпы өткен тарихын айнытпай дәл бейнелейтін таусылмас бай қазына, өшпес тарихи мұра екендігі даусыз. Қазақ халқының басынан кешкен көне тарихын, ақыл-ойын, тілек мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, керек десеңіз, оның өзіне тән сезімі мен эмоциясын білгіміз келсе, осы тілдің бай лексикасын түбегейлі зерттеу арқылы көз жеткізуге болады» - дейді белгілі ғалым Ә.Болғанбаев [6,416].

Тілдік метафораларды жеке зерттеу жұмысының нысаны ретінде алып қарастырған профессор Б.Хасанов метафораға мынадай анықтама берді: «Сөз шеберлігіне қиыннан қиыстырған асылды саралау заң. Осы бір қасиетті заңды табанды ұстаған зергерлер өзіндік ою-өрнегімен, ақындық әуенмен ерекше танылмақ.

Бұл ретте ақын-жазушылардың қаламынан туған индивидуалдық метафоралар, яғни сөздердің метафораны қолдануы пайда болған. Әр түрлі стильдік мақсатта метафоралардың тіркеске түсуі арқылы сөздердің сыйымдылығы арта түседі» [7,206].

Зерттеуші ғалымдар метафораны бірнеше топқа бөледі де, дәстүрлі метафораны ғана талдап қоймай, жеке суреткер қолданысындағы қызметіне тоқталады.

Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. «Тіліміздегі көп мағыналы сөздердің бір қыдыруы осы тәсіл арқылы жүзеге асқан» [8,506].

Кез келген көркем туындыда метафораның екі түрі кездеседі, бірі-бүкіл халыққа түсінікті, тұрақты дәстүрлі метафоралар болса, екіншісі әлі халықтық сипат алмаған жеке қолданыстағы метафоралар.

Дәстүрлі метафорада халықтың өз тұрмыс-тіршілігіндегі, табиғатындағы өзінің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты тұтынатын, пайдаланатын заттарына, табиғатына, ұлттық дәстүріне байланысты сөздер қолданысқа кіреді. Дәстүрлі метафора қолдану мақал-мәтелдерде де жиі көрініс табады.

«Еңбек-адамның екінші анасы», «Сынық екеш сынық та жұғады» бұл мысалдағы сынық қатты затта болатын құбылыс. Ал жұғу сұйыққа ғана тән. Сырт қарағанда жанаспайтын екі құбылысты халық ғажаби түрде жақындастырады да, метафора тудырады: «Жүйрік ат аяғынан ақсайды, жақсы жігіт ағайыннан ақсайды». Метафораның қиынан қиысқан көркем де ұтымды түрі осындай-ақ болар. Бұл мақалдың идеясы адамның аяғынан айрылуы емес, оның астары тым тереңде жатыр. «Ер жігіт елдікке ебі жоқ жек-жатынан қорлық көреді» деген ойды қаншама бейнелі етіп бере білген.

«Жонға салсаң – жүйрік, жолға салсаң – жорға». Не бір от ауызды, орақ тілді ділмәр адамдардың, «ердің құнын екі сөзбен бітірер» ел шешендерінің, тапқырлардың қасиетін, қандай қиынға салсаң да, абыроймен шығатынын дөп басып айтады.

Тіл, ой, сөз туралы мақал-мәтелдердегі метафоралар:

«Өткір тіл – дарын, ұзын тіл – жауың», «Шешеннің тілі – шебердің бізі», «Аяқ – азамат, қол – мүлік, Бас – сандық, тіл – кілт», «Әділ тіл – ақыл таразысы», «Сөз – дүниенің сәні», «Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы», «Тіл – ақылдың малайы», «Тіл – жүректің тілмашы», «Мақал – сөздің мәйегі», «Дүниеқор – дүниенің құлы», «Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».

Батырлық – ерлік, ел туралы мақал-мәтелдердегі метафоралар:

«Ер – елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы», «Батыр – елдің сәулеті, бал құрақ – көлдің сәулеті», «Ел – ырыстың кілті, ер – ырыстың қорғаны», «Алыс жол – атқа сын, ауыр жол – ерге сын», «Уайым – ердің қорғаны», «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы», «Өз елім - өлең төсегім», «Ел іші – алтын бесік», «Толықсып аққан дария – мейірбанды қария».

Халықтық сипат алған дәстүрлік метафоралар тұрақты сөз айшығы ретінде мақал-мәтелдерде жиі жұмсалып, күнделікті өмірде жиі айтылып, тұрақтылық сипатқа ие болған. Жоғарыдағы дәстүрлі метафоралар түріндегі мақал-мәтелдерге келетін болсақ, мысалы:

«Өткір тіл – дарын, ұзын тіл – жауың», «Тіл – жүректің тілмашы»,

«Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ел – ырыстың кілті», «Ел іші – алтын бесік» т. б.

Мұндағы халықтық тәлім-тәрбиенің, көркемдік эстетикалық қызметінде жұмсалған мақал-мәтелдердің әртүрлі мағыналық стилистикалық ерекшеліктері айқын метафоралар. Дәстүрлі метафоралық сөз қолдануда көп жағдайда жансыз заттарға жандылық қасиеті телініп жұмсалыады. Мысалдарда берілген мақал-мәтелдердегі метафоралар зат есім түрінде сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалыады. Метафора түріндегі мақал-мәтелдерде жансыз дүниенің барлығы жанданып, тіл бітіп, әртүрлі заттық, атауышты қызметтегі сөздер өлеңнің көркемдік дәрежесін, стильдік жүгін биіктете түседі.

Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдердегі метафоралар әр түрлі мағыналық байланыста құрылған. «Өткір тіл – дарын, ұзын тіл – жауың», «Тіл – жүректің тілмашы», деп тіл сөзінің құдіреттілі-

гін, адам бойындағы білімділік, ішкі жан дүниесі дерексіз нәрсені нақты затқа балап айту арқылы, ойды нақты түсінікті етіп, айтайын деген идеясын айқын бере білген. «Тіл» сөзінің ар жағында үлкен ұғым жатқандығын байқауға болады. Өйткені, адам баласының өмірі түрлі-түсті десек, өмірдің қыр-сырын тану, өмір бойы оқу, іздену процесі – тіл арқылы жүзеге асады. Мақал-мәтелдер түріндегі дәстүрлі метафораларда танымдық, философиялық ойдың түйіні нақты беріледі. Тағы да мына мысалдарға көңіл аударайық «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ел -ырыстың кілті», «Ел іші – алтын бесік» түріндегі метафоралардың да стильдік жүгі басым келген. Деректі зат есімді дерексіз зат есімдермен бір-біріне балама түрінде алып, суреттеп отырған құбылысқа өзіндік көзқарасын, қатынасын білдіреді. Сонымен қатар, бұл алынған балама мағынасындағы мақал-мәтелдердің берер мағынасы, мәні өте үлкен. Бастауыш, баяндауыш қатынастағы мақал-мәтелдер өмір шындығынан, адам тіршілігінен, мән-мағынасынан, хабардар берер, танымдық, тәлім-тәрбиелік мәнде айтылған бейнелі ой-өрнегін білдіретін сөздер.

Мұндай мақал-мәтелдердегі дәстүрлі метафоралар халықтың ой-мүддесімен тәлімдік қасиетімен бірге жасасып келе жатқан мағыналы-мазмұнды сөздер.

Соңғы уақытта ғалымдар метафораны ойлаудың негіздерін түсінудің, жан-жақты бейне жасаудың кілті ретінде тани бастады.

Тілдегі метафора құбылысы-күрделі сөздің қалыптасуына өзінің жәрдемін тигізеді. Метафоралануды күрделі сөздің жасалуындағы негізгі дереккөздердің бірі деп айтуға болады. Оның басты шарты ұқсату, оған заттың сан қырлы белгілері жатады: түс, түр, пішін, көлем, қасиет, қызмет т.б. Қолданыстық мағына да метафораланудың нәтижесі. Әсіресе, метафоралану арқылы жасалған қолданыстық мағына күрделі сөздің көпмағыналығында жиі қолданылатын құбылыс және соның жемісі. Мұндағы көркемдік және бейнелік қызметте қолдану нәтижесіндегі күрделі сөздер түрінде келген метафоралар өзінің нақтылы заттық, атауыштық қасиетіне де ие болған.

Мақал-мәтелдерде метафоралы қолданыстағы сөздер синтетикалық, яғни қосымша арқылы жасалған метафоралық қолданыстарда кездеседі.

Мысалы, «Ер-елдің ық жағының қаласы, жел жағының – панасы»,

«Батыр – елдің сәулеті», «Ел – ырыстың қорғаны», «Ауыр жол – ерге сын», «Уайым-ердің қорғаны» түрінде келген батырлық, ерлік ұғымды дәріптейтін мақал-мәтелдер екендігі белгілі. Мұндағы батыр, ер сөзінің бойында түпкі атау алар сәттегі «суық, қатты» уәж белгісі жатыр.

Бұл, яғни адам бейнесін, күш-қайратымен сомдауға көшірілген белгі. Мұндағы синтетикалық жолмен жасалған метафораланған сөздер қаласы, панасы метафора арқылы қалыптасқан күрделі сөздер. Елдің сәулеті, ырыстың қорғаны, ерді күшті, мықты адамның іс-әрекетіне байланысты ұғымды білдіріп, ауыспалы мағынаға көшу арқылы үнемділік пен бейнелік сипатына ие болған. Осылайша тілдегі атаулардың қалыптасуында мағынаның байланысы мен өзгерісі, құбылыстың ұқсату әрекеті себепші екенін, оның тарихы дәуір мен ұлттық ортамен, тіпті жеке адамның психологиялық ерекшелігімен сабақтасып жататындығын ескертеді. Жалпы мақал-мәтелдерде өсімдік пен жануарлар дүниесінде атау беруде де ерекше назар аудартатын жайт, атаудың уәжділігіне түрлі метафоралық белгіні алудың өзінде бір заңдылық бар секілді. Ол халықтың өзін қоршаған ортаға ерекше мән беріп, танып біліп, басты белгілерін екінші затпен ұқсату, салыстыру арқылы, оған сәйкес атау бере білгендігін көрсетеді.

Мақал-мәтелдердегі метафоралану процесі, номинативтік қатар қазақ тілінің лексикалық қорын толықтыру жолдарының бірі. Күрделі сөздің қалыптасуындағы метафоралық қолданыстағы сөздер мақал-мәтелдердегі ұлттық танымдық болмысымен де байланыстыра саралауды қажет етеді. Өйткені, мақал-мәтелдерде ұлтымыздың тәлім-тәрбиелік қасиеті мен танымдық ерекшелігі жатыр.

Мәселен, «Өз елім - өлең төсегім», «Ел іші – алтын бесік», «Шешеннің тілі – шебердің бізі», «Ұлт – иманның қабы», «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер».

Бұл берілген мақал-мәтелдер түріндегі метафоралық қолданыстар символмен байланыстылықты береді. Метафора мен символдың негізінде образ жатыр. Яғни, образ тәрізді метафора да, символ да әлемді көркемдікпен танудан туындайды. Мақал-мәтелдердегі ұлттық бояу білдірумен қатар, олардың мағынасының аттарында образдылықпен қатар, символдық та мән жатқандығын көрсетеді.

Жоғарыдағы мақал-мәтелдердің бірін алып қарастырсақ, «Ел іші – алтын бесік» түріндегі мақал-мәтелдегі «алтын бесік» метафора ұлттық ерекше дүниетанымды береді. Себебі, мұндағы бесік сөзі халқымыздың атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып келе жатқан қасиетті бұйымдарының бірі. Соған байланысты халқымыз бесікті аластап, үстіне жеті нәрсе жабады, әрқайсысының

өзіндік мәні болған. Бесік адам өмірінің бастапқы ұясы деп білетін ата-бабамыздың қағидасы тілде «Есік арқалағаннан бесік арқалаған артық», «Төрінде бесік тұрса, төр де бас иеді» т.б. дейтін сөздер арқылы дәйектелген. Ендеше «ел ішін – алтын бесікке» балап, ауыстырып қолдануы, оның кеңдік астарында халқымызға тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр ұлттық рухпен суарылып, соның айғағы, айқын бейнесі көрініс тапқан.

Келесі мақал-мәтелдерде «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер» деп берілген. Мұндағы метафоралық қолданыста жұмсалған «есіктегі басын төрге сүйрер, төрдегі басын есікке сүйрер» ұлттық ұғымдық «төр» символымен ұштасып жатыр. Бұл мақалдағы образдылық негізгі болып табылатын метафоралық қолданыстағы сөйлем өзінің ұлттық реңкімен ерекшеленеді.

Қазақ ұғымында төрге байланысты белгілі бір эпитеттік нормалар қалыптасқан.

Жалпы «төр» мен «есік немесе босағаны» қарама-қайшылықта қарастыру жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды – жас мөлшеріне байланысты өмір жол, балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда – төрде орналасу моделін де көрсетеді. Жоғарыдағы талданып отырған мақалдағы метафоралық тіркесте «төр» құрмет символы, есік сөзі құрмет абырой, беделден айырылу мағынасын білдіреді. Бұл мақал тәлімдік мәнде жұмсалып, қарама-қайшылық ұғымды көрсетеді.

Сонымен, метафора болып келген «төр», «бесік» концептілері қазақ дүниетанымында ұлттық дүниетаным мен көзқарастарды білдіреді.

Мақал-мәтелдердегі метафоралану тілдің ғажайып қасиеті деуге болады. Себебі, метафора сана мен тілдің біртұтас, берік байланысын көрсететін құбылыс. Ол ми қызметі, ой-сана мен мәдениетті тілдік шығармашылықпен біріктіретін эволюциялық танымдық процесс.

Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, бір ұғым аясы кеңі түседі. Метафора – көптеген тіл қабаттарының шығу көзі. Мәселен, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер метафораға негізделіп жасалады.

Мысалы: «Жақсы дәстүр жан семіртеді», «Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер», «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрер. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер», «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы», «Тәуекелдің кемесі суға батпайды», «Тату үйдің бақыты тасыр», «Уайым түбі – тұңғыық, батасың да кетесің», «Тәуекел түбі – жел қайық, мінесің де өтесің», «Ақылды қария – ағып жатқан дария», «Кең болсаң, кем болмайсың», «Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні – кәріп», «Жақсы сөз – жан азығы» деген сияқты мақал-мәтелдердің барлығы метафоралық ойға негізделіп жасалғанын көруге болады.

Мақал-мәтелдердің метафоралық ойға негізделуінен ата-бабамыздан бері келе жатқан мақал-мәтелдерден дүниені, болмысты тану ұғымын анықтауға болатындығын байқауға болады. Себебі, мұндағы мақал-мәтелдегі метафоралану процесінен бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттерімен қатар, адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым екендігін байқауға болады. Халқымыздың өмір бойы дүниені, табиғатты, заттар мен құбылыстарды білуге, зерттеу арқылы ізденістері артына қалдырған бай мұрасы – мақал-мәтелдер, сол таным процесінің нәтижесі ретінде қалыптасқан жаңа ұғымдардың пайда болуынан туындап отыр. Бұл ұғымдар атаушы адамға, өзге адамдарға түсінікті болу үшін тілдің сөздік қорында бар сөздерді пайдаланып атаған.

Мақал-мәтелдердегі метафора ұғымға атау ғана бермейді, сол ұғымды анықтап табуға көмектеседі. Бұл бір жағынан жаңа ұғымды түсініп, тез қабылдау үшін болса, екіншіден – тілдік үнемділіктің жемісі.

Жоғарыдағы келтірілген мақал-мәтелдердің танымдық қасиетіндегі әрбір жаңалық тілдің қорын кеңейтіп, оның қорына жаңа метафораларды қосып, кең түрде дамығандығын байқауға болады.

Ұлттық болмысымызды танытатын бай мұраларымыздың бірі мақал-мәтелдердің сөз мағыналарының жаңа мағына білдіруі метафоралану негізінде жүзеге асады, бұл – бұрыннан бар сөз мағынасының жанама номинация алуының басты жолы. Мақал-мәтелдердегі метафоралық номинациялардың тілде кең таралуы – оның жаңа ұғымдағы атаудың, сөздік қорды көбейтудің ыңғайлы құралы екендігін дәлелдейді. Метафораны номинация құралы ретінде пайдалану – оның лингвокреативті (тілдік белгіге айналдыратын) ойлау болмысымен сәйкес келетіндігімен түсіндіріледі.

Ендеше, метафоралық қолданыстағы таным ұғымы, жалпы мақал-мәтелдер халықтың өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Оларды тұтас құрылым ретінде алсақ, халқымыздың бүтін бейнесін көз алдымызға келтіруге болады.

«Метафораның ең басты стильдік ерекшелігі – бейнелілігі, ойды бейнелі түрде жеткізетіндігі»

[9,646]. Сонымен мақал-мәтелдердегі метафоралану процесі – халқымыздың ойлау және танымдық қасиеттерінің негізінде бір заттық, құбылыстық ерекшеліктерді екінші реалийлермен салыстыру, ұқсату арқылы ортақ белгілерді табудың негізінде күрделі атауды жасау ұғымынан туындағаны белгілі.

Яғни, мақал-мәтелдердегі метафоралардың бойында сан алуан қасиет бар екендігі: бейнелілік, экспрессивтік, баға берушілік, түсіндірмелік, болжағыштық, танымдық т.б. қасиеттердің (контексте қолдану мақсатына байланысты) барлығын аңғаруға болады.

Ғалым А.Сыбанбаева метафораға мынадай анықтама береді: «Адамның ақыл-ойы салыстыруға келе бермейтін семантикалық концептерді (ұғымдарды) салыстырудың нәтижесінде метафора туындайды. Сондықтан метафораның жасалу механизмін зерттеу-адамның ойлау процесін зерттеу деген сөз» [9,226].

Мақал-мәтелдердегі метафоралық құбылыс, олардың жасалуы – бұл тек тілдік құбылыс қана емес, сөз мағыналарының дамуына мүмкіндіктер ашатын халқымыздағы шығармашылық мінездің неғұрлым терең танымдық, когнитивтік процесінен бастау алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қасымова Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. Фил. ғыл. докт. дисс.-Алматы, -313 б.
2. Құрманбайұлы Ш.Қ. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі. Фил. ғыл. докт. дисс.- Алматы, -310 б.
3. Мұратбаева И.С. Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. Фил. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2000.- 165 б.
4. Резуанова Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар. Фил. ғыл. канд. дисс.- Алматы, 1999.- 251б.
5. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискуссия. Теория метафоры.- Москва, 1996.-412 с.
6. Зайсанбаева Г.Н. Метафоралы аталымдардың когнитивтік аспектісі (біріккен зат атаулары негізінде). Фил. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2004,-136б
7. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы.- Алматы: 1988.- 134 б.
8. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы.- Алматы: Мектеп, 1974.- 206 б.
9. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар.- Алматы: Қазақ университеті, 2002,- 162 б.

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ МЕТАФОР В КАЗАХСКИХ ПАРЕМИЯХ STYLISTIC FUNCTION OF METAFOR IN KAZAKH PARAMIES

Аннотация. Мақалада авторлар қазақ тіл біліміндегі метафораның зерттелу жайына шолу жасайды. Сонымен бірге қазақ паремияларындағы метафораның стильдік қызметін анықтайды.

Түйін сөздер: метафора, мақал-мәтел, стильдік қызмет, ұлттық таным, көркемдік.

Аннотация. Статья посвящена анализу трудов в которых исследуется метафора. А также рассматривается стилистическая функция метафор в казахских паремиях.

Ключевые слова: метафора, пословицы и поговорки, стилистическая функция, национальное миропонимание, образность.

Abstract. The article is devoted to the analysis of the works in which the metaphor is studied. Also, the stylistic function of metaphors in the Kazakh paremias is considered.

Key words: metaphor, proverbs and sayings, stylistic function, national worldview, imagery.

Қанапина Сәуле Ғалымбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: kanarina.71@mail.ru

Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Филология факультетінің деканы (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

Қанапина Сауле Ғалымбековна – кандидат филологических наук, заведующая кафедрой казахского языка и литературы Костанайского государственного педагогического университета, (Казахстан, г.Костанай). E-mail: kanarina.71@mail.ru

Есіркепова Кенжегүл Қабылғазыновна – кандидат филологических наук, доцент, декан филологического факультета Костанайского государственного педагогического университета, (Казахстан, г. Костанай). E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

Saule Kanarina – Department head of Kazakh language and literature at Kostanay state pedagogical University, candidate of philological sciences (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: kanarina.71@mail.ru

Kenzhegul Esirkepova – Dean of philological faculty of Kostanay state pedagogical University, candidate of philological sciences, associate professor (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

ТІЛ ҮЙРЕНУ ТИІМДІЛІГІН ТӨМЕНДЕТЕТІН ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

К.Қ.Канафиева

Қостілділік күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде екі түрге бөлінеді: үйлесімді (толық) қостілділік, яғни қоғамның барлық мүшелері екі тілді меңгерген жағдайда көрінеді, ал ассиметриялық (толық емес) қостілділік туралы қоғамда негізгі көпшілік бір тілде ғана сөйлегенде айтамыз. Ғылыми әдебиетте күштірек тілдің әлсіз тілден басым болуын “диглоссия” деп атайды. “Күштірек” тіл басқару органдарында, ақпараттық ағымда әлеуметтік баспалдақтың жоғары сатысында, қалада қолданылады. Ал “әлсіз” тіл әлеуметтік төменгі сатыда, күнделікті тірлікте, ауылдық жерлерде қолданылады. Алдыңғыларына қостілділік тән емес, ал соңғыларының ішінде көпшілігі қос тілді болып келеді. Ж.Ж.Наурызбай диглоссиядан басқа қостілділікке байланысты екі ұғым жөнінде мәселе қозғайды: “толықтырушы қостілділік” және “қысқартушы қостілділік”. Егер екінші тіл сөйлеуші адамның лингвистикалық қабілетін байыту үшін меңгерілсе және ол бірінші тілдің меңгерілімін әлсіретпесе, ол “толықтырушы” болып есептеледі. Ал керісінше, екінші тілді игеру бірінші тілді нашарлатса, онда ол “қысқартушы” деп аталады да, “тілдің ауысу” жағдайына (языковая подмена) әкеледі, тіпті қоғамда “қысқартушы қостілділік” кеңінен етек алған жағдайда “тілдік өзгеріске” (языковой сдвиг) әкеліп соғады.

Қостілділік мәселесін Б.Х.Хасанов, Э.Д.Сүлейменова да қозғайды [1]. Олар осы мәселеге ден қойып, зерттеулер жүргізіп, статистикаға сүйеніп даму үрдістерін анықтады. Б.Х.Хасанов та қостілділік әлеуметтік қажеттілікке қарай туындағанын көрсетеді. «Жеке тұлға - әлеуметтену үдерісінде өзінің адам ретіндегі мәніне ие болады, сонымен қатар басқа адамдармен материалдық, рухани және тілдік құндылықтарды игеруде қажетті көлемде қоғамдық тілді меңгереді. Тілдік тұлға шын мағынасында тек қана қоғамда дамиды, өйткені оның тілдік мәні әлеуметтік ортамен айқындалады. Сөйтіп тұлға қоғамнан тыс өмір сүре алмайтын болғандықтан, ол қоғам мүшелерінің қарым-қатынас құралын, кейде бір емес, бірнеше тілді қабылдайды. Әр түрлі ұлттардың өзара қарым-қатынасы олардың ұлттық тұйықталу шеңберінен шығуына ықпал етеді. Сондықтан соңғы жылдары бой көтере бастаған, елбасы қолдаған үш тұғырлы тіл (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) қоғамда жаппай орын алуы мүмкін [2, 12 б.].

Б.Хасановтың пікірі бойынша “адамның қос тілділігі – бұл ойды білдірудің, болмысты танудың және қатысымның құралы, ал екінші ұлт тілінің арқасында басқа халықтардың мәдени құндылықтарын меңгеру құралы болып табылады”. Сонымен қатар, “қос тілділіктің жеке тұлғаның қалыптасуында орны үлкен, себебі, ол жан-жақты дамудың және өзін-өзі танытудың өте маңызды құралы” [3] деп жалғастырады. Бұл билингвистік тұрғыдан қарағанда дұрыс тұжырым.

Алайда, жүргізілген зерттеулерге қарағанда, басқару, кәсіпкерлік, әділет, заң салаларындағы мамандардың әлемдік картинасында, дискурсивтік стратегиясы мен тактикасында, кәсіптік концептісінде қазақ елінің тілдесімдік мәдениеті, стереотиптері жөнінде хабарының жоқтығы көрінеді. Яғни қазақ тілінің тілдік тұлғасын қалыптастыруда орыс тілді тұтынушылардың когнитивтік деңгейде қатысымдық ұшталуы үшін тілдік құрылымды түсінбеуі, үйренушілердің санасында қазақ қауымының социомәдени әлемін білмеуі, қабылдамауы бөгет жасайды. Бұл жағдай өзге тілді аудиторияларда негізгі критерий тек тілдік білім ғана емес, сондай-ақ, қазақ қауымының тарихи, әлеуметтік, мәдени концептісін, құндылықтарын бейнелейтін мәтіндер базасында әр түрлі тілдесім жағдайына бейімделуі деп қарау керек екендігіне көз жеткіземіз.

Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің басым көпшілігі билингвтер – орыс тілін біледі. Ал этникалық орыстардың арасында қостілділер өте аз. Ж.Наурызбайдың айтуынша, 1%-тен 4%-ке дейін.

Қазіргі таңда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болғаны, оның қолданылу аясының кеңеюі, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің халықтық педагогикаға қарай бағытталуы ұлттық салт-саналарымыздың қайта түлеуі, ата-бабаларымыздың қалдырған бай мәдени мұраларына деген биік құрмет сезімін жандандыру секілді маңызды мәселелердің барлығы да қазақ тілін оқыту ісін жетілдіруге келіп саяды.

Мұның бәрі жан-жақты мәдениетті, сауатты, терең білімді, тілдерді жетік меңгерген, өзінің рухани сұранысын қанағаттандыра алатын тұлға қалыптастыруда септігін тигізеді. Тіпті өзінің ұлттық тамырынан ажыраған адамды толық мәнді тұлға деп айтуға болмайды деген пікірлер де бар. Сонымен қатар этникалық мәдениет рухында тәрбиеленген, бірақ басқаның мәдениетін түсіне де түйсіне де

алмайтын адам рухани кемтар болып қалады. Мектеп жастарды ұлттық мұраны қастерлеуге, тамаша дәстүрді, тәжірибені дамытуға, басқалардың мәдениетін танып білуге үйретеді. Ол үшін адамгершілікке, ізгілікке, зиялылыққа бағытталған тәрбиенің жаңа әдіс, құралдарын меңгеру қажет.

Тілдік тұлға әлеуметтік құбылыс болғанымен, онда индивидуалдық аспекті басымдық танытады. Индивидуалдық аспект тілге деген ішкі жан дүниенің қарым-қатынасы арқылы тілдік дәстүрге әсер ететінін ұмытпаған жөн. Тілдік тұлғаны қалыптастыру ұлттық тілдік ортадан басталады.

Белгілі психолог М.Мұқанов оқушылардың тіл пәнін меңгеру үдерісіндегі ақыл-ой мен білімді дамытудың психологиялық негізін арнайы жүргізген зерттеулері арқылы тұжырымдайды. Оның еңбектерінде:

1) шәкірттердің сөйлеуі мен ойлау әрекеті арқылы дүниетанымы мен білімін дамыту қажеттігі;

2) шәкірттердің өзге текті тілдерді меңгеру үдерісі ақыл-ой мен білімін дамытудың құралы екендігі;

3) ақыл-ой әрекетінің мәдени-тарихи дамуға қатыстылығы сөз болады [4]. Білім беру жүйесі индивидке әмбебеп және ұлттық құндылықтарды өркениет пен мәдениетті салыстыра отырып, олардың жалпы адамзат мәдениетінің даму процесінде бір-біріне әсер ету, бірін-бірі толықтыруын зерттеу негізінде сіндіру мақсатына құрылды. Жеке тұлғаның мәдениетті сіндіруіндегі маңызды пән – тілдерді оқыту, ұлтаралық қатынас тілін мәдениет, өркениет диалогы контекстінде оқыту.

Ғалым Ж.Ж.Наурызбай лингвистикалық санасы дамыған адамды жан-жақты мәдениетті адам деген анықтама бере отырып, “Тілдерді білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуына, дүниені кеңінен көруге септігін тигізеді. Лингвистикалық жан-жақты адам өзгерістерге жылдам икемделеді, оның психикасы икемді” деп баға береді [5, 68 б.].

Философия, педагогика, психология ғылымы жеке тұлғаның әлеуметтік жағына баса көңіл бөлуі жеке тұлғаны өзгеше, басқаша қырынан, яғни басқа тұлғалармен байланысы, қарым-қатынасы арқылы тану керек деген тұжырымға әкеледі. Жеке тұлғаны біз оның бір нақты аспектісі арқылы танып білуіміз керек.

Ғалымдар бұл құбылысқа өз пікірін айтуда. В.Воробьев тіл арқылы көрінетін жеке тұлғаны, яғни тілдік тұлғаны қарастыруымыз керек деп көрсетеді, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің ықпалдастығында мәдениет ұғымын “... тілмен және тілдік тұлғамен өзара әрекеттестігі аспектісіне қатысты” деген тұжырым жасайды [6]. “Тіл мен мәдениет арасындағы байланысты, мәдениеттің тілге, тілдің мәдениетке әсерін пайымдайтын анықтамалық тұжырымдар әрқилы. Алайда осы ғылым саласының объектісі турасындағы тұжырым біреу, ол – мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі, тіл арқылы берілуі”, - деп жазады А.Алдашева [7, 121 б.].

Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы, әсіресе мәдениеттің тілге ықпалы, мәдениеттің тілдегі көрінісі ғылым үшін жаңалық емес.

К.Д.Ушинский өзінің “Психологические и логические основы обучения” атты зерттеуінің “Родное слово” деген тарауында тілдегі халықтық рух жайында сөз ете келіп, шетел тілін оқыту мәселесін қозғайды. Мұнда ол басқа халықтың тілін сән үшін емес, сол халықтың байлығын, әдеби мұрасын білу, үйрену үшін оқу қажеттігін айтады [8].

Бұл жерде біз тілдің тұтынушы үшін тек қарым-қатынас құралы ғана емес, оның мәдениеті, танымдық әрекеті, психологиясы, дүниетанымы, білім қоры болатынын айтқымыз келеді.

Біздің пікіріміз бойынша, тіл сабақтарындағы сөйлеу әрекеті адамдардың өзара іс-әрекетін ұйымдастырады, қатысымдық, танымдық талаптарын қанағаттандырады, адамның жоғары рухани қажетін өтейді. Осыған дейін оқытудың дәстүрлі мазмұны – білім беру, шеберлікті дамыту деп келсе, қазіргі кезде бұлардың қатарын жаңа бағыт толықтыруда. Бұлар: шығармашылық әрекетті дамыту және білім алудың эмоционалдық-құндылық жақтарын ескеру.

И.А.Зимняя сөйлеу әрекетіне талдау жасай келе өзге тілді оқытудың әрекеттік жағының жаңа бағытын анықтап берді, бұл бағыттың мәні мынада: сөйлеу әрекеті дегеніміз тек сөйлеу белсенділігі, әлде сөйлеу практикасы, тіпті тілді жеке қолдану актісі де емес, ол – адамдардың өзге тілде сөйлесу, тілдесу, қарым-қатынас жасау үстіндегі өзара әрекетін сипаттайтын құбылыс [9, 140-б.].

А.А.Леонтьев өзінің қарым-қатынас психологиясын зерттеуге арналған еңбегінде вербальді немесе вербальді емес қатынасты жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасы, оның индивидтердің когнитивтік белсенділігі негізінде қалыптасуы тұрғысынан қарастырады. Ол “тілдесім (тілдік қатынас) – бұл өзін-өзі танудың, яғни өзін-өзі дамытып, жетілдірудің бірден-бір жолы” деп есептейді. Шынында да, тілдесім жеке тұлғаның потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды.

Белгілі психолог Б.Ф.Ломов педагогикалық қарым-қатынас туралы “Педагогикалық қарым-қаты-

нас оқу әрекеттестігінің, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы формасы. Бұл жеке және әлеуметтік бағытты әрекеттестік. Педагогикалық тілдесім бір мезгілде қатысымдық, перцептивтік және интерактивтік функцияларды орындайды, ол үшін вербальді, бейнелі, символикалық және кинетикалық құралдар жиынтығын ұштастырады” деп өз пікірін білдіреді [10, 332 б.].

Педагогикалық қарым-қатынастың негізгі функцияларын анықтау үшін жалпылай қабылданған классификацияға сүйенгеніміз дұрыс болады. (И.А.Зимняя, А.А.Леонтьев). Педагогикалық қарым-қатынас функцияларын анықтау көбінесе оқытушының өз қызметінде алға қоятын мақсатына байланысты: а) оқу-тәрбие материалдарын оқушының дара ерекшеліктеріне қарай іріктеу, құру және оқушының жеке тұлғалық үлгісін жобалау секілді конструктивтік қабілеті; ә) оқушыны әр түрлі оқу әрекетіне қатыстырып, ұжымда әр тұлғаның белсенділігін көтеру секілді ұйымдастырушылық қабілеті; б) оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болу, оқушылардың даму деңгейіне, талабына сай болу секілді коммуникативтік қабілеті.

Белгілі ғалым, әдіскер Н.Ж.Құрманованың пайымдауынша, оқу үдерісінде оқытушы танымдық, коммуникативтік, жобалаушылық, конструктивтік, ұйымдастырушылық, ғылыми-зерттеушілік, эвристикалық, кәсіби-қалыптастырушылық функцияларын атқарады. Алайда, оқытушылардың тек қана «коммуникативтік» және «ұйымдастырушылық» қызметтері ғана ескеріліп, қалғандарына назар аударылмайды [11].

Кейбір психологтардың еңбектерінде қарым-қатынастың – “демократиялық” және “авторитарлық” екі түрлі стилі көрсетіледі. Л.В.Путляева қарым-қатынастың әр қилы стиліне байланысты оқушылардың реакциясын анықтады. Мәселен, сенім, еркіндік, топтағы өзара түсіністік, көңілді ахуал – оқытушының тілдесімде дұрыс стиль таңдауын көрсетеді. Айтақ, кекесін, мысқыл – қандай да бір мазмұнды оқыту жүйесін жоққа шығарады.

Зиялы адам энциклопедиялық және лингвистикалық білімдермен қарулану керек деген ұғым бар. Лингвистикалық білім тілдік құрылымға қатысты болып келеді. Мұндай білім қатынасқа түсуші өзінің энциклопедиялық білімін жеткізуі үшін меңгеруі керек. Мұның алғашқысы шынайы өмірдің әр түрлі саласындағы нәрселер, жағдайлар, оқиғалар, фактілер болуы мүмкін. Бұл адамның тек кәсіби қызметін ғана емес, өмірінің барлық саласын қамтиды. Бұл ұғымға адамның қоғамдағы іс-әрекеттері, өзін ұстау мәнері, шығармашылық қызметпен айналысу, баға беру, өз пікірін дәлелдей алу қабілеттері жатады.

Тілдік қатынас тек лингвистикалық немесе энциклопедиялық білім негізінде жүзеге аспайды. Қатынасқа түсуші диалогтағы рөлдер ауысуы арқылы көрінетін интерактивті әрекеттер ережесі, сөйлеу әрекетінің стратегиясы арқылы айқындалатын кооперация, әдептілік, мүдделілік т.б. қағидалармен байланысты ережелер, сондай-ақ мәтіндік алмасу ережелерін білуі керек. Осы ережелер тұлғалар арасындағы мәтіндік және сөйлеу әрекеттестігі туралы білімді көрсетеді. Бұлардың бәрі бірігіп тілдік қатысымның интерактивті аспектісін білдіретіндіктен, бұдан былай интерактивтік білім деп аталады.

Білім бұл жерде ақпарат немесе белгілі бір операцияларды жасауға қажетті мәліметтер жиынтығы. Ал қатынасқа түсушілердің біліммен операциялар жасай алу қабілетін біз құзырет деп атаймыз. Әр білімге өзінің құзыреті сәйкес келеді деп есептейді В.В.Богданов [12, 27 б.]. Мәселен, энциклопедиялық құзырет адамның әлемді вербальді түрде бейнелеу қабілетінде байқалады. Лингвистикалық құзырет – адамның тілдік қорды өзінің мақсатында қолдана білу қабілеті. Ал интерактивтік құзырет адамның басқа адаммен арада қалыптасқан қатынас ережелерін сақтай отырып қолдау, келісу, келіспеу және т.б. тілдік (мәтіндік, сөйлеу) қатынасын орнату қабілетінен көрінеді.

Энциклопедиялық, лингвистикалық және интерактивтік білімді және соған сәйкес құзыретті әр сөйлеушінің жеке тілдік деңгейіне қарай талдауға болады. Мұндай жағдайда коммуниканттың әр түрлі топқа, мәселен, кәсіби топ (музыканттардың немесе заңгерлердің сөйлеу тілі), аумақтық топ (бір ауданда тұратын, проблемалар ортақ тұрғындар), діни, мәдени т.б. топтарға қатысты болуына қарай энциклопедиялық құзыретінің айырмашылығы болуы мүмкін. Алайда бір кәсіби топқа жататын коммуниканттардың да өз ішінде энциклопедиялық білімі мен құзыреті барабар бола бермейді. Олар да өз деңгейіне қарай ажыратылады. Мұндай айырмашылық бір коммуниканттың екінші бір коммуниканттан энциклопедиялық басымдылығына әкеліп соғады. Нәтижесінде біріншісінің екіншісінің білім деңгейіне, сабақтағы іс-әрекетіне ықпалы күштірек болады. Мәселен, кәсіби маман диалектанттың, мұғалім оқушының, үлкен кішінің үстінен үстемдік етеді. Вербальді қатынаста энциклопедиялық үстемдік етушінің қатысымдық статусы анағұрлым жоғары, ол неғұрлым көбірек сөйлейді, сөзді бөледі, түзетеді, қосады. Басымдылық сипатын лингвистикалық білім мен құзырет саласында да байқауға болады. Индивидтің жеке сөйлеу тәжірибесі негізінде лингвистикалық басымдығы пай-

да болады. Мәселен, өз ана тілінде сөйлейтін адам өзге тілді адамға қатысты, әдеби тілде сөйлейтін адам диалектімен сөйлейтін адамға қатысты басымдылық байқатады. Басым болушының идиолектісі, мәселен, ірі жазушының идиолектісі (А.Байтұрсынов, М.Әуезов т.б.) қазақ халқының жалпы әдеби тіліне ықпал етуге қабілетті.

Вербальді қатынаста интерактивтік басымдылық болуы мүмкін. Тілдік қатынастың ережелерін қатаң сақтайтын коммуникант ережелерді ұстанбайтын коммуниканттан басым болады. Әсіресе, бұл ресми жағдайда айқынырақ байқалады. Бөтен социомәдени ортада оның ережелерімен, тәртібімен таныс емес адам басқалардың тарапынан интерактивтік басымдылықты сезінеді.

Кез-келген басымдылық айтушының коммуникативтік статусын көтереді. Егер коммуникант энциклопедиялық, лингвистикалық және интерактивтік құзыретке ие болса, оған лидерлік қасиет те тән деп есептейміз. Сонымен интерактивтік лидер дегеніміз – бұл дәл осы тілдесім жағдайында анағұрлым хабардар және осы ақпаратты дәл, әрі ұтымды, әрі әдемі жеткізе алатын адам. Әдетте, саясаткерлер, жазушылар, ғалымдар, әртістер интерактивтік лидер болып танылады.

Сөздік қорындағы, біліміндегі, айналысатын ісіндегі, жас мөлшеріндегі, кәсіби құзыреттілігіндегі т.б. ерекшеліктер кәсіби қатынаста тосқауыл болуы мүмкін. Білімі, лауазымы, құзыреттілігі және басқа да нышандар коммуниканттың кәсіптік статусын көтереді. Сауатты коммуникант қарым-қатынасқа түсушілердің рөлін, статусын анықтай алуы керек, хабарды арнайы тілдік құралдарды пайдалана отырып, нақты адамға бағыттап дұрыс құра білуге үйренуі керек.

Тілдік білім мазмұнының жаңаруы аудиторияларда оқу пәні үйренушілердің өзін мәдени-тарихи субъект бейнесінде сезінуіне септігін тигізетін, жан-жақты мәдениетін, билингвалдық деңгейін көтеретін құрал дәрежесіне айналдырды. Бұл өз кезегінде нәтижесін бере бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Наурызбай Ж.Ж. Этнокультурное образование. – Алматы: Ғылым, 1997. – 152 с.
2. Сулейменова Э.Д. Политика языкового ренессанса в Казахстане: к теории возрождения и vitality языка. // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2003. - № 4. - С.146-150.
3. Хасанов Б. Механизмы введения и реализации закона о языках в Каз ССР и пути внедрения государственного языка в различные сферы жизни. -Алма-Ата: Кітап, 1990. – 30 с.
4. Мұқанов М.М. Ақыл-ой өрісі. - Алматы: Қазақстан, 1980. – 142 б.
5. Воробьев В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: Изд-во Российского университета дружбы народов, 1997. – 331 с.
6. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы.: Арыстан, 1998. – 215 б.
7. Ушинский К.Д. Название // Избранные пед. соч. в 2 т. Вопросы обучения. - М.: Учпедгиз, 1954. - Т.2. – 734 с.
8. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. - М.: Рус.яз., 1989. – 219 с.
9. Ломов Б.Ф. Категории общения и деятельности в психологии // Вопросы философии. - 1979. - № 8. - С.34-47.
11. Құрманова Н.Ж. Мемлекеттік тілді жеделдете оқытудың әлеуметтік, лингвистикалық, дидактикалық және психологиялық негіздері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. - № 9. – Б. 5-10.
12. Богданов В.В. Коммуникативная компетенция и коммуникативное лидерство // Язык, дискурс и личность: Межвузовский сборник научных трудов. - Тверь: Тверский государственный университет, 1990. – 134 с.

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА УСПЕШНОЕ ОВЛАДЕНИЕ ЯЗЫКАМИ PSYCHOLINGUISTIC FACTORS INFLUENCING FOR SUCCESSFULL LANGUAGES DEVELOPMENT

Аннотация. Мақалада автор қазіргі билингвизм жағдайындағы тілдерді меңгеру мәселелеріне, оның тиімділігіне ықпал ететін психолінгвистикалық факторларға талдау жасайды, сондай-ақ тілді үйретуде нәтижеге жетудің жолдарына тоқталады.

Түйін сөздер: қостілділік құбылыс, әлеуметтену үдерісі, лингвистикалық қабілет, психологиялық фактор, ұлтаралық тілдесім.

Аннотация. Статья посвящена анализу освоения языков в условиях билингвизма, психолінгвистическим факторам, влияющим на эффективность изучения языков, также преподавания языков, ориентированное на результат.

Ключевые слова: явления двуязычия, процесс социализации, лингвистические способности, психологиче-

ские факторы, межнациональные общения.

Abstract. The article is devoted to analysis of language learning in bilingualism, psycholinguistic factors influencing the effectiveness of learning languages, as well as result-oriented language teaching.

Key words: phenomena of bilingualism, the process of socialization, linguistic abilities, psychological factors, interethnic communication.

Канафиева Күләнда Қабылсейітқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ технология және бизнес университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан, Астана қ.). E-mail: kanafieva_k@mail.ru

Канафиева Куланда Қабылсеитовна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Казахского университета технологии и бизнеса, (Казахстан, г. Астана). E-mail: kanafieva_k@mail.ru

Kulanda Kanafiyeva – associate professor at Kazakh University of technology and business, candidate of pedagogical sciences (Astana, Kazakhstan). E-mail: kanafieva_k@mail.ru

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ – КАК ОДИН ИЗ ВАЖНЕЙШИХ НАПРАВЛЕНИЙ В РАЗВИТИИ КАЗАХСТАНА

Б.А. Касенов

«Мы не должны ограничивать наших граждан только одним казахским языком. Для нас очень важен русский язык, через который мы выходили и выходим на мировую культуру (...) Английский язык, по которому делаются инновации, необходимые для глобального мира».
Нурсултан Назарбаев

Важнейшей стратегической задачей образования Казахстана является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой, обеспечение выпускников колледжей международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками.

В Казахстане уделяется очень большое внимание изучению языков народов, населяющих эту страну. Здесь казахский язык является государственным, а русский язык – язык межнационального общения. По государственной программе учебники нового поколения издаются в стране на шести языках: казахском, русском, уйгурском, узбекском, турецком и немецком. Иностранные языки изучаются во всех колледжах. Если учесть, что обучение осуществляется на государственном, казахском, и языке межнационального общения, русском языках в школах, колледжах и вузах, а в учебных планах всех учебных заведений предусмотрено изучение, кроме русского, еще, как минимум, одного иностранного языка, то можно говорить, что в Казахстане уже сформировалась двуязычная ситуация и имеется тенденция полиязычного образования.

Культура предполагает формирование активного деятельного «творческого класса», то есть людей, чьими главными свойствами являются творческие подходы к деятельности, владение широким спектром технологий, толерантность. В этом смысле очевидна связь между культурой и развитием человеческого капитала. Широкий обзор «картины мира» и возможность инициативной самореализации противостоят процессам общества «тотального потребления».

Развитие общества сегодня диктует необходимость использовать новые информационные технологии во всех сферах жизни. Современные учебные заведения не должны отставать от требований времени, а значит, современный преподаватель должен использовать компьютер в своей деятельности, т.к. главная задача учебных заведений - воспитать новое поколение грамотных, думающих, умеющих самостоятельно получать знания граждан.

В связи с широким внедрением информационных технологий изменилась и роль педагога. Он перестал быть первоисточником информации и превратился в посредника, облегчающего её получение.

В настоящее время, в эпоху информационных технологий, в Казахстане владение иностранным языком рассматривается как важный фактор социально-экономического, научно-технического и культурного прогресса.

Задачи преподавателя колледжа состоят в том, чтобы:

- 1) создать условия практического овладения языком для каждого студента, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому студенту проявить свою активность и творчество;
- 2) повысить познавательную и информационную активность студентов в процессе обучения иностранным языкам. Современные педагогические технологии, такие как обучение в сотрудничестве, проектная методика, использование новых информационных технологий.

Сегодня, век технологизации и глобализации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий, механизмов воспитания молодежи, способной к диалогу с другими культурами. История общества показывает, что процветание общества зависит не только от экономики и техники и даже не от общей культуры, а от культуры слова. И действительно, подготовка разностороннего специалиста, обладающего высоким уровнем культуры (в том числе и культуры слова) – главная проблема образования сегодня. Реалии современного этапа развития общества, языковая ситуация в Казахстане – многонациональном, с многовековой историей, в которой переплелись народы, нации,

культуры, в настоящее время диктуют необходимость разработки основных методических принципов и подходов к формированию коммуникативной языковой личности.

По мнению Президента Н.Назарбаева «...Казахстан уникален и силен своей многонациональностью. На его земле сформировалось уникальное поликультурное пространство».

Поликультурность Казахстана - это прогрессивный фактор развития общества. Евразийские корни народов Казахстана позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские потоки и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности.

Поликультурное образование в Республике Казахстан на сегодняшний момент является одним из главных направлений в системе средне – специального и высшего образования. Именно образование является важнейшим этапом в процессе формирования и развития поликультурной личности, этапом, когда осознанно формируются основные ценности и жизненные принципы.

Из Концепции развития системы образования РК до 2015 года: «Знание родного, государственного, русского и иностранного языков расширяет кругозор человека, содействует его всестороннему развитию, способствует формированию установки на толерантность и объемное видение мира».

Главной целью обучения студентов полиязычию - это развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа, владеющей несколькими языками, способной осуществлять коммуникативно-деятельностные операции на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

Обучение полиязычию через культуру разных народов является одним из основных элементов системы профессиональной подготовки специалистов на всех уровнях в Республики Казахстан, в том числе в учебных заведениях среднего и высшего профессионального образования. Без знания иностранного языка в современном мире не обойтись ни одному человеку. Владение иностранным языком необходимо, чтобы быть конкурентоспособной личностью на рынке труда.

Современное общество предъявляет высокие требования к студентам в овладении трех языков. Но ни один преподаватель не сможет научить, если сам студент не захочет учиться, принцип коммуникативности и учета родного языка, принцип дифференциации и интеграции, принцип группового и индивидуального подхода.

Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык – русский язык – английский язык;

- изучение языков идет параллельно, языки не пересекаются, опорой является родной язык;

- обучение иностранному языку это обучение речевому мышлению, овладение новыми средствами выражения мыслей и миром изучаемого языка;

Развитие полиязыкового сознания личности;

- алгоритм развития речи;

- мысленная, устная

- письменная;

- коммуникация.

Развитие речи – это и развитие мышления. Речь невозможна без мыслей, без опережающего внутреннего процесса. Речевая среда: слово – словарь – строй языка: развитие речи – коммуникация – риторика: культура речи.

Таким образом, язык - это уровневая система: лексическая – произносительная – грамматическая. Прагматика языка или речь – средство общения, коммуникация, самовыражения: овладение новыми средствами выражения мысли и миром изучаемого языка.

Для успешной реализации требований Государственного образовательного стандарта необходим иной подход к изучению иностранного языка. Это объясняется некоторыми причинами, а именно: процесс обучения происходит в искусственной языковой среде; иностранный язык рассматривается как второстепенная дисциплина; недостаточное количество учебников и учебных пособий, имеющих профессиональную направленность. Очень часто интерес к предмету у студентов падает, появляется апатия, безразличие, тревожность, вызываемые трудностями, с которыми студент встречается при изучении предмета. Поэтому одна из главных задач преподавателя иностранного языка поддерживать интерес к предмету, желание работать изо дня в день. Чтобы этот интерес не пропал у студентов, преподаватель не только должен знать свой предмет, но и искать новые методические приемы, которые развивают познавательный интерес к учению.

Так как, я являюсь преподавателем социально-экономических дисциплин по предмету: «Культу-

рология» применяю способы и элементы полиязычия для студентов. На уроках культурологии можно часто применять элементы трех языков, так как культура охватывает все сферы жизнедеятельности человека.

Способность применять культурологический подход к конкретной профессиональной деятельности в значительной мере влияет на черты и характеристики профессиональной культуры специалиста, структурным элементом которой является социокультурная компетентность.

Уточним, что именно является особенно ценным и необходимым для культурологического подхода. Если иметь в виду, что профессиональная деятельность - это специализированная сфера культуры, то культурологический уровень ее изучения предполагает исследования экстраутилитарных, то есть выходящих за пределы узкой специальности, ценностно-нормативных параметров этой деятельности, которые:

- нормируют и регулируют ее по критериям социальной приемлемости тех или иных способов ее осуществления;

- устанавливают пороги допустимости социальной цены и социальных последствий этой деятельности;

- аккумулируют и канонизируют исторический опыт подобной деятельности в плане ее социальной эффективности;

- формируют «классические» требования к технологиям и нормам обучения по специальности;

- формируют этику профессионального взаимодействия специалистов;

- создают специальные внутриотраслевые языки и семиотические коды профессиональной коммуникации и взаимопонимания;

- разрабатывают иерархию критериев определения социальной ценности продуктов (результатов) этой деятельности, престижность тех или иных функций и статуса ее исполнителей, профессиональную атрибутику, этику, моду, праздники, традиции и т.п.

Таким образом, можно ввести понятие культурологии техники, которое включает в себя следующие сферы знания:

- онтологию инженерной культуры: разнообразие ее определений и ракурсов познания, социальных функций и параметров,

- гносеологию профессиональной культуры: основания знаний об инженерной деятельности и их место в системе наук, внутренняя структура и методология;

- морфологию профессиональной культуры: основные параметры ее функциональной структуры как системы форм социальной организации, регуляции и коммуникации, познания, кумуляции и трансляции социального опыта;

- семантику инженерной культуры: представления о символах, знаках и образах, языках и текстах культуры, механизмах культурного взаимодействия;

- антропологию инженерной культуры: представления о личностных параметрах культуры, об инженере, как «производителе» и «потребителе» продуктов техносферы;

- социологию культуры: представления о социальной стратифицированности в рамках профессиональной культуры, о профессиональной культуре как системе «правил игры» и технологий социального взаимодействия;


- социальную динамику профессиональной культуры: представления об основных типах социокультурных процессов в рамках техногенной цивилизации, генезисе и изменчивости культурных феноменов и систем;

- историческую динамику профессиональной культуры: представления об эволюции форм социокультурной организации в рамках инженерной деятельности;

- прикладные аспекты культурологии техники: представления о культурной политике, функциях культурных институтов;

- разрабатывает методы, основания и технологии прогнозирования, проектирования и регулирования социокультурных процессов, связанных с техносферой.

Таким образом, предметом культурологического анализа специализированной, в частности, инженерной, деятельности являются ценностно-нормативные установки и механизмы, регулирующие ее функционирование в социуме, допустимый предел социальной цены и социальных последствий этого функционирования; а также взаимодействие и взаимопонимание как между профессиональным инженерным сообществом и другими общественными структурами, так и внутри него.



Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. - Послание Президента народу Казахстана // Новый Казахстан в новом мире – 2007 г.
2. Жетписбаева Б.А.- Полиязычное образование: теория и методология.- Алматы: « Білім» - 2008- С.343.
3. Послание Президента Республики Казахстан Стратегия «Казахстан - 2050»
4. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 г.г.
5. Концепция развития системы образования РК
6. Буланкина Н.Е .- Полиязыковое информационно-образовательное пространство. Методология. Проблемы. Технология. – Новосибирск: СО РАН, 1999 г.
7. Касенов Б.А. «Учебно-методическое пособие по предмету: «Культурология» для преподавателей и студентов Высшего колледжа г. Щучинск – 2017 г.

**KÓPTILDI BILIM BERÝ-QAZAQSTANNÝN DAMÝYNDAǴY MAŇYZDY BAǴYTTARDYŇ BIRI
MULTILINGUAL EDUCATION AS ONE OF THE MOST IMPORTANT DIRECTIONS IN DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN**

Annotatsııa. Kóptildi bilim berý – Qazaqstannýn damýynndaǵy maŇyzdy faktor retinde-bul áleymettik jáne kásiptik ózin-ózi aıqynndaǵy qabiletti, óz tarihin, salt-dástúrin biletin, birneshe tildi meńgergen, barlyq jaǵdaılarda úsh tilde kommýnikativtik-árekettik operatsııalardy júzege asyryǵa qabiletti, ózin-ózi damytyǵa jáne ózin-ózi jetildirýge umtylǵan kópmádenietti tulǵany damytý.

Túin sózder: Til mádenieti, álemdik mádeniet, baǵdarlamalaý tili, lingvistika, Mádeniet jáne filosofııa.

Аннотация. Полиязычное образование – как важнейший фактор в развитии Казахстана – это развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающий свою историю, традиции и обычаи, владеющий несколькими языками, способной осуществлять коммуникативно-деятельностные операции на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

Ключевые слова: Языковая культура, мировая культура, язык программирования, лингвистика, культура и философия.

Abstract. Multilingual education - as the most important factor in the development of Kazakhstan – is the development of a multicultural personality capable of social and professional self-determination, knowing its history, traditions and customs, speaking several languages, able to carry out communication and activity operations in three languages in all situations, striving for self-development and self-improvement.

Key words: Language culture, world culture, programming language, linguistics, culture and philosophy.

Қасенов Бахтияр Айтбайұлы – Щучинск қаласының Жоғарғы колледжінің оқытушысы, педагогика магистрі (Қазақстан, Щучинск қ.). E-mail: baha_kasenov@mail.ru.

Касенов Бахтияр Айтбаевич – магистр педагогика, преподаватель Высшего колледжа г. Щучинска (Казахстан, г.Щучинск). E-mail: baha_kasenov@mail.ru.

Bahtiar Kassenov – teacher at Shchuchinsk Higher College, master of pedagogy (Shchuchinsk, Kazakhstan). E-mail: baha_kasenov@mail.ru.

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨПТІЛДІЛІКТІ ДАМУЫ

Г.Ә. Қуанышева, М.А. Ахметова, А.Н. Аубакиров

Адамның өз ойын, пікірін еркін жеткізе алатындай дәрежеде бірнеше тіл білуі білім мен мәдениет деңгейінің көрсеткішінің бірі болатын. Шынында да, бүгінгі күннің талабы сол: әрі қарай дамығысы келетін кез келген азамат қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруге ұмтылады.

Елімізде көп тілде білім беруге көшу көптеген ішкі және сыртқы факторларға негізделген. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. «Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [1]. Үштұғырлы тіл бағдарламасының білім беру мекемелерінде жүзеге асырылуы аясында жоғары, кәсіптік орта, жалпы орта білім, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын жетілдіру идеясы жатыр. Қазіргі инновациялық үдеріс ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етеді. Бұл орайда тілді меңгертудегі мұғалімнің де сапалы әдістемелік дайындығын айта кеткен жөн. Себебі заман талабына сай жаңартылған білім беру мазмұнының әдіс-тәсілдерін меңгерген, оны іс-тәжірибеде тиімді қолдана алатын, шәкірттерінің психологиялық ерекшеліктерін білетін, өз білімін үнемі жетілдіріп отыратын, сыни тұрғыдан ойлай алатын мұғалім көптілді тұлға дайындай алады. Ол – жоғары деңгейде тілдерді меңгертудің нәтижелі жүзеге асуының кепілі. Ал мұғалім көптілді меңгерту идеясын қалай жүзеге асыруы қажет? Тілдерді меңгерту үдерісі негіз болатын төмендегідей қағидаларға сүйенеді:

- оқытудың шығармашылық қызметі;
- оқытудың іс-әрекеттік қызметі;
- оқытудың коммуникативтік сипаты;
- тіл мәдениетіне үйрету;
- тілдік, оқыту және мәдени тәжірибеге сүйену;
- білім беруде дербестікті дамыту.

Көптілді меңгерту жағдайындағы білім беру үдерісінің мазмұны бірінші кезекте оқушы меңгеруге тиіс құзыреттіліктерді сипаттайтын нормативтік құжатқа, сондай-ақ нақты тілдік тілдік материалға, меңгеруге нақтыланған мерзімге негізделеді. Олар: мемлекеттік білім беру стандарты, оқу жоспары, типтік оқу жоспары, оқу-әдістемелік кешені және оқу бағдарламасы.

Қаладағы, облыстағы жетекші мектептердің мұғалімдерімен кездесулер, іс-тәжірибемен бөлісу семинарларына, ашық сабақтарға, вебинарларға, онлайн семинарлар мен конференцияларға қатысу – көптілділік идеясын оқу үдерісіне енгізуге, білім сапасының артуына ықпал етеді.

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары да көптілділікті дамытуға бағытталған міндеттер қойылған:

- жалпы орта білім берудің нәтижесінде жүйелі мақсаттар арқылы оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру;
- отандық және әлемдік мәдениеттегі жетістіктерді насихаттау, қазақ халқының және республикамызда өмір сүретін басқа да халықтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, тарихын зерделеу;
- білім алушылардың жас ерекшелігін ескеріп, пәндік білім мен дағдыларын кезең кезеңмен тереңдете отырып ағылшын тілінде білім беруді қамтамасыз ету;
- білім беру мекемелерінде инновациялық тәжірибені қолдану және дамыту.

Мектепте аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерді оқыту жүйесіне өзгеріс енгізу қажет. Алғашқы қадам 6-7-сыныптардан бастап біртіндеп енгізу. Ал 10-сыныпқа келгенде сәйкес деңгейде ағылшын тілін білумен қатар заманауи пәндік терминдерді дұрыс айта білуі керек.

Ақмола облысы Степногорск қаласының А.Косарев атындағы № 9 орта мектебінің физика, хи-

мия, биология пәндерінің мұғалімдері ағылшын тілін үйренудің курстарынан өтуде. Факультативтік сабақтардан бастап көптілділікті игертуді өз жоспарларына енгізді. Курс өткізуші менторлардың талабы бойынша әрқайсысына ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері бекітілді. Оқыту барысында АКТ құралдарын пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады. BilimLand.kz-тегі үш тілдегі материалдар мұғалімдерге көп көмек.

Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл құралды пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке көзқарасы мен қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілетін қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтеді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- мұғалімнің уақытын үнемдейді ;
- қосымша мәліметтер береді.

Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасайды [2].

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы ең маңызды тіл – ағылшын тілі болып саналады, сондықтан да кіріктіріп оқытудың негізін ағылшын тілі сабақтары алады. Ағылшын тілін оқыту үрдісіне кіріктіруді енгізу - ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіншіліктеріне бағытталған.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқытатын мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады [3].

Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ. Олар:

- Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау;
- Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау;
- Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу;
- Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру;
- Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың химиялық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар, еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып, нығайған шақта ағылшын тілін еркін меңгере отырып, кез келген салада ағылшын тілін қолдана отырып қарым-қатынасты жүргізе алатын жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір педагог ұстаздардың айқын мақсатының бірі. Сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы қаншама.

Кіріктірілген сабақтарды ағылшын тілін толық меңгерген дайындығы жоғары дәрежеде болса, жаратылыстану пәндерінің мұғалімдерінің өзі де өткізе алады, бірақ қазіргі таңда жалпы орта мектептерде кіріктірілген сабақтарды пән мұғалімі мен ағылшын тілінің мұғалімі бірігіп жүргізуде [3].

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тіл-

де оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ. Көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Кез келген қоғамда азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеудің негізгі факторлары өз елінің тіліне деген құрмет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012.
2. Нуракаева Л.Т., Шегенова З.К. Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL) - Астана, 2013.
3. Оқушылардың жалпықазақстандық мәдениетін қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014.
4. Үштілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы, Астана, 2015.

РАЗВИТИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ НА УРОВНЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ THE DEVELOPMENT OF MULTILINGUALISM IN SECONDARY EDUCATION

Аннотация. Мақала жалпы білім беру жағдайында көптілділікті жүзеге асыру барысында білім беру мекемелерінде инновациялық тәжірибені қолдану және дамыту мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: көптілділікті жүзеге асыру, тілдердің үш тұғырлығы, әлемдік жетістіктер, жаңартылған білім беру мазмұны, кіріктірілген сабақ, пәнге қызығушылық.

Аннотация. Статья посвящена вопросам использования и развития инновационного опыта в образовательных учреждениях при реализации полиязычия в условиях общего образования.

Ключевые слова: реализация полиязычия, триединство языков, мировые достижения, обновленное содержание образования, интегрированный урок по предмету, интерес к предмету.

Annotation. The article is devoted to the questions of using and development of innovative experience in educational institutions of the implementation of multilingual in terms of general education.

Keywords: implementation of multilingualism, trinity of languages, world achievements, updated content of education, integrated lesson of the subject, interests in the subject.

Куанышева Гүлжамал Әлжанқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан, Астана қ.). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Ахметова Меруерт Ақанқызы – Степногорск қаласының № 9 ОМ математика пәнінің мұғалімі (Ақмола облысы, Қазақстан).

Аубакиров Науан Ақанұлы – Ақкөл ауданы Ақкөл ауылының № 3 ОМ бастауыш сынып мұғалімі (Ақмола облысы, Қазақстан).

Куанышева Гүлжамал Альжановна – старший научный сотрудник Национальной академии образования имени И.Алтынсарин (Казахстан, г. Астана). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Ахметова Меруерт Акановна – учитель математики СШ № 9 г.Степногорска (Казахстан, Акмолинская область).

Аубакиров Науан Аканович – учитель начальных классов СШ №3 с.Акколь Аккольского района (Казахстан, Акмолинская область).

Gulzhamal Kuanysheva – senior researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Meruert Ahmetova – mathematics teacher at Stepnogorsk secondary school No.9 (Akmola region, Kazakhstan).

Nauan Aubakirov – primary school teacher at Akkol secondary school No.3 of Akkol district (Akmola region, Kazakhstan).

РЕАЛИЗАЦИЯ ИДЕИ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ВО ВНЕКЛАССНОЙ РАБОТЕ В УСЛОВИЯХ МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Г. С. Кудайберген, Л. А. Лебедева

По вопросу поэтапного перехода на трехязычное образование Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» 10 января 2018 года еще раз обозначил задачу трехязычного образования: «Будущее казахстанцев – за свободным владением казахским, русским и английским языками» [1].

Как показывает мировой опыт, распространение полиязычия в мире – закономерный процесс, обусловленный коренными изменениями в экономике, политике, культуре и образовании. Согласно концепции ЮНЕСКО, понятие «многоязычное образование» предполагает использование в образовании, по меньшей мере, трех языков: родного, национального и одного из международных языков.

Однако для успешного усвоения учебных предметов на неродном языке необходимо хорошее владения языком и, что немаловажно, – языковая практика. Ни для кого не секрет, что в условиях малокомплектной школы (далее – МКШ) зачастую сложно обеспечить детям активную языковую практику с применением необходимых языковых средств и живого языкового общения. Применение языковых знаний и языковая коммуникация должны осуществляться не только в учебной деятельности, но и во внеурочной работе. Большую роль в решении этой проблемы может сыграть целенаправленная внеклассная работа с применением предметных и языковых знаний и умений.

Особенности внеклассной работы в МКШ определяются не только субъективными условиями конкретного класса или школы, но и рядом объективных условий:

- отдаленностью от больших городов;
- малой численностью населения;
- отсутствием центров культуры в населенном пункте;
- нестабильностью коммуникации (электричества, интернета, связи, телевидения и т.д.);
- нередко отсутствием в школе организатора внеклассной работы.

Дети, растущие в отдаленных поселках, отличаются характерными особенностями воспитания. В небольших населенных пунктах все друг друга знают, дети более открыты и дружелюбны в общении. Это создает ряд преимуществ при организации внеклассной работы в МКШ.

Современный учитель малокомплектной школы должен учитывать основные требования к организации и проведению внеклассной работы в условиях трехязычного обучения в условиях МКШ:

- выбирать эффективные методы и приемы организации внеучебной деятельности и адаптировать их к условиям работы в рамках трехязычного образования;
- конструировать и использовать оптимальные методы внеурочной деятельности с детьми разновозрастных групп для обеспечения языковой коммуникации и языковой практики;
- организовывать самостоятельную деятельность учащихся при проведении внеурочных занятий для реализации языковых навыков, предметных знаний, коммуникативных умений;
- уметь осуществлять переход от предметного знания к межпредметной интеграции и полиязычию;
- выбирать технологии организации внеклассной работы с учетом индивидуализации и дифференциации обучения, коммуникативного опыта обучающихся, их языковой подготовки.

Владение казахским, русским и английским языком становится в современном казахстанском обществе потребностью и необходимостью для каждого человека. В этой связи в школьном обучении на первый план выходит формирование у детей умений общаться и взаимодействовать с представителями разных культур в рамках своей страны и в мировом пространстве. Повышение уровня языковой подготовки обучающихся напрямую связано с созданием условий для языкового

общения, мотивации к такому общению.

Внеурочная деятельность создает возможности для организации на трёх языках работы детских коллективов (школьных театров, клубов, кружков, студий), а также проведения различных конкурсов, дистанционного участия в международных мероприятиях и пр.

Вместе с возможностью реализации языкового обучения и языковой практики, реализуются и воспитательные цели. Возможности реализации воспитательного потенциала языкового обучения проявляются в готовности обучающихся содействовать налаживанию межкультурных и межконфессиональных связей, формированию начального опыта научной и творческой деятельности, развитию уважительного отношения к духовным ценностям народов своей страны и других стран.

Это означает, что при организации внеклассной работы внимание уделяется развитию тех качеств личности, которые востребованы для межкультурной коммуникации. Этот подход позволит решить несколько ключевых задач:

- сформировать представление о малой Родине, ее своеобразии, культуре, традициях;
- создавать условия для транслирования полученной информации о культуре, традициях, истории своего края;
- обеспечить каждому человеку возможность самореализации в культурно-образовательном пространстве.

Таким образом, внедрение полиязычного образования предусматривает обеспечение готовности педагогического коллектива к решению задач инновационного развития, а внеклассная работа рассматривается как одна из форм работы по реализации трехязычного образования в малокомплектной школе. При этом внеклассная работа может и должна интегрировать в себе языковое образование, совершенствование коммуникативных навыков, а также применение предметных и надпредметных знаний, умений и способов деятельности.

Қазақтың Кирилл жазуына келер болсақ, негізгі нұсқаға сәйкес кирилл алфавитінің авторлары император III Михиалдың тапсырмасы бойынша IX ғасырда көне славян тіліндегі гректің діни мәтіндерін жазу үшін жаңа алфавит құрған Византиялық хрестиян уағыздаушылары Кирилл мен Мефодий болып табылады. Кирилл жазуының көне үлгісі шамамен 993 ж. бұлғар патшасы Сауилдың тас мүсінінді ескерткіші болып табылады. Кейінгі дәуірде кириллица едәуір дәрежеде христиандықтың батыс және шығыс тармақтарын дифференциациялау құралы ретінде қызмет атқарды. Кирилл жазуының таралуына X ғ.-дағы Шығыс Еуропаның славяндары арасындағы Ежелгі Русьтің православтықты қабылдауы едәуір серпіліс берді.

Ресейді жаулап алғаннан кейін түркі әлемінің көптеген бөлігі облыстық империяның жергілікті тұрғындармен тілдесім құру үшін көбіне кириллицаны қолданды. XVIII – XIX ғғ.-да аталған процесс жайлап қазақтарға да тарала бастады. Бастапқыда бұл христиан дінін ұстанбайтын миссионерлік әрекеттерге байланысты болған.

Бірінші болып XIX ғасырдың ортасында Кирилл алфавитіне негізделген қазақ алфавитінің өзіндік нұсқасын құрған педагог-ағартушы Ы.Алтынсаринның мысалы болды.

1940 жылдың қараша айынан бастап ССРО-дағы қазақ жазуы толықтай кирилл жазуына көшірілді. 42 әріптен тұратын қазақ кирилл алфавитін көрнекті лингвист С.Аманжолов орыс алфавитінің негізінде өңдеп құрған. Осыған орай қазақ лингвистерінің талпынысына қарай грамматика мен орфографияның негіздері өңделді. Қазақша кириллица алфавитінің қазіргі нұсқасы өте табысты болған. Оған қазақ тілінің спецификалық төл дыбыстары енгізілді. Әсіресе Аманжолов әліпбиінің артықшылығы басқа түркі халықтарының кириллица алфавитімен салыстырғанда басымдығы сезілген.

Латын графигіне көшу ұлттық өзін-өзі ақпараттандыруды арттыруға және қазақ тілін дамытуға қосымша серпін беруге бағытталған.

Соған қарамастан, қазақ жазуының латын графикасына көшу ағымдағы тарихи кезеңдегі толықтай негізделгеніне сенімді болған. Ұлттық сана-сезімді арттыруға және қазақ тіліне, оның рөліне, заманауи Қазақстанның өркендеуіне қосымша серпіліс беруге шақырылды.

Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі жайы күні кеше айтылып, күні бүгін талқыға түскен жоқ. Жарты ғасыр болмаса да, тәуелсіздіктен бергі кезеңде (оған дейін де қайта-қайта) айтылып келген. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев латын әліпбиіне көшу жайын әр жылғы Жолдаулары мен маңызды кездесулерде талай рет алға тартты. 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес», - деген болатын.

Түркі елдерінің ішінде Түрік мемлекетіне тоқталар болса, Түріктер араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданып келгені белгілі. 1928 жылы Түркияның тұңғыш президенті, ұлт көсемі Мұстафа Кемал Ататүрік мамандардан латын әліпбиіне көшу үшін қанша уақыт қажет екенін сұраған. Тіл мамандары 5-10 жылды меңзеген. Әйтсе де Ататүрік жарты жыл уақыт беріп, латын әліпбиін енгізуді қолға алған. Өзі де білек сыбана кіріскен. Латын әліпбиінен діни астар іздеген топтарға да қарсы тұрып, жаңа әліпбиді қолдаған (бұл тұста қазақ жерінде де латын әліпбиі қабылданған еді). Түркияның жаңа әліпби жүйесіне толық өтуіне 30 жылдай уақыт кетті. Қазір түркі елдері арасында латын әліпбиі жолға қойылған бірден-бір ел [2].

1989 жылдың тамызында Молдова елінің басшылығы өз тілдерін кириллицадан латын әліпбиі үлгісіндегі румын жазуына алмастырды. Әйтсе де елдің кей аумағында кириллица үлгісіндегі молдован тілі әлі күнге дейін қолданылады.

Әзірбайжан тілінде үш түрлі әліпби бар. Оның бірі – Ирандағы қандастары араб үлгісінде қолданса, енді бір түрі – Дағыстанда кириллицамен жазылып жүрсе, ал ел ішінде латын әліпбиін қолданады. 1992 жылдан бастап латынға көше бастаған Әзірбайжан елінде бұл процесс 9 жылда толығымен аяқталған. 2001 жылдан бастап, заң бойынша, мерзімді басылымдар, газет-журналдар, мемлекеттік және жекеменшік мекемелердегі іс-қағаздар тек латын әліпбиінде жазыла бастады.

1993 жылдың 2 қыркүйегінде Өзбекстан елі латын әліпбиіне өту жайында шешім қабылдады. Алайда, олар бірден латын әліпбиіне көшіп кете алған жоқ. Олар да латын графикасына кезең-кезеңмен көшуде. Бүгінде мектеп бағдарламасы, оқулықтар мен кітаптар латын графикасында жазылып жатыр. Көше атаулары, метро мен көлік бағыттары латынша жазылады. Бірақ кино мен баспасөздерде өзбек тілді латын әліпбиімен және кириллицада қатар қолданылып жүр.

Түркімен елінде көптеген уақыт бойы араб әліпбиі қолданып келген. Әлі күнге дейін Ауғанстан, Иран мен Ирактағы түрікмендер араб әліпбиі үлгісімен жазады. Түрікменстанда латын әліпбиіне қатысты заң өткен ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде қабылданды. Бір айта кетерлігі, латын нұсқасындағы жаңа әліпби 1930 жылдары қолданылған үлгісінен өзгеше болды. Мамандардың ойынша, бұл елде латынға көшу үрдісі жылдам, әрі қатаң түрде өтті.

Жоғарыда атап өткен елдердің қатарын Қазақстан да толықтырмақ. Латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшу қанша уақыт алары да алдағы уақыттың еншісінде. Бүгінде Қазақстаннан өзге елдер де латын әліпбиіне көшу жайын қарастырып жатқаны жасырын емес. Қырғыз елінде де 15-20 жылдың ішінде латын әліпбиін қолға алу жайы сөз болған. Украинада да латын әліпбиі мәселесі ауық-ауық талқыланып келеді. Олардың тарихында бұл әліпбиді қолданған кезең де бар. Сербия мемлекеті латын мен кириллицаны қатар қолданып жүр. Дегенмен кириллица ресми жазу тілі болып саналғанымен, соңғы жылдары латынға өту жайы көбірек қолдауға ие бола бастаған. Черногорияда да латын мен кириллица қатар қолданылғанымен, алдыңғысының басымдығы байқалады. Босния және Герцеговина елдерінде босня, хорват және серб тілдері латын және кириллица әліпбиінде ресми болып саналады. Мемлекет басшылығы бір тіл мен бір әліпбиді таңдауға әзірге мүдделі емес. Әйтсе де жергілікті басылымдардың барлығы дерлік кириллицадан гөрі латын әліпбиін көп қолданады. 90

жылдары моңғолдар да көне жазуына оралғысы келген. Қарсы шыққандар көбейіп, қолдау болмаған соң, кириллицаны қайта пайдаланды. Бірақ 2025 жылға қарай көне моңғол жазуын қайта енгізуді көздеп отыр. Бұл тұста оларда да кедергілер де кездесуде. Кейбіреулер ширек ғасыр мектепте оқытылып келе жатқан жазуды меңгеру қиынға соқпайды десе, біреулері оқушылар үшін қиын дейді. Ал енді біреулері тіпті жобаның белгіленген уақытта іске асатынына күмән келтіреді. Қазіргі моңғол жастары да әлеуметтік желілерде латын әліпбиін белсенді қолданады екен. Мұны ескерген моңғол тіл мамандары латын әліпбиіне де мән беріп, екіойлы.

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткенді – бүгінмен, бүгінді – келешекпен жалғайтын алтын көпір. Осы бір алтын көпірге айналғалы тұрған латын қарпі негізіндегі жаңа әліпби төл тіліміздің қалпын сақтап, мәртебесін асқақтата түспек [3].

Сонымен, жазу қызметі тілдің жүйелі құрылымға айналуына әсер етуі болып табылады. Жазу – қоршаған орта мен құбылыстар жөніндегі адам ойының қорытылып, жарыққа шығуына, дәлірек айтқанда, ғасырлардан-ғасырларға жеткізудегі бірден-бір құрал. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі ақыр соңында сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат алдырады. Оның үстінде жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға, нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Кез келген уақытта жазылған мәтінді араға уақыт салып қайта қарап, жетілдіруге болады. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады.

Жазудың тіл тарихын сақтаушы, уәжін көрсетуші қызметі бар. Бұны жазудың тілтанымдық қызметі деп атаймыз. Сондай-ақ жазу тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, әсіресе түбір тұрпатын өзіне бейнелеп, тіл тарихы үшін аса құнды тарихи дерек жинап отырады.

Латын графикасы негізіндегі бұрынғы әліпбиімізге кейбір өзгерістермен қайта оралмақпыз. Ол кездегі жағдай мүлдем басқа еді. Қазір қазақтардың әліпби таңдауы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, өтпелі кезеңнің өткелектерінен өтіп, тұрақты даму жолына түскен жағдайда жүзеге аспақ. Мұндай мәдени-әлеуметтік шаралардан пиғылы теріс саясташылар «орыстан кету», «батысқа бодан болу» деп саяси астар іздеп, әсіре саясиланған факторды алға тықпаламақ болады. Ал жағдайдың өзі шын мәнінде лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік факторлардың бірінші орында тұрғанын көрсетіп отыр [4].

Жаңа графикаға көшу – латын графикасын қолданатын түркі тілдес елдермен мәдени байланыстарды жақсы орнатуға мүмкіндік береді.

Рухани құндылықтардың сақталуы туралы мемлекетаралық мәдени байланыстардың дамуын айта келіп латын графикасын ендірудің тағы бір оң тұсы оның маңызды бағыттары мен өзара байланысын ескере кеткен жөн. Алғаш рет республикада еліміздің ерекше орындары, мәдени-тілдік атауларының кодын анықтау мен меңгеру бойынша картасын әзірлеу туралы кең масштабтағы жұмыстар жүргізіп отыр.

Бұл орасан жұмыстың соңында Латын графикасы арқылы бірегей ұлттық байлығымыз туралы барлық еңбектерді әлемдік қауымдастыққа ұсына аламыз.

Латын графикасын ендіру аспектілерінің маңыздылығы – тілдің үштұғырлық жайындағы мемлекет саясатын тиімді жүзеге асыруда жаңа алғышарттардың пайда болады. Үш емес екі графиканы пайдалана отырып қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру едәуір жеңілдей түседі. Латын графикасын пайдалану ыңғайлығына қарай өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруі оң тұстан белең алады [5].

Әрине, латын графикасының біздің қоғамда нығаюы, меңгерілуі үшін уақыт пен дұрыс бағыт қажет. Жергілікті тұрғындардың көп бөлігі латын графикасымен таныс. Біздің қоғамда Еуропа тілдерін көбі меңгерген. Біз күн сайын күнделікті өмірімізде латын графикасымен жазылған сөздерді байқаймыз. Ғаламтор жүйесі мен мессенджерлерде әртүрлі хабарламаларды жиі жіберміз. Бұдан басқа да біз күн сайын өз сөзімізде латын, ағылшын, француз және неміс тілдерінен енген көптеген сөздерді пайдаланамыз.

Дегенмен, жаңа әліпбидің қоғамда тезірек енуі үшін әртүрлі жастағы категориядағы жергілікті жердің тұрғындарға ақпараттық жұмысты жүргізу керек. Ақпаратты жеткізудің әртүрлі формаларын – балалар, орта мектеп балалары үшін білім берудің жаңа әдістемесін енгізуде арнайы бағдарламалар, тележобаларды шығуын ұйымдастыруды пайдаланған маңызды.

Әдебитеттер тізімі:

1. Жолдау

2. «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.– 560 б.

3. Фазылжанова А., Күдерінова Қ. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесі ережелерінің жобасы. – Астана. – 2018. – 34 б.

4. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің стратегиялық негіздері. ҚР БҒМ Ғылым комитеті. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Жалпы ред. басқ.: ҚР ҰҒА корр-мүшесі Е.З.Қажыбек. Алматы, 2017. -128 б.

5. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/51029>

ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ НОВОЙ ГРАФИКИ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА THE HISTORICAL ASPECT OF NEW GRAPHICS OF THE KAZAKH ALPHABET

Аннотация. Мақалада қазақ жазуы және жаңа әліпбиге көшудің тарихы кезеңдері баяндалған. Сонымен қатар алфавит және мағына, алфавит және өркениет, жазу пайда болғанға дейінгі кезең, руникалық жазу, араб алфавиті, қазақтың латын әліпбиі, қазақтың Кирилл жазуы және қазақ жазуының латын графикасына көшуі туралы мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: алфавит, мағына, өркениет, жазу, руникалық жазу, араб алфавиті, қазақтың латын әліпбиі, қазақтың Кирилл жазуы және қазақ жазуы, латын графикасына көшу.

Аннотация. В статье описывается история казахского алфавита и переход на новый алфавит. Существует также информация об алфавите и значении, алфавите и цивилизации, периоде до написания, рунической письменности, арабском алфавите, латинском алфавите, казахском Кирилле и латинском алфавите.

Ключевые слова: алфавит, значение, цивилизация, письмо, руническая письменность, арабский алфавит, латиница, казахский Кирилл и казахские надписи, латинский алфавит.

Annotation. The article describes the history of the Kazakh alphabet and the transition to a new alphabet. There is also information about the alphabet and meaning, the alphabet and civilization, the period before writing, runic writing, the Arabic alphabet, the Latin alphabet, the Kazakh Cyril and the Latin alphabet.

Key words: alphabet, meaning, civilization, letter, runic writing, Arabic alphabet, Latin, Kazakh Cyril and Kazakh inscriptions, Latin alphabet.

Мұқышева Райхан Наурызбайқызы – Көкшетау қаласының С.Жүнісов атындағы № 18 ОМ бастауыш сынып мұғалімі (Қазақстан, Көкшетау қ.).

Мұқышева Алмагүл Наурызбайқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері (Астана қ., Қазақстан).

Мукушева Райхан Наурызбаевна – учитель начальных классов СШ № 18 имени С.Жунусова г. Кокшетау (Казахстан, г.Кокшетау).

Мукушева Алмагуль Наурызбаевна – ведущий научный сотрудник Национальной академии образования имени И.Алтынсарина (Казахстан, г. Астана).

Raihan Mukusheva – primary school teacher at secondary school No. 18 named after S. Zhunusov (Kokshetau, Kazakhstan).

Almagul Mukusheva – leading researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan).

ПОДХОДЫ И ПРИНЦИПЫ В ОБУЧЕНИИ ИНТЕГРИРОВАННОГО ПРЕДМЕТА «РУССКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА (Я 2)»

Б.М. Мухатаева

Важность учебного предмета «Русский язык и литература» для школ с нерусским языком обучения определена приоритетным статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан и его значимостью в создании полиязычного пространства.

Изучение учебного предмета «Русский язык и литература» способствует развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи. Учебный предмет «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Овладение русским языком поможет учащимся адаптироваться к условиям современного мира, успешно регулировать речевое поведение в соответствии с коммуникативной ситуацией; научит пользоваться различными источниками информации и современными информационными технологиями для выражения и обоснования собственного мнения.

Целью учебного предмета «Русский язык и литература» является формирование коммуникативных навыков, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, *соблюдении* правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употреблении языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся. Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма.

Обновленное содержание обучения предполагает реализацию комплексного подхода в развитии языковой, речевой (в том числе этнокультурной), коммуникативной компетенции на основе функциональной грамотности и в общем направлении воспитания языковой личности; актуализацию самостоятельной работы учащихся по лингво-коммуникативному развитию и совершенствованию.

Вся методическая система обновленного содержания обучения русскому языку строится на основе учета теории обучения второму языку, при котором соблюдается главное условие – коммуникативная направленность презентации всего языкового материала. Так же, как и в 5 и 7 классах, в 6, 8 классах изучаемый курс представлен как интегрированный курс русского языка и литературы. Программа предусматривает планирование такого урока, в котором сочетается материал по чтению и грамматике. Это определяет его структуру: каждое занятие должно содержать работу над текстовым материалом и работу над языковым материалом (орфографические, грамматические правила, определения, упражнения по развитию устной и письменной речи). Реализация основной цели обучения русскому языку как неродному – формирование навыков речевой деятельности – обеспечивается охватом таких сторон в изучении языка, как расширение словарного запаса, приобретение навыков самостоятельной передачи мыслей на русском языке.

Учебный материал должен подаваться с учетом ведущих принципов современной русской лингводидактики, среди которых имеется в виду рациональный отбор лексики; взаимосвязанное изучение лексики и грамматики, целесообразная дозировка теоретических сведений и практических заданий, направленных на активизацию всех видов речевой деятельности; ярко выраженная коммуникативная направленность языкового материала.

Межпредметные связи устанавливаются через дидактические тексты, обладающие информационной насыщенностью. Тексты и послетекстовые задания и упражнения должны быть направлены не просто на конструирование высказываний, но и должны предполагать совершение речевого поступка, проявление речевого поведения.

Методика подачи фактического материала должна отвечать требованиям научности, одновременного развития видов речемыслительной деятельности, наглядности и коммуникативности в обучении неродному языку. В этой связи текстовый материал должен презентовать не только

историю, культуру, мировидение русского народа, но и, что отвечает языковой политике РК, особенности современного функционирования русского языка в Казахстане как неотъемлемой части общего социокультурного пространства.

Содержание учебного материала рекомендуется представлять в трех основных видах: текстовой материал, содержащий достаточное количество изучаемых грамматических форм и лексических единиц, теоретический материал – определения и орфографические правила и практический – лексико-грамматические упражнения.

К примеру, упражнения в 6 классе к теме «Паронимы».

Задания:

1. Ознакомьтесь с нормой употребления глаголов выходить и сходить.

2. Составьте вопросительные предложения с данными паронимами. Употребление глаголов выходить и сходить регламентируется грамматическими правилами. В предложении с предлогом из употребляется глагол выходить (выйти), а в предложении с предлогом с – глагол сходить (сойти). Поэтому из вагона, из автобуса, из троллейбуса, из трамвая выходят, а с поезда, с теплохода, с корабля сходят.

3. Ответьте на вопросы, используя паронимы. Какой пароним надо употребить, когда речь идет:

1) о необразованном человеке;

2) о грубом и невежливом человеке;

3) о человеке, занимающемся дипломатической деятельностью;

4) о лице, награжденном дипломом какого-либо конкурса.

Слова-помощники: невежа // невежда, дипломат // дипломант.

На уроках русского языка рекомендуется использовать такие учебные тексты и практические упражнения, которые реализуют выполнение индивидуальной работы, работы в паре и группах.

Необходимо строить обучение русскому языку на основе практических методов и приёмов. Языковые упражнения должны быть представлены в минимальном объеме, должны преобладать речевые (коммуникативные) упражнения, построенные на основе текстов.

При планировании урока рекомендуются следующие педагогические подходы в обучении русскому языку как второму:

1. Использование заданий с учетом индивидуальных возможностей ученика и изучение их ошибок не для классификации, а с целью организации работы по их устранению.

2. Создание атмосферы доверия между учителем и учащимися, а также среди самих учащихся.

3. Дифференциация заданий согласно индивидуальным способностям учащихся.

4. Создание условий для работы в группах (каждый учащийся может исполнять различную роль при работе в группе, например, роль лидера, «следовать за лидером» и др.).

5. Предоставление пространства для самостоятельного решения, выбора, обсуждения и выражения собственных мыслей.

6. Использование заданий, связанных с реальной жизнью, где учитель только направляет, а учащиеся добывают знания самостоятельно.

7. Использование различных целей обучения развивает критическое мышление, учит учащихся работать самостоятельно при постановке целей, исследовании проблем, поиске ответов, обсуждении проблем и выражении своего собственного мнения во время внимательного слушания мнений других учащихся.

8. Использование интерактивных методов обучения помогает учащимся развивать личную точку зрения и принимать во внимание мнения других.

9. Использование совместных методов обучения заключается в формировании у учащихся навыков, при выполнении командной работы, при обсуждении и сотрудничестве для достижения соглашения, принятии на себя ответственности за члена команды, в процессе самоуправления и управления.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Рекомендуется обратить внимание на некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать **множество различных заданий** в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое учащиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;

- обращать внимание, что каждое **задание следует за предыдущим**, и постоянно напоминать учащимся о главных учебных целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает учащимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет учащимся практиковать более одного навыка;

- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Устный опрос на уроках русского языка и литературы является одним из основных способов учета знаний учащихся. Развернутый ответ учащегося должен представлять собой связное, логически последовательное сообщение на заданную тему, показывать его умения применять определение, правила в конкретных случаях.

При оценке ответов учащегося необходимо руководствоваться следующими критериями:

- полнота и правильность ответа;
- степень осознанности, понимания изученного;
- языковое оформление ответа.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1. Языковые ошибки учащихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2. Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас знания целевого языка могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением.

3. Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

4. Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

5. При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

6. На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Таким образом, чтобы учащиеся стали конкурентоспособными личностями, с развитыми навыками, необходимыми в XXI веке, очень важно умение свободно доносить свои мысли, идеи. Неважно, на каком языке они хотят вас выслушать, мы можем и должны предоставить учащимся возможность стать полиязычными людьми, а значит быть понятыми в любом обществе. Этому может помочь полное погружение в языковую среду, которое также приведет и к полному пониманию предмета, достижению как предметных, так и языковых целей.

Список литературы:

1. Балаев А.А. Активные методы обучения. Москва, 1986.
2. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. Москва, 1972.
3. Керимкулова А.С. Реализация трехязычного образования в интеллектуальных школах. Педагогический диалог. 2013.

**«ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» (Т2) КІРІКТІРІЛГЕН ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ
PRINCIPLES AND APPROACHES IN TEACHING THE INTEGRATED SUBJECT «RUSSIAN LANGUAGE AND LITERATURE
(L2)»**

Аннотация. Мақалада жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға ықпал ететін коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда орыс тілін екінші тіл ретінде оқытудың педагогикалық тәсілдері көрсетілген. Сонымен қатар тілдік құзыретті бағалау критерийлері қарастырылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, коммуникативтік бағыттылық, тілдік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру, педагогикалық тәсілдер, тілдік іс-әрекет түрлері, қазіргі орыс лингвистика дидактикасының қағидалары, жаңартылған білім мазмұны.

Аннотация. В статье освещаются педагогические подходы в обучении русскому языку как второму в условиях обновленного содержания образования, способствующие формированию коммуникативных навыков в устной и письменной речи, развитию функциональной грамотности учащихся. Рассматриваются также критерии оценивания языковых компетенций.

Ключевые слова: функциональная грамотность, коммуникативная направленность, формирование навыков речевой деятельности, педагогические подходы, виды речевой деятельности, принципы современной русской лингводидактики, обновленное содержание образования.

Abstract. The article highlights the pedagogical approaches in teaching Russian as a second language in the conditions of the updated content of education, contributing to the formation of communication skills in oral and written speech, the development of functional literacy of students. The criteria of evaluation of language competences are also considered.

Keywords: functional literacy, communicative orientation, formation of speech activity skills, pedagogical approaches, types of speech activity, principles of modern Russian linguodidactics, updated content of education.

Мұхатаева Бибігүл Мурсалимқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері (Астана қ., Қазақстан).

Мухатаева Бибигуль Мурсалимовна – старший научный сотрудник Национальной академии образования имени И. Алтынсарина (Казахстан, г. Астана).

Bibigul Mukhatayeva – senior researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan).

ЗНАЧИМОСТЬ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВОСПИТАНИИ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

Г.С. Мынбаева, Д.П. Жусупова

В настоящее время не существует стран, где присутствует языковая изоляция, а необходимость в использовании иностранных языков – это требование времени. Казахстан – многонациональная страна с разноязычной средой общения. Знание нескольких языков способствует познанию истории, обычаев и традиций, а также культур этих народов. В настоящее время все прогрессивнее вырастает спрос на специалистов, владеющих тремя и более языками на рынке труда. Таким образом, многоязычное образование плодотворно сказывается на карьере будущих специалистов. Уже с раннего возраста, обучаясь языкам в образовательных учреждениях, представители нынешней молодежи закладывают отличный фундамент для своего будущего.

Язык – одно из самых важных средств личности, развивающейся в процессе интеграции различных государств и народов. Основной задачей интегративного процесса, установленной, в свою очередь, современным обществом, на данный момент является подготовка учащихся к жизни в поликультурном и демократическом государстве. В каждой культуре имеется язык, необходимый для ее успешного развития. Язык зачастую рассматривается как ключ к культурному успеху, разносторонней самореализации личности в различных культурных контекстах. Многоязычие открывает все пути перед обширным хранилищем знаний различных народов, способствует процессу изучения того, что представляется новым, более эффективным, гибким, инновационным. В условиях соотношения нескольких культур при овладении языками значимое место занимает определенная культурная традиция, способствующая рациональному ориентированию индивида в среде поликультуризма. Однако прочная связь с традициями собственной культуры играет не менее важную роль в успешном приобщении к другим культурам и овладении другими языками [1].

Мультилингвизм способствует повышению уровня разностороннего и культурного развития. Обучение определенному языку несет за собой обширный процесс изучения традиций, культуры и истории того народа, который является носителем данного языка. В качестве одного из основных ключей к высокому культурному развитию, язык способствует самореализации индивида в разнообразной культурной сфере. Таким образом, многоязычие рассматривается в качестве проводника к мировым знаниям. Знание нескольких языков способствует увеличению и укреплению взаимосвязи между культурами, расширению кругозора в целом. Наличие коммуникационных ресурсов, широкого спектра навыков для выражения своей точки зрения предоставляет огромные возможности для достижения наибольшего успеха в современной эпохе глобализации.

У каждой культуры имеется определенное своеобразие, формирующееся языком этой культуры. Продуктивность полилингвизма возможна при соблюдении принципов равенства изучаемых языков и культур. В свою очередь, становление мировых культур, которое включает в себя самобытные ценности как общечеловеческих, так и национальных культур, имеет непосредственное влияние на выживание человечества. Стабильность общественного развития, обеспечение которой невозможна без содействия языковой культуры мировых сообществ, обеспечивается разнообразием лингвистики и рациональным прогрессированием многоязычия.

Межкультурная коммуникация в качестве научно-прикладной дисциплины рассматривает проблемы восприятия и обмена информацией: необходимость в понимании чужого, адекватного объяснения своей точки зрения и грамотного и рационального интерпретирования чужих культурных знаков. Межкультурной коммуникации предназначен аспект междисциплинарности. Она состоит из знания таких наук, как культурная антропология, теория коммуникаций, этнопсихология, социология и лингвистика. Каждая культура отличается своеобразием, формирующееся, по большей мере, языком определенной культуры. Успешное функционирование культурной системы зависит от языка. Изменения условий данной системы приводят к изменениям языковым [2].

За последнее время культурная значимость языка заметно возросла, средство общения теперь не рассматривается в качестве простого средства коммуникации и проводника при передаче информации. Каждый человек имеет право на выбор определенных комбинаций самобытных культурных черт, не придерживаясь условий предопределенности. Такие процессы, как расширение умственных возможностей личности, становление «гражданина мира», способного рационально понимать куль-

турные факты и события, встречающиеся на его пути, но не принадлежащие его культуре, зависят от качества многоязычного образования. Под системой языка подразумевается культурная история каждого отдельного народа. Владая несколькими языками одновременно, человек погружается в совершенно новое пространство культур и традиций, раскрывает пути к новым и далеким частям мира.

Под концепцией многоязычного образования предполагается процесс развития и воспитания личности, владеющей несколькими языками, включающий в себя принципы, методы и приемы обучения, педагогические технологии, а также использование многоязычных словарей и учебной литературы.

Культуроведческий и этнокультурный аспекты в обучении определяются значимостью средства общения в формировании национального духовного сознания и гуманистической стороной образования [3]. Обучение языку является частью системы гуманитарного образования. Подрастающая молодежь, изучая иностранные языки, повышает свой уровень компетентности, духовного развития, конкурентоспособности и, в целом, подготовленности к современному миру. Многоязыковое образование способствует наличию выбора у личности предпочитаемой сферы деятельности, так как умение общаться на разных языках приветствуется везде. В связи с интенсивностью развития роли владения тремя и более языками, все чаще трехязычие представляется не как желаемое умение, а, скорее всего, в качестве одного из требований, стоящих перед специалистом.

Система многоязычного образования должна иметь личностно-ориентированный подход, т.е. стоит учитывать личностные мотивы обучающегося, его интересы и мотивы должны находиться в центре процесса обучения. Учителю следует уметь определять те или иные потребности и интересы обучающихся, владеть современными эффективными технологиями обучения, которые, в свою очередь, приводят к разностороннему личностному развитию. Для качества языковых знаний обучающихся немаловажную роль играют дифференцированный и индивидуальный подход. Основным продуктом, либо конечной целью многоязычного образования, являются качественные знания представителей молодежи, способствующие свободе общения и повышению уровня профессионализма. Знание языков заметно расширяет возможности личности, ее коммуникативные способности и культурные горизонты.

Многоязычие является одним из сторон межкультурного взаимодействия в процессе и интернационализации. Современное общество находится в потоке и интернационализации и глобализации. Слияние особенностей разных культур в одно целое и глобализация информации электронными средствами, в совокупности, составляют широкую систему взаимосвязей, что приводит к формированию единого общественного сознания. В подобном контексте основа межкультурных коммуникаций как связей между различными культурами формирует свою особую актуальность.

Список литературы:

1. Абсатмаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов. – Алматы, 1999
2. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации.– М.: Гнозис, 2003.
3. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация, – М.: Слово, 2008.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ КӨП ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ THE IMPORTANCE OF MULTILINGUAL EDUCATION IN THE EDUCATION OF MODERN YOUTH

Аннотация. Берілген мақала басқа халықтардың мәдениетіне құрмет сезімі бар қазіргі жастарды тәрбиелеудегі көп тілде оқытудың маңыздылығына талдау жасауға арналған.

Түйін сөздер: көп тілде оқыту, шетел тілдер, мідениет, мәдениетаралық қатынас, дәстүрлер, жастар, рухани даму.

Аннотация. Статья посвящена анализу значения многоязычного образования в воспитании современной молодежи, обладающей чувством уважения к другим культурам.

Ключевые слова: многоязычное образование, иностранные языки, культура, межкультурная коммуникация, традиции, молодежь, духовное развитие.

Abstract. The article analyzes the importance of multilingual education in the education of modern youth with a sense of respect for other cultures.

Key words: multilingual education, foreign languages, culture, intercultural communication, traditions, youth, spiritual development.

Мыңбаева Гүлзат Сәткенқызы – Ж.Мусин атындағы қазақ жоғарғы педагогикалық колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, магистр (Қазақстан, Көкшетау қ.). E-mail: gulzat16@mail.ru

Жусупова Динара Петровна – Көкшетау қаласы Ж.Мусин атындағы қазақ жоғарғы педагогикалық колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы (Қазақстан).

Мынбаева Гульзат Саткеновна – преподаватель английского языка Кокшетауского казахского высшего педагогического колледжа имени Ж.Мусина, магистр (Казахстан, г.Кокшетау). E-mail: gulzat16@mail.ru

Жусупова Динара Петровна – преподаватель английского языка, Кокшетауского казахского высшего педагогического колледжа имени Ж.Мусина (Казахстан, г. Кокшетау).

Gulzat Mynbaeva – English language teacher at Kokshetau higher Kazakh pedagogical college named after Zh.Musin, master (Kokshetau, Kazakhstan). E-mail: gulzat16@mail.ru

Dinara Zhussupova – English language teacher at Kokshetau higher Kazakh pedagogical college named after Zh.Musin (Kokshetau, Kazakhstan).

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР – ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

О.Т. Найзабек, Б.Ж. Алдабергенова

Алғашқы табиғатта тіршілік басталмай тұрып, басында «жарық» және «үн» пайда болды деген ғалымдардың болжамы бар. Алдымен «жарық» немесе «үн» бірнеше мың жылдай тұрып, кенеттен жарылыс (резонанс) яғни «жеті бояу» (кемпірқосақ) немесе «жеті дыбыс» пайда болған дейді философия ғылымдарының докторы Нәжімеденов Жұмагелді «Мәдени мұра құндылықтары - қазақ философиясының әлем өркениеттеріндегі орны, көшпенділер ділі» атты лекциясында.

Осыны негізге алар болсақ, көптеген жаңа идеяларға негіз болары анық. Қазақ халқы - рухани – адамгершілік байлықтың мұрагері. Ол өзінің өресі биік, сан саналы өскелең мәдениетіне бір күнде, бір ғасырда жеткен жоқ. Осы мол қазынаның түп төркіні сонау VI –VIII ғасырлардағы Орхон – Енисей және ежелгі түркі жазбаларынан басталады.

Ал халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиетті парыздары болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ғасыр қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Олай болса, «рухани адамгершілік» тәрбиесінің бастауы қайда? Саралай келе, А.С. Сейтақов «рухани адамгершілік» тәрбиесінің бастауын төмендегі туындылардан іздеп көреді.

1. Күлтегін жазбалары;
2. Қорқыт ата қағидалары;
3. Асан қайғының «Жер ұйығы»;
4. Әбу - Насыр Әл - Фараби ілімдері;
5. Ж. Баласағұнның «Құтты білігі»;
6. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі»
7. А. Құнанбаевтың «Қара сөздері»;
8. Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары;
9. Ш. Құдайбердиевтің педагогика - психологиялық көзқарастары;
10. Ж. Аймауытовтың педагогикалық көзқарастары;
11. М. Жұмабаевтың педагогикалық ой өрістері;

Ел басына күн туған тарих беттеріндегі небір қысылтаяң кезеңдерде халық ортасынан қол бастаған батыр, от ауызды, орақ тілді шешен, ел бастаған көсем, билер мен саясаткерлер шығарып отырған. Сол қасиетті бабалар сапында, Күлтегін (685-731) – көне түркі мемлекетінің билеушісі. Күлтегін 16 жасында қол бастап, ерлігімен, ақылдылығымен көзге түскен. Әйгілі Орхон жазба ескерткіштерінде сақталған «Сақтар» сөзі ерлік пен елдік даналығының әлемдік үздік үлгілері қатарынан орын алды.[2]

Ескерткіштерде қарым – қатынасқа байланысты айтылатын «ынтымақ»,– «бірлік», «татулық» ұғымдарына ұлттық болмыс пен тәрбие негізінде сипаттама беріледі.

Әл – Фарабиден екі ғасыр бұрын дүниеге келген Қорқыт ататың шығармалары арқылы бала бойына рухани даму тәрбиесінің өзегін қалыптастырамыз. Қорқыт ата айтып кеткен өсиеттері бүгінгі күнге дейін құнын жоғалтпайды. Мәселен, «Ескі мамық бөз болмас, кәрі дұшпан дос болмас» немесе «Шөлді жердің отын киік білер, сулы жердің қадірін құлан білер», - деп дос пен дұшпанның ара жігін ажыратып береді.

Қазақтың дана, әрі ойшылдарының бірі – Асан қайғы саяси ой-толғаулардың иесі. Мәселен, «Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады» деген философиялық ұғымы көп нәрсені аңғартады. Оның шығармаларында рухани – адамгершілік қасиеттерді арқау еткен.

Ғұлама ғалым, әлемде «Аристотельден кейінгі екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидің тарихта өзіндік орны ерекше. Оның философиялық трактаттары ұрпақ тәрбиесі мен қоғам дамуының алғы шарттарына бастау болар құнды дүние. [3]

XI ғасырда өмір сүрген ірі тұлғалардың бірі – Жүсіп Баласағұнның негізгі пікірлері саясат, мемлекет басқару әдептерімен қатар, «әділеттілік», «бақыт», «қанағат» ұғымдарының адам өміріндегі маңыздылығына тоқталады. Адамгершілікке, тазалыққа, адалдыққа шақырған рубайлардың авторы

Жүсіп Баласағұн адам бойындағы ізгі асыл құндылықтар туралы мәселелерді «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде сол білікті болады», «Білімсіздер бар кеселді көреді, емдемесе тектен – текке өледі», «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керек, сезбес айыпты!», «Біліп сөйле, білмегенді үйрет», «Білім – жарығын шашып тұрған нұр», «Кірді сумен жуады, су кірлесе оны немен жуады» «Ақылды кісіден кісілік келер, Білікті – кісілер кісісі болар» даналықтары арқылы қарастырады.

Орта ғасырдағы ірі ойшылдардың бірі Қожа Ахмет Яссауи шығармаларындағы негізгі ой «Диуани хиқмет» («Даналық жайындағы кітап») халықтың бойындағы тазалық, тектілік, асқақтық, кісілік қасиеттеріне кеңірек талдау жасалады. «Диуани хиқмет» халқымыздың дүниетанымының тереңдігін дәлелдейтін негізгі де құнды еңбек болып есептеледі.

Қазақ халқының философиялық ой-пікірінің бір ерекшелігі – оның данышпандықты жоғары бағалағандығы, ойшылдығы, инабаттылығы мен қайырымдылығы, кең пейілдігі мен кешірімділігінде. Қазақ халқының бойындағы мұндай жақсы қасиеттерін Абай өз еңбектеріне арқау етеді.

Абай – әлемдік тұлға. Ол өзінің сезімдерімен ғана оқырманға әсер етіп қоймай, ұшан-теңіз білімімен бүкіл адамзаттың санасына данышпандықтың дәнін сепкен ойшыл да кемеңгер ақын. Абай – әлемдік поэзияның асқарларымен иық теңестіріп тұрған заңғар тұлға. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Ақынның басты мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәр-бие-леу. Міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, тіл мен тарихты, мәдениет мен ділді, салт-дәстүр мен дінді құрметтеу рухында жас-тардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасат-ты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. [4]

«Елі кеткен жер жетім, жерінен айырылған ел жетім» деген сөз тіркесі қазақ елі үшін қай кезеңде де елі мен жерінің тұтастығын қызғыштай қору мәселесі күн тәртібінен түсіп көрген жоқ. Бұдан ауыр да күрделі мәселе болған да емес. Ал басына күн түсіп, табиғат апатынан немесе сырт жаулардан ығысқан кезде қазақтың көкірегін кернеген ой жалқы болды. Оны А.Байтұрсынов былайша деп жеткізді:

Қазағым, жерің қайда атамекен,
Қазақ, қазақ болғалы мекен еткен. немесе
Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,
Қалды ғой жатақ болып қайран елдер.

Қазақтың дүние мен адам туралы толғамдары ата кәсіпке – мал шаруашылығына қарай қарқын-дады. Мал шаруашылығы мекен-жайға бейімделді, шаруашылықтың ыңғайына қарай қоныс аударылды. Көшпелі қауым жағрапиялық аяны тек бір-ақ бағытта, мал өсіру бағытында ғана кеңітті. Оның тіршіліктен түйгені – мал шаруашылығын табиғат заңдылығына бейімдеу, сондай-ақ еңбек бөлінуіне сай этникалық ынтымақтастық құрудан кейін қалмау. Малды өсіріп-өндіру үлкен оқиға, табыс пен жетістік көзі. Шаруашылықтың осы түрін жетілдіру арқылы халық өз тағдырын өзі билеуге ұмтылды, белді күштермен ықпалдасты.

«Бүгінгі күн – кешегінің жемісі, ертеңінің болмысы», - дейді дана халқымыз. Ата-бабаларымыз жазу-сызуды білмеген кездің өзінде бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, адам құқығын қорғауды назарда берік ұстаған. Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы емес. Бүгінгі қазақ ұлты – бұрынғы “қызыл идеологияның” қыспағындағы бодан халық та емес; бүгінгі қазақ ұлты – өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық мемлекет құруға көшіп отыр. Сонымен бірге “Мәңгілік ел” ұлттық идеясы-мен қаруланған тәуелсіз халық. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. [5]

«Қарға тамырлы қазақ» деген тұрақты тіркес аясында орнаған үзілмеген беріктік болды. Қазақ өзінікін өзекке теппеді, қазақтың танымында қайыршылық, қол жайып күн көру болмады. Халық тыныштығын ойлаған көсемдер, дау-дамайды шешетін әділ билер ел тұтқасын ұстаған азаматтардың, байлардың көкірек керген кезі болса дереу сабасына түсіріп, жанындағы кедей-кепшікке қарайла-

суды міндеттеп отырған. Малшы, жалшы ретінде түрлі қызмет етсе де, алақан жайып, қайыр тілеген қазақ болмады.

Болмысы дарқан, жайбарақат та тыныш қазақ қиын-қыстау, намысқа сын сәттерде түгелдей өзгеріп шыға келетін. Ұлт мүддесі жолында кез келген қазақ жанын берді. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман. Ел болу болашаққа ашылған даңғыл жол. [6]

Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарыда қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белігерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасты, көзқарасымен сипатталады.

Сонымен, тарихи-мәдени мұралады оқып үйрену – рухани- адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың маңызды шарты. Тарихи-мәдени мұраларды оқып үйрену өнегеліліктің, мәдениеттіліктің, туған жерге деген сүйіспеншіліктің белгісі. [7]

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихи жолында мемлекеттік дамудың эволюциялық сатыларын басынан өткерді. Қазіргі кездегі ұлан-ғайыр жеріміз бен еліміздің аман сақтап қалынғаны – ата-бабаларымыздың намысты рухтары мен болашаққа деген жігерлі үміттерінің айқын жемісі. Олай болса, әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы – оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады деп ойымды аяқтағым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика М. Жұмабаев – Алматы: Рауан, 1993
2. «Ақиқатты тани біл» Ғибрат толғамдары топтамалары. Барша оқырман қауымға арналған. Алматы 2003-2008 жж.
3. Көбесов А. Әл-Фараби А. – Алматы: Қазақстан, 1971
4. Асылыов Ү. Даналардан шыққан сөз – Алматы: Мектеп, 1987
5. Табылдиев Ә. Халық тағылымы – Алматы: Мектеп, 1992
6. Алдамұратов Ә. Әдептілік негіздері – Алматы: Санат, 1998
7. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. – Мектеп, 1975

КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ

CULTURAL AND HISTORICAL HERITAGE AS A BASIS OF FORMATION OF THE PERSON'S SPIRITUALLY-MORAL QUALITIES

Аннотация. Мақала тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбие арқылы өзінің ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, қазақ философиясының әлем өркениеттеріндегі орны мен ақыл-ой, іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастыруға арналған

Түйін сөздер: мәдени мұра, жалпы мәдениет, тұтынушы қоғам, мәдени және тарихи ескерткіштер, мәдени ескерткіштерді қорғау, мәдени мұраны таныту.

Аннотация. Статья посвящена формированию духовного видения личности посредством духовного и нравственного воспитания и роли казахской философии в мировых цивилизациях, ориентации на гуманитарные идеалы.

Ключевые слова: культурное наследие, общая культура, потребительское общество, культурные и исторические памятники, охрана культурных памятников, культурное наследие.

Annotation. The article is devoted to the formation of the spiritual vision of the individual through spiritual and moral education and the role of Kazakh philosophy in world civilizations, focusing on humanitarian ideals.

Key words: cultural heritage, common culture, consumer society, cultural and historical monuments, protection of cultural monuments, cultural heritage.

Найзабек Оразкул Тойшықызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: Orazkul_62@mail.ru

Алдабергенова Батба Жақыпқызы – Сарыағаш ауданының № 58 ЖОБМ физика пәнінің мұғалімі (Түркістан облысы, Қазақстан).

Найзабек Оразкул Тойшықызы – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкенту НЦПК «Өрлеу» (Казахстан, г.Шымкент). E-mail: Orazkul_62@mail.ru

Алдабергенова Батба Жакиповна – учитель физики СОШ № 58 Сарыағашского района (Казахстан, Туркестанская область).

Orazkul Nayzabek – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of Turkestan region and Shymkent (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: Orazkul_62@mail.ru

Batba Aldabergenova – physics teacher at secondary school No.58 of Saryagash district (Turkestan region, Kazakhstan)

КӨПТІЛДІ БІЛІМ – КӨП МӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ

Ж.Л. Нұрлыбаева

Көптілді білім беру идеясы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлігі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2006 жылдың қазан айында тілдердің үштұғырлығы туралы идеяны Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімдеп, бұл жауапты да маңызды мәселе мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуіндегі өмірлік қажеттіліктеріне негізделгенін атап көрсетті. Әлемдік дамыған мемлекеттердің тілдері ішінен ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде ағылшын тілі таңдалды. Президент 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды ұсынды [1]. Президент жүктеген тапсырмаларға сәйкес, «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» іске асырылуы үш кезеңге бөлініп отыр [2]. 2011-2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған. 2014-2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көзделіп отыр. 2017-2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген. Бағдарлама бойынша қазақстандық өзге ұлт азаматтары мемлекеттік тілді 2020 жылы - 95 % меңгеру керек деген мақсат қойылса, үш тілді меңгергендердің көрсеткіші 2020 жылы -15 % құрау керек деген міндет қойылып отыр.

«Қазақстан үшін білім берудің ұлттық мақсаттары бірнеше кең ауқымдағы базалық біліктіліктерден құралуы мүмкін: үш тілді білу, еуразиялық мәдениеттілік, коммуникативтілік, технократтық және т.с.с.», - деп ұлттық деңгей бойынша орта білім беру моделін жасау шараларының кезеңі көрсетілген [3]. Қазіргі таңда жалпы қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар, білім беру жүйесіндегі реформалар жалпы педагог қызметкерлердің ғылыми негізде ойлануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, кез-келген мемлекетте сапалы да саналы түрде білімнің берілуі білім беру жүйесіндегі жаңашыл педагогтер мен зиялы қауымның ғылыми-ізденушілік деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты-мамандықты игерту ғана болса, ал бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі-әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда жеке тұлғаның құзырлылық қабілеті негізінде нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну. Елбасы дәстүрлі 2008 жылғы Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жетілдетуі тиіс» [4]. Үштілді білім беру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру жалпы педагогтерге жүктелген негізгі міндеттердің бірі. «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу-біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруге серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерге жол ашады», - деп тілдердің үштұғырлы мәселесіне Елбасы кеңінен тоқтала келе, қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу – әрбір азаматтың дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін атап көрсетті. Сондықтан да Қазақстанда 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындардың саны кемінде 20 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті әрбір тәуелсіз ел азаматының міндеті. Техника дамыған заманда қажетті ақпаратты алу үшін мектептегі оқушылардан бастап жоғары оқу орнындарының түлектері мен білікті маман иелері өздерінің кәсіби шеберлігін шыңдауда шет тілдерді білу қажетті деп санауда. Осы орайда, қоғамда көптілді меңгерудің маңыздылығы өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Көптілді білім беру негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырамыз. Көптілді және көпмәдениетті тұлға қоғамда бүгінгі бәсекеге қабілетті жоғарғы көрсеткіштердің бірі екендігі баса айтылады.

Ғаламдық ақпараттар мен әлемнің инновациялық ағымына ілесу үдерісі Қазақстанның білікті де білімді әр азаматына орыс тілімен қатар ағылшын тілін үйренуді міндеттейді. Жалпы «Үш тілдің

бірлігі» мәдени жобасы-қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты-мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу деп білеміз. Н.Уәлиұлы: «...Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым-білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Үштұғырлы тіл формуласында ең бірінші осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауап-кершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен, мемлекет өз мойнына алуы тиіс»; деп атап көрсетеді [5]. Үш тілді білу өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін әлемдік деңгейде айқындап қана қоймай, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылымның қыр-сырына үңіліп, өз қабілетіне, қажетіне пайдалануына мүмкіндік береді.

Қазақстанның дамыған елдер қатарынан орын алуға кең мүмкіндік туғызып, жаһандық білім кеңістігіне болашақты еркін енгізудің жолын көптілді білім беру негізі арқылы қалыптастыруға болады. Қоғамда жылдар бойы қатар қолданыста болған қостілділік жүйесін үштілде білім беру жүйесімен ауыстыру заманның талабы деп есептеймін. Бұл үштілді білім берудің негізгі басымдығы ана тіліне берілетіндігі анық. Өйткені мемлекеттік тіл Қазақстандағы жалпы азаматтардың бірігуіне ықпал етсе, орыс тілі ғылыми-техникалық ақпарат көздерін танып білу тілі болмақ, ал ағылшын тілі қоғамды әлемдік қоғамдастыққа енгізудің қажеттілігі деп білеміз. Үштілді білім берудің негізі – көпмәдениетті тұлға қалыптастыру. Бүгінгі күнгі білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісі көптілді орта қалыптастыруға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында тілдерді оқыту әдістемесі өте тиімді ұсынылған. Тіл мамандары оқушылардың бойына қажетті дағдыларды қалыптастыруда педагогикалық тәсілдерді тиімді қолданумен қатар, жалпы тілдерді оқытуда осы бағдарламада ұсынылған дағдылардың реттілігін сақтау екінші тілді меңгертуде табысты нәтижеге қол жеткізеді. «Оқушылардың тілді үйрену үшін қажетті тілдік қорын (метатіл) ұлғайтатыны дәлелденген, бұл оқылым, айтылым, жазылым және тыңдалым дағдыларының дамуына игі ықпал етеді. (UKLA, 2014)». Бағдарлама аясында тілдік дағдылардың реттілігі:

1. тыңдалым;
2. айтылым;
3. оқылым;
4. жазылым.

«Екінші тілді меңгертуде оқу үдемелілігі (төменде келтірілген диаграммада түсіндіріледі) негізгі үш идеяға негізделеді. Біріншісі – сапалы, жақсы мәтіннің маңыздылығы және оқушылар өз «дауысын» іздеу арқылы оқылым үдерісінде шабыттана алатыны. Екінші – жазылымның барлық аспектілерін үйрету барысында мәнмәтіннің астарлы мәнін мойындау, нақты айтқанда, жазылым мәнмәтінсіз-тақырыпсыз, мәтінсіз немесе тәжірибесіз тиімді бола алмайды. Үшінші идея – оқушыларға тек «дауыс» қана емес, сонымен қатар, жазылатын шығарманың мазмұны мен белгілі бір детальдарын бере отырып, жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу мен дамытудың қажеттілігі» [6].



Осы ретілікті сақтау арқылы меңгертілетін тіл нәтижелі болмақ, екінші тілді үйренудің тиімді жолы осы ретілікте деп есептеймін. Өйткені, тіл үйренушілер өзге тілдегі дыбысталған сөздің ерек-

шелігін тыңдап, дұрыс айтуға дағдыланады. Сөздерді дұрыс айта алған бала меңгеріп жатқан екінші тілде мәтінді сауатты оқып, ойын еркін жазуға қалыптасады.

«Біз өзіміздің ұлттық басқару мектебін қалыптастыруға кірісуге тиіспіз», - деп Елбасы айтқандай, көптілді пилоттық мектептерде жаратылыстану пәндерін екінші және үшінші тілдер арқылы оқытуда кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалімдер оқытудың тиімді инновациялық жолдарын қарастырады [7]. Көптілді білім берудің негізі бәсекеге қабілетті орта жағдайында кез-келген жеке тұлғаның өмірі мен кәсіби жұмысында нәтижеге жетуін түсіне алуына мүмкіндік береді. Осы бағытта оқытудың әдістемесін, оның қағидалары мен салыстырмалы сипаттамаларының тиімді топтамасын атап көрсетуге болады.

- коммуникативтік әдістеме;
- жоба әдістемесі;
- интенсивті әдістеме;
- іс-әрекеттік әдістеме;
- қашықтықтан оқыту әдістемесі.

Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп мұғалімнің өз пәні бойынша кәсіби шебер болу керектігін айтады. «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң, биіктей береді, үңілі қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артыңда тұрғандай» - деген грек оқымыстысы Сократ. Осы сөзге мән бере қарасаңыз, ұстазды қандай ұлт болмасын ұлық тұтқан. Ұстаздың ұлағаты мен өнегесін, даналығы мен кеңдігін, жаныңа жақын мейірімі мен шапағатын әрбір адам сезіне алуы қажет. Халықтың алдында жоғарыдан көріну үшін әрбір ұстаз еңбектенеді. Білім сапасын арттыру және нәтижеге жету барысында мұғалімдер өздерінің кәсіби шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруда үздіксіз ізденуі қажет. Іздену нәтижесінде өзекті мәселелердің шешімін таба алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқарады. Жалпы екінші (үшінші) тілді үйретуде жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында «Табиғи әдіс» өте тиімді. Табиғи әдісті пайдалана отырып, мұғалім түсінік қалыптастыруға және қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді, Оқу үдерісінде оқушылардың арасында шынайы байланыс орнатып, жаңа сөздердің қатарын меңгертуде ақпараттық ресурстарды ұсыну үшін фотосуреттерді, көрнекі құралдарды және мультимедиялық ресурстарды пайдалану тиімді [6].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша тілді меңгертуде мұғалімдер «тыңдау-көру-орындау» тәсілін (ТКО) де қолдана алады. ТКО тәсілінде мұғалім меңгертіп отырған тілді үйретуде суреттерді, дене қимылын және іс-әрекеттерді пайдалану арқылы түсінік бере алады. Оқушылар «кіріспе ақпаратты» осы тәсіл арқылы түсінеді және өздерінің түсінгенін тіл арқылы емес, дене қимылы арқылы көрсете алады. Себебі, оқушылар дене қимылымен жауап бергенде, бұл қимыл сол сөздің мағынасын түсінуіне және өзара байланысты сөздік қор қалыптастыруына көмектеседі деп күтіледі.

Кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов: «Халықты халықпен теңестіретін-білім» деп, атап көрсеткендей, қай елдің болсын өркендеп өсіп-өнуі сол елдің білім деңгейі мен даму жүйесіне байланысты. Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім-ең мықты білім, оның нәрін бойына сіңірген ұрпақ елімізді гүлдендіріп, болашағымызды дамыта алады. Ал, рухани ұлттық қажеттілікке жарайтын білімді шәкірт санасына себуші-ұстаз. Ендеше, мұғалім жаңалықтардан қалмай, жасы мен қызметіне қарамай үнемі білім алып, ақпараттық дәуірдің белсенді мүшесі болуы керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына жүгінсек, бүгінгі мектеп түлегі-көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпықазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға болуы тиіс. Жалпы білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне көптілділікті ендіру негізінде пәнаралық байланыстарды жетілдіре отырып, тілдерді қолдануда оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттері дамытылады. Осы бағытта сапалы нәтижеге жету үшін мұғалімнің кәсіби біліктілігі заман талабына сай болуы қажет. Білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдалануы тиіс деп есептеймін. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негізін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Р. Темірғалиев «Үш тілді білім беру – жарқын болашақтың кепілі» атты еңбегінде: «Дүниенің сұлу-

лығы, табиғаттың кереметі-ондағы сан алуан түстердің гармониясы болуымен құнды десек, адамзаттың рухани әлемнің байлығы- әртүрлі ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерінің гармониялы дамуымен де ерекше», - деп жазған [8]. Ал Г.К. Рысбаева «Шетел тілін білу – жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті-гінің кепілі» атты жұмысында: «Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз» - дейді [9]. Академик Б. Хасанұлы «Тілдік қатынас негіздері» атты зерттеуінде «Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы» - деп тұжырымдайды [10]. Көп тілді меңгерген бала қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіш, бәсекеге қабілетті болатындығы анық. Үш тілде білім беру – жастардың қалыптасуына септігін тигізетін жаңа үдеріс. Осы орайда, лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған жастарды үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды көздейтін көптілді оқыту бағдарламасы аясында жасалып жатқан іс-шаралар маңызды болмақ.

Қорыта айтқанда, көптілді білім беру-жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Пәндерді екінші және үшінші тілдер арқылы оқыту тілдердің қолдану аясын кеңейтуге ықпал етеді. Көптілді оқыту бағдарламасы үздіксіз өзгеріс үстіндегі жаһандану заманында бәсекелестіктің белгісі, функционалдық сауаттылықты дамыту құралы ретінде әзірленді. Пәндерді қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқу қосымша ақпаратқа, жаңа перспективаларға, басқа мәдениеттерді барынша терең түсінуге мүмкіндік туғызады. Алайда, Жүсіп Баласағұнның: «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл, бірақ өз тіліңнің қадір-қасиетін жоғалтып, өгейсітпе», - деген даналық сөзін жанымыздан шығармайық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» //Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасындағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
3. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – 2002 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 6 ақпан 2008 ж.
5. Уалиұлы Н. – Алматы: РУК, 1988. – 122 б.
6. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
7. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» //Егемен Қазақстан.- 2006. – 19 қаңтар, №16.
8. Темірғалиев Р. «Үш тілді білім беру – жарқын болашақтың кепілі» мақаласы.
9. Рысбаева Г.К. «Шетел тілін білу-жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттігінің кепілі»// Мектептегі шет тілі.- 2012.
10. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, А, 2008 ж.

МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ МНОГОКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ MULTILINGUAL EDUCATION AS THE BASIS OF FORMATION MULTICULTURAL PERSONALITY

Аннотация. Мақалада көптілді білім берудің қажеттіліктері мен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру мәселелері қарастылып, бүгінгі күнгі білім беру жүйесінің көптілді орта қалыптастыруға ықпал ету жағдайлары сипатталады. Сонымен қатар, көптілді білім беруде білім алушыларға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатын тиімді тәсілдердің қолданылуы туралы айтылған.

Түйін сөздер: ұлттық идеология, коммуникация, интеграция, көптілді білім, тілдік интеграция, көптілді тұлға.

Аннотация. В статье освещается проблема многоязычного образования и формирования многокультурной личности, рассматриваются условия формирования многоязычной среды в образовательной системе. Также нашли отражение эффективные методы обучения языкам, формирующие навыки слушания, говорения, чтения и письма.

Ключевые слова: национальная идеология, коммуникация, интеграция, полиязычное обучение, интеграция языков, полилингвальная личность.

Abstract. The article highlights the problem of multilingual education and the formation of a multicultural personality, considers the conditions for formation of multilingual environment in the educational system. Also

reflected effective methods of teaching languages that form the skills of listening, speaking, reading and writing.

Key words: national ideology, communication, integration, multilingual education, language integration, multilingual personality.

Нұрлыбаева Жанат Лесбекқызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: ganat.73@mail.ru.

Нұрлыбаева Жанат Лесбековна – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и городу Шымкенту НЦПК «Өрлеу» (Казakhstan, г. Шымкент). E-mail: ganat.73@mail.ru.

Zhanat Nurlybayeva – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of of Turkestan region and Shymkent (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: ganat.73@mail.ru.

ҚҰТЫЛЫП БОЛМАС ҚОС ӘРІПТЕР – ҚОС ӘРІПТЕР НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ

Н. Райан

Кейбір қос әріптерді шарасыздықпен қабылдауға мәжбүрміз, сөздік мағыналық дұрыстық қажеті үшін, сөздік дұрыс жазылымдық қажеті үшін.

Қос әріптерді қабылдау мәселесінде міндетті түрде ескерте айтуымыз керек екенкі, Латын әліпбиімізде кейбір қос әріптер басқа тиімді амалдың жоқтығынан шарасыздықтан қабылданады. Олайы, Латын әліпбиі жағдайында әрбір әріптің жеке_жеке нәзік, сезімтал, дербес әрі бірденбірлік (“бір_ден_бір” лік) мағынаға ие болатындығынан. Бұл құбылыс Латын әріптік әліпби жағдайындағы мұндай ерекше әріптік, әліпбилік қолданыс өзгешелігін алдын_ала ұғынуымыз, көнуіміз, қабыл алуымыз, үйренуіміз, игеруіміз, үндесіп сәйкесуіміз, өздестіруіміз қажеттілігін талап қылады. Төменде пайымдалатын “Н/н” дара әрпі мен “КН/Кн/кн” қос әрпі қолданысының мағыналық парық ерекшелігі осы құбылысты түсіндіреді.

Дара әріптердің маңызды болғаны сияқты, қос әріптердің де маңызды болғаны соншалық талассыз жосында екенкі, кейбір қос әріптерді біз үлкен көлемде таңдау орайымыз бар болғандығы үшін дұрыстығын, ғылымилығын, біртұтастығын (біртұтас өлшемділігін <стандарттылығын>) әрі қолайлылығын шарт етіп өзіміз ырықты түрде таңдап алғанымызбен, ал кейбір қос әріптерді шартсыз, шарасыз түрде қабылдауға мәжбүрміз. Мысалы, “Шыңғыс Хан”, “Абылай Хан”, “Керей Хан” деген сөздеріміздегі “хан” сөзін Латын жазуымызбен “Han” яки “han” деп жазуымызға болмайды, “Н/н” дара әрпін қолданып жазу арқылы. Себебі, Латын әріптерімен жазылған “Han” яки “han” жазылымы Қазақтың (Түркінің) мемлекеттің ең жоғары басшысы атауындағы “хан”/”ناح” (汗) мағынасын білдірмейді, керісінше “Қытай ұлты” (Han Chinese; 汉族) дегенді білдіреді. Сондықтан, өз тіліміздегі “патша” мағынасын беретін “Хан”/”хан” сөзімізді одан парықтап міндетті түрде “Khan” / “khan” деп жазуымыз керек болады “КН/Кн/кн” қос әрпін қолданып жазу арқылы, бұның себебі “Қытай” дегендегі “Han” (“han”) сөзінен (оның дыбысталуы да /хан/) парықтап ажырату қажеті үшін. Осы әріптік жазу қажеті үшін біз “КН/Кн/кн” қос әрпін міндетті түрде қабылдауға мәжбүрміз. Бұлай болғанда бір дана “КН/Кн/кн” қос әрпін қолдану нәтижесінде тіліміздегі “патша”, “сұлтан” (хандық түзімдегі мемлекет басшысының заңдық мәртебе атауы) салауаты атауын білдіретін “хан”/”ناح” сөзімізді “Khan”/”khan” деп жазу арқылы Қытай тіліндегі “Қытай” дегенді білдіретін “Han”/”han” (/хан;/ /хан/) сөзінен парықты мағынасын өнімді түрде айқындап ажыратып анықтап дәл бейнелей аламыз, ал егер осылай қолданбасақ, бұл екі ұғымға тәуелді екі сөзді жазылымда парықтау мүмкін болмайды, оны мүмкін етудің бірденбір қажетті жолы КН/Кн/кн қос әрпін қабылдау. Сондықтан, тіл және жазу істерінде дұрыстық талабын қатаң атқаратын әрі соған сай тілжазу мәдениеті озық Ағылшын, Герман яки Француз тілдерін қамтыған Латын әріптік тілжазуларда әрі Латын жазуын жанама ресми санатта пайдаланатын Үнді қатарлы басқа да тілжазуларда дәл осы әріптік жазылымдық мағыналық парықтау қажеттілігі үшін тіліміздегі және Түркі тілдеріндегі арнаулы түрде “патша”, “сұлтан”, “әмір”, “елбасы” мағынасын білдіретін “хан”, “хандық”, “ханданлық”, “хақан”, “хақаният” атауларындағы “хан” сөзімізді дәл бейнелеп беру үшін арнайы түрде “КН/Кн/кн” қос әрпін қолданады, оны Қытай тіліндегі “Қытай” дегенді білдіретін “Хан” яғни “Han” сөзінен парықтау мақсатымен. Мысалы: Khan (Хан), Khanate (Хандық), Khagan (Қаған; Хақан), Khaganate (Қағандық; Қағанат; Қағаныят; Қағаният; Хақандық; Хақаныят; Хақаният), Turkic Khanates (Түркі Хандықтары), Mongolian Khanates (Монғол Хандықтары), Kazakh Khanate (Қазақ Хандығы; Қазақ Қағандығы; Қазақ Хақандығы; Қазақ Хақанияты), Chinggis Khan / Chinggis Khaan (Шыңғыс Хан), Kerey Khan (Керей Хан), Janibek Khan (Жәнібек Хан), Kene Khan (Кенесары Хан), Khan Shatyr (Хан Шатыр), Khan Academy (Хан Академиясы: *торда тегін сабақ үйрену торабы* www.khanacademy.org), Salman Khan (Салман Хан <Үнді адам есімі>), т.б.. Бұдан “Khan” яғни “khan” сөзіндегі “kh” қос әрпіне қарап_ақ оның әсілі Түркі тіліндегі заңдық елбасы мәртебесі салауаты атауын білдіретін “Khan” сөзімізді яғни Түркі қайнарлы /хан/ сөзін айтып тұрғанын біле аламыз, керісінше Қытайша “Қытай” дегенді білдіретін “Han”/”han” сөзін емес. Елімізде “Хантау”/» ڤانتاناح» деген жераты бар (көше аты да бар). Әрине осы жератының сөздік мағынасынан әрі оның логикасынан мәлім боп тұрғанындай, ол басқаның емес, Қазақтың ханының яғни қағанының, хақанының тауы. Сондықтан, ол міндетті түрде Қазақтың «хан» / «ناح» сөзін бейнелеуге қолданылатын «kh» қос әрпімен «Khantaw» деп жазылуы

шарт. Адам есімдері күйіндегі жазылым мысалынан айтсақ, Алаш ардықтысы Әлихан Бөкейхан есіміндегі /x/ (/ح/) дыбысымыз да (яғни “x” әрпі) “kh” қос әрпімен жазылуы шарт, керісінше “h” дара әрпімен емес. Әлихан Бөкейхан атамыздың есімі Ағылшын тілжазуында “Alikhan Bukeikhanov” делініп жазылған, яғни Ағылшынша жазылуында осы есімдегі “хан” сөзіндегі /x/ дыбысымыздың дұрыс жазылуы бойынша “kh” қос әрпімен жазылған (СҮРЕТ 1). Ал, Қытай ұлты атын білдіретін “Хан” сөзінің жазылуында “h” сыңар әрпі қолданылады. Ағылшын тілжазуында осындай дұрыстықпен мұқият парықтап жазудың жүрістік жазылым қағидалары (заңдылықтары) арқылы әріп парықсыздығы салдарынан жазу парықсыздығы, ал жазу парықсыздығы салдарынан туындауы мүмкін болған сөз парықсыздығын, сөз парықсыздығы салдарынан туындауы мүмкін болған ұғым парықсыздығы қауып тежеген әрі сәтті түрде жойған. **Әріптік әлеуеттілік** яки **әріптік қабілет** дегеніміз міне осы, бұндай әріптік қабілет жазылым әлеуеттілігіне жол ашады. Әріптік әлеуеттілік пен Тілдік алпауыттық бір-біріне тура пропорционал. Міне бұл алпауыт тілдердің алпауыт тіл бола алуының сыры. Яғни, олар парықсыздықтың жауапкерсіздік екендігін түсінген, түсінгендіктен әрбір сөзде, әрбір дыбыста, әрбір әріпте парықсыздыққа, жауапкерсіздікке салынбайды. Сондықтан, олардың әрбір үні, әрбір дана әрпі, әрбір ауыз сөзі өздерінің алпауыт тіл, алпауыт тілжазу, алпауыт ұлт, алпауыт мемлекет екендігін дәлелдеп тұрады. Демек, алпауыт тіл, алпауыт тілжазу болу үшін алдымен тілі алпауыттың тілі боларлықтай қуатты болуы шарт, әріптері толық, әріптеріне еркіндік берілген, әріптеріне ғылыми түрде ойнатып қолданудай қолданыс еркіндігі берілген, әріптік қолданыс ережесі тілжазуын дамытуына табиғи жол ашатын, тілі логикалы, ретті, тәртіпті, оңай, қарапайым, күрделі ұғымдарды оңай әрі қарапайым бейнелей алатын, сөйлем түрі мол, сөйлем құрылысы мұқамал, ұғымы анық болуы шарт. Яғни, алдымен тілжазудың өзі алпауыт тілдің алпауыт тілі боларлықтай қабілет пен әлеуеттілікке ие болуы шарт. Ол үшін тілжазу мәселесінде парықсыз, жауапкерсіз, бойкүйез, салғырт нысайға, пиғылға бой алдырудан сақтану керек.

The **Kazakh Khanate** (**Kazakh**: Қазақ Хандығы, **Qazaq Handyg'y**, قازاق حاندىعى) was a successor of the **Golden Horde** existing from the 15th to 19th century, located roughly on the territory of the present-day **Republic of Kazakhstan**. At its height the khanate ruled from eastern **Cumania** (modern-day West Kazakhstan)

<p>Kazakh Khanate Қазақ Хандығы Qazaq Handyg'y قازاق حاندىعى</p>
<p>1465–1847</p>
<p>Motto Alash!</p>

(СҮРЕТ 1 Тексттік суретте Қазақ хандығы жайындағы Wikipedia торабы мақаласында Қазақша Латын әрпімен жазылған “Handyg’y” сөзіндегі /x/ үніміздің “Kh” қос әрпімен таңбаланбастан керісінше “H” дара әрпімен таңбаланып қате жазылғандығы, ал онымен бірге тұрған Ағылшынша “Khanate” сөзінде Қазақ Латыншасынан айқын парықты түрде “Kh” қос әрпімен таңбаланып дұрыс жазылғандығы көрсетілген)

Осы бөлектен шағын қорытынды шығарсақ, біздің тілімізде тек бір тал ғана /x/ (/ح/) үні бар, алайда Латын жазуын қолданудай мол көмескі жазулық мүмкіндіктерге ие ерекше сипатты тілжазу жағдайымызда осы бір тал /x/ дыбысымыз үшін кей сөздерімізде “h” дара әрпі, ал кей сөздерімізде “kh” қос әрпі қолданылуы шарт. Бұның себебі сөз бен сөздің, ұғым мен ұғымның парықтылығын жазылымдық бейнелеуде кепілдендіру үшін. Яғни бұдан түйер тұжырым мынау, тіліміздегі құрамында /x/ үні бар сөздеріміздің бәріне тек “KH/Kh/kh” қос әрпін ғана қолдану дұрыс деген мағына шықпайды. Есесіне, жоғарыда пайымдағанымыздай “KH/Kh/kh” қос әрпін тек тарихта өткен патшаларымыздың, хан сұлтандарымыздың заңдық мәртебесі салауаты атауын білдіретін “khan” (/хан/) сөзіміздегі және дәл осы “khan” (/хан/) сөзін қайнар еткен басқа барлық сөздеріміздегі (дәуірімізде адам есімдеріне қойылуда) /x/ дыбысымыз үшін ғана қолдануымыз, ал басқа жағдайлардағы сөздердегі /x/ дыбысы үшін “H/h” дара әрпін істете беруіміз ақылға сыйымды саналмақ. Мысалы, Араб тілінен еніп, тілімізде әрі халықарада біртұеас ортақ қолданылатын “Halal” сөзін “Khalal” / “khalal” деп жазу қате болады, олайы бұл сөздің әрі оның ұғымының Араб тілінің дыбыстық ерекшелігі уә Араб тіліндегі мағынасы бойынша тараған халықаралық біртұтас ортақ бірденбір дұрыс жазылымы (orthography) “Halal” / “halal”, ал керісінше “Khalal” / “khalal” емес. Назар аударарлығы, бұл арада “ұғымның жазылымы” маңызды болып тұр, “ұғымның жазылымы” дегеніміз “ұғымның бейнесі”, “ұғымның секілі”, “ұғымның көрінісі” дегендік, яғни “Halal” / “halal” жазылымы тұтас бір қасиетті “ХАЛАЛ” ұғымының әрі оның шәриһи үкімінің бейнелік белгісі ретінде қабылданып кеткен. Бұны мағыналық яки образдық жазулардағы әріптердің немесе сөздердің бірденбірлік яғни бірденбір символдық ерекшелігіне ұқсатуға, яки онымен бірдей ұқсас мағынада деп қарауға болады. Сондықтан, “Халал” / “халал” сөзіміздің дұрыс жазылуы Латын әліпбиімізде “Halal” / “halal” болуы шарт. Со сияқты “h” дара әрпімен жазылатын “Rahman” (Алланың 99 есімінің бірі), “Rahim” (Алланың 99 есімінің бірі), “Rahmet” (رحمة), “Hanafi” (حنفي; Ханафи), “Harvard”, “Hillary”, “Hilton”, “Hitachi”, “Hyundai” қатарлы сөздердегі “h” әрпінің орнына “kh” / ‘keɪ_’etʃ/ қос әрпін жазуымызға болмайды. Олайы, Араб әліпбиіндегі ح уә خ әріптері сөз мағыналық парыққа ие әріптер болып, жоғарыда айтылған رحمن (/Raḥmān/), رحيم (/Raḥīm/) сөздері ح әрпімен жазылады, керісінше خ әрпімен емес. Осыған сай, “h” дара әрпі мен “kh” қос әрпінде өзара мағыналық парық бар. Ал, басқа тілжазулар жөнінен, ондағы “H/h” әріпті сөздердің жазылуы мәселен жоғарыда мысалға келтірілген адам есімдері, сауда маркалары сияқты құқықтары қорғалатын сөздерге қатысты болуы мүмкін. Сондықтан, дәл осы мағыналық парықты тілжазуымызда бейнелеп бере алу үшін Араб тілжазуындағы сөздерді, өте_мөте дінни наным_сенімдерімізге қатысты сөздерді әуелгі күйінен өзгертіп жазуымызға болмайды. Мысалы “Rahman”, “Rahim”, “Rahmet”, “rahmet”, “Halal”, “Hanafi” сөздеріндегі “H/h” дара әрпін өзгертіп орнына қате түрде “KH/Kh/kh” қос әрпін жазу қателік болады. Бейне осы ұқсас заңдылық бойынша, жазылымында мағына парықтайтын тілжазулардағы сөздерді мысалға Ағылшын тілжазуындағы сөздерді, үлгіге “Holland” ды “Kholldn”, “Hillary” ды “Khillary”, “Hillton” ды “Khillton” деп өзгертіп жазу қате болады. Бұл жайт “H/h” дара әрпі мен “KH/Kh/kh” қос әрпінің парқына аса мән беріп, парықтап қолдануымыз қажет екендігін ескертеді. Осы принцип бойынша, Қазақстан азаматтарының жекеуәлік және төлқұжат есімдеріндегі Кириллицамен жазылған “X/x” әрпінің бәрі Латын әрпіндегі “kh” ге тең емес, бәлкім осы түйін және бейне осы тақылеттес басқада жазылым мәселелері ойластырылғандықтан болуы мүмкін, азаматтардың көк паспорттағы аты_жөндерін Латын әріптеріндегі дұрыс жазылуымен яки өздері дұрыс деп есептеген немесе өздері қалаған секілмен жаздыру орайы бар екен. Бұл Қазақ Мемлекеттік Латын Әліпбиі ресми күшіне енуі қарсаңында бірбөлім жекеуәлік және төлқұжат есімдерінің әріпке байланысты өзгеруі, өзгертілуі мүмкін екендігін аңғартады. Ал, жоғарыда мысалға келтірілгендерінен басқа жағдайдағы жазылымдарын, мысалы жоғарыда түсіндірілгендегідей принципке саймайтын жағдайлардағы яғни наным_сенім, әдеп, ахлақ, ар_намыс, обал_сауап қатарлы рухи, рухани, имани өлшемдерімізге саймайтын басқа жағдайлардағы сөздерді уә оның жазылымдарын “H/h” дара әрпімен жазуға болады, мысалы тіліміздегі Араб тілінен енген ربخ сөзінен келген “хабар” қатарлы сөздерімізді әсіліндегі Араб дыбыстық парқымен дұрыс жазылуы бойынша “khabar” деп жазбастан, көнген дағдымыз бойынша “habar” деп жазуымызға болады, бейне осызаман Түрк тілжазуында да оны “H/h” дара әрпімен “haber” деп жазғанындай.

Жоғарыда пайымдалған KH/Kh/kh қос әрпінен басқа, TS/Ts/ts қос әрпі де қолданысы мәжбүри болатын осы түрдегі әріптер қатарында саналады. TS/Ts/ts қос әрпінің адам аттарындағы, сауда маркаларындағы қолданысы тіпті де солай болуы мүмкін. Жалпылай, осындай мағыналық парықтау қажеттілігі болған басқа барлық әріптер уә олардың қолданыстары да түгелімен осы қағидатқа бағынуы шарт.

Әріптік қолданысты осылай белгілеу арқылы яғни Латын әрпінің тұрған тұрқының өзінде мағына бейнелей алатын қабілетінен пайдалану арқылы, Латын әрпінің осы қабілеттік ерекшелігін Латын әліпбиімізде жалғастырып өнімді түрде пайдалану арқылы, әріптеріміздің, әліпбиіміздің, сөздеріміздің, тіпті нәтижесінде тілжазуымыздың бейнелеу әлеуеттілігін, мағыналық қабілетін, информация қамтымдығын, информация сыйымдылығы құнын (coefficient), информация сыйдырымдылығын барынша зор дәрежеде жоғарылатуымызға, жақсартуымызға, абзалдандыруымызға болады. Маңыздысы, осымен бір уақытта әріп жазылымы себебінен туындауы мүмкін болған сөз шатастығы, ұғым шатастығы мәселелерін өнімді түрде тежей аламыз. Бұған мысалға жоғарыда дәлелдеп өткен “КН/Кн/кн” қос әрпі уә “Н/н” дара әрпі жайындағы талдауымызды әрі бейне осы тақылеттес басқа мәселелерді ұқсас әдіспен шешім ету жолын айтуымызға болады. Бұл құлшыныс тілжазуымыз бен тіліміздің алпауыт тіл, алпауыт тілжазу болу жолына қарай қадам тастауындағы қажетті шарт болып табылады.

Сайып келгенде, қос әріптерді қолданысқа қабылдау тек әріп, әліпби, жазу мәселесі ғана емес, ол әріп, әліпби, жазу аясынан (категориясынан) алқып кеткен мәселе. Осы тұрғыдан ол таза ақылдық (логикалық) ұғым мәселесі, әрі идеялық таным мәселесі. Әсілінде қос әріптердің өзінде, өз табиғатында идеялогия мәселесі жоқ яғни қос әріптер идеялогиямен қатыссыз саф тілжазу мәселесі екені мәлім, алайда ол және оның қолданысы әдет күшінің зиянды ықпалына ұшыраған сәттен бастап біліп_білмей оған идеялогиялық рең сырланды. Әдет күшінің зиянды ықпалына ұшыраған осы идеялық таным мәселесі не үшін мемлекеттік Латын әліпбиіміздің алғашындағы қос әріптерді басты назарға алу майданынан (позициясынан) айнып, соңында дәйекшелі және түрлендірілген әріптік әліпбиге кері шегіну барысы себебін түсіндіріп бере алады.

Жинақтап айтқанда, біздің құлшына түсіндірмекші болып жатқан түйініміз, Қазақ Латын әліпбиін түзу ісінде қос әріптерден қорынбауымыз, қос әріптерді жатырқамауымыз, жатсынбауымыз және қақпайламауымыз керектігі хақындағы ақиқат. Бейне Ақпан нұсқасында қос әріптерді қайта кәдеге жаратқанымыздай, әліпбиіміздегі барлық түрлендірілген (және дәйекшелі) әріптерден саналы түрде бастартып, түрлендірілген әріптердің орнына қос әріптерді қабылдап, қос әріптердей ғылыми, дұрыс, үйлесімді, абзал, тиімді, сыйысымды (compatible), қолайлы, қолданылымды, біртұтас, халықарада бәріне бірдей ортақ стандартты, әрқандай қолданыстың бәріне бап, озық, алғабасар, ақылана әдісті Қазақ Латын әліпбиінің игілігіне жаратуымыз қажет.

Сондықтан, қос әріптерді әліпбиімізге еш күдіксіз, алаңсыз қабылдап, қос әріптерді түрлендірілген әріптердің орнына пайдаланып, кәдеге жаратайық әрі осылай таңдауымыздың дұрыстығына шүбасыз түрде кәміл сене білейік. Олайы, бейне дәлелдеп көрсеткеніміздей, тілжазулық ғылыми заңдылықтар біздің тілжазулық ұйғарым жасауымыздың негізі болуға тиіс, керісінше әріптердің қос әріптік сыртқы секілін ғана көзде ұстап, “қос әріптер күрделі, қос әріптерді қолдану қолайсыздық тудырады” деген сияқты кербақпалықты желеу еткен аңқау әрі жауапкерсіз бұрыс көзқарастар дұрыс жазу жүйемізді түзуімізге кесірін тигізуіне қарсы тұруымыз шарт.

КОС ӘРІПТІК ҚОЛДАНЫС ЖАЙЫНДАҒЫ КЕЙБІР ШҮБӘЛАНУШЫЛЫҚТАРҒА ӘРІ ШҮБӘЛАНУШЫЛДЫҚТЫ ЖЕЛЕУ ЕТІП ҚОС ӘРІПТЕРГЕ КӨЗСІЗДІКПЕН ҚАРСЫ ТҰРУ ҚАТЕ НЫСАЙЛАРЫНА ТОЙТАРЫС

Кезекте бірбөлім адамдар қос әріп уә қос әріптік қолданыстың жаңа емлелік құбылыстарына дөп келгенде, оны қалай шешім етуді білмей аңтарылып, ол аңтарылысы мен тосырқауын қос әріптерге уә қос әріптік қолданысқа артуда. Ісжүзінде, бұндай қылық мәселе емес нәрсені мәселе ғып далиту назданысы есептелмек. Олайы, ұлттық тілжазуымыз үшін ғылыми, дұрыс таңдау жасалған кезде, осы дұрыс әрі ғылыми таңдаудың мәндік сипатты абзалдылықтарын көрместен, оның қолданысы барысындағы сауаттық дәрежедегі жазылымдық ерекшелігін кемшілік етіп көрсетуге ұрыну бұрыстық пиғылы саналмақ.

Мәселен, сол жаңсақ пікірдегі адамдар “асхана” сөзінің Латыншамыздағы жазылуын мысалға келтіріп, қос әріптер уә олардың қолданысы жарамсыз деген аталмыш “дәйектерін” базарға салуда. Осындай пікірдегілерге қарата айтамыз екенкі, қос әріп уә оның қолданысы бір қатып қалған жалаң догма қағида емес, есесіне ол бір ғылыми, табиғи, еркін, толық, сыйысымды (compatible), сыйдырымды қолданыс әдісі. Қос әріптер уә олардың қолданысының түпкі мақсаты тілжазудағы біртұтас қолайлылық, оңайлық, дұрыстық әрі ғылымилық қажетін орындау. Сондықтан, қос әріп уә оның қолданысы нақты тілжазулық қолданыс барысында өзінің әуелгі қолданыс қағидатын сақтаумен бірлікте басқа тілжазулық заңдылықтардың да сақталуын, атқарылуын, орындалуын кепілдендіреді. Демек, бұдан шығар қорытынды, қос әріптер уә қос әріптік қолданыс ережесі басқа емлелік

ережелермен параллел орындалады. Бұл заңдылық қос әріптерімізден уә оның қолданысынан шүбәланудің негізсіз екендігін ұғындырады.

Қос әріптер уә олардың қолданысы нақты тілжазулық қолданыс барысында өзінің әуелгі қолданыс қағидатын сақтаумен бірлікте басқа тілжазулық заңдылықтардың да сақталуын, атқарылуын, орындалуын кепілдендірген. Осы емлелік қағидат бойынша, жоғарыда мысалға алған “асхана” сөзінің жазылуы Латын әліпбиімізде “as’hana” болады, яғни “s” дара әрпі мен “h” дара әріптерінің аралығына шекелік үтір белгісі жазылады. Бұл шекелік үтір белгісінің мағынасы өзі бөліп тұрған екі әріптің дәл осы қолданысының қос әріптік қолданыс емес екендігін дәйекту үшін дүр. Шекелік үтір белгісінің көптеген қолданыс орны және қолданыс мағынасы бар, мысалы грамматикалық, емлелік, дәйекшелік қолданысы деген сияқты. AS’HANA (As’hana; as’hana) сөзіндегі қолданылу секілі дәл осы емлелік қолданысы болып табылады.

Тобықтай түйіні, жоғарыда мысалдап көрсетілген AS’HANA (As’hana; as’hana) сөзі қатарлы сөздердегі қос әріптер және оларға шекелік үтір белгісін қою құбылысын сылтауратып, қос әріптерді уә қос әріптік қолданыс заңдылығын теріске шығару қылықтары қате нысай болып есептеледі. Сөздерде қажетті кезде қос әріптердің аралығына шекелік үтір белгісі яғни ‘ белгісі қойылады, бұл бүкілдей қалыпты емлелік қолданыс қағидасына тән құбылыс. Сөздерде, жазылымдарда қос әріп болуы мүмкін болған дара әріптердің аралығына шекелік үтір белгісі қойылу ережесі әріпке, әріптерге, сөзге, әрине онымен бірлікте қос әріптерге уә қос әріптік қолданыс заңдылығына ешқандай қажетсіз, артық, қате яки межеленбеген ықпал жасамайды. Есесіне, жазылым қажеттілігі үшін қос әріп ретінде қате дыбысталуы мүмкін болған әріптердің аралығына шекелік үтір белгісін қою арқылы парықтау ережесі қос әріптік қолданыс заңдылығының қалыпты қолданыс ережесі категориясы аумағына тән қалыпты қолданыс әдісі болып табылады. Сондықтан, қос әріптерден уә олардың қолданысынан шүбәлану ғылыми негізсіз артықша алаңаду саналады. Біз ондай шүбәланушылық пиғылдарының жарамды, озық, ғылыми, бәріне бап әліпбиге қол жеткізу ұлы ісімізге кесірін тигізуінен сақтанғанымыз абзал.

ҚОС ӘРІПТЕРДІ УӘ ҚОС ӘРІПТІК ҚОЛДАНЫСТЫ ИГІЛІККЕ ЖАРАТУ ОЗЫҚ ӘЛІПБИ ТҮЗУДІҢ ҚАЖЕТІ

Жоғарыдағы пайымдауларымызда қос әріп уә қос әріптік қолданыс әдісінің шын мәнінде бұрынды_соңды тарихи жазуларымыз жөнінен жат немесе тың ұғым емес екендігін тұрақтандырдық. Сондықтан, оны жатырқауымыздың, одан қорынып қашқалақтауымыздың, қақпайлап сыртқа тебуіміздің мүлдем қажеті жоқ. Есесіне, тарихи жазуларымызда тиімді ғылыми әдіс ретінде үзіліссіз ұдайы пайдаланылып келген әрі осызаман адамзат жазуындағы маңызды қолданыс әдісі болып отырған осынау өнімді амалды кезектегі Қазақ Латын әліпбиін түзу ісімізде міндетті түрде кәдеге жаратуымыз керек.

Қос әріптік қолданысты кәдеге жарату әліпбиімізде дәйекшелі (apostrophe) және түрлендірілген (diacritic) әріптерден құтылуымыздың бірденбір дұрыс ғылыми жолы. Тек қос әріптік қолданыс әдісі ғана әліпбиімізді түрлендірілген әріптерсіз, тек негіздік 26 дана Латын әріптерінен ғана құралған, қолданылымды, ғылыми әліпби болуына жол ашады. Қос әріптердің қай_қай Латындық әліпби жөнінен маңызды болатын себебі осы, қос әріптерді міндетті түрде қолданысқа қабылдаудың қажетті болатындығының себебі де осы. Мемлекеттік салауаттағы Қазақ тілінің қажетіне жарап, Қазақ тілі үшін сенімді әріптік, әліпбилік, жазулық уә жазылымдық қорған бола алатын бір ғылыми Қазақ Латын әліпбиін түзіп шығуды нақты нысана етіп құлшынып отырған Қазақ мемлекеттік Латын әліпбиін түзу ісі жөнінен осынау талап пен өлшем тіпті де маңызды, қажетті әрі міндетті.

ROLE AND VALUE OF THE DIGRAPHS IN THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET

Raian Nurmhammed (Astana, Kazakhstan)

О РОЛИ И ЗНАЧЕНИИ ДИГРАФОВ ПРИ ПЕРЕХОДЕ НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ

Нұрмұхаммед Райан (Қазақстан, г.Астана)

FEATURES OF SUBJECT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL)

Sh.S.Ospanova, S.E.Zhumabaeva, G.Zh.Mukazhanova

The rapidly developing modern world presents each person with difficult requirements: to adapt to numerous changes in the external environment, to realize their place in the world and cultural community, to realize the acquired knowledge and skills in everyday life. One of the most important roles in this process is assigned to the educational system. The main task of school is to form a complete system of knowledge and skills that will lead to students' independent activities and their personal responsibility. At the same time, the knowledge of a foreign language becomes one of the powerful tools for expanding knowledge and professional growth.

Any language is one of the most important means of communication, the key to the existence and progress of human society. The changes taking place in the modern world require improvement of communicative competences and careful language training of students. Only in this case they will be able to exchange thoughts in different life situations when communicating with other people, using the system of language norms and adequate communicative behavior. In other words, the main purpose of a foreign language is the formation of communicative competence, that is, the ability and willingness to carry out personal and cultural communication with others. Communicative competence is not an innate quality or personality trait. It is formed in a long process of communication. And the primary task of the teacher is to create a model of real communication, so that it causes children's natural desire and the need to interact with other participants in the situation and give confidence in themselves when communicating. Based on the personality-oriented approach of teaching and education of the younger generation, the teacher should strive to create a diverse educational environment that will allow children to fully demonstrate their abilities and skills.

Modern educational technologies used for the formation of foreign language communicative competence are very effective in terms of creating an educational environment that ensures the interaction of all participants in the educational process. When teaching a foreign language, the teacher has the right to use or independently adjust any modern technology in accordance with the functions, content of educational material, goals and objectives of training in a particular group of students. One of these technologies that I use in my lessons is subject-language integrated learning - CLIL (Content and Language Integrated Learning). The term CLIL was first coined by David Marsh in 1994. At first, this term referred to the process in which subjects or parts of them were taught in a foreign language. To achieve the ultimate goals of the educational process was set a two-pronged goal: the study of the subject and the simultaneous study of a foreign language. Marsh has been conducting his research for several years and by 2001 had developed a methodology for language integration and described it as follows: CLIL considers learning a foreign language as a tool for learning other subjects. The technique forms the student's need for learning, and this, in turn, allows him to rethink and develop their abilities, including their native language [1].

Modern educational methodologies give this technique the following definition: it is a didactic technique that allows students to form linguistic and communicative competence in a foreign language in the same educational context in which they have the formation and development of General educational knowledge and skills. When planning training sessions based on this technique, it is necessary to take into account its mandatory components, the so-called «4 C»: «content» (content), «communication» (communication), «cognition» (thinking ability), «culture» (knowledge of cultural studies) [2]. The following characteristics focus on each component in detail. «Content» - content. The teacher should stimulate the process of mastering new knowledge and skills in the studied subject. «Communication» - communication. This stage should encourage children to make full use of the means of learning a foreign language to acquire new knowledge and skills. «Cognition» - thinking. The teacher strives to develop students' mental abilities to better understanding the language and the subject. To achieve this goal, contribute to the task of developing analytical and critical thinking, tasks and exercises on the comparison, guess, finding the main, etc. «Culture» - knowledge of cultural studies.

Understanding the characteristics, similarities and differences of modern world cultures will help students to quickly adapt to the cultural space, understand their native culture and strive to preserve

and develop it. In addition, when planning educational material on the basis of CLIL methodology, it is important for the teacher to take into account the age of students, their level of foreign language proficiency, readiness to perceive educational material in a foreign language. The method of cross-subject language integration is based on five basic principles that should be taken into account when applying it. These aspects [3] are:

1. Cultural
2. Social
3. Lingual
4. Subject
5. Training.

When preparing lessons in the format of the described technique, it is necessary to remember that special requirements are imposed on the educational material and tasks, different from those that the teacher is guided by when planning traditional lessons. The teacher faces a number of challenges:

- 1) the material on the subject in terms of complexity should be slightly inferior to the level of knowledge of students in this subject in their native language;
- 2) tasks should reflect the characteristics of the language, to work out the ability to use certain linguistic forms;
- 3) texts should be carefully chosen according to the theme and actual level of knowledge of students;
- 4) tasks should match the theme and contain a sufficient understanding and assimilation of information.

The application of this technique in practice revealed positive sides. One of the advantages of this is the increase of motivation to learn English by students. Language learning takes a more focused form, as the language is used to solve specific problems of communication. Often, children are limited in obtaining specific information by the program material of the textbook, which offers a standard and very limited set of topics for communication: «Sport», «My day», «My favorite subject», etc.

The method of content and language integration allows teachers to move away from the standard presentation of the material and get more extensive knowledge that will undoubtedly be useful for the future of professional and everyday communication. Students have the opportunity to show not only their linguistic abilities, but also knowledge in various spheres of life: medicine, art, business, etc. In addition to the development of linguistic skills, students have the opportunity to learn and understand the culture of other people, and it develops and forms their socio-cultural competence. Students have to work with a fairly large amount of language material, that is, to experience immersion in the language environment. In addition, in the study of certain topics students have to memorize terms and speech clichés, and it expands their vocabulary and prepares for the future study and application of the knowledge gained in the acquisition of the chosen profession.

In conclusion, it is obvious that this technique is an extraordinary approach of teaching foreign languages, which allows to solve many problems of the educational process. With proper consideration of all factors, the application of the method of subject-language integration will:

- significantly increase the motivation of students to learn foreign languages;
- teach students to consciously and freely use a foreign language in everyday communication;
- expand the horizons of students' knowledge and their acceptance of other cultures and values;
- prepare students to continue their education in the chosen specialty;
- develop and improve linguistic and communicative competence through the study of a foreign language.

References:

1. https://en.wikipedia.org/wiki/Content_and_language_integrated_learning
2. Coyle D. Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers. [electronic resource]. Access mode: <http://bloccs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>
3. Лалетина Т.А. Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении иностранному языку. [electronic resource]. Access mode: http://conf.sfukras.ru/uploads/3_Laletina%20T%5B1%5D.A.pdf
Laletina T.A. Integrated approach and the use of subject-language integration in teaching a foreign language. [electronic resource]. Access mode: http://conf.sfukras.ru/uploads/3_Laletina%20T%5B1%5D.A.pdf

ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (CLIL) ОСОБЕННОСТИ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (CLIL)

Аннотация. Мақала пән мен тілді кіріктіріп оқытудың негізгі ұғымдары мен принциптеріне арналған (CLIL). Пәнді тіл арқылы және тілді пәннің мазмұны арқылы үйретуге бағытталған әдістеменің маңыздылығы ұсынылған. Жоғарыда айтылған әдістеменің басымдылықтары көрсетілген.

Түйін сөздер: пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL), шетел тілі, интеграция, әдіснама.

Аннотация. В статье описаны принципы и ключевые понятия предметно-языкового интегрированного обучения (CLIL). Раскрыты преимущества использования методики CLIL, так как данная методика направлена на изучение предмета через язык и изучение языка через содержание предмета.

Ключевые слова: предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL), иностранный язык, интеграция, методология.

Abstract. The article is devoted to the principles and key concepts of Content and language integrated learning (CLIL). It presents importance of the method, aimed at the study of the subject through the language and the language learning through the content of the subject. It shows benefits of this method.

Key words: content and language integrated learning (CLIL), a foreign language, integration, methodology.

Оспанова Шолпан Самыратқызы – Ж.Мусин атындағы қазақ жоғарғы педагогикалық колледжінің шетел тілдері кафедрасының оқытушысы (Қазақстан, Көкшетау қ.). E-mail: sholpan.ospanova.1994@mail.ru

Жұмабаева Сара Еркінқызы – биология ғылымдарының кандидаты, биология кафедрасының доценті, Ш.У.алиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіні (Қазақстан, Көкшетау қ.). E-mail: zhumabaeva@mail.ru

Қазіргі уақытта мұғалімнің жақсы шәкірт тәрбиелеп оқытуына бар жағдай үкімет тарапынан жасалып отыр. Ұстаздың мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын және өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Мектептерде көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер даярлау қажет. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі. Ең алдымен, шәкірттеріміздің патриоттық сезімдерін нығайтуымыз керек.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» Заңының 5-бабында: «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс», – деп көрсетілген [2].

Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Бүгінгі күні жалпы білім беру жүйесіне енгізіліп отырған жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша кең ауқымды дағдыларды дамытуға басымдықтар берілген. Дағдыларды дамыту барысында

оқушылардың бойында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады;
- Сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды ;
- Оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыланады;
- Оқушылар жеке және топпен жұмыс істеуге үйренеді;
- Оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттері жетіледі.

Оқушылардың шығармашылық дербестігі, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі өзінен-өзі пайда болмайды. Ол мақсаты оқу қызметінің нәтижесі және ол практикалық шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде қалыптасады. Белсендірудің қандай да бір тәсілі мен әдісін пайдалануда оқушының қабілет дәрежесін ескеру керек. Оқушының шығармашылық дербестігі мен өз бетінше жұмыстануын қалыптастыру үшін мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажет.

Бұл мәселеге мынадай педагогикалық талаптар қойылады:

- оқытуда әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданып, сабақты тартымды өткізу;
- шығармашылық тапсырмалар беру, тапсырмалардың әртүрлі деңгейде болуы;
- кезекті берілген тапсырма бұрын берілген тапсырмамен байланысты болуы;
- тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге өзгеруі;
- оқушының жеке қабілетін ашатындай шығармашылық дербестігін дамытатындай дәрежеде болуы керек.

Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Тілдік пәндерді оқу барысында оқушылар әр ұлт пен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен танысып, әр тілдің ұлттық нормаларының көптүрлілігіне, оларды бағалауға немесе салыстыруға болмайтынына көз жеткізеді және тілдерге тән бұл ерекшеліктерге түсіністікпен қарай отырып, әр азамат өз бойында басқа ұлттарға деген құрметтеушілік сезімді қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді.

Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін оқытуда қазақ-ағылшын тілі және қазақ-орыс тілі екітілділік элементтерін біртіндеп енгізу жоспарлануда. Көптілді білімнің дамуына байланысты қазақ-орыс-ағылшын тілді ортаны кеңейту қажеттілігі туындайды.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» - деп тіл жайында терең толғанған екен кезінде.

Көп тілді меңгерген адам өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық. Бүгінгі таңда елімізде «көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте көптілділік сирек болып келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сондықтан қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі.

«Үш тұғырлылық» жобасы аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Бұл жобаның еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына қосылуға үлкен мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сонымен бірге осы ретте халықтың біраз бөлігі еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі екендігін білу шарт. Көптілділік деп жүргенде өз тілімізді соның бірі ретінде қолданып қалмаймыз ба деген ой туындауы әбден мүмкін. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан- жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде

халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. [4].

Бұл мәселе бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы бізді қуантады. Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін араласуына жол ашатын, әлемнің түрлі ғылыми құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінде тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемнің ілгері тәжірибелерінен хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта қазіргі уақытта балабақшалар, мектептер өз үлесін қосуда.

Көптілділікті меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі. Әлем ұстаздарының ұстазы, ғұламалардың ұлысы Әбу-Нәсір Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білген деген ақпарат бар, жастайынан білім мен ғылым іздеген, шығыстанушы, этнограф, саяхатшы, ғалым Шоқан Уалихановтың өзі бірнеше тіл білген.

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің 43- қара сөзінде «Бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шыңдауды қажет етеді, сонда ғана олар пайдаға асады. Ал назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болады» -деген қанатты сөзін жадымазда ұстанғанымыз абзал. Осы орайда, көптілділіктің де жаңа мәселе екендігін, сондықтан да қалай жасау керектігін, енгізу жолдарын ойлануды, шешім қабылдауды, нәтижесінің қаншалықты тиімді боларын таразылауымыз қажет. Антон Павлович Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген сөзі шын мәнінде қазіргі заманда көптілділіктің маңыздылығын айқындай түскендей.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше, жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз[5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2006. – 73–77-б.
2. ҚР «Қазақстан Республикасының тіл туралы заңы» Заңы: Ресми бас. ҚР Заңы 06.01.2011ж. №378-IV. – [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://kapshagay.gov.kz.news>.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» // Егемен Қазақстан. – 2007. – № 55. – 11–13-б.
4. Бұзайбақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. – Алматы: Білім, 2009. – 189, 190-б.
5. Солташұлы Ы. Заман талабы – көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша 2012 ж. №11. 14-15 б.

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ – КРИТЕРИИ КАЧЕСТВЕННОГО ОБУЧЕНИЯ

EFFECTIVE WAYS OF TEACHING LANGUAGES IN CONDITIONS OF POLYLINGUAL EDUCATION IS THE CRITERION OF QUALITY TEACHING

Аннотация. Мақалада тіл үйрену маңыздылығы және осы мәселеге қатысты ғалымдардың ой-тұжырымдары берілген. Тіл үйрету әдістемесін дамытудағы педагогикалық талаптар ұсынылып, тиімді тәсілдерді қолданудың маңыздылығы қарастырылған.

Түйін сөздер: көптілділік, үштілділік, саясат, сенім, құндылық, сапалы оқыту, белсенді әдіс, ұлттық мәдениет, оқыту маңыздылығы, даму.

Аннотация. В статье представлен обзор важности изучения языка и идей ученых по этому вопросу. Представлены педагогические требования к разработке методологии преподавания языка и дана важность использования эффективных подходов.

Ключевые слова: полиязычие, политика трехязычия, убеждение, ценность, качество обучения, активный метод, национальная культура, значимость преподавания, принцип, развитие.

Abstract. The article presents an overview of the importance of studying the language and the ideas of scientists on this issue. Pedagogical requirements for the development of the methodology of language teaching are presented and the importance of using effective approaches is given.

Key words: multilingualism, trilingual politics, conviction, value, quality of teaching, active method, national culture, the importance of teaching, principle, development.

Шораева Ұлбала Бахытжанқызы – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы (Шымкент қ., Қазақстан). E-mail: shoraeva1970@mail.ru

Тасболатова Ұлжан Бұхарбекқызы – Сарыағаш ауданының № 97 «Көгертү» бастауыш мектебінің мұғалімі (Түркістан облысы, Қазақстан).

Шораева Улбала Бахытжановна – старший преподаватель ИПК педагогических работников по Туркестанской области и г. Шымкенту НЦПК «Өрлеу» (Казakhstan, г.Шымкент). E-mail: shoraeva1970@mail.ru

Тасболатова Улжан Бұхарбековна – учитель начальной школы № 97 «Көгертү» Сарыағашского района (Казakhstan, Туркестанская область).

Ulbala Shoraeva – senior lecturer at JSC National center for professional development “Orleu” Institute for professional development of Turkestan region and Shymkent (Shymkent, Kazakhstan). E-mail: shoraeva1970@mail.ru

U.B. Tasbolatova – primary school teacher at Kogertu secondary school No. 97 of Saryagash district (Turkestan region, Kazakhstan)

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТЫ ПАЙДАЛАНУ – БІЛІМ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ҚҰРАЛЫ

Д.Қ. Абдимоминова

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажеттігін айтып өткен болатын.

Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, on-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру басты міндетіміз болмақ.

Білім беруде интернет-ресурстары өте жиі қолданылады. Тіпті интернетті ақпарат көзі ретінде оқушылар мен студенттер де қолданады. Интернет-ресурстардың көп бөлігі мектеп бағдарламасы мен студенттердің қосымша білім алуына қажетті ақпараттармен көптеп қамтылған. Жыл санап интернетте әртүрлі оқу орындарының білім беру ресурстарының сайттары көптеген саны шыға бастады. Сол оқу орнының білім беру сайтына тіркеліп онлайн түрде дәріс алып, білімін жетілдіру мүмкіншіліктері бар. Қазіргі кезде студент үшін интернет-ресурстары керекті мәліметті іздеп, кітапханада таба алмаған кітаптарды сандық тұрғыда оқи алады. Мысалы, <http://ikitar.kz/> - Қазақстанның ашық кітапханасы, бүгінгі күнде қазақстандық және әлем авторларының 4 мыңнан артық шығармалары жиналған. Бұл дегеніміз әртүрлі оқу пәндері бойынша кеңейтілген ақпаратты толықтырып керекті әдебиеттерді оқып және жазып алу мүмкіндіктерін кеңейтеді деген сөз. Сонымен қатар студенттердің білімі мен мамандық саласы бойынша біліктіліктерін көтеретін білім беру сайттары баршылық. Тек, сол мүмкіндіктерді студенттер тиімді пайдалана алуы тиіс. Осы орайда оқытушылар қауымы жағынан бағыт-бағдар беріліп отырылса ол да болса студентке деген үлкен көмек болмақ. Интернет тек қана ақпарат беруші көз ғана емес, сондай-ақ интернетте қашықтан білім беру жүйелері де берілген. Осындай интернет-ресурстарының арқасында көптеген адамдар оқу орнына бармай-ақ, қашықтан оқу мүмкіндігін алды. Олар басқа қалаларда, тіпті басқа мемлекетте өмір сүріп жатса да, осындай интернет-ресурстар көмегімен білім ала алады, өйткені ауқымды компьютерлік желінің мүмкіндіктері шексіз [1].

Қазіргі таңда студенттерді тек қана компьютерге және сан алуан оқу бағдарламаларына ғана емес, интернет арқылы басқа да пайдаланушылардың қарым-қатынасында болуы. Оған себеп технологиялық жетістіктер ғана емес, сонымен қатар педагогика мен методикадағы жаңа әдіс-тәсілдер.

Дидактикалық тұрғыдан интернет екі негізгі компонентті енгізеді:

1. Телекоммуникациялық пішіндер (Интернет-технологияларға қатысты, электрондық хат алмасулар, чат, жиындар, ICQ, веб конференциялар)

2. Ақпараттық ресурстар;

Телекоммуникациялық ресурстардан оқуға арналған интернет-ресурстардың айырмашылығы тек қана оқыту мақсатына арналған. Олар әртүрлі пәндерде құрастырылған, сонымен қатар шетел тілінде де.

Ғаламдық желіде әр түрлі ақпаратты таба аласыз. Интернетте ұсынылған пікірлердің әртүрлілігін оң фактор ретінде қарастырған жөн. Бірақ интернеттегі кез-келген ақпаратты еркін орналастыру мүмкіндігі ақпараттың сапасына күмән тудырады. Ақпарат құзерттілік талапқа сай емес, кәсіби емес, редакциялық болуы мүмкін. Бұл айтарлықтай бұрмалануы мүмкін, әсіресе егер оны құрудың мақсаты біреуді бір нәрсеге сендіру, қандай да бір нәрсені сатуға немесе көзқарасын өзгертуге қажет болса. Тиісті ақпаратты пайдалану үшін, ақпараттың сапасы пайдаланушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетініне сенімді болуыңыз керек.

90-шы жылдардың соңынан батыс университеттерінің көпшілігінде ғылыми ақпарат қызметі бар, оған сәйкес білікті кітапханашылар, библиографтар мен мамандар ақпарат сапасын бағалауда қолданылатын критерийлер әзірлейді және оларды қолдану бойынша ұсыныстар береді.

Ғылыми жұмыс, мақалалар, ғылыми немесе тәжірибелік нұсқаулар, сондай-ақ түпнұсқа немесе қайта қаралған нысандарда оқу материалдары, оқу басылымдарының иллюстрациялары және

т.б. болып табылатын ресурстарды бағалауда әртүрлі критерийлер пайдаланылады және сол критерийлер әр түрлі салмаққа ие [2].

Интернет - бұл ақпараттық ресурстардың өсіп келе жатқан санының кең желісі, оның ерекшелігі - пайдаланушыларға материалдарды өз бетімен бағалау және таңдау қажеттілігі. Интернеттегі ақпараттық кеңістіктің бірқатар заңдылықтары мен сапалық сипаттамалары пайдаланушыларға іздеу сұрауын және іздеу техникасын саналы және дұрыс қалыптастыру дағдыларын игеру қажеттілігіне дейін азаяды. Тиімді іздеуде, бірінші кезекте, «сапалы» ақпараттың бірқатар параметрлері үшін маңызды. Әртүрлі пәндерді оқытуда білім беру мақсаттарында қолданылатын интернет-ресурстары өз ерекшеліктеріне ие [3].

Ақпараттың сапасы, яғни мазмұны, шешуші рөл атқарады, бірақ, біздің ойымызша, бұл ақпараттың сапасы, ол студенттер үшін қосымша ынталандыру болуы мүмкін.

Біріншіден, сапалы ақпарат материалдарға қызығушылық тудыруы мүмкін. Мұндай ақпарат студенттердің көкжиегін кеңейтіп, барлық салаларда мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, әртүрлі салаларда мамандарды даярлау кезінде, шет тіліндегі мамандық бойынша сапалы ақпарат студенттерге тіл үйренуге мотивация ретінде қызмет етуі мүмкін.

Үшіншіден, «ақпараттың объективтілігі» деген осындай сапа өлшемі бойынша төмен көрсеткіштер білім беру үрдісіндегі оқытудың тәрбиелік мақсаттарын жоққа шығаруы мүмкін.

Интернет ресурстарын бағалау критерийлерінің барлық түрлерімен олардың сапасы үш негізгі бағытта бағаланады: 1) мазмұнды бағалау; 2) пайдаланушылардың контент пен портал қызметтерімен өзара әрекеттесуін бағалау; 3) ақпараттық архитектураны бағалау. Мұндай бағалау үшін ақпараттық ресурстардың сапалық және сандық сипаттамалары зерттеледі, әсіресе екінші және үшінші бағыттарда.

Оқу материалдарын таңдаудың бастапқы кезеңінде ресурстың мазмұнын (негізгі түйін сөзден аннотацияға дейін), ресурстың мақсатты аудиториясын, бейне экологиясын (қаріп өлшемі мен түсі, фоны және олардың пайдаланушының көзіне әсері) және т.б.

Ақпараттың сапасы үшін бірінші және ең маңызды критерий – оның авторы болып табылатын және оны жариялайтын анықтамасы.

Пайдаланушы ақпаратқа деген сенімділікке ие болады, егер: авторы өз саласында немесе сол салада танымал сарапшы болса; ресурс оқырманға немесе тиісті салада беделді ұйымдардың ресми сайттарына сенім артатын интернет-құжаттарға гиперсілтемелерді; құжат автор туралы, соның ішінде автордың лауазымы, жұмыс орны, мекеменің мекен-жайы, тіркеу туралы ақпарат (мекеме туралы) және т.б. туралы өмірбаяндық ақпаратты қамтиды; өмірбаяндық ақпарат осы бетке немесе сайтқа гиперсілтеме арқылы жіберілген ресми сайттарда қамтылған; өмірбаяндық ақпарат автордың беделін растайды; бастапқы бет немесе сайт пошта немесе электрондық пошта мекенжайы қамтылса.

Студенттердің оқу үрдісіне деген қызығушылығын жоғарылату барысында тиісінше, оқытудың тиімділігі таңдалған ресурстың дизайны мен мәнерлігіне назар аудару керек. Бұл оқытудың біртұтастығын жеңуге көмектеседі.

Сонымен қатар, дәстүрлі емес білім беру материалдарына қызығушылық танытқан студенттердің мультимедиа немесе желілік ресурстар арқылы шексіз ұзақ уақыт бойы назарын аудару мүмкін емес екенін ұмытпау керек. Студенттер жарқын, ақпараттарға бай материалдардан тез шаршайды.

Зерттеу барысында интернет-ресурстарды өте мұқият ұйымдастырып, оларды дәстүрлі жұмыс түрлерімен ауыстыруға тура келеді. Ақпараттың сапасына қосымша ресурстарды табуға және пайдалануға қаншалықты жеңіл екендігі маңызды. Студенттерге тапсырма беру және бағдарламаны меңгеру уақыты ресурстың және көрсетілген бағдарламаның көмегімен жалпы оқу уақытына қатысты болуы керек.

Егер ресурстың құны жақсы болса және оның техникалық дамуы айтарлықтай уақытты қажет етсе, онда пайдаланудың бірнеше нұсқасы бар. Біріншіден, материалды сабақтан тыс уақытта пайдалануға болады сонымен қатар оны қалай пайдалану туралы егжей-тегжейлі және нақты техникалық нұсқаулармен қамтамасыз етілген болса. Екіншіден, материал техникалық қиындықтарды азайту арқылы материалдарды қол жетімді етіп жасауға болады.

Мысалы, оқытушы материалды күрделі іздестіруді техникалық тұрғыда өзіне алуға болады. Ал, аудиторияда материалдарды атап айтқанда көшірілген түрде немесе оқытушының компьютерінен көрсетілуі мүмкін.

Сонымен қорыта келгенде, ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту

үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану оқытушының жеке тәрбиесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. Интерактивті құралдар мен интернет ресурстарын орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Раицкая Л.К. Интернет-ресурсы в преподавании английского языка высшей школе: классификация, критерии оценки, методика использования: Монография. – М.: МГИМО-Университет, 2007.

2. Яковлев А.И. Информационно-коммуникационные технологии в дистанционном обучении: Докл. на круглом столе «ИКТ в дистанционном образовании». - М.: МИА, 1999.- 148 с.

3. zkoipk.kz, ғаламтор сайттары.

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ – СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

THE USE OF INTERNET RESOURCES AS A MEANS OF IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION

Аннотация. Мақалада кәсіптік білім берудегі инновациялық оқыту технологиясы ретінде интернет-ресурстарды біріктіру мәселелері қарастырылған. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жағдайында студенттерді оқытуды белсендендіріп, олардың кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық орта білім беру бағдарламасының тәжірибеге бағдарланған үлгісіне бағытталған.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беру үдерістері, кәсіби білім, кәсіби даму, ақпараттық орта.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы интеграции интернет-ресурсов как инновационной обучающей технологии в профессиональном образовании. Информационно-коммуникационные технологии в условиях глобальной компетентности активизируют обучение студентов, обеспечивая их профессиональное развитие.

Информационная среда направлена на практикоориентированную модель образовательной программы.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, образовательные процессы, профессиональное образование, профессиональное развитие, информационная среда.

Abstract. The problems of the integration of Internet resources as an innovative learning technology in professional education are being studied. The global competence society, information and communication technologies in educational processes stimulate the training of students and their professional development. The information environment develops a practice-oriented model of the educational program.

Keywords: information and communication technologies, educational processes, professional education, professional development, information environment

Абдимоминова Дилдаш Каппарқызы – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ. abdildil@mail.ru

Абдимоминова Дилдаш Каппаровна - Костанайский государственный педагогический университет, г. Костанай abdildil@mail.ru

Dildash Abdimominova – senior lecturer at Kostanay state pedagogical University, master (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: abdildil@mail.ru

БЕЛСЕНДІ ОҚУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

А.Ш. Аманбаева, Г.Е. Нурғалиева

Оқушылар қазақ тілі пәнін оқу арқылы қоғамға араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытады. Оқушылар еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әр түрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқи алады. Оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөлісе алады. Осы тұрғыдан алғанда оқылым дағдысының алар орны ерекше.

Оқылым – қабылдауға байланысты дағдының түріне жатады. Оқылым дағдысына мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі ақпаратты іріктеп оқу, болжап оқу, әр түрлі ресурс көздерінен ақпараттарды алып оқу жатады.

Оқылымның бірнеше стратегиялары бар. Олар болжап оқу, автордың идеясын тауып оқу, қорытынды жасай отырып оқу, мазмұнын түсініп оқу т.б [1.5]. Әр оқушы оқылым стратегиясын мақсатқа сай қолдана алады. Мәселен, адамдар көшеден немесе дүкеннен кітап, газет-журнал сатып алар болса оның барлық бетін ақтарып оқып жатпастан, мұқабасына назар аударады. Мұқабасындағы суретке немесе жазуларға қарап, журналдың мазмұнын болжайды. Мұндай жағдайда шолып оқу, болжап оқу стратегиялары жүзеге асады. Сонымен қатар, күнделікті қолданатын кез-келген тұрмыстық заттардың нұсқаулықтарын оқу (дәрі-дәрмекті қолдану нұсқаулығы, тағамдардың жарамдылық мерзімі, құрамы туралы т.б) оқылым дағдысы болып табылады.

Оқылым дағдысын дамытуға бағытталған сабақтың құрылымы оқылым алды, оқылым, оқылымнан кейінгі тапсырмалардан тұрады.

- Оқылым алдындағы тапсырма: мәтінде кездесетін сөздерді үйрету, мәтінге дайындау, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

- Оқылым тапсырмасы: оқылым стратегияларын қолдану арқылы дайындалған тапсырмалар. Олар жалпы мазмұнды түсінуден, нақты ақпаратты табуға қарай бағытталады.

- Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары [1.6]. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Оқылымнан кейінгі тапсырманы құрастыру кезінде «Автордан сұраңыз» әдісін қолдануға болады. Оқушылар мәтінді оқу барысында авторға қойғысы келген 2 немесе 3 сұрақ құрастырады. Сұрақтар мәтінге қатысты және оның мазмұнын ашатындай болуы қажет. Сұрақтар дайын болған кезде сыныптың бір оқушысы автор рөліне белгіленеді. Қалғандары оған мәтін авторы ретінде сұрақтарын қояды. Сұрақ қою барысында автор рөлін басқа оқушылармен алмастырып отырған жөн [2.14].

«Төрт ресурс» әдісі бойынша жұмыс жасау кезінде оқушылар мәтінмен жеке жұмыс жасай алады, мәтіннен алған білімін өз бетінше бағалай алады, мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі болады, сыни ойлауы дамиды [2.28].

«Төрт ресурс» әдісі бойынша толтырылатын кесте

Кодтай білу	Қолдана білу
Мен қалай мәтіннің шырғауын шешемін? <ul style="list-style-type: none">• Мәтінді қалай түсінемін?• Неден басталады?• Неге негізделген?• Қандай құралдар және құралдар комбинациясын қолданады?	Мен мәтінді қалай қолданамын? <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің мақсаты мазмұнына үйлесе ме?• Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана аламын?• Басқалар мұнан не алады?• Менің мүмкіндігім қандай?
Түсіне білу	Бағалай білу

<p>Мәтінге қалай қатысамын?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің идеялары өзара қалай байланысқан? • Мәтінде қандай тарихи дәлел қолданылған? • Мәтіннің мәні қандай және басқаша қалай түсіндіруге болады? 	<p>Мен сыни сауатты оқырман ретінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кімнің ұстанымы, пікірі мен мүддесі қозғалған? • Кімнің пікірі айтылмаған немесе жоқ? • Қандай пікір айтылған? • Менің пікірім басқалардың пікірімен сәйкес келе ме?
---	--

«Оқырман конференциясы» әдісі бойынша жұмысты жүзеге асыру қадамдары төмендегідей:

- Бұл әдіс әдейі дайындықты қажет етеді;
- Топ мүшелері мазмұны бірдей мәтінмен жұмыс жасайды;
- Олар мәтін бойынша жеке тапсырма алады;
- Сессия кезінде мәтіннің мазмұнын жұппен талқылайды;
- Мәтіннің тақырыбы бойынша топпен сұрақтар құрастырады;
- Олар әр түрлі дереккөздерден мәтінге қосымша мәліметтер іздейді;
- Сонан соң аудиторияда топпен дайындаған тақырып бойынша қалай хабарлама жасайтындарын келісіп алады;
 - Бақылау, зерттеу жүргізу нәтижесін баяндайды;
 - Мұғалім конференцияда өзара бөлінген тапсырмаларды хабарлауға уақыт белгілейді (5-10 минут);
 - Конференция соңында бағалауға байланысты кері байланыс ауызша немесе жазбаша түрде жүргізіледі [2.27].

Топ	Мәтіннің тақырыбы	
№1	Мәтіннің қысқаша мазмұны	
	Мәтін тақырыбы бойынша сұрақтар	
	Мәтінге қосымша мәліметтер	
	Хабарлама түрі	

Белгілі халықаралық зерттеулер (PISA, TIMSS, PIRLS) оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін тексерумен айналысатыны белгілі. Соның ішінде оқу сауаттылығына да ерекше назар аударылған.

Функционалдық оқу – тапсырманың шешімін табу немесе орындау мақсатында ақпаратты іздеу үшін оқу. Функционалдық оқу кезінде шолып оқу (сканерлеу) және аналитикалық оқу (кілт сөздерді анықтау, цитаталар таңдау, схема, график, таблицалар құру) тәсілдері қолданылады [3.4].

Оқушылардың оқу сауаттылығы мектеп қабырғасында қалыптасады. Сол себепті мектеп оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретуі керек. Мұғалім сабақта күнделікті өмірдегі маңызды мәселерді шешуге бағыттауы тиіс. Сол себепті де, сабақта пайдалануға таңдалатын материалдар да шынайы өмірден болғаны дұрыс.

7 – сыныпқа арналған «Ғаламдық экология мәселелері » тақырыбы бойынша берілген мәтінмен жұмыс жасау кезінде оқылым алды тапсырма ретінде оқушыларға сөздікті сәйкестендіру ұсынылады.

Қазақша	Орысша
Ғаламдық экология	Истощение озонового слоя
Қауіпті мәселелер	Загрязнение воды
Озон қабатының жұқаруы	Аварийная зона
Судың ластануы	Глобальная экология
Мұнай қалдықтары	Гибель тюленей
Итбалықтардың қырылуы	опасные проблемы
Апатты аймақ	Остатки нефти

Оқылым кезіндегі тапсырма ретінде «Плюс-минус-сұрақ» кестесін пайдалануға болады. Ғаламдық экология мәселелерін талдау нәтижесінде кестені толтырады.

«+»	«-»	«?»
Экология мәселесін шешуде барлық мемлекеттердің бірігуі	Табиғи экожүйенің бүлінуі	Итбалықтар неліктен қырылуда?
БҰҰ-ның экологияны қорғауға қатысуы	Озон қабатының жұқаруы	Экология мәселесін қалай шешуге болады?
Арнайы сүзгілер орнату	Атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы	Арал қалай апатты аймаққа айналды?
Экологияны қалпына келтіруге назар аударылуы.	Тіршілік көзінің жойылуы	
	Теңіз суының тартылуы	

Кестені толтыру сабақтың мағынаны ашу бөлімінде жаңа ақпаратпен жұмыс жасауға да көмектеседі. Оқушылар мәтінді оқу немесе дәрісті тыңдау барысында жаңа ақпаратты кестенің сәйкес бағандарына енгізеді:

П «+» - құбылыстың жағымды жақтары;

М «-» - құбылыстың жағымсыз жақтары;

Қ – қызықтырған ақпарат немесе оқу барысында туындаған сұрақтар.

Тараздың бойтұмары мәтіні бойынша жазу

Бұл әдісті қолдану оқушыға ақпаратты белсенді қабылдаумен қатар оны жүйелеуге және бағалауға мүмкіндік береді. Ақпаратты ұйымдастырудың бұл түрі даулы мәселелер бойынша пікірталас, талқылау жүргізуге негіз бола алады.

Оқылған мәтіннің белгілі бір сюжеті болатын болса, «Сюжеттік кестені» қолданған тиімді. Бұл тәсілді көркем шығарманы оқу кезінде пайдаланған дұрыс. «Сюжетті кестені» оқылымнан кейінгі тапсырма ретінде берген дұрыс.

Мәселен, 9-сыныпта «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры тақырыбын оқытқанда осы әдісті пайдалану тиімді болды.

Оқушылар көркем шығарманы оқи отырып, төмендегідей сюжеттік кестені толтырды:

Оқиғаның орны мен уақыты (Қашан? Қайда?)	Кейіпкерлері (Кім?)	Оқиға (не болды?)	Мәселе (байланысқа түсу, бұл оқиғаға не ықпал етті?)	Жасалған әрекеттердің немесе оқиғаның салдары (шешімі)
18-19ғасыр Сарыбай мен Қарабай ауылында Шығыс Қазақстан	Сарыбай Қарабай Қозы Көрпеш Баян сұлу Қодар Айбас Ай мен Таңсық	1. Құда боламыз деп уәделеседі. 2.Сарыбай мен Қарабай маралды атуы; 3.Сарыбайдың ұлды болуы; 4.Қарабайдың көшіп кетуі; 5.Ноғайлы бегінің келуі, «Қодар құлға» айналуы; 6.Қозының шындықты біліп, Баянды іздеп келуі; 7.Қозы мен Баянның өлімі.	1. Біріміз ұлды, біріміз қызды болсақ, құда боламыз деп уәделеседі. 2.Сарыбай буаз маралды атқандықтан, қаза болады. 3. «Жетім ұлға қызымды бермеймін» деп Қарабай көшіп кетеді.	«Пайда ойлама, ар ойла» деген ойдың растығына көз жеткізуге болады. Себебі буаз маралды атып, пайда таппай, ақыр аяғында өзінің басы қатерге тап болды. Қодар залымдық жасаймын деп, өзі де соның құрбаны болады. Сондықтан ешқашан жамандық жасамау керек.

Оқылым стратегияларын меңгеру арқылы оқушылар ақпаратты толық түсінуге, оны қолдануға, мәтіннен маңызды ақпаратты іріктеуге дағдыланады.

Төменде ұсынылған оқылым тапсырмасын орындау арқылы оқушылар:

- мақсатты түрде ақпаратты іздеу және іріктеуге;

- негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға;
- ақпаратты қысқа формада ұсынуға дағдыланады.

Қорыта айтқанда, тіл үйрету сабақтарында оқылым тапсырмаларын дайындауда белсенді оқу әдістерін қолдану, біріншіден, өмірге қажетті стратегияларды меңгертуді көздейді. Екіншіден, білім алуды жеңілдетеді, оңтайлы әдістерін ұсынады. Оқушы білімін нақты бағалауға мүмкіндік береді. Сабақтардың әралуандылығын қамтамасыз етеді. Тапсырмалардың бірыңғай болуының алдын алады, оқушыны біртектес тапсырмамен жалықтырмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Саттарбекқызы С.А. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың көптілділік сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқылым мен тыңдалым дағдыларын дамыту. <http://infourok.ru/ailshin-tilin-oituda-tidalim-men-oilimdi-damitu-387211.html>
2. Көпжасарова Т.М., Утешева К.Г. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері: әдістемелік нұсқаулық. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
3. Логвина И., Рождественская Л. Формирование навыков функционального чтения. 2012.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ МЕТОДЫ АКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ

THE WAYS TO IMPROVING THE READING SKILLS OF PUPILS WITH ACTIVE STUDYING METHODS

Аннотация. Бұл мақалада белсенді оқу әдістері арқылы оқушылардың оқылым дағдысын жетілдіру жолдары қарастырылған. Автор оқылым дағдысының өзіндік ерекшелігіне, оның стратегияларына, сабақтың құрылымына сай оқылым дағдысын дамытуға байланысты берілетін тапсырмалар мен әдістеріне тоқталады.

Түйін сөздер: оқылым дағдысы, стратегиялары, функционалдық сауаттылық, дамыту, әдістер.

Аннотация. В данной статье рассматриваются способы совершенствования навыков чтения через активные методы обучения. Автор фокусируется на специфике навыков чтения, его стратегиях, заданиях и методах, связанные с развитием навыков чтения в соответствии со структурой урока.

Ключевые слова: навыки чтения, стратегии, функциональная грамотность, развитие, методы.

Abstract. This article provides the ways of improving reading skills of pupils with active studying methods. The author focuses on his particular reading skills, his strategies, the tasks and methods given for improving the reading skills appropriate to the construction of the lesson.

Key words: reading skills, strategies, functional literacy, improving, methods.

Аманбаева Айжан Шакирқызы – Тараз қаласындағы ерекше дарынды балаларға арналған «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі (Қазақстан). E-mail: ayzhan.amanbaeva@mail.ru.

Нурғалиева Галия Ерсайынқызы – Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: galiya.nurgalieva@mail.ru.

Аманбаева Айжан Шакировна – учитель специализированной школы-интерната «Дарын» для особо одаренных детей г. Тараз (Казахстан). E-mail: ayzhan.amanbaeva@mail.ru.

Нурғалиева Галия Ерсаиновна – Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления (Казахстан, г. Костанай). E-mail: galiya.nurgalieva@mail.ru.

Aizhan Amanbaeva – teacher at Specialized boarding school “Daryn” for especially gifted children (Taraz, Kazakhstan). E-mail: ayzhan.amanbaeva@mail.ru.

Galia Nurgalieva – teacher at at Nazarbayev intellectual school of physics and mathematics in Kostanay (Kazakhstan). E-mail: galiya.nurgalieva@mail.ru.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ПАРАДИГМАСЫ ҚОҒАМНЫҢ ЦИФРЛЕНУІНІҢ НЕГІЗІ

Г.Б. Ахметова

Цифровизация общества связана с его технологической готовностью, которая определяет стратегический курс развития государства, качественную жизнедеятельность общества и его способность производить высококачественную конкурентоспособную продукцию, придавая при этом экономическое могущество и социальную стабильность стране. Вся государственная политика цифровизации общества напрямую отражается на всех социально-экономических сферах, не является исключением образование.

Что касается цифровизации в высшем образовании, в дополнение к вышеизложенному все мероприятия направлены на конечный результат, т.е. конкурентоспособность будущего специалиста.

Изучение научной литературы показал, что проблема конкурентоспособности является социально-педагогической, эффективность решения которой во многом зависит от уровня ее разработанности в науке. Конкурентоспособность является междисциплинарной категорией и она активно изучается: философами [Портер, Ж.Концен], социологами [И.Ансофф, А.Вайсман, Ф.Вудкок, А.А.Мескон, Р.А.Фатхутдинов, В.И.Шаповалов], экономистами [Н.Моисеев, В.П.Грошев, психологами [А.Маслоу, К.Альдерфера и др.], педагогами [В.И.Андреев, Е.А.Климов, В.Н.Мезинов, А.И.Митин, Л.А.Василенко и др.].

Внедрение ИКТ в систему образования является одним из основных факторов формирования конкурентоспособности будущих специалистов и его вхождения в мировое сообщество профессионалов. Поэтому во всем мире осуществляются крупномасштабные процессы цифровизации образования на основе ИКТ, вносятся большие капиталовложения в их развитие, активно используются в системе профессиональной подготовки студентов самые последние достижения в области ИКТ.

Актуальность парадигмы в условиях цифровизации общества определяется тем, что в стремительно изменяющемся обществе важно ценностное отношение к жизни и деятельности, их эффективности, что во многом зависит от оптимальной реализации в общении индивидуальных и групповых возможностей человека. Отсюда парадигма инфокоммуникационного взаимодействия выступает в качестве действенной стратегии обновления высшего образования, затрагивающей все аспекты её функционирования.

Философское объяснение цифровизации образования лежит в идеях инструкционизма, определяющих «инструментальную логику» познания, технологизированные решения на основе адекватности реализации проблемы и правильности постановки целей, диктующих выбор средств-инструментов [Дж.Дьюи, Дж. фон Нейман, А.Мур и др.]. Представленная нами парадигма инфокоммуникационного взаимодействия – это методологическая модель нового способа профессионального общения в локальных и глобальной сетях, способствующая самоактуализации сетевой личности, осмыслению целесообразности, контекстно-ситуативной обусловленности и интеллектуальной активности субъектов высшего образования.

Леонтьев А.А. рассматривает общение как «процесс установления и поддержания целенаправленного, прямого и опосредованного теми или иными средствами контакта между людьми, так или иначе связанными друг с другом в психологическом отношении, которые имеют своей целью либо изменения протекания коллективной деятельности, либо осуществление целенаправленного воздействия на определенную личность в ходе коллективной или индивидуальной, но социально-опосредованной личности».

Основой парадигмы инфокоммуникационного взаимодействия выступает совместная деятельность, реализуемая в системе *объективных отношений* (отношения зависимости, подчинения, сотрудничества, взаимопомощи и др.), которые складываются между участниками коммуникации в любой реальном сообществе.

Сетевое взаимодействие – это установление сетевого диалогического взаимодействия всех субъектов (объектов), находящихся в открытых и равноправных взаимоотношениях по достижению конечных результатов. Сетевое взаимодействие направлено на обеспечение связей, позволяющих

разрабатывать, апробировать и предлагать, к примеру, профессиональному педагогическому сообществу инновационные модели содержания образования и управления системой образования; это способ деятельности по совместному использованию ресурсов.

Парадигма инфокоммуникационного взаимодействия как исходная концептуальная идея, подчиняющаяся общим психологическим закономерностям общения, предполагает:

- информационно-коммуникативный,
- интерактивный и
- перцептивный компоненты.

Информационно-коммуникативный компонент - это обмен информацией между участниками совместной деятельности. Коммуникативная природа общения раскрывается через необходимость в объединении людей для совместной деятельности с целью общаться с другими людьми, т.е. устанавливать контакт, добиваться взаимопонимания, получать должную информацию и т.д.

Интерактивный компонент направлен на *взаимодействие общающихся* не только словами, но и действиями, поступками. Интерактивность общения характеризуется как стремление «транслировать» себя, свою индивидуальность другим людям, потребность в продолжении себя в других людях для достижения цели деятельности. В этом случае роль деятельности меняется и она выступает как аспект, часть, необходимая предпосылка общения. Взаимодействие направлено на ведение совместной деятельности по производству общественно ценного и лично значимого предмета.

Перцептивный компонент целесообразен через *восприятие общающимися друг друга*. Общение становится возможным, если люди, вступающие во взаимодействие, могут оценить уровень взаимопонимания и дать себе отчет в том, что представляет собой партнер по общению. Участники общения стремятся реконструировать в сознании внутренний мир друг друга, понять чувства, мотивы поведения, отношение к значимым объектам. *Перцептивный аспект общения* – это *восприятие, понимание и оценка человека человеком*. Познавая других людей, индивид получает возможность лучше, более надежно определить перспективы совместной деятельности с ними.

Интернет как коммуникационный медиум позволяет организовать общение профессиональным личностям со своими коллегами в любой момент времени и в глобальном масштабе, являясь посредником во включении человека в сетевые структуры, сети коммуникации. Взаимодействие в сети Интернет имеет свою специфику, обусловленную как возрастными, личностными, ментальными особенностями субъектов взаимодействия, так и спецификой обезличенного взаимодействия в сети. Сетевое взаимодействие означает свободное взаимодействие между равноправными и равнозначными субъектами образовательного процесса в контексте совместной деятельности по освоению актуального и лично значимого для каждого участника сетевого сообщества содержания. Результатом при этом является общность субъектов при сохранении неповторимой индивидуальности каждого, обусловленной его ментальностью и жизненным опытом. Эффективность этого взаимодействия обусловлена применением вербальных и невербальных форм коммуникации при помощи средств информационно-коммуникационных технологий и правил сетевого общения.

Философия парадигмы инфокоммуникационного взаимодействия объясняется тем, что любой коммуникативный процесс рождается на основе некоторой совместной деятельности, то в этом случае обмен знаниями и идеями по поводу этой деятельности неизбежно предполагает реализацию достигнутого взаимопонимания в новых совместных попытках развить далее деятельность, организовать ее. Участие одновременно многих людей в этой деятельности означает, что каждый должен внести свой особый вклад в нее, что и позволяет интерпретировать взаимодействие как организацию совместной деятельности.

Отсюда основу парадигмы инфокоммуникационного взаимодействия мы видим в связи деятельности и общения как разновидность человеческой активности, которая определяет зависимость между деятельностью, которая является интеллектуально развивающей человека формой активности, и общением как вид активности, формирующей и развивающей его как личность. При этом деятельность может также участвовать в персональном преобразовании человека, равно как общение - в его интеллектуальном развитии. И деятельность, и общение, поэтому ученые рассматривают как взаимосвязанные стороны развивающей человека социальной активности.

Важным регламентирующим реализацию парадигмы инфокоммуникационного взаимодействия является механизм межличностного восприятия, определяющая сущность совместной деятельности от *идентификации и рефлексии*. *Процесс идентификации определяется через способность собеседника*

понимать другого человека через осознанное или бессознательное уподобление его характеристикам, пытаюсь узнать о внутреннем состоянии, намерениях, мыслях, мотивах и чувствах другого человека на основе попытки поставить себя на его место.

Парадигма инфокоммуникационного взаимодействия – это методологическая модель современного способа профессионального общения в условиях локальных и глобальной сетей на основе закономерностей самоактуализации сетевой готовности, осмысления целесообразности, контекстно-ситуативной обусловленности и интеллектуальной активности субъектов профессионального образования. Инфокоммуникационное взаимодействие определяется принципами:

- профессионального самоопределения,
- саморегуляции,
- общности участников сетевого профессионального сообщества,
- личностного восприятия информации,
- творческого отношения к совместной деятельности,
- связи личностного становления специалиста и достижений профессиональной деятельности,**
- открытости,
- эффективности аккумулированных профессиональных действий,**
- мобильного отношения на основе сотрудничества,
- самооценки.

Разработанная нами парадигма реализована через методическую систему, которая адекватно отражает структуру сетевой готовности, с использованием 3-х программных продуктов:

Автоматизированная система управления обучением и автоматизированная система управления группой;

- Портал дистанционного обучения;
- Портал сетевых профессиональных сообществ.

Методическая система сетевого взаимодействия состоит 4 компонентов: мотивационно-целевой, содержательный, операционно-деятельностный и оценочно-результативный компоненты.




Рисунок 4 - Методическая система формирования сетевой готовности будущих специалистов

Рис.1 - Сущностная характеристика методической системы инфокоммуникационного взаимодействия студентов

АРХИТЕКТУРА МЕТОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ СЕТЕВОЙ ГОТОВНОСТИ




Рис.2 - Технология реализации парадигмы инфокоммуникационного взаимодействия

На рисунке показано, что каждый обучающийся должен овладеть системой корпоративного взаимодействия, так как в современном обществе любая компания функционирует с применением профессиональных автоматизированных программ (1С бухгалтерия, PROMT, MOODLE и др.)

В ходе реализации методической системы нами были приглашены модераторы, т.е. менеджеры различных компаний, которые обучали студентов на практике применять ту или иную программу. Студенческая аудитория была комплектована по специальностям. После того как студенты осваивали профессионально-ориентированные программы, они должны были зарегистрироваться и принимать участие в профессиональных сообществах, где они принимали активное участие в дискуссиях по теме лекции, высказывали личную позицию, учились точно и конструктивно формулировать собственную профессиональную позицию. Процесс сетевого взаимодействия на порталах строится на основе электронных дискуссий, которые предоставляют возможности свободы выбора: подписываться – не подписываться, участвовать – не участвовать в обсуждении, сохранять – снять подписку.

Каждое открытое на портале профессиональное сообщество (вне зависимости от его типа и заявляемых функций) – это:

- Обсуждение злободневных проблем, интересующих участников сообщества;
- Обмен участников сообщества накопленным методическим опытом (публикация созданных ранее материалов в библиотеках сообществ);
- Создание новых методических материалов в рабочих группах, по просьбам коллег и т.д.

Создание профессиональных сообществ на портале носит инициативный характер: любой зарегистрированный пользователь может направить организаторам заявку на создание сообщества. Инициатор должен обязательно подтвердить уровень квалификации и предложить программу деятельности сообщества в произвольной форме.

Портал сетевых профессиональных сообществ направлен на решение актуальных профессиональных проблем. В этом случае руководителем сетевого профессионального сообщества является модератор. Участником может стать любой специалист, который ориентирован на сетевое профессиональное взаимодействие с коллегами в глобальной сети Интернет.

Взаимодействие в сетевых сообществах **включает** работу в поисковых системах, в интегрированных информационно-управляющих системах, создания своих ресурсов, поиск профессиональной информации, размещения информации в сети, обеспечения обратной связи, поиск коллег в сети, ведение личного профессионального блога.

Учить детей культуре публичных выступлений		
Предоставить детям возможность самостоятельной работы		
Научить правильно оформлять результаты научной работы		
Знания -не признак таланта, для научной работы ищите детей «с искрой»		
Учитель и ученик должны любить предмет, только тогда можно надеяться на результат		
Неформальные беседы по теме -лучшая пища для ума		
Финансировать проект, если необходимо		
Выявить детей, способных мыслить абстрактно		
В научной работе учащихся главное -процесс, результат имеет «фоновый» характер		
Организация соответствующего материально обеспечения		
Организовать научное общество учащихся из детей, способных мыслить абстрактно		
Определить тематику научной работы, исходя из необходимости, интересов и возможностей.		
Учить работать с литературой по теме		
Дети учатся на примерах. Будьте примером для ученика, выберите собственную тему исследования, занимайтесь наукой		
Вместе с учащимися работать над проблемой		
Учить детей анализировать полученные данные		
Развивать и формировать у учащихся познавательный интерес		
Развивать функциональную грамотность учащихся.		
Составить план теоретической и практической частей работы.		
Определить уровень подготовки каждого учащегося		
Заинтересовать ребенка предметом исследования		
Поставить проблему по выбранной теме		
Решение проблемы учащийся должен представить в виде эссе, реферата, презентации, видеоролика, фильма.		
Организовать экскурсии на предприятия, которые решают данную проблему.		
Провести по теме семинар		
Объединять детей в группы по общности интересов		
Заинтересовать детей		
Составить план работы по теме		
Назначить ответственного по научной работе		
Привлекать учащихся к олимпиадам и конкурсам разного уровня(школьный, районный, республиканский)		
Составить план работы		
Помочь ученику разобраться с терминами «актуальность», «научная новизна»		
«Только в просвещении мы найдем противоядие от всех бедствий человечества»		
Выбрать для исследования новую интересную тему		
Использовать дополнительные материалы и оборудование		
Предложить ученику актуальную, малоисследованную тему, касающуюся родной школы, улицы, села		

Необходимо разьяснять ученикам проблемные ситуации и необходимость их решения		
Учить оформлять полученные результаты в форме слайдов/презентаций		
Поощрять детей, занимающихся исследовательской/проектной деятельностью		
Назначить координатора по одаренным детям		
Четко определить тему работы.		
Собрать детей, которые интересуются наукой		
Найти научное объяснение в интернете		
Провести занятие, которое позволит выявить заинтересованность учащихся		
В начале вести исследовательскую работу совместно с учеником, постепенно передавая ему все		
Определить направление научной работы		
Награждать всех участников призами		
Учить детей делать выводы и обобщать полученные результаты		
Учить школьников работать в группах, в команде.		
Проводить дополнительные занятия с целью повышения объема и качества знаний		
Организовать экскурсию		
Составить план работы		
Сформулировать цели и задачи		
Проводить работу вне школы, например, в парке, музее и т.п.		
Выявить одаренных детей		
Задания давать, исходя из степени подготовленности каждого учащегося		
Подключать родителей к проектной деятельности учащихся.		
Собрать средства для работы		
Начать работать		
Выявить темы, интересные детям		

Как работать с пособием? С карандашом в руке прочтите рекомендации и отметьте те, которые Вас заинтересовали больше всего. В графе Важность оценки проставьте отметку по пятибалльной шкале. Если совет действительно важный и Вам подходит, ставьте отлично, если рекомендация не для Вас или не соответствует условиям работы, противоречит Вашим принципам – ставьте неудовлетворительно, а «если есть рациональное зерно»- ставьте «тройку», если же совет содержит, с Вашей точки зрения, что-то интересное – ставьте «хорошо».

После того, как все рекомендации получили оценку важности, оцените себя, насколько Вы последовательны в исполнении важных советов и проставьте оценки в графе Исполнение (И).

Сравните оценки по каждой рекомендации, и Вы увидите, что Вам есть над чем работать. Наметьте перспективные и ближайшие меры по совершенствованию стиля жизни и деятельности. Периодически возвращайтесь к пособию, выставляйте себе оценки за исполнение рекомендаций, анализируйте, меняется ли Ваша деятельность в лучшую сторону.

Резюме. Система непрерывного образования требует инноваций в части совершенствования формы и содержания процесса обучения. Технологические достижения, увлеченность техническими средствами обучения, компьютерными технологиями не должны заменить Учителя и обесценить его миссию: формирование социально-активной личности, способной к самореализации в современном обществе[4]. Возможности и перспективы, которые открывают методы игрового социального моделирования перед практиками системы образования, требуют широкого обсуждения, а накопленный передовой опыт достоин распространения.

Список литературы:

1. Клименко И.С. От технологии 2С к технологии 2Д. – Монография./ Saarbrücken: Palmarium Academic Publishing, 2014. – 284 с.
2. Клименко И.С., Вартумян А.А. Экспериментальное исследование процесса личностно-ориентированного обучения в системе высшего профессионального образования/ VIII Всероссийская научная конференция «Системный синтез и прикладная синергетика»: сборник научных трудов. – Ростов-на-Дону; Таганрог:

Издательство ЮФУ, 2017. – 444 с.

3. Клименко И.С. Управление качеством подготовки специалистов: теория и практика /Монография – Костанай: Костанайполиграфия, 2010. – 252с.

4. Клименко И.С., Вишневская Н.Г. Роль информационных технологий в активизации инновационной политики вуза.// Научный журнал «Современная наука и инновации», «Северо-Кавказский федеральный университет». – №4 (20). – 2017. – С.289-295.

ОЙЫН ТҮРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИМИТАЦИЯ МОДЕЛІ: ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

GAME SOCIAL IMITATION MODELING: OPPORTUNITIES AND PROSPECTS OF USE IN CONTINUOUS EDUCATION

Аннотация. Мақалада үздіксіз білім беру жүйесі алдында ойындардың әлеуметтік симуляция әдістерін аша алатын мүмкіндіктерге арналған. Әр әдістің қысқаша сипаттамасы берілген, осы әдістерді пайдалана отырып шешілетін міндеттер ауқымы анықталған және классикалық оқыту технологиясымен салыстыру жүргізіледі. Белсенді әлеуметтанулық тестілеу, талдау және бақылау әдісіне ерекше назар аударылады; нұсқаулықтың фрагменті жасалды, оның құрамында инновациялық әдістер қолданылды.

Түйін сөздер: имитациялық жаттығу, іскерлік ойын, тренингті белсендіру, мотивацияны арттыру, тақырыптық аймақтан тәуелсіздігі.

Аннотация. Статья посвящена возможностям, которые открывают методы игрового социального имитационного моделирования перед системой непрерывного образования. Дана краткая характеристика каждого метода, определен круг задач, которые можно решать, применяя эти методы, выполнено сравнение с классическими технологиями обучения. Особое внимание уделено методу активного социологического тестирования, анализа и контроля; приведен фрагмент пособия, при составлении которого применялись инновационные методики.

Ключевые слова: имитационное упражнение, деловая игра, активизация обучения, повышение мотивации, независимость от предметной области.

Annotation. The article is devoted to the possibilities that open up the methods of social simulation of games in front of the system of continuous education. A brief description of each method is given, the range of tasks that can be solved using these methods is defined, and a comparison with classical learning technologies is performed. Particular attention is paid to the method of active sociological testing, analysis and control; a fragment of the manual is given, in the compilation of which innovative techniques were applied.

Keywords: imitation exercise, business game, activation of training, increasing motivation, independence from the subject area.

И. Клименко – Солтүстік Кавказ федералдық университеті (Ресей, Пятигорск қ.). E-mail: iskl@pfncfu.ru

И. Клименко – Северо-Кавказский федеральный университет (Россия, г. Пятигорск). E-mail: iskl@pfncfu.ru

I.Klimenko – North Caucasus Federal University (Russia, Pyatigorsk). E-mail: iskl@pfncfu.ru

МЕКТЕПТЕ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАҢАША КӨЗҚАРАСПЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Г.Ә. Қуанышева, Ж.Б. Шаяхметова

Өлкетану дегеніміз – туған өлкені жан-жақты зерттеп білу. Өлкетанудың басты міндеттері өздерінің туған, өскен өлкелеріндегі тарихи ескерткіштерді аялау, күту, қамқорлыққа алу, олардың сақталуын қадағалау. Сол жердің тарихын зерттеумен айналысатын археолог, этнограф, тарихшы т.б. мамандарға көмектесу. Отанымыз үшін бұл үлкен үлес болып саналады. Оқушылар халық арасынан шыққан өлкетанушылар туған өлкелерінің тамаша білімпазы болулары тиіс. Жасөспірімдерге өз өлкесінің тарихи географиялық жағдайларына, өз халқының мәдениеті туралы білім беру курстың міндеті. Өлкетану – археология, ономастика, мұрағаттану сияқты тарих ғылымдарының салаларымен тығыз байланысты. Жер, адам есімдері, ру атаулары т.б. жайдан жай қойыла салмайды, олардың әр қайсысының өз тарихы, өз мәні бар. Қазіргі күні мұрағаттарда көне замандардан бері жинақталған аса құнды жазба құжаттар, қолжазбалар сақталады. Оқушыларды өлкетанумен айналысу, өз жерінің тарихына қатысты деректерді, мұрағаттар мен кітаптарды жинауға, қариялармен кездесіп, дерек жинауға үйрету – курстың негізгі жұмысы болып табылады. Өлкетану курсы жеке тұлғаның қалыптасуына, олардың өз түпкі тамырларын біліп түсінуге, өмірдегі әр түрлі жағдайларды дұрыс шеше білуге көмектеседі. Өлкетанудың білімдік, тәрбиелік мақсаты жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, туған өлкесінің мәдениеті мен тарихына, табиғатына деген сүйіспеншілікке, қоғамның мәдени, әлеуметтік өміріне белсенді қатысуына үйрету болып табылады. Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұрт үшін тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан балаларды айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлықты тәрбиелеу – оқу-тәрбие саласындағы өзекті мәселе. «Өлкетану» курсының бағдарламасы оқушыларды туған өлкесімен таныстырумен бірге осы мәселені шешуге елеулі үлес қосары сөзсіз.

Өлкетану жұмыстары отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық үдерістің; түсінік қалыптастыру – білім беру – біліктілік – практикалық іс-әрекетке баулу атты тізбегін құрастыруды көздейді [1].

Қазіргі кезде білім берудің өлкетанулық мазмұны, туған өлкедегі алуан түрлі процестер мен құбылыстарға біртұтас кешенді-жүйелі көзқарасты қалыптастыруды көздейді. Көрсетілген көзқарастарды жүзеге асыру келесі әдістерді қолданған жөн:

- әдеби тәсіл;
- киелі орындар мен тарихи жерлерге туристік сапар;
- өзен-көлдерге қайықпен саяхат жасау;
- далада картографиялық, статистикалық бақылаулар жүргізу;
- көзбен шолу;
- тақырып бойыша әңгімелесу және сауалнама жүргізу;
- тарихи деректер мен жәдігерлер жинау;
- фотосуретке және бейнефильмге түсіру;
- ғаламтордан, энциклопедиялардан, анықтамалықтардан ақпарат алу.

Енді осы өлкетану жұмыстарында қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдерге кеңірек тоқталсақ:

Әдеби тәсіл – оқылатын аумақ туралы әр түрлі баспа материалдарын қолдану. Әдебиетпен танысу өлке туралы білімді алдын ала алуға мүмкіндік туғызады және ол өлкенің даму тарихы туралы сұрақтарды шешуге көмектеседі. Сонымен қатар әдебиетті оқу өлкені зерттеуден алынған нәтижелердің қорытындысын негіздеу үшін де қажет.

Далада бақылау жүргізу әдісі негізінен табиғат жағдайларын зерттеу үшін қолданылады. Ол мектепте бар техникалық құралдарды қолдану арқылы дала жағдайында әр түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Зерттеудің картографиялық әдісі өлке аумағындағы шаруашылық пен табиғаттың арасындағы кеңістіктік үйлесімділікті ашу мақсатында қолданылады. Өлкетанулық зерттеу жұмыстары картадан басталуы және нәтижелер картаға түсірілуі тиіс.

Зерттеудің маңызды бөлігі – жергілікті жердің планын қағазға түсіру және әр түрлі карталар құрастыру. Киелі орындар мен ескерткіштерді өңірлік картадан табу.

Статистикалық әдіс, әсіресе, халықты, шаруашылықты, экономикалық байланыстарды оқу

барысында жинақталған сандық көрсеткіштерді іріктеп алу және олардан қорытынды шығарумен анықталады. Бұл әдіс әр түрлі сандық мәліметтерді санау, орташа көрсеткіштерді шығару, кестелер құрастыру және олардың графикалық бейнесін сызудан тұрады.

Көзбен шолу (визуалды) әдісі – бұл оқылатын құбылыстар мен заттарды бақылауға бағытталған әдіс. Ол мектептегі өлкетанулық зерттеулерде, саяхаттарда, экскурсияларда өте жиі қолданылады. Бірақ ол басқа әдістермен үйлестірілмеген жағдайда, қажетті сапалық нәтиже бере алмайды.

Жергілікті тұрғындармен, өлкетанушылармен әңгімелесу және сауалнама жүргізу әдісі тарихи және тұрмыстық деректерді қалпына келтіруге, бұрыннан белгілі ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді.

Фотосуретке және кинофильмге түсіру – өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі.

Туған өлке туралы ақпараттың тағы бір көзі, ол – жергілікті тұрғындардың отбасылық альбомдарындағы фотосуреттер, бұлардың бәрі білім алушыға туған өлке туралы ақпарат алуға мүмкіндік тудырады [2].

Өлкенің нысандарын, халқының өмір сүру салтын, күнделікті өмірін фотосуретке немесе кинофильмге түсірудің нәтижесі қызықты монографиялық альбомдар жасауға, өлкетану мұражайының экспонатына арналған материалдар жинақтауға және жекелеген сұрақтар бойынша кино көрсетуге бағытталған [3].

Әр мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін қолданады. Сондықтан, мұғалім әрқашан ізденісте болып, жеке педагогикалық шеберлігін үнемі шыңдап отырады.

Жоғарыда айтылғандармен қатар сыныптық және сыныптан тыс жұмыстардың үйлесімділігі, бірізділігі үнемі назарда болса, жұмыс нәтижелі болады. Өлкетану курсының мәні оқушы көріп, түсініп, өзіне қажетті ақпаратты тауып, оны бағалай білуінде. Осы орайда серуендеулердің, саяхаттар мен жорықтардың, экспедициялардың рөлі зор.

Мектебіміздегі өлкетану жұмыстары оқу бағдаламасымен ғана шектеліп қалмайды, сыныптан тыс жұмыстарда да өз жалғасын тауып келеді. Өлкетану бойынша сыныптан тыс жұмыстардың ауқымы кең әрі жан-жақты және көпшілікпен істелетін, топтық, жеке болып бөлінеді. Көпшілікпен атқарылатын жұмыс түрлері: кештер, олимпиадалар, викториналар, конференциялар, ойындар және т.б. Сыныптан тыс жұмыстардың топтық түрі: үйірмелер, саяхаттар, жорықтар, экспедициялар, қабырға газетін шығару және т.б. Ал жеке жұмысқа өлке тарихы туралы зерттеу жұмысын жазу жатады.

Өлетану курсының мақсатына сәйкес, сыныптан тыс жүргізілетін іс-шараларды шартты түрде төрт топқа бөлуге болады:

1) қатысушылар ақпаратты тұтынушылар рөлінде болады (дәстүрлі сынып сағаттары, саяхаттар, ардагерлермен, атақты адамдармен кездесулер, т.т.с.);

2) сабақта басталған оқушылық әрекеттерді жалғастырушы іс-шаралар (мерекелер, сахналық қойылымдар, ойындар, қабырға газеттерінің байқауы, шығармашылық жұмыстардың көрмесі, т.т.с.);

3) оқушылардың оқу үдерісі барысында қалыптасқан білімі мен дағдыларын қолдануға ықпал ететін іс-шаралар (рефераттар қорғау, зерттеу жұмыстары, олимпиадалар, байқаулар);

4) өзінің туған өлкесіне, қаласына деген сүйіспеншілігін қс жүзінде көрсетуге бағытталған іс-шаралар (көгалдандыру жұмыстары бойынша акциялар, қоршаған ортаны қорғау, өлкетануды насихаттайтын дәрістер, газетке мақала жариялау және т.б.)

Жоғарыда аталған өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктерге сүйене отырып, мұғалімнің алдында тұрған маңызды мақсаттың бірі – баланы дамыту, оған халықаралық аренада өзінің туған мәдениетін таныта білу біліктілігімен негізделген патриоттық тәрбие беру болып табылады. Оқушыларды туған және басқа да мәдениет әлеміне кіргізу, олардың тіл құралы арқылы ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, оқушылар туған халқының менталитетін түсінуге үйренеді. Жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуы және мәдени дамуы оқушының туған өлкесінің мақтаныштары, киелі орындары, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, тарихы, тұрмысы туралы білімінің кеңеюі барысында жүзеге асады. [4]. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды, күтілетін нәтиже:

- өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;
- оқушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметі оянады, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады;
- оқушылар мүмкін болғанша зерттеу жұмыстарына қатысады;

- оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті қажетті істерге қатысу қабілеті дамиды;

- Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.

Осындай нәтижеге жету өзекті мәселе болып табылады. Еліміздің жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі. Сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болып қалыптасуы біздің қолымызда екенін ұмытпайық.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру» // Әдістемелік ұсыным. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2017 ж.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері. Астана, 2014 ж.

3. Т.К. Жездібаев. «Жас туристерге кеңес» Алматы, 2001 ж.

4. «Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері» // әдістемелік құрал. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2013 ж.

Аннотация. Мақалада мектепте өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары мен жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы мәселе қозғалған.

Аннотация. В статье рассматриваются организация мероприятий и краеведческая работа в школе.

Annotation. The article deals with the ways of organizing local history studies in the school and the activities carried out.

Түйін сөздер: өлкетану, туған өлке, тарихи дерек, ескерткіштер, мұрағаттар, өлке тарихы.

Ключевые слова: краеведение, родной край, исторические факты, памятники, архивы, история края.

Key words: local history, native land, historical data, monuments, archives, history of the region.

Қуанышева Гүлжамал Әлжанқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері (Астана қ., Қазақстан). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Шаяхметова Жанар Боташқызы – Степногорск қалысы А.Косарев атындағы № 9 ОМ қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі (Қазақстан, Степногорск қ.). E-mail: metodist9@mail.ru

Қуанышева Гульжамал Альжановна – старший научный сотрудник Национальной академии образования имени И.Алтынсарина (Казахстан, г. Астана). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Шаяхметова Жанар Боташевна – учитель казахского языка и литературы средней школы № 9 имени А.Косарева (Казахстан, г.Степногорск). E-mail: metodist9@mail.ru

Gulzhamal Kuanysheva – senior researcher at the National academy of education named after Y.Altynsarin (Astana, Kazakhstan). E-mail: g.kuanysheva@mail.ru

Zhanar Shayahmetova – Kazakh language and literature teacher at secondary school No.9 named after A.Kosarev in Stepnogorsk (Akmola region, Kazakhstan). E-mail: metodist9@mail.ru

ЕРЕСЕКТЕРДІҢ НАУКОМЕТРИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫН АНДРАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Г.Ж. Менлибекова, М.З. Сейдина

Цифрлық өркениеттердің қарқынды ілгерілеуге тың қадам басуы Қазақстанның үшінші жаңғыру шеңберіндегі тарихи бетбұрыстардың жаңа кезеңінің айрықша миссиясын белгілейді. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді», деп атап көрсетуі [1] ересектер білімнің андрагогикалық әлеуетін айқындайды, өйткені тарихи сананы жаңғырту ересектердің әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық тәжірибесін жетілдіруді керек етеді. Ересек-білім алушының рухани, кәсіби, әлеуметтік, тұлғалық тәжірибесіне сүйене отырып, оның өздік білім алу бағдарламасын дербес жеке өз бетінше құрылымдауы белгілі бір қажеттіліктерден туындайды.

Құзыреттілік тұғыр өндірістік саланың сұраныстарына жауап беруге бағытталады, сондықтан да оның көрінісі әлеуметтік-экономикалық табиғаты өзгеше болмысқа сәйкес келетін білім мазмұнын жаңарту арқылы байқалады. Демек, құзыреттілік жаңғыртудың құралы болумен қатар ересек адамның белгілі кәсіби іс-әрекетке енуге деген даярлығы және қабілеті ретінде қарастырылады. Әлеуметтік сала мамандарына қосымша кәсіптік білім беруде оқытушының андрагогикалық құзыреттілігінің қажет екенін негіздей келе, Лебедева Н.В. андрагог-педагогтың дербес оқытуға қажетті алғышарттарды құратын фасилитатор орнында болуға деген қабілеттіліктің маңызына назар аударады, атап айтқанда «преподаватель ДПО специалистов социальной сферы исполняет роль организатора и менеджера процессов и процедур, способствующих обретению содержания знания, и лишь во вторую очередь – роль источника знания, по существу, связывающего слушателя с различными информационными ресурсами» [2]. «Ересектер білімінің наукометриялық құзыреттілікті дамытуға қандай ықпалы бар?», «Наукометриялық құзыреттілікті дамытуда андрагогикалық негіздердің қандай қатысы бар?» деген сұрақтардың туындайтыны белгілі.

«Ересектер білімі» ұғымының шетелдік әдебиеттердегі анықтамалары келесі ретпен ұсынылған: «Ересектер білімі белгілі бір мақсатты түрде ер және әйел адамдардың білім алуға құштарлығын қанағаттандыру, нақты мемлекет азаматы және қоғам мүшесі ретінде жауапкершілігін орындау үшін қажетті білім және дағдымен қамтамасыздану немесе өз болмысын көрсетуге қажетті білім»; «оқу әдістері, іс-әрекеттер жиынтығы, зияткерлікті дамыту және/немесе әлеуметтік жүйе (қозғалыстар)». «Ересектер білімі - білім мен билікті қоғамда тарату, яғни белсенді азаматтық әрекет және оның демократияны арттыра түсуі»; «ересектер білімі екі платформада жүзеге асырылады: жеке тұрғыда – білім алу, білім толықтыру, дағды мен біліктілігін арттыру, білім, дағды және біліктілікті жұмыс орнында қолдану. Екінші, әлеуметтік және ұжымдық ортада білім алу. Білім алудың бұл жолы ынтымақтастыққа, әлеуметтік әділеттілікке, теңдікке және тұрақтылыққа негізделеді және негіз алады» [3].

Наукометриялық құзыреттілікті қалыптастыруда ғылыми мақалаларға жүйелі шолу жасау әдісі қолданудың өте маңызды. Бұл әдісті пайдаланудың тиімділігі тақырыптың негізгі сөздерін, терминдерін анықтауға, дерекқорлар мен басылымдарды саралауға, мақалаларды ықпалдылығына қарай іріктеуге, зерттеу нәтижелерін практикаға ендіруге, теориялық және эмпирикалық мақалаларды топтауға, мақалалардағы көтерген мәселелер және қойылған зерттеу аймағына қарай тақырыптарға топтастыруға, қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ересектер білімі мәселелерін қарастырған ғылыми мақалаларға жүйелі зерттеу жасаудағы мақсат ағылшын тілді рецензияланған журналдарда аталмыш тақырып мәселесін көтерген, қарама-қайшылықтарды анықтауға тырысқан және оның шешімін табуға жүргізілген зерттеулердің тақырыптық бағытын анықтау және ересектер білімі әдіснамасын жасауға қосып жатқан үлестерін жүйелеу болып табылады.

Қазақстандық ғалым Тлешова Ж.К. ересектердің біліміне қатысты жарық көрген ғылыми мақалаларға жүргізілген шолудың нәтижесіне талдауды жүзеге асыра отырып, ғылыми мақалаларды таңдауда әдебиеттерге шолу әдіснамасын негіздеді. Зерттеу мақсатына жетуде төмендегі дерекқорларда берілген ғылыми мақалалар қарастырылды: SocINDEX with Full Text және JSTOR. Дерекқорлардағы толық мәтінді 498 мақала таңдалынып алынды. «Taylor and Francis» бойынша 537

мақаланың 475 толық мәтінді және зерттеу әдіснамасын ашып көрсеткен мақалалар қарастырылды, соның ішінде «Social work education» басылымында - 158, «Gender Education» -217, «Cultural Politics of Education» -127, «Offender Rehabilitation» - 7 мақалалар жарияланғаны анықталды. 475 мақаланың жарыққа шығу, яғни жариялануының 4 кезеңдері 1980-1989 жж.; 1990-1999жж.; 2000-2009 жж.; 2010-2018 жж. аралықтарын қамтыды. 1980-1989 аралығында жоғарыда аталған басылымдарда андрагогика саласында бірде-бір мақала жарияланбаса, 1990-1999 жылдарда - 17,59%, 2000-2009 жылдары - 33,51%, 2010-2018 жж. - 48,51% жарияланымның болғанын көрсетті және олардың 143-і (30,1%) теориялық зерттеулерге, ал 332 -і (69,9 %) эмпирикалық ізденістерге арналды.

Мақалалардың тақырыптары әр түрлілігімен ерекшеленді, дәлірек айтқанда, - үкімет, қоғам, заң, экономика және сауаттылық (ересектерге білім беру; үкімет, қоғам, заң және ересектер (ер және әйел адамдар) арасындағы қарым-қатынас; ересектер сауаттылығына, ересектер біліміне түрлі көзқарастар; білімді/сауатты қоғам; қоғам, білім алу, оқу және даму; желілік (network) арқылы ересектер білімін дамыту; ересектер білімінің саясаты; ересектерге білім берудегі экономикалық әмбебаптық және қаржыландыру; сауаттылық және жұмыс орнымен қамтамасыз ету; ересектерді қорғау саясаты) -5,66%;

- сәйкестілік және теңдік (эмигрант ересектер білімі (әйелдер); гендерлік айырмашылық (әйел ретінде емес адам ретінде қарау); тілдік мәселе; қоғамдық саясат және сәйкестілік/теңдік; оралман тұрғындар; босқындардың келген ортаға сіңуі және дамуы/ аккультурация; халықаралық студенттер; жас ересектердің білім алу құқысы және олардың шыққан әлеуметтік ортасының ықпалы) -6%;

- жоғары оқу орындары жүйесі, оқу жоспарларының мазмұны және оның қоғам мен әлеуметтік орта талабына сай келуі (ЖОО ұсынатын мамандықтардың оқу жоспары (бакалавриат, магистратура, докторантура); ересектерге арналған оқу бағдарламасының мазмұны; оқу бағдарламасында әлеуметтік әділеттілікті ескеру; білім мазмұнына терең өзгерістерді практикадағы зерттеулер негізінде енгізу; кәсіби мамандық алуды жалғастыру; макро әлеуметтік жұмыс мамандығы білімі; кәсіби білім беру (әйелдерге, бакалавриатта) - 13%;

- ересек адамдардың психологиялық және әлеуметтік танымдылығы (ересек ер және әйел адамдардың білімі мен түсіндіре алу қабілеті арасындағы айырмашылық; ер және әйел адамдарды бөліп қараудағы теңдік/ теңсіздік/ әлеуметтік әділеттілік; ересектердің рухани және діни сенімдері (жас ересектер арасында); трансгендерлік, гей және лесбиян мәселелері және әлеуметтік әділеттілік; нәсілге қатысты мәселелер; әйелдер білімі және олардың жаратылыстану ғылымына қосылуы; сәйкестілік/теңдік/жұмысшы топтың үздіксіз білімге қол жеткізуі) -17,33%;

- ересектердің қоғамда және білім саласындағы өз өздеріне жауапкершілігі/ университет қабырғасындағы адалдық (көшірмеу) -1%;

- ересектерге (жас ересектерге) денсаулыққа қатысты білім беру (диабет; семіздік; Альцгеймер дерті; орта жастағы ересектер денсаулығы; ересектердің когнитивтік функциясы) -2%;

- тиімді оқу формасын, оқу орнын басқару ісін бағалау (көшбасшылық (әйел/ер адам басшылар); оқытушылардың білімі мен кәсібилігі; әлеуметтік жұмыс мамандығында оқыту түрлері (өз өзіне қол жұмсау; ішімдікке салынғандар; әскери қызметтен келгендер; қарияларға қарау); парамамандықтарды даярлаудағы оқыту түрлері; білім менеджерлерінің жұмысы; түрлі жастағы ересектермен жұмыс жасауға оқыту түрлері; жанама оқыту (мұражай, мұрағат, клубтар) арқылы экономика туралы білім беру; үздіксіз білімді қамтамасыз етудегі оқу орнының басшылығы; оқытушы рөлі) -1%;

- заң бұзған ересектер білімі (заң бұзушылық үшін қамауда болған адамдардың мамандық таңдауы; түрмеден босатылғандар арасындағы сауатсыздық) -

- білім және жұмыссыздық (баспанасыз ересектер; өз өздерін жұмыспен қамтамасыз етуге қатысты білім беру; жұмыссыздық - 1%;

- әйел адамдардың сауатсыздығы (әйел адамдардың сауаттылығының/ сауатсыздығының бала денсаулығына әсері; әйел адамдардың сауаттылығының/ сауатсыздығының бала біліміне, баланың мамандық таңдауына әсері; ақ нәсілді әйел оқытушылар басымдылығы; әйел оқытушылар/ мұғалімдердің білім берудегі орны) -4%;

- Интернет желісін арқылы қашықтықтан оқыту (ересектерге қашықтықтан оқыту; интернет беттеріндегі материалдар арқылы білім беру; әлеуметтік жұмыс білімгерлеріне сандық технология арқылы мамандыққа даярлау; магистрлік бағдарлама; халықаралық семинарлар) - 4,33%;

- Трансформация аралығындағы білім беру: жас кезеңдері арасындағы білім беру (боз балалықтан ер жігіттікке, ересек ер адамға өту кезеңдеріндегі білім беру; жас қыз баладан бой жету ересек әйел

кезеңіне өту). Сауаттылық, мамандық таңдау, нашақорлық, заң бұзушылық, қыздар арасында ерте кезеңде жүкті болу; жұмыссыздық және тағы басқа мәселелердің алдын алу мақсатында; әлеуметтік мәртебедегі трансформация (білімгер, маман, отбасы, ересек азамат); балалық шақтағы еңбек ету, білім алмау және кедейлік жағдайдың ересектік кезеңге ұласуы) -3,66 %;

- оқыту технологиясы (ересектерді оқыту әдістері, тәсілдері; инновациялық технологиялардың тиімділігін тексеру; ғылыми зерттеуге тарту арқылы оқыту; әйел/балалы әйелдердің ғылыми зерттеу ісімен шұғылдануы; интегративті семинарлар) -11%;

- оқу орнының басқа ұйымдармен байланысы (университет және оған ықпал келтіретін органдар; агенттіктер; қызмет орталықтары; теорияны практикамен байланыстыруға мүмкіндік беретін институттар (клиника, зертханалар) - 9 %;

- ЖОО инклюзивті білім -1,33%; кәсіби біліктілік (мүмкіндігі шектеулі адамдармен; ішімдікке салынғандармен жұмыс жасауда; кәрілік жастағылармен жұмыс жасауда) -8%; білім берудегі қарым-қатынас, өзара байланыс (ересек білімгер және инструктор, оқытушы арасындағы өзара байланыс; қоғам қайраткерлерінің, қоғам белсенділерінің білім беруі және олардың ықпалы (ашық дәрістер, семинарлар, кездесулер); бітімгерлердің жеке құндылықтары және кәсіби құндылықтары)-2%; мәжбүр ету және жәбір көрсетудің салдары (жәбір көрген (жас) ересектерге білім беру мәселелері (күдіктену, сенімсіздік т.с.с.); жәбір көрген және жәбір көрмеген ересектердің білім алуы, түсінігі және қабылдауы) - 1,33%. Ересектердің наукометриялық құзыреттілігі олардың кәсіптік құзыреттіліктерінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Библиографиялық құзыреттілік оқытушылардың жарияланымдық белсенділігін қолдау контекстінде қарастырылады және келесі бөліктерді қамтиды: ғылыми дәйексіз алу, ғылыми дерек көздері туралы білімінің болуы; дереккөз қорында библиографиялық іздеу дағдыларын игеру; «Хирш индексі», «цитаттау индексі», «басылым импакт - факторы» ұғымдарын қолдануы» [4] болса, наукометриялық құзыреттілік ғылымның дамуындағы сандық көрсеткіштерді (жарияланымдар саны, ғалымдар саны, патенттер саны, ғылымға бөлінетін қаржы көлемі және т.с.с) анықтау арқылы зерттеулердің басым бағыттарын белгілеу және нақты ғылыми саланың немесе ғылыми мектептердің келешектегі даму үрдістерін айқындауға жол ашады. Henschke J. A. бүкіл өмір барысында оқыту үздіксіз және алдын-ала ойластырылатын іс-қимыл арқылы жүзеге асатынын айта келе, адам санасының өзгеруі және оның жаңа жағдайға бейімделуіне ықпалы, формальді емес, бейресми, формальді білімдік құрылымдары, тіпті бизнестегі өмірде орын алатынына көңіл аударады, сонымен қатар басқа адамдарды түсінуде ересектерді оқытудың алты негіздерінің мәнін ашады, «learning to live together, learning to know, learning to do, learning to be, learning to change, and learning for sustainable development» [5], ересектерді оқыту мен олардың үздіксіз кәсіби білім алуы адами ресурстардың және тұрмыс сапасын арттыруға серпін береді. Алға бастайтын технологиялар заманында ересектердің наукометриялық құзыреттілігін дамытудың андрагогикалық аспектілеріне ересектердің ғылыми және тарихи ойлауын жаңғырту; жоғары білім және жоғары білімнен кейінгі білім деңгейінде «Наукометрия» элективті пәнінің білімдік бағдарламалар мазмұнына енгізілуінің тиімділігін айқындау, ересектердің цифрлық ресурстар инфрақұрылымындағы әлемдік және қазақстандық ғылыми дереккөздер қорларымен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, наукометриялық көрсеткіштерді талдау, салыстыру т.с.с. қамтиды. Заманауи қоғам үшін ересектердің жарияланымдарының сыртқы белгілері маңызды болса, ал зияткерлік, шығармашылық жұмыстардың деңгейлерін көрсетуде наукометриялық көрсеткіштер айрықша рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи. <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>
2. Лебедева Н.В. Андрагогическая компетентность преподавателя дополнительного профессионального образования специалистов социальной сферы // Педагогический журнал. 2017. Том 7. № 1А. С. 36-45.
3. The SAGE Encyclopedia of Action Research. Encyclopedias. Edited by: David Coghlan & Mary Brydon-Miller. Publication Year: 2014.
4. Еременко Т.В. Библиографическая компетентность преподавателя современного вуза // Психолого-педагогический поиск. - 2014. №4 (32). С.94-100.
5. Henschke J. A. Super Andragogy // Lifelong Learning for All International Conference (LLL2013). Retrieved from http://works.bepress.com/john_henschke/72. – 2013.

АНДРАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАУКОМЕТРИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ВЗРОСЛЫХ

ANDRAGOGICAL ASPECTS OF FORMATION OF THE SCIENTOMETRIC COMPETENCE OF ADULTS

Аннотация. Мақала алға бастайтын технологиялар дәуірінде ересектердің наукометриялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттеудің өзектілігін негіздеуге арналған. Цифрлық өркениет жағдайында ересектердің наукометриялық құзыреттіліктерін дамытудағы андрагогикалық білімнің аспектілері ашылып көрсетіледі.

Түйін сөздер: андрагогикалық білім, андрагогикалық оқыту, құзыреттілік, наукометриялық құзыреттілік, ересектер, алға бастайтын технологиялар дәуірі

Аннотация. Статья посвящена обоснованию актуальности исследования проблем формирования наукометрической компетентности взрослых в эпоху прорывных технологий. Рассматриваются андрагогические аспекты формирования наукометрической компетентности в условиях цифровой цивилизации.

Ключевые слова: андрагогическое образование, андрагогическое обучение, компетентность, наукометрическая компетентность, взрослые, эпоха прорывных технологий

Abstract. The article is devoted to the substantiation of the relevance of the study of the problems of the formation of the scientometric competence of adults in the era of breakthrough technologies and innovations. The andragogical aspects of the formation of scientometric competence in the conditions of digital civilization are revealed.

Key words: andragogical education, competence, scientometric competence, adults, era of breakthrough technologies

Менлибекова Гүлбақыт Жолдасбекқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы (Астана қ., Қазақстан). E-mail: Gmen64@mail.ru

Сейдина Мөлдир Зікірқызы – Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері (Астана қ., Қазақстан). E-mail: moldir_03_87@mail.ru

Менлибекова Гүльбахыт Жолдасбековна – профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, доктор педагогических наук (Казахстан, г. Астана). E-mail: Gmen64@mail.ru

Сейдина Молдир Зикировна – старший научный сотрудник Национальной академии образования имени И. Алтынсарина (Казахстан, г. Астана). E-mail: moldir_03_87@mail.ru

Gulbahyt Menlibekova – Professor at L. N. Gumilev Eurasian national University, doctor of pedagogical sciences (Astana, Kazakhstan). E-mail: Gmen64@mail.ru

Moldir Seidina – senior researcher at National Academy of education named after Y. Altynsarin (Astana, Kazakhstan). E-mail: moldir_03_87@mail.ru

BLENDED LEARNING – ҰСТАЗДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАСЫ

М.П. Оспанбаева, М.Б. Сопбекова

XXI ғасыр – жаһандану ғасыры. Жаңа технологиялар мен инновациялар уақыты. Жаңаша ойлау және өзгерістерге жаңаша көзқарас кезеңі. Өзгерістердің қарқындылығы және оның тұлға болмысына тәуелділігі бүкіл әлемнің білім беру жүйесіне жаңаша қарауды талап етеді. Олар, біріншіден, білім беру парадигмасының негізі болып табылатын жаңа жағдайлар мен белсенді оқыту әдістерін құру қажеттілігі; екіншіден, қоғамның сыни ойлы және функционалды құзыретті тұлғаны дайындауға деген сұранысының артуы. Сондықтан, жаңа дәуір адамдары өз білімдерін үнемі жаңартуға, өзгермелі әлемде табысты өмір сүруге қабілетті болуы шарт. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында «...мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі» деп атап көрсетілді [1].

Егер әлем өзгерсе, онымен қатар білім өзгеруі керек. Көптеген білім беру мекемелері бұл деректі біледі және жаңа технологиялардың мүмкіндіктеріне сәйкес өз қызметін қайта құрылымдауға тырысады. Біртіндеп, қағаздағы жұмыстар электронды деректер құралдарына жол береді. Технология оқыту үрдісін жетілдірудің катализаторы болып келеді. Егер адамдар гаджеттерді қолдануға бейім болса, онда оларды неге оқу құралдары етіп жасамасқа?

Бірақ инновациялық мәдениет тек жаңа технологияларды қабылдауды ғана емес, сондай-ақ оқу әдістерін өзгертуді де қарастырады. Бұл сыртқы әлемдегі құндылықтардың үнемі өзгеріп отыратынын түсінуді білдіреді. Дж.Дьюи «Егер балаларды кешегі күнмен оқытуды біз бүгін де жалғастырар болсақ, онда оларды болашақтан айырамыз» деген. Демек, заманауи (ғаламдық) сұранысқа ие болғысы келетін жандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру үрдісі ертеңгі күнге бағдарлануы шарт [2].

Қазіргі кезеңде білім берудің түрлі құрылымдары арасында байланыстар саны өсіп келеді және бұл технологияға екі жолмен әсер етеді. Біріншіден, білім беру үрдісінде технологияны пайдаланбау мүмкін болмайды және оны пайдалану тым қымбат. Сондықтан, білім беру мекемелері қолайлы шарттармен келісу және түпкі өнімге әсер ету үшін өздері мен білім беру технологияларын өндірушілермен диалогты бастайды. Екіншіден, әркім деректерді белсенді түрде бөлісе бастайды. Желіде сабақтар, нұсқаулықтар, бейнежазба сеанстары көптеп таралады. Нәтижесінде, көпшілікке пайдалы түрлі платформалар әзірленеді; білім беру мекемелерін әлеуметтік желілерге біріктіреді және бұл кәсіби тәжірибені тез бөлісуге мүмкіндік береді. Қазір қазақстандық мектептер білім беру мазмұнын жаңарту аясында пәндерді оқытуда базалық оқулықтармен бірге, көптеген қосымша ресурстарды пайдалануда. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім беруді цифрландыруды міндеттейді. Осы ретте bilimland.kz/kk, kazbilim-edu.kz, bilimsite.kz, orleu-edu.kz, resurs.kz/ отандық білім порталдарымен жұмыс жасау, оларды мемлекеттік тілдегі озық тәжірибе, инновациялық жоба т.б. ресурстармен толтыруға үлес қосуда белсенділік таныту жөн. Сондай-ақ, youtube.com виртуалды бейнеканалына қосылу арқылы өзін толғандырған педагогикалық мәселелердің шешіміне сай бейнефильмдерді тамашалау мүмкіндігі бар [3].

Технологиялар үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, жеке оқу жоспарын түзету және тұтастай алғанда білім беру жүйесі туралы қорытынды жасау үшін әрбір оқушыға толық деректер базасы сақталуы мүмкін. Бұл назарды түпкілікті бағалаулардан аралық нәтижелерге аударады және ол оқыту стратегиясын құру үшін әлдеқайда маңызды. Деректер мұғалімдерге ғана емес, сондай-ақ оқушыларға да қолжетімді болғандықтан, олар үшін автономия және өзін-өзі бақылау мүмкіндіктері пайда болады. Интернеттегі оқытудың дамуы офлайн режимінде оқыту тәжірибесінің таралуына ықпал етті. Ақпараттық технологиялардың арқасында «инвертелген сынып» моделі тарала бастады және аралас оқытудың түрлі формалары пайда болды. Аралас режимде оқудың артықшылықтары ретінде уақыт және жеке ресурстарды еркін пайдалану, аудиториядан тыс білім алу және мұғаліммен бетпе-бет сөйлесу еркіндіктерін атауға болады.

Білім беру үрдісі, оқу және оқыту жүйелі әрі белсенді зерттелу үстінде. E-learning моделі әлі де жетілдіруді қажет етеді, дәстүрлі білім беру өзектілігі кемшін, ал Blended Learning бүгінгі таңда білім

берудің оңтайлы формасы. Тұлғаның өз бетінше, онлайн және оқытушымен тікелей қатынасы арқылы білім игеру жолы Blended Learning, яғни дәстүрлі оқыту мен электронды білім беруді араластырып оқыту концепциясын құрайды. Аралас оқытуда дәстүрлі әдістерді өзекті технологиялармен қатар қолдануға болады. Мұндай тәсіл материалды игерудің жолын, қарқынын, орнын, уақытын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл форма B&M моделінен бас тартуды көздемейді (B&M «Brick and Mortar Education» – дәстүрлі күндізгі оқу). Себебі күндізгі оқу тұлғааралық қарым-қатынастарда аса маңызды болып табылатын сөйлеу және әлеуметтік мәдени дағдыларды қалыптастырады. Сондықтан, аралас оқыту бүгінгі күні «тап қазір және осы жерде» қағидасына лайықты қолдануға болатын білім беру формасына айналып келе жатыр [4].

Blended Learning қашықтан оқыту (Distance Learning), аудиториялық немесе сыныпта оқыту (Face-To-Face Learning) және Интернет арқылы оқыту (Online Learning) деп аталатын үш негізгі форматты қамтиды. Оқытушының негізгі мақсаты – курсты құру және оқу материалын сауатты бөлу. Аудиториялық сабақта нені оқыту, меңгеру керек, үйде өз бетінше қандай тапсырма орындау қажет, қандай тапсырмалар жеке орындауға, қандай тапсырмалар топтық орындауға болатынын шешу қажет. Blended Learning артықшылығы мәліметтер жинау және білім мен бағаны үйлестіру мүмкіндігі болып табылады. Тағы бір ерекшелігі бір оқытушы бір мезгілде көп адамды оқыта алады. Blended Learning жұмысты өз бетінше ұйымдастыруға және жоспарлауға, білімді тәуелсіз алуға және талдауға, ақпаратты өз бетінше іздеуге, іріктеуге және өңдеуге, жобаларды ұсыну дағдыларын қалыптастыруға үйретеді [5].

Blended Learning бағдарламасы тыңдаушылардың білім деңгейін, кәсіби-технологиялық сауаттылығын, жалпы танымын арттыру; бағалауды автоматтандыру; өз бетінше оқуға көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Бағдарламалық қамтамасыз ету үшін білім ресурстары мен оқу материалдарын дайындап, оқу бағдарламаларын жасау қажет. Ол үшін білім мекемесіндегі шығындар құрылымын қайта қарап, қымбат кітаптар сатып алудың орнына арзан сапалы Digital-контент алу, зертханалық сабақтарда виртуалды зертханаларды қолданған жөн. Ең бастысы аралас оқытуды жүзеге асыруда техникалық ақаулардың алдын алу керек. Мәселен, жұмыс компьютерлерінің тыңдаушы санына сәйкестігі, Wi-Fi желісінің болуы, интерактивті тақта, т.б.

Blended Learning оқу формасының түрлі талаптар мен шығын көлеміне байланысты алты моделі бар. Оқу үрдісін ұйымдастыру үшін соның ішіндегі ең тиімді деп танылған біреуін таңдауға болады. Олардың әрқайсысына қысқаша сипаттама берген жөн: *Face-to-Face Driver* – оқытушы оқу жоспарының негізгі көлемін өзі береді, ал онлайн оқытуды кірістіре отырып, оны қосымша пайдаланады; бұл модель көбіне компьютерде орындалатын аудиториялық және зертханалық жұмыстарды құрайды; *Rotation Model* – аудиторияда күндізгі оқу кестесіне сәйкес және жеке уақытында өз бетінше онлайн оқу жұмыстары, мысалы оқытушы алдын-ала жасаған жоспар бойынша интернет сілтемесінен, білім беру ұйымының blended-бағдарламасынан немесе арнайы сайттан оқуды аралас түрде жүргізеді; *Flex Model* – онлайн платформасындағы икемді жұмыс түрі, тьютор қажет жағдайда көмектеседі, мезгіл-мезгіл шағын топтармен немесе бір адаммен жұмыс жасайды; *Online Lab* – аудиторияда болатын барлық курсты беру үшін онлайн платформа қолданылады, мұндай оқыту тьютордың бақылауымен жүргізіледі және бағдарлама дәстүрлі сабақ кестесімен үйлесімді болуы мүмкін; *Self-Blend Model* – тыңдаушы курсты қалай оқу керектігін өзі шешеді; *Online Driver Model* – негізінен онлайн оқытуды білдіреді, платформа арқылы және оқытушымен қашықтан байланыс жасау арқылы, бірақ опционалды немесе талап бойынша тексерілетін күндізгі аудиториялық оқулар және тьютормен кездесу қосылуы мүмкін [6].

Blended Learning оқыту формасына ауысу үшін алдын ала талдау жұмыстарын жүргізіп, бағдарлама құру қажет. Курс көлемін күндізгі, қашықтан және онлайн оқытуға бөлу керек. Заманауи технологиялар мен бағдарламалар көмегімен нені жетілдіру керектігін түсінген жөн. Әр тақырыпқа уақыт қою және жұмыс қарқынын анықтаған дұрыс. Негізгі материалдарды цифрлық форматқа ауыстыру талаптары туындайды: дәрістердің таныстырылымы, бейнесабақтар, бақылау-өлшеу материалдарын жасау, интернетке үлестірме тапсырмаларды жүктеу, медиатека құру, роликтер жазу. Оқыту барысында қолданылатын онлайн ресурстар мен көмекші бағдарламаларды таңдау, конференц-байланыс режимінде жұмыс жасау және вебинарлар өткізу немесе дайын вебинарларды қарау қажет.

Blended Learning арқылы сабақ беруде оқытушы eLearning бағдарлама/платформасымен еркін жұмыстана білуі, интернетті белсенді қолдануы, интерактивті технологиялармен жұмыс жасай білуі және әлеуметтік желілердің бірінде блог жүргізуі керек. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін

арттыру үрдісінде аралас оқу режимінде білім берудің оқу көлемінің арақатынасын қарастырайық. 72 сағаттық қысқа мерзімді курс шеңберінде күндізгі оқу 16 сағатты (курстың алғашқы және соңғы күні), қашықтықтан оқу (вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес беру) 8 сағатты, өз бетімен оқу (электронды білім порталында онлайн режимінде) 48 сағат. Курсты аралас режимде оқытуды ұйымдастырудың күшті жақтары ретінде дайын контенттің берілуі; жаңа білімді ұсынудың түрлі формаларының болуы; білімді бақылау-өлшеу материалдарының жасалуын атауға болады. Ал мүмкіндіктері ретінде бағдарламаның өндірістен қол үзбей біліктілікті жетілдіру үшін аса икемді оқыту формасы екенін атап өткен жөн. Курс контингентін жасақтау барысында материалдық-техникалық мүмкіндіктердің жан-жақты қарастырылуы, уақыт факторы, оқытушы ресурсы ескерілуі тиіс. Аралас оқыту формасын ұйымдастыру барысында ереже дайындаған жөн. Ереже болмаса, ұйымдастырылған оқу үрдісі де болмайды, мәселен «тьютор тыңдаушылардың жазған хатына 24/48 сағат аралығында жауап беруге тиісті» немесе «күндізгі сабақтарға қатысу мен онлайн тест тапсыру міндетті», т.б. Тьютор аралас оқытуда оқу үрдісіне жауапкершілікпен қарау керектігін және олар білім нұсқаушысы емес, бірақ ынталандырушы тұлға екенін білуі тиіс.

Blended learning форматының оңтайлы жақтары оқу үрдісінің икемділігі, оқытудың қолжетімділігі, жеке тәсілдеме, тыңдаушыларды өз бетінше жұмыстануға үйрету, ынтасын арттыру болып табылады. Қорытындылай келе, аралас оқыту бір мезгілде бірнеше топтармен жұмыс жасап, көп мөлшерде оқыту жағынан тиімді екенін атап өту қажет. Цифрлық технологиялар оқу үрдісін ұйымдастыруда таптырмас қосымша ресурс болып табылады; әйтсе де, тұлғааралық қарым-қатынастар құндылығы шеңберінде аудиторияда оқытуға басымдық беріледі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы. – Астана, 2018.
- 2 Некрестьянова С.А. Мировые тренды в современном образовании. – Москва: «УГ Москва», №06 от 7 февраля 2017г. <http://www.ug.ru/archive/68701>
- 3 Оспанбаева М.П. Адам құндылықтарына бағытталған психологиялық қызметті жаңарту стратегиялары // Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы: «Психология» сериясы, № 3 (56). – А., 2018.
- 4 Тлеккабылова Д.Ж. Blended learning: аралас оқытуға өтуге бес қадам. – Орал., М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2017. – 56.
- 5 Костина Е.В. Модель смешанного обучения (Blended Learning) и ее использование в преподавании иностранных языков//Известия высших учебных заведений. Серия: Гуманитарные науки. 2010. Т. 1. № 2. С. 141-144.
- 6 Watson J. Blended learning: The convergence of online and face-to-face education. North American Council for Online Learning. 2008, 16 p.

BLENDED LEARNING – СОВРЕМЕННАЯ ФОРМА ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ BLENDED LEARNING - A MODERN FORM OF TEACHING QUALIFICATIONS

Аннотация. Мақалада Blended Learning, яғни аралас оқыту – оқытушымен тікелей, өз бетінше және онлайн білім беру формасының ерекшеліктері сипатталды. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінде аралас оқытуды жүзеге асырудың өзектілігі және мәселелері негізделді. «Осы жерде» және «тап қазір» әдісіне бағдарланған білім беру тәсілі оқу материалын игеру жолын, қарқынын, орнын, уақытын бақылауға мүмкіндік беретіндігімен тиімді екендігі баяндалды. Blended Learning бағдарламасы шеңберінде оқытушының курсты құру және оқу материалын сауатты бөлу құзыреттілігінің маңыздылығы талданды.

Түйін сөздер: қашықтықтан білім беру, аралас оқыту, оқытушымен тікелей қатынас, біліктілікті арттыру, білім беру бағдарламасы.

V.B. Erdyniyeva identifies the following skills that are part of the intellectual: general educational (basic mental operations); job orientation, planning and monitoring the progress of their own activities; mastering the methods, techniques, actions on the basis of acquired knowledge; knowledge of rational techniques for the implementation of certain mental operations and their use in solving various problems [3, p. 38].

Computer science plays a large role in the formation of students' intellectual abilities. However, recently there has been a tendency to reduce classroom hours for studying the discipline and increase the share of self-training in the total estimated time, which indicates the need to use distance learning courses in the educational process, which also solve the problem of effective organization of students' independent work.

The use of distance learning courses in the educational university environment is a complex multilateral process related to solving social, functional and organizational problems, acting as a way of transition from the reproductive to an active paradigm of learning, to education based on constructive joint activities of all subjects of the educational process.

The study of the structure of distance learning courses is devoted to the study of authors such as S.G. Grigoriev, V.V. Grinshkun, N.V. Matetsky, M.V. Moiseeva, A.E. Petrov, E.S. Polat, I.V. Robert, V.I. Snegurova, A.V. Farm and others.

Based on the analysis of the available scientific and pedagogical works on the research problem, the following functional modules in the structure of a distance course are identified that most effectively influence the formation of the intellectual skills components of university students when studying computer science (Table 1).

Adaptation of the stages of the formation of intellectual skills of students allocated V.B. Erdyniyeva, the process of studying computer science in high school using distance courses allowed us to highlight the following [3, p. 40]:

- diagnostic (diagnostics of existing knowledge and skills in computer science through remote input

control);

– motivational–targeted (the formation of a positive attitude to the process of studying informatics in high school through imprinting educational films, which represent distance learning resources in dynamics with speech accompaniment);

– content–activity (formation of knowledge, skills and skills in computer science in high school by means of distance–based individual trainings);

– evaluative–reflexive (control of the level of knowledge and skills in computer science \ through a set of test and control tasks).

Table 1. Formation of intellectual skills of university students using distance learning courses in the study of computer science

Intellectual skills structure	Functional modules in the distance course structure
General educational (basic mental operations)	Complex of training materials: lecture, presentation, video and audio
Task orientation, planning and monitoring the progress of your own activities	Consideration of practical tasks on the model of the module help, electronic conference
Mastering methods, techniques, actions based on learned knowledge	Complex of independent, practical and laboratory tasks, e-mail emulator, administrative module, test tasks
Knowledge of rational techniques for the implementation of certain mental operations and their use in solving various problems	Complex of control tests, control tasks, collective solution of creative tasks

In conclusion, we note that when using distance learning courses for computer science, a new knowledge and experience is obtained, providing an opportunity for self–actualization of students, which contributes to maximum student activity in the formation of professional competencies.

Bibliography:

1. Kabkova E.P., Akopyan L.Kh. Intellectual skills: systemic and polymodality // Initiatives of the XXI century. – 2017. – № 1–2. – pp. 34–36.
2. Smykovsky T.K., Golovina N.N. Model of formation of intellectual skills of students in studying the course «Mathematics and Computer Science» // Secondary professional education. – 2008. – № 12. – pp. 36–38.
3. Erdyniev V.B. Formation of intellectual skills of students in rural schools // Bulletin of the Buryat State University. – 2018. – № 1. – pp. 37–46.

ЖОО ИНФОРМАТИКАНЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ FEATURES OF USING REMOTE COURSES OF INFORMATICS TRAINING IN THE FORMATION INTELLIGENT SKILLS OF UNIVERSITY STUDENTS

Аннотация. Мақалада интеллектуалды өзгерістер құрылымы, даму кезеңі, ақпараттық жүйелерді оқытудың қашықтықтан функционалды модульдері, интеллектуалды өзгерістерді қалыптастыруға тиімді әсер ететін құрылымдар мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту курстары, кәсіби құзыреттілік, интеллектуальдық қатынастар, интеллектуалды иелерді қалыптастыру, информатика.

Аннотация. В статье рассмотрена структура интеллектуальных умений, этапы развития, выделены функциональные модули дистанционного курса обучения информатики, наиболее эффективно влияющие на формирование интеллектуальных умений.

Ключевые слова: дистанционные курсы обучения, профессиональные компетенции, интеллектуальные умения, формирование интеллектуальных умений, информатика.

Abstract. The article describes the structure of intellectual skills, the stages of development, highlighted the functional modules of a distance course of computer science, which most effectively influence the formation of intellectual skills.

Key words: distance learning courses, professional competence, intellectual skills, the formation of intellectual skills, computer science.

Т.В. Рихтер – Пермь мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті (Ресей, Пермь қ.). E-mail: tatyana.rikhter@mail.ru

Т.В. Рихтер – Пермский государственный национальный исследовательский университет (Россия, г.Пермь). E-mail: tatyana.rikhter@mail.ru

T.V. Richter – Perm State National Research University (Russia, Perm). E-mail: tatyana.rikhter@mail.ru

ЖАҢА ЕМЛЕНІ ТҮЗУДЕ МҰҚИЯТТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Б.Б. Сүйінкина, Ғ.Б. Бейсенова, Л.К. Ахметбекова

Ақпарат ауқымы мейлінше ұлғайған қазіргі жаһандану заманында ұтқырлық (мобильность) таныту бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші болып табылады. Әсіресе, мемлекетіміз латын негізді жаңа әліпби қабылдап, оған қатысты іс-шаралар қолға алынып жатқан тұста, бұл турасындағы ақпаратқа қанығу, ой түйю, пікір білдіру әрбір саналы азаматтың міндеті деп санаймыз.

Мемлекеттік тіл-қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің кепілі. Латын әліпбиінің енгізілуі еліміздің әлемдік қоғамдастықпен қатынасын нығайтуға, рухани кемелденуімізге барынша ықпал етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің артықшылықтары туралы көп айтылып, жазылды, халық бұл турасындағы мәліметтерге біршама қанықты деп ойлаймыз. Десек те, сөз басында Мәңгілік ел үшін латын графикасының маңызы турасындағы елтұтқа тұлғалардың азан-аулақ пікірлерін келтіре кетуді жөн көрдік. Академик Серік Қирабаев: «Мәңгі ел боламыз десек, мәңгі қалатын тілімізді, әліпбиімізді жасауымыз қажет» деп, бұл істе өте мұқият болуға және қоғаммен санаса отырып әрекет жасауға кеңес береді [1,3]. Академик Әбдуәли Қайдар: «Латын әліпбиін енгізу-елдің ішкі мәселесін шешуге, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған» деп, латын қарпіне оралу мемлекеттік тіліміздің бағын ашатынын айтады [2,3]. Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлінің «Таңба таңдау- өркениет жолын да таңдау деген мағына береді. Сондықтан осы тұрғыдан алғанда, Мәңгілік Ел мұратын тұғырлы ететін тарихи таңдау жасалды деп ойлаймыз» деуі бекер емес [3,3]. Осы мазмұндас пікірді қазіргі Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов былайша білдіріпті: «Жазуымызды жаңартып, тілімізді түлеткіміз келсе, сол арқылы санамызды сілкіндіріп, елдігімізді ерекшелігіміз келсе, бұл іске тәуекел етуіміз керек» [4,3]. Бүгінде латыншаға оралудың астарында өркениет көшінің алдыңғы легінен лайықты орын алуға деген талпыныс жатыр. «Еліміздің рухани жаңғыруының алтын арқауы-тіліміздің табиғи болмысын сақтап қалуға бағытталған және көз ілеспес жылдамдықпен жүйткіп келе жатқан өркениет көшінен еліміздің қалып қоймауын көздейтін тағдыршешті мәселенің түйінін тарқатуға атсалысайық, ағайын», -деп филология ғылымдарының докторы Әділ Ахметов бұл маңызды істің барша отандастарымыз үшін маңыздылығын қадап айтады [5,3]. Осыдан 10 жыл бұрыңғы сұхбатында профессор Әлімхан Жүнісбек латын әліпбиін қолдай келе: «Кім не десе, о десін, менің ойымша, ағылшын тілінің емле-ережесі аз таңбамен көп дыбысты қамтудың ең озық үлгісі боп табылады» деп, айтып салыпты.

«Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығы қабылданғаны белгілі. Ендігі жерде латын латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің орфографиялық ережелерін дайындау, оларды апробациядан өткізу және т.б. жұмыстар қолға алынуда. Осыған орай ғалым Ерден Қажыбек: «Латын әліпбиіне көшкенде тіл ережелері қайтадан жасалады. Ең бастысы, тіліміздің бүкіл заңдылықтарын өзінің табиғатына сай жасап шығаруымыз керек», -деген болатын [6,1].

Жоғарыда айтып өтілген Жарлыққа сәйкес, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі комиссия құрылып, оның жанынан орфографиялық, терминологиялық, әдістемелік-техникалық және ақпараттық сүйемелдеу секілді жұмыс топтары жасақталды.

Қалай болған күнде де қалың елдің талқылауынан өтіп, етек-жеңін жиған әліпби нұсқасын негізге ала отырып, жаңадан түзілетін емленің алдыңғы ережелерден озық болуының көзделетіні анық. Тіл білгірлерінің айтуынша, әріп саны ықшам тілдің жазу емлесі де оңтайлы болмақ. Осы орайда кемеңгер тіл білгірі Ахмет Байтұрсыновтың «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Артық әріптері көп әліпби қолайсыз болады» деген сөзі ойға оралады. Иә, заманауи әліпбиіміздегі әріптер саны 10-ға кеміді. Демек, 32 әріпке таңылған емлені меңгеру де жеңілдейтін секілді. Бұл тұрғыда латын қарпіне байланысты шаруаның бел ортасында жүрген ғалымдардың бірі Әлімхан Жүнісбектің кезінде: «Ең жақсы жазу деп ереже-ескертпелері мейлінше аз жазуды айтады» деген сөзінің жаны бар секілді [7,5].

Өткенге топырақ шаша берудің қажеті бола қоймас, неге десеңіз, талай ұрпақ кириллица бойынша сауат ашты, іргелі білім алып, елімізге қызмет етті, бұл үрдіс әлі де біршама уақыт жалғаса бермек. Әйтсе де мойындауымыз керек, бүгінде қолданыстағы кейбір әріптердің тіл табиғатымен

жанаспай, әлі күнге аяқтан шалып жүргені шындық. Филология ғылымының докторы Нүргелді Уәлидің айтуынша, кирилл әліпбиінің үштен бірі біздің ұлттық дыбыс қорына сәйкес келмейді. Сол себепті орфографиямыз қостілді болып, қазақ тілінің заңдылықтарына нұқсан келді. Ғалым: «Қазақ әліпбиінің негізгі ережелері ұлттық тілдің заңдылықтарына сәйкес болуы керек. Тәжірибеден, сыннан өткен базалық нормалар сақталуы тиіс. Дыбыстық қор әлеуеті кеңінен қамтылады. Орфографиялық ережелер түзілгенде, осындай ұстанымдарға иек артылады», - деді [8,4]. Әсіресе, кірме сөздердің жазылуына қатысты өзге тұрмақ, тіл мамандарының өздері қателесіп жүргені. Осы таяуда ғана куә болған бір жайтқа тоқталып өтейік. Жаңадан танысқан бір оқытушымен (қазақ тілді, орыс тілді аудиторияда қазақ тілін жиырма жылдан астам уақыт бойы оқытып жүрген) аз-кем тілдесіп отырып, оның «педагог» деген сөзге қосымша жуан жалғанады дегенін естіп, жағамызды ұстадық. Сонда ол қазақ тілі оқулықтарында тайға таңба басқандай етіп жазылған ережені жылдар бойы мүлдем көрмегені ме?! Оқушысынан сан есе көп білуі тиіс мұғалімнің қауқары осы болса, өзгеге қайтіп кінә тағарсың. Ал, бастаған екенбіз, сөзімізді соңына дейін жеткізейік. Ереже бойынша педагог, психолог, диалог сияқты соңғы әріптері «-ог» болып келетін кірме сөздерге қосымша жіңішке жалғанады. Сондықтан педагогтер, педагогтің, диалогті деп айтып, жазған дұрыс. Өзге тілден енген сөздердің түрленіп (көптеліп, септеліп, тәуелденіп, жіктеліп) жазылуындағы ерекшеліктер де әлі күнге дейін бір ізге түспей-ақ қойды. Тіл маманы ретінде көзіміз бірден дұрыс жазылмаған сөзге түседі. Мәселен, «балл» сөзін алайық. Газет беттеріндегі «...мектеп бітірушілер ҰБТ-ны орташа есеппен 95 баллға тапсырды» деген секілді сөйлемдегі қосымша жалғанған кірме сөз бір ғана «л» әрпімен жазылуы тиіс. Оқулықтардағы анықтамалар бойынша, қосарлы бірдей дауыссыздарға аяқталған сөздерге (Кирилл, Донбасс секілді кісі аттарынан, жер-су атауларынан басқа) қосымша жалғанғанда, біреуі түсіріліп жазылады. Осыған ұқсас ст, сть, зд әріптеріне аяқталған сөздерді түрлендіріп жазғанда да, соңғылары түсіп қалатыны санасына сіңіп, дағдыланғандар ғана солист, подъезд, ведомость сөздерін солисі, подъезге, ведомосқа секілді дұрыс тұлғада жазады. Үй шаруасындағы қарапайым жандарға кешіріммен қарасақ та, мұғалімдердің, оның ішінде тіл мамандарының, лауазымды тұлғалардың, тіпті кейбір радио және тележүргізушілердің оқушылар, көрермендер алдында «филармония солисті», «фестивальдер», «актерлар», «паркта», «кассирлар» деп айтуын салғырттық дейміз бе, әлде білместікке балаймыз ба?

Сол сияқты орыс тілінен енген –ов(-ев) жұрнағымен қолданылатын кісі тегіне қосымша жалғауда да қателікке ұрынып жатамыз. Айталық, кісі есімінің соңғы буынының жіңішке яки жуан болуына орай, «Әуезовтің», «Әуезовке», «Тәжібаевты», «Тәжібаевтан» деп жазамыз. Бір ғана жіңішкелік белгісіне(ь) байланысты түрлі ережені есте сақтап, тәжірибеде дұрыс қолданудың өзі оңай шаруа емес. Қазақ тілінде бұл әріппен тек кірме сөздер қолданылатыны белгілі. Көбінесе ь (жіңішкелік белгісіне) аяқталған сөздерге қосымша жалғауда бірізділік жоқ. Сондықтан болар, техникалық және кәсіптік білім беру саласына қатысты соңғы жылдары жиі қолданыла бастаған «дуальное обучение» деген тіркестегі шеттілдік сөзге қандай қосымша жалғарымызды білмей, дуальды, дуалды, дуальді деп, үш түрлі нұсқада жазып жүрміз. Сондай-ақ кириллицадағы х әрпінен арыламыз деп, рақмет, дастарқан (орфографиялық сөздікте) деп жазу ұсынылды, әйтсе де көпшілік бұл сөздерді **Х** әрпімен қолдануды қолдайды. Көз үйренген Мұхтар, Ахмет секілді кісі аттарын **қ** әрпімен жазбаймыз ғой. Мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіруге болады, әрине. Осы айтылғандардан-ақ қазақ тілінің табиғатына жат әріптердің тілімізге біршама нұқсан келтіріп келгенін мойындаймыз. Осылайша өзге тілдің ырқына ыңғайлана жүріп, емлеміз де еңсесін тіктей алмады. Емле дегеніміз – дұрыс жазу ережелерінің жүйесі, яғни орфография.

Ендігі тағдыршешті мәселе – жаңа әліпбиімен сауатты жазуды қамтамасыз ету, ол үшін туған тілімізді орфографиялық та, орфоэпиялық та тұрғыдан жаңғыртып, тіл тазалығын, тіл мәдениетін көтеру сынды үлкен міндетті еңсеру. Солқылдақ ережелерден, ала-құла жазудан арылып, қолданысқа қолайлы, жинақы болу үшін, жасалмақшы емлемізге мейлінше мұқият қараған абзал. Осынау аса маңызды қадамның жеті рет өлшеп, бір рет кесетіндей бірлесе қарекет жасауды, орасан ой еңбегін жұмсауды талап ететінін басты назарда ұстау шарт. Бәсекеге қабілеттілік, функциялық сауаттылық дегендер күн тәртібінде тұрған қазіргі заманда өскелең ұрпақ тағдыры үшін жауап беретін ұстаздар қауымы, оның ішінде тіл мамандары бұл мәселені назарда ұстап, айтылған, жазылған дүниені ой елегінен өткізіп, оларға қатысты жеке пікір білдіруді парыз санағаны құба-құп. Болашақ емлеге қатысты оқушы қоюы мүмкін сұраққа, әсіресе қазақ тілі мұғалімі қисынды жауап беруі үшін, тілші ғалымдардың салиқалы пікірлерін оқып, көңілге тоқып жүргені жөн деп санаймын. Өз басым бұрынғы жазуымызға қатысты жоғарыда аз-кем сөз болған түйткілді жайттардың қайталанбауы

ескеріледі деп сенемін.

Бекітілген әліпби нұсқасы негізінде емле түзуге жауапты ғалымдар да, қарапайым халық та, әрине, қазақ жазуының негізгі ережелері ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуына мүдделі. Бұл тұрғыда, әсіресе, кәнігі маман, тілші-ғалымдарымыздың шегелеп айтқан пікірлеріне ден қойған жөн болмақ. Мәселен, академик Өмірзақ Айтбайұлы «Бірінші кезектегі басты талап- қазақ тілінің төлтума заңдылықтарын барынша толық қамту» десе [9,5], ғалым Әлімхан Жүнісбек «Жазу тілдің дыбыстық жүйесіне нұқсан келтірмейтін, керісінше, оның әдеби үлгісінің қорғанышы болуы керек. Ондай жазу үлгісі тілдің төл дыбыстары мен төл таңбалар үйлесімін тапқанда ғана құрастырылады» деген пікірімен дыбыстау мен таңбалау арасындағы үйлесімнің жазуға оң әсер ететінін пайымдайды. Аталмыш ғалымның айтуынша, латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Ал, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, қазақ емлесінің білгірі Рәбиға Сыздықова «Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар» атты көлемді материалында: «Емле ережелерін жасауда бұған дейінгі қолданылып келген жазу ережелерінің негізі сақталады. Алайда латын жазуына көшкен жағдайда әлі де көңіл бөлетін тұстар бар» деп, латын қарпімен жазуда ескерілуі тиіс жайттарды тізбелеп көрсетіп, қалай жазылуы тиістігін дәйектеп, анықтап береді [10,12].

Иә, бүгінде қазақ емлесі қоғамда талқыланып, келелі ойлар мен азды-көпті ұсыныстар, арасында кереғар пікірлер де бар, мерзімді басылым беттерінде жарық көріп жатқанын көзі қарақты оқырман біледі. Тіліміздің тазалығын сақтаумен қатар, оны ғылым тіліне айналдыру үшін терминдерді дұрыс қолдану мәселесі де пысықталды. Процент, гимн, баланс және өзге де бірқатар сөздер пайыз, әнұран, теңгерім делінбей, бұрынғыша қолданылатын болып шешілді. Емле ережелерінің жобасына сараптама жасау үшін, республикамыздың бірқатар қалаларында апробациялық жұмыстар жүргізілді. Талқылау нәтижелері мұқият ескеріліп, екшеліп, кейін қазақ емлесінің ережелері мақұлданып, белгілі. Халықтың жаңа әліпбидегі сауаттылығын қамтамасыз ету үшін, емле ережелері пысықталып болған соң, қазақ тілінің жаңа орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктері әзірленетінінен де хабардармыз. Иә, жаңа емлені түзу бұл тұрғыдағы жұмыстың жүйелі, мұқият жүргізілуін талап етеді. «Тас түскен жерінде ауыр» демекші, келешегіміз үшін осынау аса маңызды, сындарлы істің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қызметкерлеріне, оның ішінде Орфографиялық топ мүшелеріне жүктелуі тегін емес. Жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатыны секілді, қоғамдық сананың жаңғыруына, «қазақстандықтардың санасы да мобильді болу керек» деп тарихшы ғалым Еркін Әбіл айтқандай, тілдің жаңғыруы да зор ықпал етеді деп сенеміз [11,4].

Ал, ел тағдыры саналатын тіл тағдырына үлкен жауапкершілікпен қараудың елдігімізге, келешегімізге сын екенін сезіну – әр қазақстандыққа тән болуы тиіс қадірлі қасиет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Серік Қирабаев. Жәдігерлерді зерттейтін боламыз. «Егемен Қазақстан» газеті. 13.09.2017.
2. Әбдуәли Қайдар. Шешуші сәттегі қолдаушы күш. «ЕҚ», 12.09.2017.
3. Дархан Қыдырәлі. Жаңғыруға бастаған жаңа қадам. «ЕҚ», 12.09.2017.
4. Сауытбек Абдрахманов. Латын әліпбиі-қазақ тілінің жаңа көкжиегі. «Ана тілі» газеті 14-20 қыркүйек 2017 жыл.
5. Әділ Ахметов. Латын графикасы мен ағылшын тілінің әлем өркениетіндегі орны. «ЕҚ», 20.09.2017.
6. Ерден Қажыбек. Жаңа бетбұрыс кезеңі басталды. «ЕҚ», №207, 27.10.2017.
7. Мейрамбек Төлепбергенов. Латын әліпбиі-келешектің кілті. «ЕҚ», 20.02. 2007.
8. Нұргелді Уәли. Қазақ жазуы және латын әліпбиі. Ана тілі. №24, 14-20 маусым 2018 жыл.
9. Өмірзақ Айтбайұлы. Тарихи таңдау. «Ана тілі» газеті, 14-20 қыркүйек 2017 жыл.
10. Рәбиға Сыздықова. Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар. Қазақ әдебиеті. 14.09.2018, №36).
11. Еркін Әбіл. Латын әліпбиі қазаққа жат емес. Қостанай таңы. 19.09.2017.

НОВОЙ ОРФОГРАФИИ – ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ

NEW ORFOGRAPHY - SPECIAL ATTENTION

Аңдатпа. Мақалада қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің артықшылықтары, қолданыстағы емленің кейбір кемшіліктері көрсетіліп, сол секілді түзілетін жаңа емле туралы қысқаша ақпарат берілген.

Түйін сөздер: ақпарат, латын қарпі, қазақ әліпбиі, жаңа емле, орфографиялық ережелер, ұлттық тілдің заңдылықтары, сауатты жазу.

Аннотация. В статье раскрываются преимущества перевода казахского алфавита на латиницу, некоторые недостатки действующей орфографии, особенно в написании заимствованных слов, а также дана небольшая информация о создании новых правил.

Ключевые слова: информация, латиница, казахский алфавит, новая орфография, орфографические правила, закономерности национального языка, грамотное письмо.

Abstract. The article reveals the advantages of translating the Kazakh alphabet into the Latin, some disadvantages of the current spelling, especially in writing of borrowed words, and also gives some information about the creation of new rules.

Key words: information, latin, kazakh alphabet, new spelling, spelling rules, patterns of the national language, literate writing.

Суинкина Биялаш Балтақызы – Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы (Қазақстан). E-mail: Bialash.s.b@gmail.com

Бейсенова Гайшагүл Балтақызы – Меңдіқара ауданы Ломоносов ОМ мұғалімі (Қостанай облысы, Қазақстан). E-mail: gaishagul.b@gmail.com

Ахметбекова Ләззат Көжеғарақызы – Рудный қаласы № 9 бастауыш мектебінің мұғалімі (Қостанай облысы, Қазақстан). E-mail: Lazzat_ahmetbekova@mail.ru

Суинкина Биалаш Балтиевна – преподаватель Костанайского педагогического колледжа (Казахстан). E-mail: Bialash.s.b@gmail.com

Бейсенова Гайшагүл Балтиевна – учитель Ломоносовской средней школы Мендикаринского района (Казахстан, Костанайская область). E-mail: gaishagul.b@gmail.com

Ахметбекова Ляззат Кужегариевна – учитель начальной школы № 9 г. Рудный (Казахстан, Костанайская область). E-mail: Lazzat_ahmetbekova@mail.ru

Bialash Suinkina – teacher at Kostanay pedagogical college (Kostanay, Kazakhstan). E-mail: Bialash.s.b@gmail.com

Gaishagul Beisenova – teacher at Lomonosov secondary school of Mendikara district (Kostanay region, Kazakhstan). E-mail: gaishagul.b@gmail.com

Lyassat Akhmetbekova – teacher at Rudny primary school No.9 (Kostanay region, Kazakhstan). E-mail: Lazzat_ahmetbekova@mail.ru

ЖОО-ДА БИОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ж.Т. Суюндикова, Ж.Т. Божекенова

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар қоғам дамуының шешуші факторы болып табылады. Сол себептен заманауи сабақты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланбай өткізу мүмкін емес, әсіресе бұл жаратылыстану - ғылымдары циклының пәндеріне қатысты, өйткені олар әлемнің бірыңғай бейнесін қалыптастырады. Адамдардың қызметі, студенттердің оқу сапасы, кәсіпқойлық көп жағдайда ақпаратты меңгеру мен қолда бар ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне байланысты. Осының бәрі болашақ мамандардың кәсіби даярлаудағы өзекті міндеті болып табылады.

Қазіргі уақытта білім берудің басты мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерімен әртүрлі құралдарды қолданудың тиімділігін арттыру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияны кеңінен пайдалану қажет. Осы орайда ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзіне сүйене отырып, жаңа ақпараттық технологияларды өз сабақтарымызда кеңінен енгізуді жалғастырдық [1]. Ақпараттық технологияларды жоғары оқу орындардағы сабақтарында пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады. Көптеген жаңа технологиялармен қатар биологиялық пәндерінің сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданылу өте тиімді.

Компьютерлік технологиялар қазіргі сабақтың барлық кезеңдерінде: жаңа материалды түсіндіру, дағдылар мен машықтарды бақылау, зертханалық және практикалық жұмыстарды, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын орындау кезінде қолданылады. Сабақта мультимедиялық технологияларды қолдану пән бойынша базалық білімді жақсы меңгеруге және жүйелеуге ғана емес, сонымен қатар пәнге деген қызығушылықты арттырады, сондай-ақ жалпы оқуға ынталандырады [2].

АКТ-ны ЖОО –да биологиялық пәндерің оқыту барысында пайдалану:

- білім алушыларды белсенді танымдық және зерттеу қызметіне тартады;
- білім алушылардың өз мүмкіндіктерін көрсетуге ұмтылуына ықпал етеді;
- жасырын микроәлемді визуализациялауға;
- компьютерлік графика және компьютерлік моделдеу құралдарын пайдалану негізінде күрделі биологиялық жүйелердің ішінде макро- және микроәлемінің құбылыстар мен үдерістерді зерттеуге;

- өте жоғары немесе өте төмен жылдамдықпен өтетін түрлі биологиялық үдерістерді зерттеуге ыңғайлы уақыт көлемінде ұсынуға;

- бақылауды, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруға;
- зертханалық және практикалық жұмыстарды жүргізуге;
- материалды меңгерудің жеке жылдамдығымен оқу мүмкіндігіне қарай оқыту үдерісін дараландыру және саралауға мүмкіндік береді.

Сабақтарда АКТ-ны пайдалану білім алушылардың оқуға деген ынтасын, пәнге деген қызығушылығын, білім сапасын арттыруға, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін және білім мен дағдыларды меңгерудің беріктігін арттыруға мүмкіндік береді. Анимацияның, дыбыстық әсерлердің арқасында оқу материалы есте қаларлық, меңгеруге оңай сипаттарына ие болады, уақытты үнемдейді. Сондықтан қазіргі кезде биологиялық пәндерді оқыту барысында келесі АКТ-ның түрлері кеңінен қолданылады: презентациялар, электрондық тесттер, виртуалды эксперименттер, интернет ресурстары және т.б [3].

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл компьютерлік техника мен бағдарламалық құралдар арқылы білім алушыға ақпаратты дайындау және оқыту үдерісі. Осындай білім беру технологияларының бірі оқу ақпаратының түрі – мультимедиялық презентация болып табылады. Бүгінгі күні мультимедиялық презентация оқытудың көптеген өзекті мәселелерін шешудің ең қызықты және тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Сабақ құрылымына презентацияны енгізу білімді бақылау, оқытуды дараландыру, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің әртүрлі түрлерін есепке алу сияқты мәселелерді

шешуге қабілетті. Материалды баяндаудың мұндай тактикасы студенттердің ойлауы мен танымдық белсенділігінің дамуын қамтамасыз етеді, оқуға деген уәждеменің өсуіне ықпал етеді. Мультимедиялық презентацияны жасау үшін келесі компьютерлік бағдарламалар қолданамыз: Microsoft Word қажетті мәтінді өзгертуге, өндеуге мүмкіндік береді, Microsoft Power Point, Presi анимациялық суреттермен, дыбыстық және бейне файлдармен жұмыс істеуге, Microsoft Publisher тақырыптық буклеттер түрінде материалдарды жариялауға мүмкіндік береді. Компьютерлік презентацияларды жасау үшін ең қолжетімді құрал - Microsoft Power Point бағдарламасы. Тиісті жабдық болған жағдайда бұл мультимедиялық бағдарлама шексіз графикалық және түс мүмкіндіктеріне ие, бұл материалды жақсы меңгеруге әкеледі. Бағдарлама анимацияны, схемаларды, кестелерді, кластерлерді, Венн диаграммаларын, фотосуреттерді қосуға мүмкіндік береді. Материалды визуализациялау деңгейі жоғарылайды (енгізілген оқыту материалына студенттердің назарын аудару 100%-ға жақындайды), тақырыпты меңгеру жылдамдығы мен сапасы артады. Презентация сабақтың өзіндік жоспары, оның логикалық құрылымы болуы мүмкін, сонымен қатар сабақтың кез келген кезеңінде қолданылуы мүмкін: жаңа материалды енгізу немесе жаңа материалды бекіту, білімді бақылау немесе үй тапсырмасын тексеру және т.б. Компьютерлік презентациялардың бағдарламалық қамтамасыз етуі материалды түсіндіру кезінде түрлі-түсті әріптерді қолдануға мүмкіндік береді, бұл басты идеялар мен тұжырымдарға назар аударуға көмектеседі. Экранда жұмыс тәртібін бекітуге болады, баяндаманың басына немесе сабақ материалының неғұрлым күрделі аспектісіне оралу мүмкіндігі бар. Бір слайдта осы сабақтың бірнеше кадрларын орналастыруға және ой барысын бақылауға болады. Өткізілген сабақтың барлық материалдарын тұтас мультимедиялық презентациямен сақтауға болады және оқытушыға ұсақ түзетулерді енгізіп, студенттердің келесі тобына қайта ұсынуға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, презентациялар студенттік жобаларды ұсыну үшін де белсенді қолданылады. Студенттер үшін зерттеу жұмыс – бұл өзінің жеке жұмысын жүзеге асыру, оның болашақ кәсіби, әлеуметтік мүмкіндіктерінің сынағы болып табылады. Мақсат қою, әдістеме таңдау, тәжірибе жүргізу және нәтижелерін математикалық статистика бағдарламаларын қолданып өндеу (Statistica v. 6.0, Microsoft Excel), нәтижелерді талдау және қорытындыларды негіздеу – зерттеу жұмысы сапасының критерийлері [4].

Виртуалды эксперимент жүйесі - бұл білім алушыға виртуалды зертханада эксперимент жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық кешендер.

Олардың басты артықшылығы – қауіпсіздік ережелеріне, уақыттың шектеулі болуына байланысты студент іс жүзінде орындай алмайтын эксперименттерді жүргізуге мүмкіндік береді. «Адам және жануарлар физиологиясы» пәні бойынша зертханалық сабақтарда «виртуалды физиология» бағдарламасын қолданамыз. Бұл бағдарлама 8 бөлімнен тұрады, онда 31 физиологиялық экспериментінің үлгісі бар. Осы бағдарламаны пайдалана отырып, студенттің:

- тәжірибені қайталап орындауға;
- сәтсіз эксперимент ықтималдығын болдырмауға;
- жануардың денсаулығына зиян келтірмей практикалық тапсырмаларды орындауға;
- қымбат тәжірибелер мен күрделі қондырғыларды ауыстыруға;
- түрлі эксперимент параметрлерін өзгерту арқылы нәтижелердің өзгергенін байқауға;
- әр жұмыста берілген орындау нұсқаулығын пайдалана отырып, тәжірибені ретімен жасауға мүмкіндігі бар.

Видеозертханалар. «Цитология және гистология» зертханалық сабақтарында «UleadVideoStudio» бағдарламасын пайдаланып, микроскоптарға арнаған фотоқондырғылардың көмегімен студенттер өз бетімен микрофотосуреттер мен видеофрагменттерді жасай алады. Мысалы, бірімембраналы органоидтарды зерттеген кезде парамеция қарапайымдардың ішінде лизосомалардың (қорыту вакуольдерінің) пайда болу үдерісін компьютердің мониторында бақылай алады. Сонымен қатар «Адам және жануарлар физиологиясы» пәнінде тақырыпты терең және нақты ашу үшін видеозертхананың жинағын қолдану тиімді. Мұндай фотоқондырғылар мен видеолaborаториялар білім алушылардың танымдылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Электронды энциклопедиялар қарапайым анықтамалық-ақпараттық басылымдардың – энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар және т.б. аналогтары болып табылады. Мұндай анықтамалықтарды жасау үшін гипермәтіндік жүйелер қолданылады, мысалы, HTML. Қағаз аналогтарынан айырмашылығы олар қосымша қасиеттері мен мүмкіндіктеріне ие:

- олар әдетте негізгі сөздер мен ұғымдар бойынша ыңғайлы іздеу жүйесіне негізделген;
- гиперсілтеме негізінде ыңғайлы навигация жүйесі бар;

- аудио және бейнефрагменттерді қосу мүмкіндігі шексіз.

Зертханалық жұмыстарға арналған электрондық оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулар жоғарыда жазылған барлық немесе бірнеше типтерді бірыңғай кешенге біріктіреді. Мысалы, білім алушыға алдымен оқу курсы (презентацияны) көру, одан кейін оқу курсы (виртуалды эксперимент жүйесі) қарау кезінде алынған білім негізінде виртуалды эксперимент қою ұсынылады. Бұл кезеңде студентке оқылатын курс бойынша электронды анықтамалық/энциклопедия қол жетімді болады және соңында ол сұрақтар жинағына жауап беруі және/немесе бірнеше міндеттерді (білімді бақылаудың бағдарламалық жүйелерді) шешуі тиіс. Есептер, диктанттар, жаттығулар жинағы, сондай-ақ электронды түрде ұсынылған рефераттар мен шығармалар үлгілері, әдетте doc, txt форматтарында логикалық құрылған, гипермәтін құралдарымен біріктірілген мәтіндік файлдардың қарапайым жиынтығы түрінде ұсынылады[5].

Сауалнамалар мен тесттер жататын білімді бақылаудың бағдарламалық жүйелері. Олардың басты құндылығы – алынған нәтижелерді жылдам, ыңғайлы, объективті және автоматты өңдеу. «Molecular biology» сабағында электрондық ресурстардың деңгейлік тесттерін пайдаланған тиімді [6,7].

Қорыта келе, ЖОО-да биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушының жұмыс белсенділігін арттырады, оны ақпаратты пассивті тұтынушы қалпынан белсенді білім алушы қалпына ауыстырады. Биологиялық пәндерінің сабақтарында АКТ-ны қолдану өте нәтижелі, оқушылар жанданып, оқу үдерісіне белсенді түрде қатысады. Оқытудың тиімділігі артады, білім алушылардың білімін есепке алу және бағалау жақсарады. Мультимедиялық бағдарламалармен жұмыс жасау студенттердің конструктивтік, алгоритмдік ойлауы жанама жолмен дамитынын көрсетті. Сонымен қатар, ақпараттағы бағдарлау және оны кейіннен өңдеу, зерттеу іс-әрекетінің дағдылары мен біліктіліктері қалыптасады.

Сонымен, ақпараттық технологияларды қолдану: ақпаратты беруді жеделдетеді, иллюстрациялық материалды едәуір кеңейтеді, проблемалық жағдайлар жасайды, студенттердің оқу мотивациясын қалыптастырады, оқу үдерісін саралайды және дараландырады; оқыту ақпараттық өнімдерін жасау арқылы студенттердің креативтілігін дамытуға ықпал етеді; тұлғаның психологиялық өсуіне, өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Биологиялық пәндерді оқыту барысында компьютерлік технологияларды пайдалану – бұл биологиялық білім мазмұнын айтарлықтай жаңарту, сондықтан оқытушының өзі компьютерлік технологиялар саласында құзыретті болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Назарбаев: Цифровизация необходима для улучшения качества жизни населения. URL: <https://24.kz/ru/news/top-news/item/196244-n-nazarbaev-tsifrovizatsiya-neobkhdodima-dlya-uluchsheniya-kachestva-zhizni-naseleniya>
- 2 Веденева Н.А. Информационно-коммуникационные технологии на уроках специальных дисциплин // Новые информационные технологии в образовании: материалы VI междунар. науч.-практ. конф., Екатеринбург, 12-15 марта 2013 г. Екатеринбург, 2013.
- 3 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для студентов высших учебных заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2007. 368 с.
- 4 Петухова Е.И. Информационные технологии в образовании // Успехи современного естествознания. 2013. №10.
- 5 Гривко А.В. Компьютерное тестирование как форма организации текущего и промежуточного контроля знаний студентов // Материалы Всероссийской научно- методической конференции. Оренбург: ОГУ, 2011. С. 1729-1734.
- 6 https://www.varsitytutors.com/mcat_biology-help/cell-biology-molecular-biology-and-genetics?
- 7 http://www.funtrivia.com/quizzes/sci_tech/biology/cell_and_molecular_biology.html.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ВУЗЕ THE USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING BIOLOGICAL SCIENCES AT THE UNIVERSITY

Аннотация. Мақалада білім беруді жаңғырту жағдайында биологиялық пәндерді оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолданудың рөлі мен мүмкіндіктері қарастырылады. Оқыту

үдерісінде АКТ-ны жүйелі және мақсатты пайдалану білім беру процесінің сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді. Авторлар сабақ беруде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану оқу процесін жетілдіру мен оңтайландырудың, жұмыстарды түрлендіруге және биологиялық пәндерді оқыту процесін студенттер үшін қызықты етуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар мен тәсілдер қорын байытудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылатынын атап өтті. Авторлар атап өткен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары оқу мотивациясын арттыруға, студенттердің танымдық қызметін жандандыруға және білім, шеберлік пен дағдыларды бақылауды жетілдіруге көмектеседі.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беруді жаңғырту, АКТ құралдары, мультимедиялық құралдар, білім алушылар.

Аннотация. В статье рассматриваются роль и возможности использования информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в процессе обучения биологических дисциплин в условиях модернизации образования. Систематическое и целенаправленное использование ИКТ в процессе обучения выступает как эффективное средство повышения качества образовательного процесса. Авторами отмечено, что использование новых информационных технологий в преподавании является одним из важнейших аспектов совершенствования и оптимизации учебного процесса, обогащения арсенала методических средств и приемов, позволяющих разнообразить формы работы и сделать процесс обучения биологических дисциплин более интересным для студентов. Перечисленные авторами средства информационно-коммуникационных технологий помогают повышать мотивацию обучения, активизировать познавательную деятельность студентов и усовершенствовать контроль знаний, умений и навыков.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, модернизация образования; средства ИКТ, мультимедийные средства, обучающиеся.

Abstract. The article discusses the role and possibilities of using information and communication technologies (ICT) in the process of teaching biological disciplines in the modernization of education. Systematic and purposeful use of ICT in the learning process acts as an effective means of improving the quality of the educational process. The authors noted that the use of new information technologies in teaching is one of the most important aspects of improving and optimizing the educational process, enriching the Arsenal of methodological tools and techniques that allow to diversify the forms of work and make the process of teaching biological disciplines more interesting for students. The means of information and communication technologies listed by the authors help to increase motivation of training, to activate cognitive activity of students and to improve control of knowledge, abilities and skills.

Key words: information-communication technology, modernization of education, ICT means, multimedia means, students.

Ж.Т. Суяндикова – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: forwork.zhanar@mail.ru

Ж.Т. Божекенова – Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қазақстан, Қостанай қ.). E-mail: Bozhekenova@mail.ru

Ж.Т. Суяндикова – Костанайский государственный педагогический университет (Казахстан, г. Костанай). E-mail: forwork.zhanar@mail.ru

Ж.Т. Божекенова – Костанайский государственный педагогический университет (Казахстан, г. Костанай). E-mail: Bozhekenova@mail.ru

Zh.T. Suyundikova – Kostanay state pedagogical University (Kazakhstan, Kostanay). E-mail: forwork.zhanar@mail.ru

Zh.T. Bozhekenova – Kostanay state pedagogical University (Kazakhstan, Kostanay). E-mail: Bozhekenova@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ САМОКОНТРОЛЯ, САМООБРАЗОВАНИЯ И САМООЦЕНКИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ

Б.А. Сабанова

Современное общество нуждается в выпускниках, обладающих умениями и навыками самообразования. Следовательно, они также должны обладать навыками адекватно оценивать свои достижения, т.е. навыками самооценки, уметь правильно организовать свою поисковую образовательную деятельность, а значит обладать развитыми навыками самоконтроля. Кроме того, требования современной системы образования к организации образовательной деятельности направлены на развитие навыков исследовательской и профессиональной деятельности; самостоятельности мышления, способностей к саморазвитию, самосовершенствованию и самоорганизации [1, С. 238]. Указанные навыки успешно формируются в процессе организованной учителем самостоятельной работы учащихся. Причем основным признаком самостоятельной деятельности учащихся по «добыче» знания является не отсутствие помощи со стороны педагога, а осознанность каждого действия, которое выполняется обучающимся для достижения поставленной им самим обучающей цели.

На уроках информатики главной задачей самостоятельной работы является систематизация и закрепление полученных знаний в практической деятельности, формирование практических навыков работы с информацией в рамках образовательной области «Информатика», интегрированных образовательных областей, использовании современных информационных технологий (ИКТ) [1, С. 238].

В соответствие с современными требованиями, организация образовательной деятельности учащихся становится управляющим процессом, который четко структурирован и алгоритмизирован. Организация самостоятельной работой учащихся представляет собой систему сопровождения и контроля, разработанных форм и методов, четких и понятных критериев ее оценивания [2, С. 37]. Наша работа на практике заключается в обеспечении условий для того, чтобы у учащихся возникла образовательная и самообразовательная потребность.

На уроках информатики мы используем ПК и Internet как средство обучения. Причем организация самостоятельной работы учащихся возможно на любом этапе и на всех типах уроков. Мы считаем, что организация самостоятельной поисковой деятельности на основе дифференцированных заданий способствует сформировать навыки к самостоятельному добыванию знаний у всех учащихся без исключения. Эффективным при изучении данного курса является применение метода проектов. Процедура работы над проектом была представлена пятью этапами.

На первом этапе осуществлялась постановка задачи (проблемы), обозначалось проблемное поле, определялись основные понятия из выбранного поля, определялись стратегии решения задачи (проблемы), формулировалась цель работы, выдвигались рабочие гипотезы, составлялся план работы над задачей (проблемой).

На втором этапе – поисковом, определялась информация необходимая для достижения поставленной цели (решения задачи, проблемы). Это весьма важный этап решения учебной задачи, который определяет всю дальнейшую работу над проектом, в том числе и его успешность. На этом этапе процесс информационного поиска осуществлялся с привлечением как традиционных источников информации: книги, журналы, так и с использованием электронных источников информации: CD-диски, Web – сайты.

На третьем этапе – практическом, школьниками реализовывались запланированные шаги, оформлялся информационный продукт. Выбор формы информационного продукта - важная организационная задача участников проекта. От ее решения в значительной степени зависит, насколько выполнение проекта будет увлекательным, защита проекта презентабельной, убедительной. Четвертый этап - защита проекта. Пятый - оценка результатов работы над проектом, качества созданного информационного продукта и достижения цели проекта.

По окончании изучения модуля, учащиеся четко знали основные принципы построения и поиска информации в сети Internet, научились работать с электронной почтой, познакомились с образовательными возможностями сети Internet, определили информацию необходимую им для достижения

поставленной цели.

Работа над проектом позволила учащимся углубиться в предметную область, активно работать с системами обработки текстовой, числовой, табличной и графической информации, проектировать и создавать собственный информационный продукт. У участников проекта формировалась не только предметная, но и информационно-компьютерная компетентность.

Список литературы:

1. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2018-2019 учебном году: Инструктивно-методическое письмо [Текст]. - Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2018. – 383 с.

2. Лавренкова О.А. Организация самостоятельной работы обучающихся на уроках информатики [Текст] / О.А. Лавренкова, Н.С. Самойленко // Образование. Карьера. Общество, 2016, № 4. – С. 37-39.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ, ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ FORMATION OF SKILLS OF SELF-CONTROL, SELF-EDUCATION AND SELF-ASSESSMENT OF STUDENTS IN COMPUTER SCIENCE LESSONS

Аннотация. Соңғы жылдары оқушыларды өмірге, еңбекке дайындау, олардың дербестігін қалыптастыру мәселелері үлкен өзектілікке ие болады. Білім мен іскерлікті үнемі жетілдіру, өз бетімен білім алу - өндірістің әрбір қызметкерінің өмірінің ажырамас құрамдас бөлігі. Сондықтан жастарды оқылатын пәннің барлық мүмкіндіктерін, оның мазмұнын, оқу жұмысының әдістері мен формаларын пайдалана отырып, осы іскерлікке үйрету маңызды.

Оқушылардың өзіндік іс-әрекетін түрлі деңгейде, үлгі бойынша іс-әрекеттерді жаңғыртудан және объектілерді белгілі үлгімен салыстыру арқылы стандартты емес жағдайларда іс-әрекеттердің моделі мен алгоритмін құрғанға дейін тану арқылы ұйымдастыруға болады және қажет.

Аннотация. В последние годы большую актуальность приобретают вопросы подготовки учащихся к жизни, к труду, формирование у них самостоятельности. Постоянное совершенствование знаний и умений, самообразование - неотъемлемые составные части жизни каждого работника производства. Поэтому важно обучать молодежь этим умениям, используя все возможности изучаемого предмета, его содержание, методы и формы учебной работы.

Самостоятельную деятельность учащихся можно и нужно организовывать на различных уровнях, от воспроизведения действий по образцу и узнавание объектов путем их сравнения с известным образцом до составления модели и алгоритма действий в нестандартных ситуациях.

Annotation. In recent years, the issues of preparing students for life, for work, the formation of their independence have become more urgent. Continuous improvement of knowledge and skills, self-education - an integral part of the life of every employee. Therefore, it is important to teach young people these skills, using all the possibilities of the subject, its content, methods and forms of educational work.

Independent activity of students can and should be organized at different levels, from the reproduction of actions on the model and recognition of objects by comparing them with a known sample to the model and algorithm of actions in unusual situations.

Сабанова Б.А. – «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 4 орта мектебі» ММ Қостанай қаласы, e-mail: ms.sabanova@mail.ru

Сабанова Б.А. – ГУ «Средняя школа №4 отдела образования акимата города Костаная» город Костанай, e-mail: ms.sabanova@mail.ru

Sabanova B.A. – SI «secondary school №4 of the Department of education of akimat of Kostanay city» Kostanay, e-mail: ms.sabanova@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ ОРТАСЫН ҚҰРУ XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСТЫ МИССИЯСЫ

Ж.С. Шаргабаева

